сәбит мұқанов

сәбит

Таңдамалы
шығармалар

16 ТОМДЫҚ

"ЖАЗУШЫ"
БАСПАСЫ

012
АБОНЕМЕНТ
Северо-Казахстанская
13
13

МҰҚАНОВ

1
том

ӨЛЕҢДЕР

11653

Алматы — 1972

СЫРЛАСУ

(Пролог орнына)

«Советтік сөзге қаламы
Көрмеген әсте мұқалып
Мұны жазған адамы —
Кәдімгі Сәбит Мұқанов».—

Дейтұғын Сәбитпін мен, емен басқа,
Егер де «емессің» деп жала жапса,
Менің оған айтарым: «Не демексің,
Өзге емес, осы атты Ленин тақса!»

Деген бар «әр Мұсаға бір перғауын».
Менің де өзімше бар досым, жауым.
Біреуі сондайлардың бұл сөзіме
Ұрғылап шыға келер омырауын.

Өтірік маған жаны ашыған боп,
«Көрдің бе, мына Сәбит тасыған» деп,
«Көтеріп өзін сонша зорайтатын
Лениннің қашан келді қасынан?» деп.

Айтарым ондайларға: «Тоқта, саспа!
Естірте бір уақытта досқа, қасқа,
Өлерде кім тірілтіп ат қойғанын
Былайша баяндағам «Сұлушашта»:

«Бесіктен-ақ маған тап белгі таққан,
Тапты шаққан — бесікте мені шаққан.
Сап-сары ала, сап-сасық жөргекте де,
«Іңгә» орнына уілдеп «тап» деп жатқам.

Есті біліп, етекті жапқан кезде
Табыма оғын атқандар, маған да атқан.
Сақылдаған өмірдің аязында,
Тапқа мұз боп қатқан кек маған қатқан

Менің кегім мың жылдық таптың кегі,
Ол кек құл «құл» болғалы келе жатқан,
Табым кегін алуға аттанғанда,
Дүрмекке еріп, кектенгем, мен де шапқам.
Мені-дағы, мен сенген тапты-дағы
Кісендеуден Октябрь таңы ағытқан!»

Кім еді, Ленин емей, таңды атырған?
«Сол таңда, құр сүлдері, жай жан тұрған
Мендейді адам қылған Ленин еді»,—
Дегенге таласпақшы қай антұрған?!

Өзекті жан өлмекші кезіменен!
Өлген соң Ленин, оның көзіменен —
Сөйлескем іздеп барып Кремльде
Иосиф Сталиннің өзіменен.

Туысқан бір анадан бауырымдай,
Ол мені күле қағып жауырынға,
Тілімен мұғалімнің түсіндірген,
Алдағы істің жеңіл, ауырын да.

«Қатпаған балапанмын қауырсыны,
Көтерем қалай мұндай ауыр сынды?»
Дегенімде, «халыққа, партияға
Сүйен!» деп, Ұлы ұстаз сонда ұсынды.

Көз жетіп енді түгел атырапқа,
Халқымның тұздығы боп татымаққа,
Мәскеуден ауылға кеп былай дегем
Өзіммен бағыты бір батраққа:

«Мен сендерден бір тамшы тамған жаспын
Сол тамшы болғандықтан байға қаспын,
Сенің жүрген жеріңнен қозғалмайтын,
Жұдырықтай қарам бар қатқан таспын...

Сен жыласаң, көзімнен қан ағызам,
Сен қуансаң, тілімнен бал тамызам,
Сенің егер өзегің талып кетсе,
Басқадан бұрын саған нәр тамызам...»

Күреске түсе кеттім сертім сол боп,
Алқына арпалыстым шыпши терлеп,

Жастықтың жанар гүлі — жиырма бес,
Шақырды «қыз ойнақ бар, мұнда кел!» деп.

Мен-дағы жас боп көрдім өзге жұрттай,
Көкседім махаббатты өзге жұптай,
Білдім мен шөлдеген жан қанбайтынын,
Үлбірек қыз ернінің балын жұтпай,

Соқтыға түсіндім мен қыздың сұмын,
Онда да бола тұра мендей ұғым,
Жалынып өлердегі сөзімді айтпай,
Бал түгіл татырмады одан жұғын.

Білдім мен, өлең өткір өзге сөзден,
Өлеңмен күректен ат, яки көзден.
Көбіне дәл тиеді,
Мір оғындай,
Өлеңді неге аз жаздым соны сезген?

Махаббат екеу екен: жұптық, көптік,
Таңдасақ — жұпты, сүйген қызды өптік.
Таңдасақ — көпті, соның бақыт куып
Беттеген сапарына біз де кеттік.

Сезіне бастағанда мен ақын боп,
Лениндік бостандық: таң ату деп.
Міндеті әр ерікті азаматтың
Кеңірек таң сәулесін тарату деп.—

Ұрандап жатыр екен ерікті жұрт,
Сол дуда мен де олардан қалмадым сырт.
Құлшынған жұртта ұран біреу екен:
«Мылтық, найза, қаламмен жауды тез құрт!»

Мен сонда қатар аттап заманыммен,
Сеніммен «бөгеттерді алам» деген,
Ер қаруы бес қару: мылтық, бомба,
Найза, қылыш, аттандым қаламменен.

«Сен» демей, сыпайысып дейтұғын «сіз»,
«Күрес» деген емес ол, қылмиған қыз.
Күрес тілі найзадай шанышқы тіл,
Оның сөзі: «Жық, тапта, талқанда, бұз!»

Мен солай сөйлеп кеттім қалам ала,
Қаламым тікен болды, тілім ара,
Деп дұшпан ойбайлады сол уақытта:
«Мынаның өлеңінің түрін қара!»

Мен сұға бердім тілді одан да әрі,
Быраздан ойбайлауға келмеді әлі,
Кешікпей үні өшті.
Достарыма
Шырындай өлеңімнің болды дәмі.

Ол кезде бола алғам жоқ, рас, эстет,
Мысқылдап сөйлегем жоқ сөзді екшеп,
Жабайы жұрт түсінер деген тілмен
Жар салдым «жауды өлтір, өзің өс!» деп.

Айқай да жоқ, көбіне ырғақ, үйлес,
«Жауларға ондай өлең тым тез тимес»
Деген оймен, проза, мақаланы
Қаптаттым, деп: «Жауларды сен де түйрес!»

Адамда ес қала ма ар қызғанда,
Проза, мақаланың парқы заңда
Айтылғанмен,
Өрбіген менен олар
Ұқсады ол уақытта партизанға.

Жыр емес, өлең маған болды сапы,
Көргем жоқ оны ешуақыт баққа саты,
Өзім де таң қаламын,
Сондай маған
Қайдан кеп жабысқанын ақын аты!

Тұрпайы өлеңімнен халқым қашпай,
Көргендей ағып жатқан мөлдір бастау
Жұтысты мейірлене.
Ол өлеңдер —
Өрінде мәдениет бұдыр тастай.

Қара тас емес бірақ, кені бар тас,
Аумағы да кіші емес, тез аттатпас.
Айтарым замандасқа, ұрпаққа да
Сындырып алма аяқты, сен байқап бас!

Күреспен кеп бөгеттен өткенімде,
Кезеңді бір биікке жеткенімде,
Серттестім былайша деп қаламыммен,
Бір жырым — «Октябрьдің өткелінде»:

«Қаламым, саған риза емен,
Оқтай болып ақпасаң,
Сиям, саған риза емен,
Осы жолы қағазда,
Тізіліп сөз боп жатпасаң.
Қолым, саған риза емен,
Бөгелмей, аттай шаппасаң,
Миым, саған риза емен,
Мүлтіксіз сөз таппасаң.

Октябрь таңы атпаса,
Октябрь шырақ жақпаса,
Бәріңді де көрер ем...
Октябрь — менің анам да,
Октябрь таңы атқан соң
Ие болғам қаламға.
Октябрь көзді ашпаса,
Нақ осындай болам ба,
Октябрьден туғам мен.
Октябрь — анам он жылға
Аттағанда аяғын,
Сөйлемеген тіл құрсын!
Өткір қалам қолға алып,
«Октябрь!» деп толғанып,
Жырланбаған жыр құрсын!..

Олай болса, қаламым,
Сені қолға аламын,
Кәне, маған еріп көр,
Сиям, сен де қағазға
Бояуыңды төгіп көр.
Қолым, сен де шаршама,
Жазу қиын болса да,
Қалам менен сияға
Қатарласып серік бол!»

Сол бетпен келатырмын әлі тартып,
Арқама халқым берген жүгімді артып,

Ешуақыт құлаймын деп қынжылғам жоқ,
Кездессе, құлдыр құздар, шың я жар тік.

Жазық жер емес, тура жүгіруге,
Шың құзда алқыну да, сүріну де
Кездессе, достар кейіп, аңдыған жау
Аяқтан ұмтылады бір ілуге.

Сәбитте сол-ақ боп па көрген құқай,
Ілгішті ондай талай көрген бақай.
Күшігін ескіліктің шәуілдеген
Тұмсыққа жөнелгемін теуіп-тапай.

Достың да естісі бар — ақмағы,
Есті дос сүрінбеуге шақырады.
Сүрінсең, сүйеседі.
Ақмақ дос —
«Өлді,— деп,— ойбай, Сәбит!» бақырады.

«Ақылды дұшпан артық ақмақ достан».
Дос емес, қиындықтан үркіп босқан.
Күресте бойын іріккен антұрғанды,
Деген дұрыс: «Сатылған, жауға үн қосқан».

Айтарым ондайларға: «Байқап булан!
Мен жүзіп келген жоқпын мөлдір судан,
Малшынып келсем кейде саз-топырақка,
Алысы-жұлысы көп топыр-дудан.

Ол менің ішкі емес, сыртқы кірім,
Іші ең тазалардың әкел бірін!
Сонымен тең түспесем, бетке түкір!
Әйтпесе, мен түкірем:
«Не,— деп — мұның?!»

Жетілтем деме, мені қапқа буып,
Күресті, құрылысты кезде туып,
Мен неге жатам қапта?
Ленин жолын
Шегіне жеткізгенше індеп қуып.

Күресте сүрінуден сен-ақ жасқан,
Он тоғыз, осы жолға, түсіп жастан.

Беттесіп, қиындықпен арпалысып,
Жығылмай, талай биік белден асқам.

Отанның кеңшілігін, таршылығын
Бөлісе жүктегенде тән шыбыным,
45-те шашқа түскен бурыл қырау,
26 жылдағы бар шығыным.

Бойым мен ойым бурыл емес, бірақ,
Күшімді бойы жаспен көрсең сынап,
Кем түсе қояр ма екен,
Ойым — жастың
Талайын жеткізбейтін жерде жырақ.

Өріне коммунизм төте жүрген,
Суды есіп, тасты кесіп өте білген,
Заманның жетекшісі — партияның
Күнім жоқ, айырылған етегінен.

Мен келімсек емеспін, яки ұры,
Құлдықшыл ешкімнің де емен құлы.
Мен — Ұлы Коммунистік партияның
Некелі, заңды туған адал ұлы.

Анама ес білгелі масыл емен,
Шын сүйген қатар аттап ғасырменен
Келемін коммунистік
құрылысқа
Құрал боп, бойымда бар асылменен.

Уа, халқым, ақын ұл ғып мені тапқан,
Тағы да артсаң жүкті талай батпан,
Жолында сен беттеген коммунизм,
Жүгіңді жерге қойып, өлмей, жатпан.

Себебі маған алып бердің дене,
Сен де, мен де аршындап адым кере
Жазынан коммунизм жай табармыз,
Бұлжымай компартия соңына ере.

Мен саған көрген емен еңбек сатып,
Әлі де сатпан!
Келем бірге татып

Жемісін коммунистік бау-бақшаның,
Қанағат, маған қонған, сол зор бақыт!

Жан сырым, халқым, маған сенсең егер.
Борышым шашымнан көп саған берер.
Желкеме шор түсер деп аямай сал,
Мен сенің өгізіңмін өрге жегер.

Күйлімін, дәуірімде, емен арық,
Лениннің шамы жанған, алдым жарық.
Көш басшы — партияның жетегінде,
Шығармын талай өрге жүгіңді алып.

Қайталап айтам: бойда барлық күшім,
Қолымнан келетұғын барлық ісім
Сен үшін жұмсалады,
Саған көсем,
Лениндік сара жолды партия үшін!

1946

бірінші бөлім

ЖЕКЕ ӨЛЕҢДЕР

1917 — 1920 ЖЫЛДАР

КӨҢІЛІМ

Көңілім, мұнша қамықтың,
Әр нәрсені ойға сап.
Не нәрседен тарықтың?
Осыншама ойда қап.

Бірақ саған кіна жоқ,
Неге бүйттің деуге де,
Есеп жетпес тіпті көп
Қасірет-қайғы кеудеде.

Мақсатыңды іздеген,
Таба алмадың, жетпедің,
Қылышын алып кезенген
Кедейліктен өтпедің.

Нашарлық байлап қолыңды,
Жібермеді отыр, деп,
Оппа қар ғып жолыңды,
Ниеті жоқ кетірмек.

Енді қайда барасың,
Босатпаса нашарлық.
Білімді қайдан аласың,
Әлемге үлгі шашарлық.

Қой, сен бүйтіп қамықпа,
Ілгері ұмтыл, талап ет,
Шығуға айдай жарыққа,
Қайраттанып, бол өжет!..

1917

НЕГЕ ТУДЫМ

Бір жетім баланың аузынан

Анамнан жарық көріп туған күннен,
Өмірде сәуле көрмей жүрген бір мен.
Басқадай балдан тәтті тұрмыс іздеп,
Әлі де оның шетін көрмей жүрген.

Жарыққа шыр еткенде сор шеңгелдеп,
Анамды жұтты ажал, қорлық көр деп.
Содан бері қабағым бір ашылмай,
Қайғыдан келатырмын қайғыға өрлеп.

Туған күннен төсегім шоқпыт болды,
Көрген күнім үнемі жоқтық болды.
Мен сықылды балалар әкесі бар,
Туғаннан бүгінге ше тоқтық көрді.

Ертелі-кеш күн кештім тамақ аңдып,
Нан іздеп ойға, қырға жүрмін қаңғып.
Кезсем де бақыт іздеп әр ауылды,
Түрім жоқ, сірә, адам бола алармық.

Бай баласын сүйгенде шешелері,
Жүрегім суық мұзға төселеді:
Менің де сондай сүйер шешем болса,
Көңілім қандай шалқып өсер еді!

Бұл қалыппен өткізіп біраз жылды,
Көріме алып кірермін қайғы, мұңды.
Бар ләззатым: бейшара қабіріме,
Отырып бұлбұл сайрар жазғытұрғы.

1917

ЖАЛШЫНЫҢ ЗАРЫ

Күн ұзын, әрі ыстық сарша-тамыз,
Соғып тұр аңызғақ жел, жылы нағыз.
Шаршадық жұмыс қылып күні бойы,
Үстіне оның тағы оразамыз.

Сусадық, тамағымыз кеуіп қалды,
Күн әлі ерте, бесінге жаңа барды.
Өткен күн аш өзекке айран іштік,
Бермейді байдың үйі жейтін нанды.

Азырақ дамыл алып ұйқтар едік,
Ұрсады ғой иеміз қалса келіп.
«Өлсең дағы жүре бер жұмыс бітсін,
Қойғам жоқ мен ақшаны тегін беріп»—

Деп біздің мазамызды алады ғой,
Істеліп қалмаған соң жұмыс өніп,
Түбінде ақы бермей қоя ма деп,
Жүреміз кешке дейін дел-дал болып.

«Молдалар жер астында бар,— деп,— тамық»,
Қолына қорқытады құран алып.—
«Ораза ұстап, намазды оқымасаң,
Күйдірер,— дейді,— жанған отқа салып...»

Қиын-ау, ұстамасақ сол бір жері,
Сусыннан қиын шыжып жатқан жанып!
Көрмесек, «ол дүниеде» рақатты,
Көрмедік бұл дүниеде сәуле-жарық!..

Мінекей,— келіп қалдым біраз жасқа,
Құрбылар қатын алды менен басқа,
Жалғанда көз ашпадым жалшылықтан,
Ағарды мехнатпен сақал, шаш та!

Үйімде жалғыз ғана сиырым бар,
Қыз айттырсам алады көп қалыңмал,
Қырық жетінің аяғын тік бастырып,
Тағы да пәлен жүз сом ақша алар!..

Қолымда қазір оның бірі де жоқ.
Өтеуге тағы талай уақыт керек.
Өлсем-ақ ертең атым жоғалады,
Жалғаннан өттім енді ұрпақсыз боп!..

1917

АПЫР-АЙ

(Бір мырзаға)

«За охрану!»— деп жинап
Алған қайран бақыр-ай!
Бақырымды ап қойды-ау,
Ниеті жаман кәпір-ай!
Маған зорлық қылды-ау ол,
Па, шіркіннің батыры-ай!
Болатын ба еді осындай,
«Ақ жүрек» деген апыр-ай!

1918

ШЫҒАР КҮНДІ

Ызғарлы қыстың қатты суық кезі[1],
Адамды әбден қысып, қылды мезі.
Ашылып, қатты боран аяз болып,
Батуға жақындады күннің көзі.

Қызарып қан сықылды күнбатыс жақ,
Адамның көз тіккенде зәресін ап,
Күн батты, бірақ уақыт өткеннен соң,
Көк аспан сары болды жезге ұқсап.

Басылып сарғайғанда қоңырланды,
Қара бұлт қатулана тамырланды,
Ол ол ма, әйдік үлкен қара шырма,
Біржола қараңғы ғып орап алды.

Көзге түртсе көрінбес болды енді,
Айдың да, жұлдыздың да нұры сөнді.
Ұйқтауға қара түнде құмар жандар,
«Құдай бізге берді!» деп, ал кенелді.

Жұрт жатты төсегіне жылы оранып,
Ұмытып, есінде жоқ, нұрлы жарық,
Құр жанын тастаса да оянбады,
Сұр жылан қанын сорып, тәнін шағып!

Бір жанның осы кезде қайғысы мол,
Жұрт жатқанмен, тыным ап, жатпады ол.

---

[1] Бұл өлең Колчак үкімі жүріп тұрған кезде, совет өкіметін көксеп жазылған еді. С. М.

МӘЛИПАҒА

Болғанмен ұл да адам, қыз да адам,
Қай қазақ, деп санайды қызды балам.
Ұл туса, «ат ұстар» деп, қыз —«қырық жеті»,
Әкесі қуанады, деп — «мал алам».

Біреу кеп құда түсіп бесігінде,
Жеткізбей бойын еркін өсіруге,
«Қырық үйден қызға тыю» деп шешесі,
Жат үйдің аттатпайды есігін де.

Он үште десіп қызды «отауға ие»
Ұзатса, сиыр менен сауып бие,
Күндіз-түн — отпен кіріп, күлмен шығып,
Кетпейді қол мен беттен қара күйе.

Көңілден қайғы бұлтын айықтырмай,
Жасырып жұрттан бетін айыптыдай,
Егер де қылдан тайса қайыненесі
Сабайды басқа-көзге, байып қылмай.

Санамен сарғаяды ауыр ойдан,
Сыбаға тию түгіл ойын-тойдан,
Қол сұқпай өз үйінің ыдысына,
Жалайды аяқ-табақ, сарқыт қойған.

Үстіне таза кисе, «сәндендің» деп,
Демалса, «бой күйез боп пәлдендің» деп,
Жасынан «салды балақ, салақ қатын»
Атанып күнелтеді «әлдекім» боп.

Бір сәрі сонда күйеу болса теңі,
Не кәрі, не өмірдің ол бір кемі
Боп шықса, мойнына масыл дағы,
Сорының болғаны да табан елі.

Мінезі күйеуінің болса шадыр,
Күн-түні тепкілесе бермей дамыл,
Өмірден ол сияқты сорлы әйелге,
Өзі тар, өзі суық артық қабір.

Сорлыға тез келмесе бір күн ажал,
Қорлықпен өмір сүріп, қайтса ажар,
Атанып кәрілікте «мыстан кемпір»,
Жұрт одан жеркенеді көріп тажал.

Тұрады өмір деуге мұның несі,
Көрерің қай ауылға барсаң осы.
Осылай күн кешеді сорлы қыздың
Дәл жүзден, санап тұрсаң, тоқсан бесі.

Ендеше, сұлумын деп мақтанба, қыз!
Сыланып тоты құстай баптанба, қыз!
Жүрегің кімді сүйсе сонымен
Ойнап-күл, сырды түгел ақтар да, қыз!

1919

БОСТАНДЫҚ

(Қазақ жалшыларына)

Бай, мырзаға басыңды иіп жалынып,
Төрелерге «құдайым» деп табынып,
Ақысыз, пұлсыз, бір аяқ асқа жұмыс қып,
Жүруші едің қысы-жазы сарылып.

Қорек қылып қара нанның күйігін,
Сусын қылып ашы іркіттің сұйығын.
Бәйбішеден ұлықсатсыз ауызға
Салмаушы едің ірімшіктің түйірін.

Салбаң-сұлбаң жұмыс қылып күнұзын.
Төсек қып жатсаң құрым киізін.
Битті күпі «тоңарсың» деп, берсе бай,
Қуанушы ең шыққандай боп мүйізің.

Көріп ылғи ауыр тұрмыс қиынын,
Көк желке боп, салбырап екі иығың,
Өмір бойы жүрсең дағы құлдықта,
Шығып көрген жоқ-ты сенің бүйірің.

Өзің адам, тұрмысыңда мал едің,
Күшің адал, сүтің арам жан едің.
Тырнағына жауыздардың ілігіп,
Азаттыққа өміріңше зар едің.

«Құдай», «құран» деген сөзге нанып ең,
Сене-сене күн көре алмай қажып ең,
Орақ қолда, айдалада мұңыңды,
Ескен желге зарлы әніңмен шағып ең.

Талай сырлы сұлу сөзге сеніп ең.
Бәрі алдап, бәрінен де безіп ең,
Таң атпастай, күн шықпастай көрініп,
Ауыр қалге амалсыздан төзіп ең.

Жерден таппай көктен тілек тіледі,
Соққы көріп, мұздай болды жүрегің,
Басқа бақыт бұл жалғаннан таппастай,
Ермек болды қолыңдағы күрегің...

Бір заманда көкке бұлт жиылды,
Қанды қызыл түсіменен түйілді,
Артқы жағы дауыл болып сұрапыл,
Асқар тауды ұршықтай ғып үйірді.

Нажағайы оттай болып жайнады,
Қылыш сермеп, найзаменен ойнады,
Күркіреген жерді жарып дауысы,
Қалың бұлтты түре тиіп айдады.

Дауыл талай ордаларды қиратты,
Талайларды тақтарынан құлатты,
Зұлымдарды елді талап жылатқан
Жойды-дағы — ел көз жасын құрғатты.

Бір заманда соққан дауыл басылды,
Бұлт ыдырап, күннің көзі ашылды,
Көгі шығып, жер жұмақтай құлпырды,
Гүлге толып қызыл, сары, жасылды.

Бұл дауыл не?— бұл кешегі төңкеріс,
Байға — қайғы, кедейлерге — көркем іс,
Он сегіз мың ғаламға айқын көрінген:
Көзін тігіп қарап тұрған жер тегіс.

Кеше көзге қан майданда көріндік,
Жұрт біледі жаудан қашан шегіндік.
Арқамызға ері батып байлардың,
Бостандыққа белді буып берілдік.

Көп күресіп, бостандықты жасадық,
Аянбадық көлеңкені таса қып.
Енді еркінбіз, күн біздікі күлеміз,
Темір тордан күресумен босандық.

Бұл бостандық көктен бізге келмеді,
Ешкім бізге сыйлап және бермеді.
Мұнда қазір ортағы жоқ өзгенің,
Бұл бостандық — жұмыскердің жеңгені.

Нелер заман бай аяқты күрмеді,
Жүре алмадық, ойлансақ та жүргелі,
Енді азатсын, ешнәрседен сескенбе,
Бас аяқты алшаң-алшаң ілгері!

Күш жоқ кезде күштілерден жасқандық.
А, кедейлер! деп жүрмеңдер бос қалдық,
Еңбек етсең, білім, өнер сенікі,
Өзің ие, міне саған бостандық!

1919

ЖАЗҒЫ ТАҢ

Қараңғылық серпіліп,
Бозамық боп атар таң,
Бірен-саран адақтап,
Қалды жымың жұлдыздан.
Түрлене түнге қош айтып,
Күлімдеп толқып тұр Шолпан.
Жерге түскен бу мен шық,
Көтеріліп көкке ұшқан...
Бозарған енді сарғайды,
Айырғысыз боп алтыннан.
Көлде құстар оянып,
Қосылысып салды ән.
Бозторғай шырлап аспанда,
Тауықтар да шақырған.
Өріске кетіп барады,
Сиыр, қойлар неше сан.
Шыққа тойған шөптердің,
Құлпыруы орасан.
Күндіз алыс әрнәрсе,
Көз алдында санасаң,
Дүниенің жұмағы,
Таңертең тұрып қарасаң.

1920

КҮРЕСШІЛ ҰРПАҚҚА

Жаз күні жайнаған гүл жан-жақ кілең,
Жердің беті масаты жайған кілем.
Көкте көлбей қалқыған сирек бұлыт
Бір түстес жерде, көкте шаттық рең.

Күн шырқап шыққан биік түстің кезі,
Өң беріп жер жүзіне нұрлы көзі,
Самалдың жұмсақ қана есіп өткен
Мұрныңды қытықтайды бал лебізі.

Бәрі де адамзаттың жүр жайланып,
Тегістік, бауырмалдық туғаны анық.
Залымдық, арам ойлы бұзақылық,
Бәрі де ұмытылған кейін қалып.

Жайылған күшті ұран — адал еңбек,
Күш қосып табиғатты адам жеңбек,
Барлығы бір ауызды, жоқ алалық,
«Сіз» дейді, атамайды бірін «сен» деп.

Бұл қай кез, коммунизм мезгілі ғой,
Сол кезді жырла, тілім, өзгені қой,
Жасаушы бұл бақытты еңбекшілер,
Жолды айқын Ленин көсем мезгеді ғой.

Бірақ та ол күн әлі жатыр алыс,
Бар әлі жолымызда талай жарыс,
Алыс деп шаршап неге талығайық,
Тұрғанда кеудемізде ыстық намыс.

Талайлар өлмек, талайлар туа бермек,
Бақытты адам әділдік күнді көрмек,
Сол күніне жетуге кім жәрдемші
Болғандығы олардың есіне енбек.

Еңбекші ел, айтатын жалғыз сөзім,—
Дұшпаныңа қырағы болсын көзің!
Күресе біл, ұстаған серттен тайма,
Бұрынғы күресшілдің басып ізін.

Денеден ыстық қанды суытпаңдар!
Ұмтылып жетер жерге жуықтаңдар!
Қыр басына шық тағы кейін қара,
Арманда өлгендерді ұмытпаңдар!

1924

ҰШҚЫШ КЕМЕДЕ[1]

Қара жерді қылғандай мүлде талақ,
Құс батыры, қырандай жайып қанат,
Ұшқыш кеме ішіне мініп алып,
Жоғарғы көтерілдім көкке қарап.

Қалықтап жоғарыда құрдым сайран,
Орнаған уайым-қайғы шықты ойдан.
Болады балапанда нендей уайым,
Қазірде мен балапан қанат жайған.

Балапан болған мен бір кәрі бала.
Қара жерде естияр едім жаңа.
Көңілімді көтеріп шаттандырған
Осы ұшып келе жатқан кеме ғана.

Көтерген көңілімді, ұшқыш кемем,
Азырақ тілдесейін сеніменен.
Ішімдегі сырымды білемісің,
Мен қазір қандай түрлі ойда келем?

Қой, қозының соңында жүргенімде,
Жуантық тайынша бұқа мінгенімде,
Атқызып не бейнетпен көрер таңды,
Мойныма нәлет қамыт кигенімде,

Көз жасым көлдей болып аққанында,
Бар қырсық іздеп мені тапқанында,
Көр түнде жүрер жолды сезе алмай,
Қаңғырып айдалада лаққанымда,

Халықтың бәрі менен жиренгенде
Етіме тіл найза болып түйрелгенде,
Сықылды жауыр есек көнбіс болып,
Тұщы ет ашы таяққа үйренгенде.

[1] 1924 жылдың июнь айында, самолетке бірінші рет мініп ұшында.

Не бейнетке бас иіп көнгенімде,
Қайда барсам мені сор жеңгенінде...—
Түсім түгіл өңімде сені көрем,
Деген ой болып па еді сонда менде?

Ойлау түгіл атыңды естімеген,
Сонда көрсем қорқар ем кескініңнен,
Көңлімде бар арман ол уақытта,—
«Бұл бейнеттен құтылам қалай» деген.

Одан бері неше ай өтті, жылдар,
Қала берді арт жақта талай қырлар,
Көз алдыма айқын боп келе қалды
Сағымдаған буалдыр көп бұлдырлар.

Қуанғаннан жадырап күлдім күндей,
Отырамын шаттыққа қалай күлмей!..
Кемеге де мініп ап, ұштым, міне,
Сәрсенбінің сәтіне бүгінгідей.

Ал, кемем, қанатыңды кеңірек жай,
Ойға алған жеріме апар, армай-талмай!
Көкке жет, одан асып әр қарай өт,
Көрейін ел бар екен онда қандай!

Күнге бар, оған енді батпа дейін,
Дәл түстікке жет тағы тоқта дейін,
Жауырғанда жайлансын, рақаттансын,
Нұрымен жердің бетін қапта дейін.

Айға бар, енді жаным ұйқта дейін,
Түн жамылып сен енді шықпа дейін,
Күн кетсін деп қуанып күлімдеме,
Сенен түсер пайда аз жұртқа дейін.

Жұлдызға бар, ұялма күннен дейін,
Күнмен күндіз тұра бер бірге дейін,
Күндіз дағы сен көктің ажарысың,
Құмар болма, жарқыным, түнге дейін.

Бұлтқа бар, түнерме енді дейін,
Түнеріп қорқытқаның болды дейін,
Ашулансаң ойнатып нажағайды,
Талай сорлы атылып өлді дейін.

Марсқа бар, жақында жерге дейін,
Кескін көрсет берірек кел де дейін,
Үстіңдегі жаралған жәндіктерді,
Таныстыр жерде тұрған елге дейін.

* * *

Шарқ ұрып жүргенімде, көкте ұшып,
Көктің мөлдір сәулесін судай ішіп,
Қарадым бір заманда жер жүзіне
Ойыма туысқаным — адам түсіп.

Байқасам, әлі де көп жылағандар,
Жәрдемді еркіндерден сұрағандар.
Өзі қожа, басқаны құлы қылып,
Бауырын езгілеген адамдар бар.

Көкке мен өрлеймін бұдан арман,
Маған серік адамдар кейін қалған,
Қызыққа берілудің сәні бар ма,
Жылаған кете барып бауырлардан.

Қайтайын, аралайын соның бәрін,
Қырайын адамзаттың азғындарын,
Әперіп теңдіктерін қолдарына,
Уатып, қуантайын жылағанын.

Менің өмірім күрестің нағыз іші,
Сыналатын заман бұл ердің күші,
Күрессіз көктің қазір керегі жоқ,
Көңілмнің күрес қана қуанышы.

1924

ИТ ҮРЕДІ, КЕРУЕН КӨШЕДІ

(Ұлтшылдарға)

Қотаншы ит қой жағалап жүреді,
Өз қотанын шыр айналып үреді.
Шөптің басы әлдеқалай қозғалса,
Бұл дыбысқа ыза болып бүледі.

Көзі ұйқыда, көңлі ояу күйінде,
«Айтақ!» дейді жатып байлар үйінде.
«Осы төбет ырысым» деп бір аунап,
Қатынымен айналады күбірге.

Іңір өтіп, түн ортасы таянад,
Төбет қайда? Дыбысы жоқ жоғалад,
Тақымына басын тығып түн бойы,
Таң атарда және тағы оянад.

Ұйқы жеңген көзін жөнді ашпайды,
Сонда дағы барқ-барқ үре бастайды.
Бұл үрісі әлсіз үріс «ау... ау... ау...»
«Әй, мында кел» деген жерден аспайды.

Қой, сиырлар ол оянбай өреді,
Күн де шыққан, жердегі шық кебеді,
Шыққан күннің шұғыласына бөленіп,
Қызыл жалау керуендер келеді.

Дыбыс келді көзін ашты төбеті,
Керуенге жасамақ боп бөгетін,
Алдын баяу, артқы жағын үдетті,
Қожасы үйден тағы «айтақ!» деген соң.

Жоқ, керуеннің ит үргенде жұмысы,
Иттің иттік істеп тұрған мұнысы,
Керуеннің итке жазған жазығы,
Ит ұйқыда, керуен ояу жүрісі.

Олар жолға шыққан кезде іңірде,
Түнде жүрген, көп кездескен кідірме,
Түскен тұман, батқан ай да адаспай,
Таңға әкелген өзін және жүгін де.

Алдында әлі көп төбетті ауыл бар,
Алдында әлі талай асу-адыр бар,
Асу, төбет — бәрін басып өткенде,
Керуеннің мезгілі сол дамылдар.

Керуендер келді міне ауылға,
Қошеметпен қарсы алды оны ауыл да.
Қатарласты, алды ауылдан асты да,
Қандай бөгет болады айқын дабылға.

Шабалауын төбет-тағы үдетті,
Не керек құр үдетуі, тек өтті,
Барқ-барқ үрді, даусы дағы қарлықты,
Керуендер озып талай жер кетті!

Үре-үре иттің үні өшеді,
Үргеніне мәз болып ол «өседі».
Оның ойы — иесіне жағынбақ,
Ит үреді, керуендер көшеді.

1924

ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ

(«Еңбекші қазақ» газетінің 3 жылдық тойына)

Төрт жылға аяқ аттадың,
Тебіренбей қарап жатпадың,
Тәрбиеші ананың
Адал сүтін ақтадың.

Жыланға қанын сорғызып,
Суыққа етін тоңғызып,
Жатқан елді ояттың,
Үйқысынан тұрғызып.

Көрсетіп көзге жауларын,
Дұспанның құрған ауларын,
Достарына танытып,
Таптық жолдан таймадың.

Еңбекші бүкіл халықтың
Дос, дұшпанын таныттың,
Көрсеттің нұрын көзіне
Лениндік сәуле-жарықтың.

Түсіріп тура жолына,
Құрал боп оның қолына,
«Осыдан қол жазба» деп,
Түсірдің таптық жолына.

«Маркс, Ленин данышпан,
Бастап келген алыстан,
Көсемдерің сол дедің,—
Байлар соған жау, дұспан».

Шаруаға көз болдың,
«Былай ет» деп, сөз бердің,
Мұңы болса халықтың,
Кешіктірмей тез көрдің.

Надандықпен алыстың,
Ел жайымен таныстың.
Жетпей жатқан іс болса,
Аудара қарап қағыстың.

Талай істі бітірдің,
Көп міндеттен құтылдың.
Жаңа міндет бәрін де
Өткеруге тұтындың.

Маған да түсіп жарығың,
Міндетті талай таныдым.
Көрнекті болып жемісің,
Ілгері бассын адымың!..

1924

МИХАИЛ ИВАНОВИЧ КАЛИНИНГЕ[1]

Құрметпен қарсы аламыз, келген қонақ,
Азаттық езілгенге берген қонақ,
Мейлі қай ұлт болсын, жылағанның
Көз жасын тыйып, мұңын көрген қонақ.

Біздің елдің сізге әлі сырты қанық,
Ішкі сырын білмейсіз түгел анық,
Бізде де жалшылар мен қожалар бар,
Біздің ел де екі тап болған халық.

Біз бұрын тепкілеуден босанбадық,
Надандықтан ілгері аса алмадық,
Бай, төреден, күштіден соққы көріп,
Көзімізді кезінде аша алмадық.

Төңкерісті кезінде сезінбедік,
Көзге қызу кездерде көрінбедік,
Кеш ояндық, надандық бөгет қылды,
Әйтпесе, сол күнді аңсап келген едік.

Түсіндік жаңа ғана азаттықты,
Азаттыққа бастадық қалың жұртты,
Тез ашпайды көздерін, тез тұрмайды,
Ұйқы әбден езгілеп, мәңгі қыпты.

Елде жуан кедейді сорып жатыр,
Кедей надан соруға «көніп» жатыр,
Кедейдің арыстандай алып күшін,
Бай ақысыз, борсықтай еміп жатыр.

Елде оқу аз — кедейлер хат білмейді,
Қараны — қара, ақты олар — ақ білмейді,

---

[1] 1924 жылдың күзінде, Орынбор қаласына келуіне арналып жазылған.

Саясат не, Кеңесті үкімет кім? —
Ойдағыдай түсініп, нақ білмейді.

Қала жоқ, ауылдардың арасы алыс,
Алыс жерге қиын ғой келіс, барыс,
Калинин жолдас, осындай жәйдің бәрін,
Айтумен ғана ұқпай, көріп таныс.

Ұйымдасса көздерін ашар кедей,
Оттай лаулап ілгері басар кедей,
Алдағы міндеттерін айқын көріп,
Бақытқа жетіп, рақатта жасар кедей.

1924

АЗАЛЫ КҮНДЕ[1]

Күн көзі тұтылғандай түрде болды,
Жел зарлы қайғыланған үнде болды,
Барлығы — жаратылыс басын иіп,
«Біз де ортақпыз» дегендей тілде болды.

Көше үсті желбіреген туға толды,
Жалыны көтерілген буға толды,
Көкіректі қақ жарған мұңды дауыс,
«Ленин, Ленин, Ленин!» деп шуға толды.

Білмеймін неге көзге жасым келді?
Жас келді, ой биледі, басылды енді...
Алдында Ұлы Ұстаздың тәжім қылып,
Иіліп қара жерге басым келді.

1925

[1] В. И. Лениннің қайтыс болғанына жыл толғанда.

ҚЫЗЫЛ АРҚА

Сап-сары биік белдерде,
Сарғайған түссіз жерлерде,
Сап-сары киім киініп,
Қабағы бұлттай түйіліп,
Сарғайған мың сан жан жүрді;

Азуы алмас, тілі у,
Арам көңіл, ала ту,
Кең жемсаулы, кең қарын,
Найзадай түйреп қолдарын,
Қорқау қасқыр —«хан» жүрді.

Сары даланы мұң басып,
Түнерген қара түн басып,
Адасқан жол таба алмай,
Мұңын жанға шаға алмай,
Нелер, нелер жыл өтті.

Күнбатыстан ер шығып,
Есіркеп аға ел шығып,
Түнді көктен серпіді,
Тотыдай таң құлпырды,
Алтын нұрын күн септі.

Сары дала жасыл түрге енді,
Қызарып шешек — гүлденді,
Жерге жұпар төгілді,
Шаттандырды көңілді,
Жан жадырап, өмір жаз!

Күн көргенге қуанып,
Жылауынан уанып,
Нарттай жанған пішінде,
Көп қуаныш ішінде
Құлдар да жүр аралас.

Аузында еңбек ұраны,
Ленинизм құралы,
Сол құралға табынып,
Соған ғана бағынып,
Жолында соның өнеді.

Сарғылт түсті Сарыарқа,
Сүреңі жоқ кең алқа
Қызыл арқа атанды,
Жасадық жаңа Отанды.
Сарғаю енді болмайды.

Қызыл гүлдер тамырлар,
Қызыл өрттей жалындар,
Қызарған гүлді түрменен,
Шағылысып күнменен,
Қызыл арқа жайнайды.

1925

ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІНДЕ

Бұл ұстаз — еңбекшінің ардақтары,
Асқар таудай панасы, қорғандары.
Ұйқтап жатқан сықылды көрінгенмен,
Көп тұрдық, ұйқысынан оянбады.
Адамды қалың, ауыр түсірді ойға,
Ми толғанып, шымырлар қаның бойда.
Әлі де рас ұйқтап жатыр ма екен,
Оян деп сұрар едім, оянар ма?..
Көп тұрдық оянудан күтіп дәме...
Тырп етер емес, бірақ, жатқан дене!..
Олай болса, толғанып тұрған жүрек,
Махаббатты сөзіңді айтшы, қане!
Ия бұл ма? — Бұл Ленин — Ленин еді!
Бұл әлемге бақыт боп келіп еді,
Езілгенге азаттық әперем деп,
Талай ауыр халдерді шегіп еді.
Жанын талай күреске жегіп еді,
Арамтамақ доңыздан жеріп еді,
Көп күреспен орнатып бостандықты
Жемісін коммунизм егіп еді.
Арманға түгел жетпей, ажал кепті,
Келгенмен не қылды, оның несі кетті?
Бар істеген қастығы — қимылдағы
Денені мәңгі ұйқтатып, жансыз етті.
Бұл зор аза еңбекші адамзатқа...
Тарихта ие Ленин ардақты атқа!..
Ол салған даңғыл жолды кеңейтуге,
Жігермен еңбекші тап тұрды сапқа.
Тыныссыз мынау жатқан алып кеуде,
Сыймай ма шетсіз, шексіз әлем деуге?
Бар ісін тарих артқан өтеп өлді,
Не мән бар ендеше оны өлді деуге?

1925

ҚЫЗЫЛОРДА

(Ақмешіт қаласының 1925 жылы Қызылорда аталуына)

Қай орда, мынау орда?
Қызылорда!
Төбесі күнге жалғас қызық орда.
Есігін еңбекшіге ашып қойып,
Қаратты күлімдете жүзін орда!

«Ақ орда», «жасыл орда», «алтын орда»,—
Жылатқан, еңіреткен халқын орда.
Қонысын, іргесін де аулақ салған,
Біздің орда олардан артық орда.

Көкорай мынау біздің қонған мекен!
Оңды қоныс қайда бар мұнан бөтен?
Көш көлікті болуы бастаушыдан,
Бастап әкеп қондырған Ленин әкем!

Қызылорда, еңбекші, сенің ордаң,
Мынау жер сенің жерің тауып қонған,
«Сырты сұлу, іші улар» тұз жаласын,
Тағы биік ұшайық, қанат қомдан!..

1925

ӘЖЕМ

Алпыска аяқ басты менің әжем,
Алпыс жаста «кәрімін» деді ме әжем,
Отпен ойнап, күлменен арпалысып,
Алпыс жаста алған жоқ демін әжем.

Әжемде бір тыным жоқ ылғи еңбек,
Өмірдің талай дәмін татты кермек.
Таңертең сиыр сауып, құрт қайнатып,
Күндіз де күнге күйіп тоқиды өрмек.

Маңдайы қызған күніне шып-шып терлеп,
Тергенде термелерін өрмекті өрлеп,
Мәнерді нешетүрлі шығарады,
Әр еңбектен туғызып әдемі өрнек.

Өрмегін әжем жатқа емес бермек,
Өзі тоқып, қызығын елі көрмек.
Бір термесін жібермек баласына,
Хат жазған: «Әже, маған жұлдыз тер» деп.

Әжемнің ұршығынан тасиды өнер,
Қарасаң, көзің оған емес сенер,
Қызартып, нұрлы күнге шағылдырып,
Тоқуға қызыл жұлдыз қандай шебер!

1925

ЖАЗҒЫ КҮНІ ОРМАНДА

Жасыл шөптің исі мұрын жарады,
Таза ауа исіндірді тамырларды,
Ағаш, шөп, жапырақтар мүлгігендей,
Мың түрлі көркем бояу көздің алды.

Алтын күн ну орманға нұрын септі,
Барлық ағаш иіліп тәжім етті,
Дірілдеген жапырақ арасынан
Көлеңкеге алтынды сәуле өтті.

Қарға қарқ, шыпшық шіңк-шіңк, орман ың-жың,
Жақ біткен жаңылмайтын неткен бұл үн!..
Соларға құлақ түрсең, есітсең
Саздарын нешетүрлі тәтті жырдың.

Жерде де құрт-құмырсқа өріп жүрген,
Жәй жүрген жоқ, несібін теріп жүрген,
Бәрі де шат секілді қарап тұрсаң,
Адамдай кемеліне келіп жүрген.

Жаз болды, жаратылыс неткен оңды!
Нені көрсең, көңілге түгел қонды.
«Жарқырап жаз келеді» деген мақал
Біздің елдің осындай жазы болды.

1925

ҚОҒАМНЫҢ[1] КЕМШІЛІГІ

(Тілшілер хаттарынан)

Қоғам биыл мың бұттай егін септі,
Барлығы жүз елудей жерге екті.
Күз болғанда жүз пұттай әрең түсіп.
Қалғанын «шегіртке» мен «тышқан» жепті.
Бір жерден ат-тоны бар сексен пұттап,
Алғанда кедейлердің ерні кепті.
Есеп-қисап қылғанда қатесі жоқ.
Із-тозын білдірмейтін неткен епті!
Үйде жуан жайымен тісін шұқып,
Деп отыр ««желден алған, желмен кетті!»
Қулығы асқан аузын шөппен сүртіп,
Біразы тексергенде сотқа ілекті.
Көп жиылып, көл қып-ақ тастап еді,
Не керек қайран еңбек босқа кетті!..

1925

[1] «Артель» деген мағнада.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫ

(Тілшілер хаттарынан)

Күн сылбыраң, жердің жүзі іріп тұр,
Қарлы жаңбыр бетке аралас ұрып тұр.
Ауыл үйлер шошалада, күн суық,
Жел де азнап аш қасқырдай ұлып тұр.

Шымнан салған бір жаман үй — кім үйі?
Кетіктеніп құлауға тұр бүйірі,
Осы үйдің төбесінде түтін бар,
Бұл не екен?— Бұл ма,— бақсы жиыны!..

Бір қара ешкі әлдеқашан сойылды,
Балта жалап бақсы салды ойынды,
Шоқпыт сорлы «өкпе» менен ұрылған.
Сорпа-суын ішіп өзге тойынды.

Ел кедейі тымауратпай жүре ме?
Басы ауырса «бақсы!»— өзгені біле ме?
Осы күнде бақсылардың пышағы
Май үстінде, бұлар тыю көре ме?..

Бақсы емі одан жаман ауыртты,
Ауырудан Шоқпыт әлі қауіпті.
Бар бәйек боп жаны ашыған тілші еді,
Жазбай қойды, қайтсін жазып жалықты...

Горздрав, ел ішіне ем керек!
Бақсы, саған, емдеу емес, жем керек,
Тілші, сендер бірер жазып жалықпа,
Жалыққанмен кедей керек, ел керек!..

1925

ГАЗЕТТІҢ ДОСЫ — ТІЛШІЛЕР[1]

Кедейдің соғып сойылын,
Кедейдің тілеп тойымын,
Ойлайтын қамын тереңнен,
Газеттің досы — тілшілер.

Ұямен[2] қол ұстасып,
Кедейдің көшін бастасып,
Байсалды жерге жөнелген
Газеттің досы — тілшілер.

Бұзықтармен күресіп,
Талайын түйреп түгесіп,
Қауіптен қорықпай түнерген
Газеттің досы — тілшілер.

Шаруаға көз болып,
Қисық іске тез болып,
Игілікке бастайтын —
Газеттің досы — тілшілер.

Бітірер ісі өнімді.
Еңбекке жегіп өмірді,
Еңбектен тайып қашпайтын
Газеттің досы — тілшілер.

1926

---

[1] «Бостандық туы» газетінің тілшілеріне арналды.
[2] Партия ұйымы.

ЛЕНА

1912 жылы Лена жұмыскерлерінің қанды оқиғасында бірге болған Угарға[1] арнадым.

1

Әлдеқайда, қараңғы бір бұрышта,
Жақында емес, сонау Қиыр-Шығыста...
Еңбек еткен, мыңдаған жұрт бар еді,
Күн-түн демей жүретұғын жұмыста.
Ол мыңдардың көрген күні түн еді,
Көрген жарық өлген күнмен бір еді,
Күні бойы «ауа» орнына шаң жұтып,
Қайтып келіп тағы сазға түнеді.
Жүз кез жердің үңгірледі балшығын,
Көл боп суы ағып жатқан тамшының,
Қойын-қоншы саз-балшыққа лық толып,
Тауса алмайсың келсе-дағы аршығың.
Қолда фонарь, көкшіл тасты қулады,
Көп іздеді табылмады бунағы.
«Динамитті» тығып қойып соққанда,
Тас асаудай күл-дал болып тулады.
Отқа күйіп тастан алтын қорытты,
Көп қорытты, көп істеді, зорықты,
«Еңбек ауыр, тұрмыс нашар!» дер еді,
Бата алмады, иесінен қорықты.
Қорлық өтті — шыдамады, ерленді,
«Бейнетті азайт, ақыны мол бер» деді...
Көп жылады, көп жыл жасы көл болды.
Тілектерін бірақ байлар бермеді.
Көп жылады, жасын ешкім имеді,
Енді кегін басқаша ой биледі:
Жұмыс тастап жатып алды жанжал қып —
Иенің де шаруасы күйреді.

---

[1] Мұқатай Жәнібековтің жанасым аты.

Жанжал арты аққан қанмен жуылды.
Көбі атылып, көбі орнынан қуылды,
Көздерінен жас орнына қан ақты,
Үзілді үміт, енді көңіл суынды...

2

Әлдеқайда, қараңғы бір бұрышта,
Жақында емес, Қиыр сонау Шығыста,
Еңбек еткен мың-мыңдаған жандар жүр,
Сегіз сағат мезгілімен жұмыста.
Ортасында «Фабзавком» бар сайлаулы.
Заводында қызыл жалау байлаулы.
Не тілесе бәрі даяр алдында,
Клубы бар, демалуға арнаулы.
Балаларға арнап мектеп салынған,
Білім тасып тартып жатыр тамырдан,
Сауатсыздық түгелінен жойылып,
Қараңғылық көңілінен арылған.
Ұлы-кіші түгелінен көңілді,
Істейтұғын еңбегі де өнімді,
Жанжал, дау жоқ, тату-тәтті өмірі,
Бірліктері бұзылмауға сенімді.
Өлеңдетіп көкшіл тасты қопарып,
Өлеңдетіп қорытуға апарып,
Өлеңдетіп өндірісті өндіріп,
Істеп жатыр бұрқыратып қотарып.
Неге бұлай? Заман қазір өзгерді,
Теңдік күнді жарқыратып көз көрді,
Көп алысып, көп жыл жылап, күресіп,
Еңбекшілер басып түсті безбенді.
Қазір завод — жұмыскердің өз мүлкі,
Енді іс жоқ түсінбейтін көрбілте,
Енді елдің түп қазығы соларда,
Енді елдер — жұмыскердің өз жұрты.
Жаса, Лена, қан да, бал да ұрттадың!
Алтын бер деп күтіп отыр жұрттарың
Не көрмедің, не нәрсеге көнбедің
Қазір ғана жарық жерге шыққаның!

1926

ҚЫЗҒАЛДАҚ

(Октябрь ұлдарына)

Октябрь жазы гүлді жаз,
Октябрь жазы нұрлы жаз,
Октябрь жазы жайнайды.
Бүліске жасыл оранып,
Тотыдай түлеп таранып,
Мәңгіге бұлбұл сайрайды.
Қызыл гүл қызыл жалын боп,
Жер жүзі нұрлы сағым боп,
Құлпырады жұмақтай.
Мен де бірге құлпырып,
Қыспа қыстан жыл шығып,
Ойнаймын жас лақтай.
Қызарған бүршік бұлтиып,
Жерден басы қылтиып,
Қызғалдақ атты шешегім.
Алмадай боп қызарды,
Күн санап бойы ұзарды,
«Өсемін мен, өсемін!»
Құлпырған киіп беренді,
Жібекке жасыл бөленді,
Бал сорғызды ұрығы.
Тоты құстай түледі,
Күн сықылды күледі,
Балдан тәтті қылығы.
Сабағындай алманың,
Қызарған жайды тармағын,
Қып-қызыл боп жайқалды.
Жаңа атқан таңдай боп,
Жаңа шыққан талдай боп,
Бұралды, күлді, жайқалды.
Қарашы тез сезуін,
Күн күлді, тартты езуін,
Қызғалдақ күлді күнменен.

Еркелеп басын иеді,
Бетінен күн сүйеді
Еркелеткен нұрменен.
Жердің жүзін гүлге орап,
Кілемдей сұлу түрге орап,
Қызғалдақтар жайнайды.
Қызығып қызыл жалынға.
Сайрады бұлбұл жанында,
Көп қарайды тоймайды.
Қызғалдақ толып өседі,
Жібек жел толқып еседі,
Қызғалдақ исі аңқиды.
Жан-жағы нұр сағым боп,
Ортасында жалын боп,
Қызғалдақ жайнап шалқиды.
Домаланып денесі,
Күн санап өсіп өресі
Қызғалдақ жайған алақан.
Қызарып тағы бүртиіп,
Жерден басы қылтиып,
Қаптайды миллион балапан.
Октябрь жазы сенбейді,
Енді күз, қыс келмейді,
Октябрь күні батпайды.
Жердің жүзін гүл қылып,
Қып-қызыл ала түр қылып,
Қызғалдақ гүл-гүл қаптайды.

1926

ҚЫЗЫЛ БҰРЫШ

Майда жұмсақ жел ессе,
Желпілдейді туырлық,
Сықырлайды ырғалып,
Керегелер буылдық.

Керегемен тербеліп,
Желбірейді қызыл ту,
Үй іші толған жалба жең,
Кейі күбір, кейі шу.

Газет, журнал жайылған,
Үймелеген оқушы...
Жалықпашы, қарағым,
Оқушы, інім, оқышы!..

Қызылбұрыш қызарып,
Үй ішіне өң берсе,
Сен сықылды сәбиді,
Жігіттерге теңгерсе,—

Гүлдене түспек сонда өмір,
Соған ұмтыл, қарағым!
Бұл бұрышта ержетсең,
Жаныма ертіп аламын.

Менің бауырым мың-мың сан,
Бірақ көбі қараңғы,
Кеудеге сана құймаққа
Жұмсап жүрмін қаламды.

Ленин бабаң бастаған
Келешектер сенікі.
Тез адам бол, қарақтар,
Сендер әлем сән-көркі!..

1926

ШОҚПЫТТЫҢ ШАРУАСЫ

1905 жылы

Шоқпыттың күні нашар болды,
Бар малы бір қашар болды,
Жазғы үйі дауылға құлап,
Қыс қорасы осал болды.

Балалары өте жас болды,
Қатыны аздап есуас болды.
Үйі толған қызыл аяқ балаға
Жалықса да өзі бас болды.

Тамағын «баю»— ісіре берді,
Шөпте бір қолын кісіге берді.
Малының басы құрала бастаса
Не пәле келіп өшіге берді.

Қашарға мал қосылмады,
Раматтан[1] көзі ашылмады.
Жылда үш сом рамат келіп,
Торпақты алып, мал асырмады.

1910 жылы

Қашардың белі бүкір болды,
Мүйізі сынып тұқыл болды.
Жаздай қақтап сауғандықтан
Ала қыстай қотыр болды.

Шөп таусылып, болып қалды,
Көтерем «бақыт» қонып қалды.
Біраз күн күтіп әуре болды,
Бірақ сиыр өліп қалды.

---

[1] Патша үкіметінің алым-салығы.

1914 жылы

Шоқпытта бір де мал жоқ,
Тататұғын дәм жоқ,
Балаларының алды ержетсе де,
Сүйектерінде нәр жоқ.

Қартайғанда Шоқпыт кісіге тұрды,
Қатыны ас пісіре тұрды.
Екі баласы қозы бағуға,
Біреуі құлынды суға түсіре тұрды.

Бір қызы байдың бесігін тербетті.
Екі ұлы ержетті, бетімен кетті!
Өзге жаны күндіз-түні дамыл жоқ,
Тұрған байдың көп ісін дендетті.
«Сондағы ақылары не?! де:
Бір-бір ақ бөзден жейде,
Бір қозылы қой, бір торпақ,
Бір қап құрт бар олардан өңге.
Ауылнайда ұят, ар жоқ,
Шоқпытта адал мал жоқ:
Торпағын тағы раматқа алды,
Қолын қағар жан жоқ.

1916 жылы

Бір жылқының құнаны болды,
Бір ешкі, екі лағы болды.
Өзіне бөлек күрке салып,
Өзінше тұрағы болды.

Жаз жетті — Июнь[1] жарлығы шықты,
Заманның ең тарлығы шықты,
Байлар да шығынданды,
Кедейдің тандыры шықты.

Шоқпыттың үлкен ұлы жиырмада еді,
Көзін ашқаны биыл ғана еді,
Солдатқа жасы дәл келді,
Жаңада үй боп жиылған еді.

[1] Қазақтан майданға жігіт алу туралы патшаның жарлығы.

Байдың «19-ы» «45-те» болды,
Кедейдің «40-тағысы» «25-те» болды,
Кедейдің көбі жанжал салып,
Біразының кегі іште болды.

Болыстың пышағы құйрықта болды,
Қымс етсе аузы «бұйрықта» болды,
Ауылнай, болыс жонын көрсетіп,
Біраз малды жиып та болды.

«Баланды қалдырам» деп, құнанын алды,
«Сойып жейін» деп, лағын алды,
Шоқпыт бәрін бере берді,
Ең аяғы сеңсең тымағын алды.

1918 жылы

17-жылы Олжабайға жалданды,
18-жылы Мырзабайға жалданды.
Мырзабайға қыстай тұрып,
Бір тиын ақы ала алмады.

Бір тойда ақысы кеңес болды,
«Аламын», «бермеймін»— ерегіс болды,
Шоқпытты Мырзабай ұрып тастап,
Недәуір төбелес болды.

Мырзабай болысқа шапты,
Акт жасатып, одан да алысқа шапты.
Колчактың қырыпсалдарына,
Жылады, мұңын шақты!

«Шоқпыт деген большевик бар» деді,
«Іздегені жанжал» деді.
«Талаймын» деп дікеңдей берді,
Сөзі ылғи «байлар» деді.

Жанына үш солдат алды,
Жайға емес, жалдап алды,
Бір ат, бір алтын сағат берді,
Атты топтан таңдап алды.

Шоқпытты солдат қамшылады,
Арқадан қан тамшылады.

«30-ды» жеп түрегелді-ау,
Деген кезде жан шығады!

Байларға күн қаран болды,
Большевиктік заман болды,
Бірақ қайласын білгендер
Одан-бұдан аман болды.

Шоқпытта адал қара жоқ,
Байғұста бірақ, «сана» жоқ,
Тым көңілшек, сөзге ергіш,
Сақтар кегі және жоқ.

Бір күні Мырзабай келді,
Біраз мал әкеп берді.
«Бұл не?» деді Шоқпыт,
Мырзабай «үндеме» деді.

«Қазына деген пәле шықты,
«Рызбеске»[1] деген кәде шықты.
Большевик мал қояр емес,
Бәрі дағы малын тықты...»

Шоқпыттың... шелектей болды,
Аузы көнектей болды,
Мырзабайдың жалынғанына,
Қуанып желөкпе болды.

Бір күні агент келді,
Малды сұрап, танып келді,
Малды қазынаға алуға,
Қолына қағаз алып келді.

Мал қазынаға ілекті,
«Еңбек» далаға кетті,
Байға құйыршық деп,
Сорлы жазаға ілекті.

1921 жылы

Шоқпыттың күні қаран болды,
Тататын дәм «арам» болды.

[1] «Разверстка» дегені.

Жалғыз қашардың қорек қылғаны,
Шіріген ескі сабан болды.

Қашар аштан өліп қалды,
Ауызы кеуіп қалды.
Олжабайға тағы жалданды,
Үйіші еріп барды.

Сегіз жан тамаққа жәй жүрді,
«Жазмыс» деп бой сұнды,
Алтын балаларын астан қағып,
Үш баласы ісіп өлді.

1923 жылы

Қоғамнан сиыр алды,
Кооперациядан бұйым алды,
Қарыз серіктерінен сепаратор алуға,
Жетпіс сом сексен тиын алды.

Қазынадан он төрт пұт бидай алды,
Екі десятина егін салды.
Күз орып, соққанында,
Бидай жүз алпыс пұтқа барды.

Борышын түгел өтеді,
Жиырма пұт бидай ішуге жетеді,
Шоқпыт мұртынан күлді,
Қалғанын не етеді?

Төрт ұрғашы торпақ алды,
Қалғанын атқа салды:
Тамағы тоқ, көйлек көк,
Алдағы жазға тың барды.

1926 жылы

Шоқпыттың сиыры үшеу болды,
Қозылы қой бесеу болды,
Екі пар құнан өгіз,
Ешкілері әлденешеу болды...

Қыстан өте тоқ шықты,
Уайым-қайғы жоқ шықты,

Тұқымын даярлап алдағы жылға,
Бес десятина салам деп шықты.

Өткен күнге қарғыс айтты.
Заманына алғыс айтты,
Алдағы күннен үлкен үмітті,
НЭП[1] Шоқпытты солай «байытты».

Жалынғаны күші болды,
Баққаны адал ісі болды,
Барлық ұйымға мүше болып,
Шоқпыт қатарлы кісі болды.

[1] **Жаңа** үнем саясаты.

СӘБИДІҢ ӨЛІМІНЕ[1]

Дейтін де «бала адамның бауыр еті»,
Бауырымның жарылғандай болып өті,
Барады өртеніп іш!.. Неткен жара!..
Жазуға келер кімнің құдіреті?!

Атасам «Арыстаным, құлыным!» деп,
Сыздайды суырғандай жұлыным кеп!..
Тартылып баратқанда көз жанары,
Адам емес, аң болып ұлыдым кеп?..

Қарасам, жасты көзбен ұсқынына,
Әкесін аяуы ма, «мысқылы» ма? —
Кеудеден жан ұшарда езу тартты,
Қуаты жетпей жатып ышқынуға!..

Мен неге тірі отырмын болып бейбақ?!.
Қайғының теңізіне кеттім бойлап...
Жансыз боп сәби дене созылғанда
Бетінде қала берді-ау қаны ойнап!..

Көмгенде сол қан тұрды кескінінде!..
«Жаны бар ма?!» «Іңгәсін» естідім
бе?!»—
Дегендей сезім тулап, жас қабірді
Құшақтай жата қалдым өксідім де.

1926

---

[1] Алғашқы әйелім Рахима Қощығұл қызынан туған Арыстан, 1926 жылдың 12 май күні қызылшадан қайтыс болды.

ОҢ САПАРҒА

(М...ға)

Өмірдің білмейтұғын балын, тұзын,
Талдырмаш орта бойлы, шашы ұзын,
Бұралған талшыбықтай еркек-шора
Мұсайттың сәби мінез бір жас қызын,—

Сендім де айтысқан сөз, алған қолға,
Бірлесіп сапар шектім жырақ жолға,
Ұядан ұша сала дірілдейді,
Дегендей, «бұл сапарым теріс пе, оң ба?»

Менімше, бұл оң сапар, оған куә,—
Азбаған ар-ұятым өзім туа.
Сан рет опасызды қарғағанмын
Мақалмен деп, «жолыңа бітсін жуа!»

Адаммен жаным қас та түсін сүйген,
Жаным дос та адаммен ішін сүйген,
Таныған сүйегімді бұл жас жанды,
Жалған емес жүрекпен шын сүйгем.

Себеп бар әрбір түрлі көріністе,
Бұл қызды бір дос алғаш түсірді еске.
Арада дәнекер боп тағы да ол,
Оңаша жолықтырды бір күн кешке.

Жаз күні жапырақты орман іші...
Келеді маған беттеп екі кісі,
Біреуін тани кеттім... енді бірі
Талдырмаш жас қыз екен... құп-қу түсі!..

Таныстың беті-көзі күлімдеп тұр...
Жас қыздың тұлабойы дірілдеп тұр.
Қолын алсам қызуы оттан ыстық,
Ұялшақ көз «апыр-ау, бұл кім?»— деп тұр.

Қыз ұнап, бойым еріп бара жатыр...
Еркекте «иман» жоқ қой, «діні» батыл,
Тосаңсып алғаш мен де тұрғанменен,
Сөзімді сыпайылап айттым ақыр.

Лып ете қалды сонда қыздың беті,
Лаулаған жалын болып кетті еті...
«Ағатай, ойланайын» деген сөзге,
Көп тұрып, әрең жетті құдіреті.

Мен оған «қарындасым, болсын» дедім...
Тишытпай жүрегімді сол сыр менің,
Кездескен сайың оған сәті түсіп,
Орнына бәсеңдеудің өрши бердім...

Ақыры жетті қолым «жарайдыға»...
Көрген көз, бұл жыныстан талайды да,
«Ендігі жан жолдасым осы болар»—
Дей беред, кескініне қарайды да.

Көңілім осы сөзге қалды ұйып,
Алдында ар-ұяттың неке қиып,
Қосылып серт байластық, енді ешкім
Төбеден айыра алмас алтын құйып.

Жүректің айтам мұны адалымен
Айтпаймын опасыздық «амалы» мен,
Саған да уәде берем, өсіруге
Ең таза коммунистік моралімен.[1]

Арада сыр осылай ақтарылды.
Сенді де серік боп ол атқа мінді...
Пойызға экеп салған Ғаббасқа мен,
Жолдадым сәлем етіп мақтанымды:

Ағатай[2] серт сөзімді елге апар!
«Жақсы сөз, жарым ырыс»— ел қуантар.
Менің сертім осылай, сен де тіле
Болғай, деп екеуіне бұл оң сапар!»
1926

---

[1] Мораль — мінез-құлық.
[2] Немере ағам — Мұстафин.

ЖАС ҚАЙРАТ

(Комсомолдар съезіне)

Жас қайрат күндей қайнап, гүлдей жайнап,
Құлындай емін-еркін далада ойнап,
Қолға түскен шынжырлы бұғалықты,
Дырылдатып, сүйретіп кетті бойлап.

Жас қайрат күндей қайнап, гүлдей жайнап,
Күресті қан майданда белді байлап.
Тоттанған өмірдің бар доңғалағын
Зырылдатып, жүгіртіп қойды майлап.

Жас қайрат күндей қайнап, гүлдей жайнап,
«Жауым сен, мұнда кел!» деп шықты айғайлап
Тапшыл жас арыстанға кім шыдасын,
Дұшпаны қызыл қан боп қалды жайрап.

Жас қайрат күндей қайнап, гүлдей жайнап,
Кемірді білім тасып тісті қайрап,
Қол, тілдің екеуін де ұшқырлап ап,
Бұлбұлдай қанат қағып шықты сайрап.

Жас қайрат күндей қайнап, гүлдей жайнап,
Әлемді бұдан өзге түрге қоймақ.
Орнатып тегісшілік келешекке,
Ескінің шірігенін түгел жоймақ.

Жас қайрат күндей қайнап, гүлдей жайнап,
Қырандай алыс жолға қанат жаймақ,
Ұш, қыран, қанатың тас, жүрегің от!
Ермеген орта жолда қалсын шайлап!

СҮТ ЗАВОДЫ

Мәз-мәйрам боп, қарқ-қарқ күліп қатындар,
Шуласады: «Жылдамырақ тартыңдар!»
Күр-күр етіп зырылдайды доңғалақ,
Күлімдейді өңкей «нашар-пақырлар».

Талай шелек лық толып тұр мөлтілдеп,
Желге ұшады көбіктері желпілдеп,
Сепаратор шелегіне құйған сүт
Шұп-шұқыр боп ағып жатыр бүлкілдеп.

Сар-сар етіп сүт бір жақтан ағады,
Бір тесіктен жылжып қаймақ тамады.
Қуанысып жас балалар маңайда,
Қызық көріп сүт көбігін жалады.

Кешке таман келсе Шоқпыт даладан,
Шайды жасап қойған екен манадан,
Буы шығып, жып-жылы боп, май сасып,
Ыдыста тұр турап қойған таба нан.

Екі езуден аппақ майды ағызып,
Дастарқанға тамшылатып тамызып,
Қарын тойып Шоқпыт жатыр шынтақтап,
Жүрегінің қызылдағы жазылып.

— Қатын!— деді Шоқпыт түртіп Ақықты,—
Алдаберген майды неден сатыпты?
— Екі пұтты отыз сомға беріпті,
Өзі дағы пайдаға әбден батыпты.

Қарқ-қарқ күліп, Шоқпыт тартып мұрнын,
Шөппен сүртіп етігінің жұлығын:
«Машинадан көрген пайда аз емес,
Биылғы жыл жаман емес ырымым...»

Сүт заводы кедейлерге пайдалы,
Бір сиырдың алты ай жазғы қаймағы
Кедейлердің жетпегенін түгелдеп,
Сататұғын семіз қылып бойдағы.

Сүт заводы — шаруаның бұлдысы,
Қысы-жазы басын жоймас құндысы,
Талай завод әлі-дағы орнамақ,
Бұл сүт завод ауылдағы жыл құсы.

1926

БИЫЛҒЫ ЕГІН

Сұлудай белі бұралып,
Толықсып, толық сыланып,
Даланы жауып егін тұр
Еңбектен өскен алтындар,
Қып-қызыл бидай жалқындар...
Қанша байлық тегін тұр.
Даланың көркі егістік,
Егістік егіп келістік,
Деп шаруа күледі!
Биылғы шығым орасан,
Қанша байлық санасаң,
Тотыдай дала түледі.
Шөп машина сарылдап,
Шаруалар жапырлап,
Күн ашығын сұрайды.
Егінді орақ құлайды,
Асаудай егін тулайды,
Тулайды да құлайды.
Дала толған шөмеле,
Қонған құт па немене?!.
Не деген көп, апыр-ай!..
Шоқпыт күліп ақырын,
Түртіп қалып қатынын:
«Ашылды-ау көзің, бақыр-ай!»
Дейді де айыр алады.
Айырлап келіп салады,
«Қотыр көктің» бағы бар.
Биылғы жылы семірттім,
Құр аттай қылып елірттім,
Ашылды көзің жануар».
Не дерін Шоқпыт білмейді,
Мұртынан күліп жүр дейді.
Жуырда соқпақ астығын.
Артығын сатып қалаға,
Қыстай шықпай далаға,
Шынтақтап жатпақ жастығын.

1926

«МАДАМА»

«Қазақта әйел күң» дейміз,
«Күндікте әлі жүр» дейміз.
«Кіналі оған ескі әдет»,
Ескі әдетті тілдейміз.
Бастаушы аз, жұмыс көп,
«Баста» деп жұртты үндейміз.
«Кісі жоқ» деп үнемі,
Жылаймыз, неге күлмейміз?
Жеңгейдің аты «Мадама»
«Мадама» демей бола ма?
Дәл «мадама» пішіні,
Бүлкілдетіп бөксесін,
Тықылдатып өкшесін,
Қаратады кісіні.
Алтын жүзік жалтылдап,
Маржаны оттай жарқылдап,
Мас қылады жеңгейді.
Шым жібекке бөленіп,
Жаны жайлы кенеліп,
Міндетін жеңгей көрмейді.
Аққудай төсі керіліп,
Басуға аяқ ерініп,
Күндіз үйден шықпайды.
Кеш болса кино, театр:
«Жұмысты бүгін қоя тұр».
Ағай көңілін жықпайды.
Опалап бетін ағартқан,
Ерніне қызыл жалатқан,
Сыланған тоты сықылды.
«Мадама» ма, жеңгей ме?
Көзі құрғыр сенбей ме,
Емес еді ол түрлі.
Ағайда бір тыныс жоқ,
Жеңгейде түк жұмыс жоқ,
Ойын-сауық бақ қаны.

Опа, бояу, жібекке,
(Не деген жеңгей желөкпе!)
Ағайдың бар тапқаны,—
Кетеді де тұрады.
Жеңгейді ағай сылады,
Жеңгейде басқа тілек жоқ.
«Мадама» ма, жеңгей ме?
«Мадама», көзің көрмей ме?
Бірақ деуге жүрек жоқ.
Ел әйелі қараңғы,
Өсір деп оған санаңды,
Қақсаймыз да жүреміз.
Саналысы көп емес,
Бұлай қою еп емес,
Оны да жақсы білеміз.
Көзі ашық жеңгей бастаса,
Жалқаулықты тастаса,
Берер еді көп көмек.
Барлық жеңгей іс істе,
Қараңғыны кісі етсе;
Әйелге басшы сол дер ек.
Олай болса «мадама»,
Бұлай жүріп бола ма?
Шолжыңдықты жойыңыз.
Күңдікте жүрсе жынысың,
Салдығың сенің құрысын,
Жұмысқа мойын қойыңыз.
Ағай, сіз де ойлаңыз,
Тым ерке ғып қоймаңыз,
Жеңгейді іске жегіңіз!
Тым «періште» етпеңіз,
Тым пенде боп кетпеңіз,
Ретсіз ісін сөгіңіз.
Біздің тұрмыс қоғам ғой,
Біреу ол, біреу бұған ғой,
Жеңгей де соған қатыссын.
Білгенін жұртқа үйретіп,
Өз жүгін өзі сүйретіп,
О да іске жатықсын.

1926

ҚЫСҚЫ КІРЕШІ

Аппақ мидай кең дала,
Ирек, күртік айдала,
Сырғанайды бұрқасын.
Біріне-бірі жалғасқан,
Төбе-төбе қар басқан,
Ағаштың жел жақ қырқасын
Қылқиған құрай қылтанын,
Жайқалған ағаш бұтағын,
Ағарған қырау басып тұр.
Күннің көзі қылтыңдап,
Қар ұшқыны жылтыңдап,
Көктен күміс шашып тұр.
Керілген кең далада,
Қисайып жатыр шанада,
Кірешілер келеді.
Мұрыннан буы бұрқырап,
Үстінде қырау жылтылдап,
Аттар борт-борт желеді.
Кей жерде тақтай даңғыл жол,
Кей жерде дөң, кей жерде өр,
Ала-құла жол үсті.
Селкілдетіп доғасын,
Сықырлатып шанасын,
Салады ат бар күшті.
Аязға бетін жалатып,
Арқасын желге қаратып,
Кіреші әнге басады.
Біразы жолда алысып,
Шанамен қатар барысып,
Уыстап қарды шашады.
Екі қолын қусырып,
Жағасынан бу шығып
Шоқпыт-ақ отыр шанада.
Артылған үйде астығын,
Қапшыққа тиеп бастырып,
Әкеле жатыр қалаға.

1926

МӘҢГІЛІК ҰЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ

Бізге елдің еңбекші табы қымбат,
Бостандыққа бет алған жағы қымбат,
Екіталай жерлерде көзге ұшырап,
Жол тапқан ер сымбатты жаны қымбат.

От жүрек, бізге таптың ері қымбат,
Ердің тап деп ант еткен кегі қымбат,
Бізге қымбат еңбектің иелері,
Сол иенің таянған белі қымбат.

Ер асқан, бізге жердің қыры қымбат,
Ердің тап деп жырлаған жыры қымбат,
Еңбекші елдің жоқшысы адал туған,
Тар күнде тұлға болған ұлы қымбат.

Әсіресе тартыс күн туған кезде,
Өзінше әр тап мақсат қуған кезде,
Жер қорқақ боп «білгіштің» көбі бұқпақ,
Ер боп туған от жүрек ұлдан өзге.

Ленин!— Ол ер, адал ұл, ол кемеңгер,
Ұл емес, оны айтқанда, ұл дегендер,
Кешегі зор мандайда айқын көрді,
«Өңшең сорлы, ұлы жоқ, құл!» дегендер.

Ленин кім? Зарыққанда көрінген ұл,
Көңілі көп ісіне бөлінген ұл.
Қан майданда күреске талмай түсіп,
Тап ісіне барымен берілген ұл.

Ол майданда белінен кешіп қанды,
Маңдайдан тер ағызып, қинап жанды,
Тар күнде еңбекшінің көшін бастап,
Шам ұстап көш тізгінін қолына алды.

Жолшыбай, «арба сынып, өгіз өлді»,
Жер қан сасып, зорға алды ішке демді,

Қаңғыртпай, жарға жықпай, жаудан бұқпай
Таңына Октябрьдің алып келді.

Октябрь!
— Ол тарихтың ұлы беті,
Капиталдың таласып келген шеті,
Жарқабақтан төңкеріс толқыны ұрып,
Шалп ете түсті суға сасық еті.

Октябрь!
— Жаңа дүние есігі ол,
Еңбекшінің мәңгілік бесігі ол.
Мәуесі салбыраған гүлді бақша,
Мәңгі азық таусылмас несібі ол.

Октябрь!
— Жер жүзінің шырағы ол,
Тап күресте қолға алар құралы ол.
Адамзаттың көксеген келешегі,
Тап бітсе, мәңгілік жаз — тұрағы ол.

Октябрь!
— Жылы жүзді жазымыз ол,
Әкім ғып табынатын қазымыз[1] ол.
Жүректегі қолқамыз, жұлынымыз,
Тіршілік ететұғын жанымыз ол.

Октябрь!
— Батпайтұғын күн анамыз,
Анадай оны еркін еме аламыз,
Күн сөнбесе, адаспақ емес жолдан,
Тура тартып, мақсатты таба аламыз.

Октябрь!
— Коммунизм босағасы!
Ленин — коммунизмнің қосағасы[2],
Күн сөнгенше Лениннің аты өлмейді,
Дәріптейді миллион еңбек жасы.

---

[1] Әділ әміршім мағнасында.
[2] Жолбасшы деген мағнада.

Құл болған алпауытқа қара шекпен[1]
Тоқымдай жерге тырнап егін еккен,
Егінін егіп, орып, жинап, соғып,
Алпауыт сарайына барып төккен;

Жандарм төрелерден жеген қамшы,
Дірдектеп арқадан қан аққан тамшы,
Сол тұрмыстан теңдікке алып келген,
Ленинді, қане, оларға ұмытқыза алшы!

Қорлықты тастағанда одан арғы,
Көз көрді тоғызыншы январьды,
Патшадан жәрдем күткен жұмыскерді,
«Жәрдемші» зеңбірекпен отап салды.

Ленаның жұмыскері қырғын тапты,
Көпіршіп төгілген қан судай ақты;
Тағы да мыңдаған қол жаралы боп,
Ыңырсып, қанға батып шулап жатты.

Сол қаны кеппей жатып, бастап Ленин,
Сілтеді «анау ғой, деп барар жерің!»
Тар күнде көшін бастап, көсем болған,
Тіріде ұмытар ма ондай ерін.

Бұрынғы Россияның оң мен солы,
Күнбатыс, күншығысы, ойы, жоны,
Көрсеткен көзіне әкеп теңдік таңын,
Жер тозып, күн сөнгенше ұмытар ма оны.

Мынау қазақ, өзбек, анау қалмақ,
Мәздем, еврей, жер жүзін өтті шарлап,
Башқұрт, татар, түркіпен, мари, шуваш —
Бәрін де патша үкіметі қойған қарғап.

Құлдықтың екі шеті — Қытай, Қырым,
Солтүстік ел теңдіктен көрді ме, ырым?
Түйедей жетекке еріп, тарта берді,
Мұрыны неше жерден болып жырым.

Қазіргі бәрі азат, бәрі еркін,
Көз ашып, алшысынан киді бөркін.

---

[1] Бұрын «крестьян» мағынасында қолданылған сөз.

Еңбегін көп жыл еткен ұмытар ма,
Лениннің көрмесе де кескін-кейпін.

Көксау боп өмірінде өткен кеуде,
Капитал қанды аяқпен тепкен кеуде,
Қысылып, демін ішке зорға алып,
Ісініп, сұрғылттанып кепкен кеуде,

Жүректен қан сорғалап аққан кеуде,
Ыңырсып, жәрдем көрмей жатқан кеуде,
Неше жыл өліп-өшіп, арып-талып,
Октябрь таңын зорға тапқан кеуде.

Сол кеуде ұмытар ма, Ленин ерді,
Дәріні жарасына Ленин берді,
Лениннің атын айтса, көңіл өсіп,
Басына көтермей ме, шулап жерді.

Миллион сан балапандар, жас ұландар,
Бақытты ұяда өскен — жас қырандар,
«Лениннің өсиетін орындаймыз,
Жер жүзін гүлдетеміз!» деп ұрандар!

Еңбекші әйел тобы көрген күндік,
Ленинді, үн қосады, деп «біз білдік!»
Көрсеткен көзіне әкеп теңдік таңын,
Ұстар ма тірі күнде жолын кір ғып.

Қуарып капиталдың қашып түсі,
Ашытып у жұтқандай болып іші,
Лениннің атын айтса, құты кетіп,
Таусылмақ күннен-күнге кеміп күші.

Жер жүзі қанға әлі талай батпақ,
Буржуйлар қанды оғын сайлап атпақ,
Сондай ұлы күресте еңбекші тап,
Лениннің жарқыратып шамын жақпақ.

Сол шамды қолына ұстап сәулесімен
Адаспай жүрген жолдан тура тартпақ,
Атаған сайын әр кез Ленин атын,
Бойында еңбекшінің күші артпақ.

Табаны тайғанақтар тая бермек,
Баспана қылмақ ылғи саяны өрлеп,
Бірақ тап қажымайды, жалықпайды,
Күн санап құлашын кең жая бермек.

Ленин өлді, аты оның қалды мәңгі,
Өзі өлді, бірақ салған жолы қалды,
Сол жолмен бір бұлтармай кел жүрейік,
Жұмыскер, жалшы, малшы, қойшы,
жарлы!..

1927

ҚАРАҚАЛПАҚ

Қарақалпақ, боз топырақ, мидай дала:
Ол бір кезде өгей боп өскен бала.
Сеңсең бөрік ішінен қаны тамып,
Бастары талай жерден болған жара.

Қарақалпақ ежелден шерлі жүрек,
Талай тепкі, таяқты көрді жүрек,
Қайнаған кек жалынын бір шығармай,
Арманда талай-талай өлді жүрек.

Еңбекпен бірге туған оның елі,
Еңбекке қайнап піскен оның жері,
Сол еңбегін сүлікше сорып байлар,
Тауысып іштерінен жеген жегі.

Жалғыз-ақ түсіп оған ықыласы,
Жылауынан уатқан жер анасы,
Иреңдеп сонау аққан Амударья —
Жылағаннан жиналған көздің жасы.

Қорлықты әсіресе көрген диқан,
Тепкіге екі жақтан көнген диқан,
Оның жеген таяғын есіткенде,
Шымыр-шымыр етеді төбе құйқаң.

Қарақалпақ тұманнан тұншыққан ел,
«Дін» жарасы бойында ұшыққан ел,
Зарыққанда Октябрь жарқ ете ғап,
Көтеремнен зорға деп жыл шыққан ел.

Ол елдің еңбекшісі жинады есін,
Еңбекпен таңдандырды іргелесін,
Нақ солардай мақта егіп, мал ұстасаң,
Кім болсаң да ертең-ақ түрленесің.

Амударья төменге құлап аққан,
Төрткөлге бет алады Шымбай жақтан,
Неше мың десятина жерді шолып,
Мақтаны суарады егіп жатқан.

Машиналар орнамақ, шығыр қалып,
Суланып жер түрленбек жасылданып,
Тойынған Қарақалпақ былай тұрсын,
Мақтаға Бүкіл Одақ болмақ қарық.

Ол елдің қойларының жүні күміс,
Құлпырып гүл-гүл жайнай тұрған бүліс,
Одақта ең бірінші орын алмақ,
Қаракөл қойды өсіру деген жұмыс.

Қарақалпақ Одақтың елі болды,
Сусынын қандырарлық көлі болды.
Өзі азат, қордасы ақ алтынның,
Ол еңбектің таусылмас кені болды.

Сеңсең бөрік, ұзын жең қарақалпақ,
Етеді осы күнде шалқақ-шалқақ,
Жері азат, елі азат, кені азат,
Ол еңбектің даласы жатқан жалпақ.

1927

МҰҒАЛІМ

(Мұғалімдер мәслихатына)

«Әбжәт, аууаз, кәләман...»
Халық ішіне тараған,
Ел адасқан кезі еді.
Қанша жесе дәні жоқ,
Қасиетсіз мәні жоқ,
Нақ ботқаның өзі еді.
Бас қатып, жаттап құранын
Жұлып молда құлағын
Баланың миы су болды.
Елді «әбжәт» өсірмед,
Өсуге қайта кесір боп,
Өлтіретін у болды.
Қараңғы кедей көңліне,
Қараңғы түкпір көріне,
Білте шамдар жағылды,
Өлім күткен осалды,
Өлуге қалған нашарды,
Демеушілер табылды.
Ол демеуші мұғалім,
Молда, байлар десті «жын»,
«Шоқынды» деген ат тақты.
Сөгіс, таяқ жесе де,
«Ит, шошқасын» десе де,
Қараңғыда шам жақты.
«А», «Б» деді,
«Т» деді,
Хат тануын тіледі,
Үйретуден талмады.
Асықпай көпті береді,
Жалықпай көпті егеді,
Онсыз ел сауат ашпайды.
Басқанда елді қара түн,
Сәуле шашты мұғалім,

Аузынан нұр құйылды.
Ел көкірегін ашуға,
Бас қосып ақылдасуға,
Өңшең ұстаз жиылды.

1927

АУЫЛДЫҚ КЕҢЕСТІҢ САЙЛАУЫ

Қарашоқтың сауыры,
Әлдекеңнің ауылы
Жиылған жұртқа толып тұр.
Басқыш қылып шананы,
Қолында қағаз, қаламы,
Сөз сөйлеп біреу соғып тұр.

«Жолдастар!
Сайлау басталды,
Ескі әдеттер тасталды,
Кедейге теңдік берілді.
Бай, қуларға алданып,
Ескі жолды қолданып,
Кимеңдер ескі кебінді.
Ауылдық кеңес сайлаймыз,
Мүшеге кісі таңдаймыз,
Орташа, кедей батырақ
Мүшелікке сайлансын,
Бай, қу, молда құр қалсын,
Сайланған олар сатып ап.
Керексіз адам өтпесін,
Аулынай болып кетпесін,
Осы арасын қараңдар!
Түзейді олар ісіңді,
Ел қамын ойлар кісіңді,
Сайлаңдар да таңдаңдар!»
«Сөз бер!— деп Шоқпыт сіңбірді,—
Сағынбай бізді бүлдірді.
Сеніп оны сайлап ек.
Бар пайданы бай алды,
Кедей біткен құр қалды,
Кедейлерден болды әнтек».

Қарашұнақ күрілдеп —
«Мырзақымбет, былай кет!
Сайлауда қанша жұмысың!

Маған да салық салыңдар,
Ұялмай-ақ алыңдар,
Аулынайдың бұл ісін,—
Ұмытпаспын өлсем де,
Бұл сайлауда жеңсем бе!?
Ойнатармын таяқты!
Сайлаудан, байлар шығыңдар;
Қызылдан аулақ тұрыңдар!
Қарашы, түсін бояпты!»
Сөйледі Жамал шаңқылдап:
«Мырзажігіт жалпылдап,
Сүттен ақ боп сөйледі.
Толып жатыр айыбы,
Аулынай болып байыды,
Онысын неге көрмейді.
Законге жұртты үндейді,
Законді өзі білмейді,
Кеудесін ылғи қағады.
Біресе «аттың жалы» деп,
Біресе «кедей қамы» деп,
Күнде ақшаны алады.
Кеткенін қайда білмейсің,
Түк пайдасын көрмейсің,
Пайдасын өзі көреді.
Мырзажігіт сайланса,
Мөрді тағы қолға алса,
Кедейлер сорлап өледі!..»
Жұртта айқай көбейді:
Бетің-жүзің демейді,
Айтып жатыр айыбын.
Орынынан тұрып ду,
Өз кісісін өтінді,
Қол көтермей отырды,
Бай, молда, қажы, құлары.
Түспеді кедей айлаға,
«Пұшық» мұрын қайнаға
Бастық болды кеңеске
Ішінен тынды, амал жоқ,
Қарсыласар заман жоқ,
Байлардың кегі қалды іште.
1927

ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕЙРАМЫҢ

Тілекпен жасы көлдеген,
«Көкірегімді ем» деген,
Адамның әйел анасы ед.
Құшағына бөленген,
Ақ сүтіне кенелген,
Ананың адам баласы ед.
«Адамды» «тәңірі» қарғады,
Анасын «адам» алдады,
Ақ сүттің дәмін ұмытты,
Қасиетті анасын,
Байлық қуған «баласы»,
Қорлыққа салды, күң етті.
Ананың жасы көл болды,
Көкірегі шер болды,
Кеудесін жалын кернеді
Тілеген көктен тілекті,
Жаралы болған жүректі,
Октябрь туып, емдеді.
Әйелдің көзі ашылды,
Жеміс теңдік шашылды,
Кенелді әйел теріп жеп.
Қайта егіп тергенін,
Қайта құрып өрмегін,
«Әйел де адам» дегізбек.
«Ақылы жоқ» Бадиша,
«Жақыны жоқ» Қадиша
Бүгін елде кім деңдер?
Қызыл жұлдыз көкіректе,
Бастық боп ауылсоветке
Солар — анау жүргендер!
8-Март даңқты күн,
Сілкіндірген жер жүзін,
Әйелдің бүгін мейрамы.
Күндікке қарсы аттанған,
Қатарын түзеп сапталған.

Әйелдің бүгін майданы.
Ұран:
— Күндік жойылсын!.
Теңдікке әйел бой ұрсын,
Ерлер мен әйел тең болсын!
Еңбекші жалпы ерлермен,
Еңбекті сүйген жерлермен
Не көрсе де тең көрсін.

Еңбекші қазақ әйелі,
Құрысын күндік баяғы!
Есіңді жи, көзіңді аш!
Қолыңа қызыл туыңды ап,
Белiңді бекем буып ап,
Теңдікке қарай жай құлаш!
Сенімен ұран саламын,
Құттықтап қарсы аламын,
Құтты болсын мейрамың!
Аяқты атта, алға ұмтыл,
Алдыңда ғана күтіп тұр,
Күндей күліп жайнауың!

КЕГІҢ КЕТПЕС, БАУЫРЫМ![1]

О, тағдыр, сен төндірдің
Басыма тағы ауыр күн.
Естірттің өлімін өндірдің,
Қайғысы қатты бауырдың!..

Қанын неге торсыққа,
Қараниет құйды екен!..
Жолыққыр өмірі қырсыққа,
Көзі қалай қиды екен!..

Қайратпен қарсы алдым мен,
Қайғының бұл дауылын,
Түксиіп жауға қалдым мен,
Кегің кетпес, бауырым!

1927

[1] Ауылдық Советтің председателі боп қызмет атқарып жүрген немере ағам Ғаббас Мұстафинді 1927 жылдың апрелінің аяқ кезінде аң аулап жүрген шағында, байлардың бір құйыршығы атып өлтірді.

ЕСІҢЕ АЛЫП ЖҮРМІСІҢ

Елдегі қара шаруа,[1]
Шаруаның қамына
Бір-екі ауыз сөз айтам:
Осы сөзді мықтап ұқ,
Тіршіліктің қамын ғып,
Қапы қалма боп бейғам.

Ызғарлы, суық, қарлы қыс,
Долы боран, зарлы қыс,
Қонақ болды үш-төрт ай.
Аязға бетті жалатып,
Мұртыңа қалың мұз қатып,
Алысып жүрсін шаршамай.
Үйген шөбің қылқиды,
Сиырың арып тыртиды,
Жұтай ма деп қорқасың,
Қалмасын деп ашығып,
Сабан-сұбан тасынып,
Қаладан қоқым тартасын.
Ақшаң жоқ жүрген шылдырап,
Үйіңде ұның құлдырап,
Таусылуға айналды.
Әлдеқашан бітірдің
Ерте тауысып құтылдың,
Тайынша-торпақ сойғанды.
Өткен жылы қамданбай,
Қыс келмейтін болғандай,
Асықпадың, саспадың.
Көп қып егін екпедің,
Бір жерді түгел сеппедің,
Енді саса бастадың.
Өлгенше тамақ керек қой,
Тамаққа еңбек себеп қой,

[1] Қазіргі «шаруа» ол кезде «қара шаруа» деп жазылып жүрді.

Мұны ойламай болмайды.
Қыс пен күз, жаз ауысып,
Азықты көп күн тауысып,
Құрғақ үміт алдайды.
Туып қалды міне март,
Төбеден сұңгі тамшылап,
Келді жаздың иісі,
Енді малың шуақтап,
Сабан-сұбан жеп жатпақ,
Көбеймек енді күйісі.
Сиырларың бұзаулар,
Уызға балаң уанар,
Тоқшылық көре бастарсын.
Келеді деп енді жаз,
Жадырап жүзің болып мәз,
Киіміңді сырт тастарсың!
Оларың бірақ ұнамсыз,
Жаз өтіп, тағы тумақ күз,
Аржағында қысы бар.
Бұл күнің ертең келеді,
Тағы да көзің көреді,
Осы арасын есіңе ал.
Киіміңді шешінбе,
Аяғыңды көсілме,
Беліңді буып, түрегеп,
Арығыңды оңалған,
Біраздан бері демалған,
Қамытта да қайта жек.
Жуып қойған тазалап,
Елге тұқым тарамақ,
Қамданғандар үлеспек.
Тық-тық қағып шақшаны,
Бұрын барған ақшалы,
Тұқымды түгел түгеспек.
Барыңды қамдап сен дағы
Тиісті құнын бер дағы,
Тазалаған тұқым ал!
Сайманыңды қамдап ап,
Жетпегенін жалдап ап,
Күшіңе қарай егін сал!
Құдайдан күтпе, жерден күт,
Тырбан өзің еңбек қып,
Бүйірің сонда тояды.

Түгелденіп арманың,
Келесі қыс мал, жаның
Уайымсыз, мұңсыз болады.
Малың, жаның жеп тоймай,
Азырақ қысым болғандай,
Болды білем бұл қысың.
Алдағы күнді көп ойлап,
Жаз келеді тез қамдан,
Есіңе алып жүрмісің?

1927

ЕГІСТІК

Балталап шапқан жаңқадай,
Жөнелгендей арқалай
Жерді соқа тіледі.
Жер үсті толқып жатқандай,
Қап-қара қыртыс мақпалдай
Тілінеді, бөледі!
Доңғалақтар шиқылдап,
Соқаның тілі жылтылдап,
Бытырлайды тамырлар.
Ана жылғы Қотыркөк,
Күпшектей жұп-жұмыр боп,
Тұяғы қашай басады.
Солқылдатып бүйірін,
Бұлкілдетіп иығын,
Жаңбырдай терін шашады.
Қотыр торпақ өгіз боп,
Қыстан шыққан семіз боп,
Талтаң-талтаң басады.
Шірене тартып соқаны,
Тұяғы жерге батады,
Аузынан көбік шашады,
Қыртысқа тісі қадалып,
Қадалған жерден қан алып,
Тырнайды жерді тырмалар.
Ұсақтығы құм болып,
Үгіледі ұн болып,
Тұтасқан қыртыс жалбыр жал.
Нар түйедей қаңқиып,
Құлашын кере шалқиып,
Тұқымды Шоқпыт шашады,
Бидайлары — қызыл нарт,
Қап-қара мақпал топырақ,
Құшақтап қойнын ашады.
Күрке қылып бұтақтан,
Үстіне үйе шөп жапқан,

Шоқпыттың бұл қосы ғой.
Кедейге кесіп егістік,
Егістік деген үлкен құт,
Несібесі осы ғой.
Күн кеш, көлік ағытқан,
Күн бойы шаршап, жалыққан,
Жатыр Шоқпыт қосында.
Шоқпытты ғана ие ғып,
Бір қап бидай тиеліп,
Жатыр оның басында.
Астында от жылтылдап,
Бақырда ботқа бырқылдап,
Бүлк-бүлк етіп қайнайды.
Дастарқанда собалақ,
Сындырып, Күңшаш шайнайды.
Ернінің ұшы шошаңдап,
Сұлыны қауып асап ап,
Көпіртіп Көк жұтады.
Пысылдап мұрны дем алып,
Қайырып күйісін ыңыранып,
Қоңыр өгіз жатады.
Шоқпыттың ұлы Қарабас,
Ана жылы жалаңаш,
Болып сорлы жүдеген.
Тамаққа тоқ, көйлек көк,
Еккені егін, уайым жоқ,
Өзгеріп, қазір түлеген.
Егістік өсті тебендеп,
Келеді жасыл берен боп,
Жер құлпыра бастады.
Көлігін Шоқпыт ағытты,
Үш гектар жер салыпты,
Тұқымы одан аспады.
Тұқымды кім бергені,
Қалайша күн көргені,
Өзіне айқын Шоқпыттың.
Бүкіл қазақ халқына
Берген оны Партия...
Өшкен аты «жоқтықтың».
Түтеленген жүндей боп,
Қайнаған сумен бірдей боп,
Толқып бұлттар көшеді.
Қуанып оған момындар,

(Қуанбай қайтсін, егін бар)
«Жауса игі еді» деседі.
Көшіп бұлттар ауады,
Сіркіреп жаңбыр жауады,
Күркірейді күні де.
Сүп-сүйір болып найзадай,
Жылтылдайды найзағай,
Жол береді бұлттар тіліне.
Кемпірқосақ қосылып,
Көк жүзін орап көсіліп,
Құлпырады кілемдей.
Жауа берсе осылай,
Далаға еңбек кетпей жай,
Жер құлпырмақ берендей.

1927

МҰСЛИМА[1]

Есіңде ғой, қазақта әйел күң де,
Бәсі келсе сататын малмен бірде
Сол күңдіктің ішінен көзіңді ашып,
Съезге ермен тең болып келдің бірге.
Не айтылды съезде көрдің бәрін,
Нелер болмақ, және де не болғанын,
Кеше орыс әйелін «маржалар» деп,
«Діні басқа» дейтұғын молдаларың.
«Маржалар» кім? Оған да көзің жетті,
«Әйел азат болсын!» деп сөйлеп өтті,
Әр орыннан әйелдер сөйлеп жатыр,
Кім бұларды осынша азат етті?
Азат еткен Советтің үкіметі,
Теңелуге түзелді әйел беті,
Көпті көрдің, көп білдің, тәжрибе алдың,
Жасық болма, Мұслима, енді бекі!
Ел әйелі әлі де күндікте жүр,
Елге қайтып солардың ішіне кір,
Он бір болып келіңдер Ақмоладан
Ашылатын съезге ендігі жыл.

---

[1] Ақмола уезінен 6 съезге өкіл болып келген әйел.

МАЙ ҰРАНЫ

Май ұраны, көгерсін жер, көгерсін!
Жасыл жібек өсімдікке бөленсін.
Жұпарлы жер, жансыздарға жан беріп,
Өмір сүріп, қыбырласын, кенелсін.
Сайрасын құс, жайнасын дөң, күлсін күн,
Оттай шалқып көзді тартып шықсын гүл.
Бұлақ ақсын, бұлаң қақсын, тауларды
Сағым бөлеп, бұп-буалдыр бассын нұр.
Толқысын көл, жасыл құрақ жайқалсын.
Ақ үкісі бұлғаландап шайқалсын.
Жасыл бүліс үстін жауып ағаштың,
Жас бұтақтар бұраландап жайқалсын.
Бұзау, қозы, құлын, бота, лақтар
Салсын асыр, жаңа шыққан құрақтар.
Май асасын, бір жасасын ешкі, қой,
Сиыр, бие, түйе — аққан бұлақтар.
Еккен егін самал толқып ырғалсын,
Қара топырақ жап-жасыл боп сырлансын,
Қоңыр бұлттан маржан жаңбыр сорғалап,
Күркіреп күн, егілген жер дымдансын.
Бүрк-бүрк етіп гуілдесін заводтар,
Зырылдатсын доңғалақты алыптар,
Алтын, күміс, мыс пен жездер қазылып,
Жылтылдасын шахталарда жарықтар.
Май ұраны жердің жүзін күңірентсін,
Еңбекші тап, тап намысын үдетсін!
Дүңкілдетіп көтерсін шу, күрессін,
Жердің шарын СССР дай түлетсін!

1927

ӘНЕКЕЙ, НҰРЛЫ КҮН КӨТЕРІЛДІ[1]

Шықты ол, түні бойы безек қағып,
Жан кешіп баратқандай, өзек талып,
Кейде ышқына тынысын жиілетсе,
Кейде баяу алады тежеп барып.

Кейде беті қызарып жалын оттай,
Кейде сүп-сүр бола ғап қаны жоқтай,
Жан тамыры кей кезде аттай тулап,
Бәсең тарта қалады кейде соқпай.

Кейде қасқыр талаған құлындай боп,
Дауысы құлағыма шыңылдай кеп
Тиген кезде, миы су болған жандай
Бас айналып кетеді, дыңылдай кеп...

Дүниеге адам келу неткен азап!..
Сонша ауыр азапқа шыдау ғажап!..
Бірақ жеңге, шешелер бойы үйренген,
Кейісем-ақ етеді мені мазақ,

Оларша, бұл сырқаттың аты «ұмытшақ»,
«Келін де ұмытады, біз ұмытсақ»,—
Деп күлісіп, пісіріп «жарысқазан»[2],
Кіндіккесер жабдығын жүр дұрыстап.

«Толғағы қатты болды неге мұнша?..»—
Десең, берер жауабы: «Жас қой тұмса!..»
Қиуасыз бір жеңге әзілдейді.
«Болады толғақ қатты,— деп,— ұл боп туса»

---

[1] 1927 жылы 15 июньде ұлым — екінші Арыстан туған күні жазылды.

[2] Әйел босанардың алдында, оның қасына жиналған әйелдердің ырым ғып, пісіріп жейтін «төңкерме» атты қуырған ұн мен май араласқан тағамы.

Осылай азаппенен таң да атты.
Толғақ та безектетіп жиілатты
«Талықсығын тұмсаны «марту»[1] басар»,
Деп бір кемпір қазанды қаңғырлатты!..

Бір кемпір басты «тәңірім, қинатпаға!»,
Біреулері сиынды Бибатпаға[2],
Маған жер-көк сілкініп, сатыр-күтір
Жатқандай боп сезілді қирап дала!..

Дала кең, бірақ, онда пана жер жоқ,
Жәрдем беріп жан сақтар дәрігер жоқ!..
Қалжың ғып әйелдерден, барлық білген
Жәрдемін жасап жатыр әбігер боп...

Маңдайдан тер сорғалап ағып кетті...
Көз қарайып, жүрек те талып кетті...
Сол кезде «шүйіншілеп» дуылдаған
Көп дауыс үйдің ішін алып кетті!..

Дем берді жүрегіме осы дауыс...
«Уа, қайным, бұл ес ауу — неткен ауыс?!
Уа, шүйінші, ат ұстар!»[3]— деген кезде,
Денеге қайта оралды бойда бар күш.

Сап етті құлағыма сонда «іңгә...»
Қуанып ол дауысқа, «Мәкем тың ба?»—
Дегендей жалт қарасам, есіктен күн
Сығалап, бөлей ғапты бетін нұрға!..

Жұлдыздай жана ғапты көздері де,
Ширығып пыси ғапты сөздері де!..
«Есіңді жина, қорықпа» дейді ақырын,
Онысы хал-жайымды сезгені де.

«Қарны ақ түйенің жарылды»[4] деп,
Жеңгелер түйебас[5] қып жабылды кеп...

---

[1] Ескі ауылдың ұғымында босанған әйелге қастық істейтін «жын».
[2] Мұхаммет пайғамбардың Фатима атты қызы. Мұсылман дініндегі әйелдер қысылғанда «пірім» деп сиынатын. Қазақ әйелдері «Фатиманы Бибатпа» дейтін.
[3] Қазақтың ұл туса «ат ұстар», «қыз туса «қырық жеті» дейтін әдеті болатын.
[4] Әйел аман босанғанда қолданатын арнаулы сөз.
[5] Қуанышты адамның басын уқалап ойнау әдеті.

Оянып бүкіл ауыл «шүйіншіге!»
Жан-жақтан біздің үйге ағылды кеп.

Бәрі де «құтты болсын» айтты шулап,
Кеудеге сыймай жүрек кетті тулап!..
Ытқыған қуаныштың ыстық қаны
Жүйелеп бар тамырды кетті қулап.

Елжіреп мас боп кеттім қуанышқа,
Әрең деп көпке еріп шықтым тысқа,
«Қуаныш құтты болсын!» дегендей-ақ,
Шу ете қалды көлде барлық құс та,

Алдымнан бір самал жел есе қалды,
Бір қоңыр бұлт сіркіреп көше қалды.
Гүл аралас жайқалған жасыл шалғын
«Қуаныш ұзақ болсын!» десе қалды.

Шаттықтан білмедім не етерімді...
Не сыймен бұл құрметті өтерімді...
Әлемге қуанышты жарламақ боп,
Әнекей, нұрлы күн де көтерілді!..

1927

МӘДЕНИ МАЙДАН

Мүйізді қара жұдырық,
Тоқпақтай боп жұмылып,
Бұлкілдеген бұлшық ет
Денеде бұлт-бұлт жүгіріп
Қайнасқан болат буындар
Бұлтың-бұлтың бүгіліп
Түтін шалған отты көз
Еңбекке төніп үңіліп,
Бір жарықты көруге
Күні кеше ынтық ед.
Сол жарықты көрем деп,
От жүректе қайнап кек,
Қанды майдан ашылып,
Еңбек Ері құрып шеп,
Ойда, қырда от болып,
Жарқылдаған пулемет,
Көбігі ойнап, қан тасып
Топан болған төңерек,
Мүйізді қолда бұл кезде,
Мықты ұстаған мылтық ед.
Қанды майдан басылды,
Қара тұман ашылды,
Еңбек Ері еркін боп,
Ағын судай тасыды,
Мәдени майдан ұраны
Одаққа тегіс шашылды.
Осы ұранға еңбекші
Жұмыла түгел қосылды,
«Бұған біз де даяр!» деп.
Қуаты күшті жұдырық
Тоқпақтай болып жұмылып,
Түтін шалған отты көз
Қағазға қарап үңіліп,
Мәдени майдан дегенге
Еңбекші енді қойды бет!..

1928

БҮГІН ҚАТЫН БИЛЕДІ

Рысты бай Күңшашты
Дейтін еді «албасты»
Күңшаш онда «мәжін» ед,
«Өсекші» ауыз, «сұғанақ»,
Кір болып қара қожалақ —
Жүретұғын «әбілет».
Бейнеттің жүктеп ауырын,
Сауатұғын сауынын,
Ойнататын баласын,
Сол күндегі «албасты»
Бүгін елге жолбасшы —
Ұстатты байдың жағасын.
Себебі,
Салық, жер бөліс...
Күн санап бір өзгеріс,
Бәрі де байға кірнедей...
Кедейге үдеп өштігі,
Күнде аңсап ескіні,
Бүрісе түсті бүргедей.
Құландай азып қаңғырған,
Бақсыдай «жынын» алдырған
Жүрегі байдың инелі.
Көрген күні бекер-ді,
Кешегі «пәленшекеңді»
Бүгін «қатын» биледі.

1928

ПАЙ-ПАЙ, ШІРКІН КҮЛУІН

Сіркеге толып тұлымы
Қырық жамау боп жұлығы,
Жалтыраған башпайы,
«Ірің ді көз, боқ мұрын»,
«Ел жеркенген жексұрын» —
Еді мынау Батсайы.
Жырым етек түйіліп,
Қарақұрым киініп,
Дамыл көрмей атса таң
Былш-былш соғып тезекті,
Жұмыс қып аш өзекте
Көрмейтін тыйыш шыбын жан.
Жіп есу, құрт қайнату,
Жүн түту, бала ойнату
Еді оның кәсібі.
Өмірі өтіп күңдікте,
Қолы жетпей теңдікке,
Жүргені кісі есігі,—
Сол Батсайы бұл күнде,
Қараңдаршы, не түрде?
Әне, қара күлуін!
Қызыл көйлек қызарып,
Бәйбішені ыза ғып,
Шалқаң-шалқаң жүруін!..
Сіркелі шаш өріліп,
Жібектей боп көрініп,
Жалтырауын күмістей!..
Сүзілген көзі жанданып,
Сұп-сұр беті қанданып,
Құбылуын бүлістей!..
Суыққа беті нұрланып,
Бүрсеңдемей буланып,
Қызара бөртіп терлеуін!..
«Есі жоқ, жынды есалаң»,
«Битті күң, шайтан, перістан»—

Гүлдей жайнап жануын!..
«Ақылы жоқ ақымақ»,
«Мисыз, ойсыз, сөзге олақ»
Ақыл да, сөз де даруын!..
Алшаң басып аяқты,
Ашып тастап қабақты,
Қолына ту ұстауын!..
Өзі жетіп болғандай,
Ел тізгінін алғандай,
Басқаға жол нұсқауын!..
Таңданатын түгі жоқ,
Көп азаттың бірі боп,
Шынында ол жетілді.
Жеткізген оны Октябрь,
Октябрь оған жазбен бір,
Ызғарлы күнін кетірді.
Ұлы тойда он жылдық,
Батсайы жүр сайран ғып,
Қарашы, ту тігуін!..
Жетілгенін білдіріп,
Өңіне күндей нұр кіріп,
Пай-пай-пай, шіркін күлуін!!.

1928

ҚЫРАН ҚҰС

(Он жасаған Октябрь)

Темір боп піскен тұрмысқа,
Еңбек деген бір құста
Болды болат жұмыртқа.
Қауызы қатып аязда,
Туа салды бір сазға,
Күндіз емес, ымыртта.
Анасы еңбек алып құс,
Қажымас қайрат, еркін күш
Жұмыртқаны шайқады.
Басқан қара тұманды,
Шаққысы келген жыланды
Маңайлатпай жайпады.
Отқа төккен тұздай боп,
Сытырлап сынған мұздай боп
Жарылды бір күн қабығы.
Қанаты қызыл бүлістей,
Болат тұяқ күмістей
Шықты құстың алыбы.
Сүйір тұмсық оқтай боп,
Екі көзі оттай боп,
Жас балапан шаңқ етті.
Көргендей бір керемет,
Тұнған аспан қарақөк,
Жаңғырығып саңқ етті.
Сілкініп қалды дүние,
«Дүниеге мен ие!..
Мен ие!..»— деді жас алып.
Мойнына түсті ауыр сын.
Көгілдір жас қауырсын...
Ұша алмай маталып.
Ұшу болып құмары,
Далп-далп етті, құлады,
Балапан қыран бөгелді.

Арамдыққа асыққан,
Қаскүнем өңшең пасықтар
Қанатын жұлып кенелді.
Қайратты, қайсар жас қыран,
Болса да жауы мың-мың сан,
Жасқанбады, бұқпады.
Жас қанатын жұлса да
Қастығын білген қылса да,
Ешбірінен ықпады.
Күндерді күн қуалап,
Шөлде өскен «дуадақ»
Ержетті, қатты қанаты.
Күн санап күші молығып,
Тастарға талай соғылып,
Шыныкты тұяқ болаты.
Жерді жалғыз тепті де,
Жер қозғалтып екпіні
Шықты шырқап қияға.
Қанаты кең жайылып,
Бұлтты да қақ айырып
Көрсетті күнді дүниеге.
Құтсыз жерді кен қылды,
Шөлді жерді сел қылды,
Тақыр қылды теңізді.
Талайды алған әміріне
Бір кездегі «тәңіріге»
«Тәңрім сенсін!»— дегізді.
Шаңқ-шаңқ етті, шаңқ етті,
Жер де, көк те саңқ етті,
Дүниені үн биледі,
Досының ойын сергітіп,
Үрей боп дұшпан кер кетіп,
Аямай оны түйреді.
Осы ұшқан қыран құс,
Осы еркін алып күш,
Міне, онда аттады.
Соңына ерді «сорлылар»,
(Ертетұғын орны бар)
Мың миллион боп қаптады.
Қызыл бүліс қызарып,
Қысқа болат ұзарып,
Алып қыран есейді.
Мамығы қияқ алмас боп,

Көк қауырсын көк тас боп,
Миллион есе күшейді.
Жерді орады құшағы,
Жеріңді топ қып ұшады,
Тұяғымен бүріп ап.
Кішкене ғана ілікпей,
Айқасып еркін кіріқпей
Саласы тұр жақындап.
Бір рет қақса қанатын,
Бір сермесе болатын,
Дегені тұр болғалы.
Қанатын қайда сермесе,
Қай биікке өрлесе,
Сонда бақыт орнады.

1928

ҚАЗАҚСТАН[1]

Қазақстан, біздің сан[2], Казстан,—
Қалма екпінді социалдық жарыстан.
Іші шер боп,
Көзі көр боп,
Жермен тең боп
Қалсын ұлып, айнала үрген көп дұшпан!

Гуле, гудок, жер сілкінтсін, айқайың
Кетсін өрлеп Қазақстан өр, сайын.
Лек-лек топ көп,
Мың-мың-мың боп,
Жұмыскер көп,
Тасқын судай тасып жатсын маңайың.

Гуле, гудок, өлік дала тірілсін!
Қатты айқайла, саңырау құлақ түрілсін!
«Баю» алдап,
Жанын жалдап
Жүрген батырақ
Социалдық өндіріске жұмылсын.

Жайна солдат, социалдық өндіріс!
Өнсін еңбек, өссін еңбек, өссін іс!
Тап болғасын,
Жік болмасын,
Тау қозғалсын:
Һәуп, жұмыскер, бәрің тегіс жұмса күш!

Гуле, гудок, жылт-жылт жалын
шашылсын!
Гуле, гудок, бұрқ-бұрқ түтін атылсын!

---

[1] Қарсақпай заводының аты. 1929 жылдың жазында сол заводқа барып, бірінші рет көргенде жазылды.

[2] Отан мағнасында. С. М.

Орғып тулап,
Будақ-будақ,
Кетті қулап
Басқа завод түтініне қосылсын!

Бірақ түтін,— капиталдың сасығы,
Аз-ақ уақыт оның көкті басуы.
Бізге шамдай
Көпке бармай,
Ой, қыр қалмай
Электрмен бұлдыр көзін ашуы.

Ұсақтағыш[1] бас азуды қарш-қарш-қарш,
Ұн боп кетсін кесек көкшіл мұздай тас.
Бүлк-бүлк биле,
Жоғарғы үйге
Тасты сүйре,
Тез, жылдам бас, станоктар шагом-арш!

Күні кеше Қазақстан отар да.
Отаршылар әзірленген жұтарға.
Тарғыл сүлік,
Көзін жұмып,
Түсі күліп
Жылмаңдаған, қанды қылқ-қылқ жұтарға

Бек, би, молда, бай-төреге орын кең,
Отаршылар бұл бесеуін көрген тең.
Іштен, сырттан,
Кезек жұтқан,
Дымын құртқан,
Екі обырға еңбекшілдер болған жем.

Октябрьмен көзін ашты еңбекші,
Рақатын өзі ғана көрмекші.
Жұмсап күшін,
Істер үшін
Анық-шын
Еңбекшілер өндіріске келмекші.

[1] Дробилка.

Енді олар сатылмайды саумалға,
Көнбек емес, бай, молдаға алдауға.
Пролетариат
Ардақты ат,
Еңбекші тап
Ар көреді ардақты атты алмауға.

Көзде магнит, арам заттар кетпесін,
Көзіңді алдап кенге аралас өтпесін.
Тапса түйін,
Арам бұйым
Деуің қиын,
Дегізбес сұм бір сіңісіп кеткесін.

Тас ұн болсын, тез айнал, тез, диірмен,
Ұсақтап үк, қалмасын бір түйір кен.
Сарылда, су,
Тезірек жу
Тез кептір, бу,—
Жесе тоймас алып пешке керек жем.

Мың градус ол алыптың қызуы,
Темірдей тас шыжықтай боп шыжуы,
Сол қызудан,
Тез қызулан!
Сол қызудан
Тасқын су боп насосты өрлей жүзуі.

Қатты ішке тарт жас алыбым деміңді.
Ұртты кере аса тынбай жеміңді.
Мың қол болып,
Саған толық
Тамақ беріп
Өзегіңді талдырмауға сенімді.

Демің жалын, сусының от, жемің тас,
Алған сайын мың градус жалын шаш.
Құй қызыл қыш —
Қып-қызыл мыс,
Даяр ыдыс...
Екпініңе, қайратыңа ием бас!

Демді жиі ал, күрсілдесін көрігің,
Же көмірді, қансын әбден жерігің.

Жемді же де,
Ұртты кере,
Үрле кәне,
Тас үдетсін мыс боп балқып еруін.

Қызыл мысым, тынбай саулап сорғала!
Айдаһардай ирелеңдеп жорғала!
Жатқан төгіп
Мыстан көбік,
Дөңгеленіп
Қалыпқа кел, сылқ-сылқ күліп ойна да!

Жалынменен араласқан ерлерім,
Тез күтеді мысының мол өнгенін.
Жанын қинап,
Мысын жинап,
Бермек сыйлап
Социалдық құрылысқа еңбегін.

1929

АЛТЫН ҚАЗУШЫЛАРҒА

(«Степняк» алтын өндірісін көргенде)

Емес пе алтын тамаша,
Көруге және ұстауға?
Мысалы, мысқа баласа,
Қадағы тең мысқалға.

Сондай алтын тастарға
Тығылады ұрланып,
«Ұрының» бетін ашпауға,
Тұрады тас та сұрланып.

Мекендейді ол сұр тас,
Жеті қабат жер астын.
Соны да, адам, етіп паш,
Сүңгіп барып сен аштың!..

Ұндай қылып үгіттің
Сұр тасты сыртқа суырып,
Өз түсіне түлеттің,
Алынды алтын жуылып.

Сонша еңбекпен алғаның,
Тонна тастан бір мысқал.
Біліп баға — салмағын,
Қымбатты көріп ел ұстар!..

Елмен бірге өзің де
Ол алтынға иесін.
Бейнетінен безінбе,
Тағы да тап жүйесін!

1929

АҚЫНҒА

1

Пролетар ақыны —
Әскер-солдат.
Туған халқы бақытқа тартқанда,
андап,
Қаламын қолына ала,
Бірге аттанбай
Іркіліп жолда олар,
Қалай қалмақ?
Ал, ақындар,
Қиял, ой, шешен тілді,
Кәне, жұмса,
барыңды аттан қолға ап.

2

Өлең,
Сұлу сөздерің
Табыңа азық.
Жетістік,
Қайрат,
Жоспар
Ісін жазып,
Өзің де, сылдыр сөзбен қарап қалма,
Тілге шебер,
Іске осал болма,
Нәзік.
Тіл,
Қол,
Бұлшық еттерің
Істе түгел

Қимылдасын,
Осалша қалмай қажып.
Социалистік құрылыс,—
Ұлы сарай,
Соған өз қолыңменен
Қағыс қазық.

1930

МӘДЕНИ БӘСЕКЕ

1

Культурная эстафета!
Ура!
Колхоз және совхоздар,
Өндірістер, ұйымдар —
Тура
Бетін Москваға
Қойған.
Шуға,
Айқайға, ұранға
Қызбаған Совет елінде
Жан жоқ.
Туға
Түсті қанқызыл,
«Ура, ура, уралап»
Ұмтылды жұрт.
Буға
Аспан бусанды,
Жер жаңғырды.
«Қума!
Қума, қума!»—
Деп жан айтпайды.
Сөздері:
Жарыс!
Қу! Жет! Оз!
Бәйге ал!
Тума
Совет ұлы боп,
Кейін тартып кежегең,
Артын алсаң, жарыстан!
Дуда
Бұл жұрт түгел қатнасқан,
Әркімге озу серт,
Кім озса, бәйге алар сол.

Шығуға
озып немесе
Бұғуға
Қорқып,
Осыдан
Ұғуға
Бұл жарыстан
Басқа жол жоқ,
Жолдастар!

2

Маягім —
Москва жол нұсқар!
Аяғын
Аттап капитал,
Саған қарай қорықпаса,
Басып көрсін!..
Саяғын
Фашист, банкир сықылды
Бояйын қанға!
Жаяйын
Қанатымды кеңірек,
Дүниенің жүзіне.
Аяйын
Не жанымды
Культурная эстафета
Жорығында!
Қояйын
Қимылымды көрсетіп,
Жер жүзінің байына!
Маягін
Бостандық жерінің
Көрсетейін әлемге,
Сақтауға,
Елім даярын!..

1931

БАЛҚАШ

(Александр Затаевичтің «Балқаш» деген әніне арнап жазылған).

Кешегі құлан өтпес бұл батпақ шөл,
Көрмеген орын теуіп мекендеп ел,
Ормансыз, бетегесіз, сусыз, құмсыз,
Үйіріп ку топырағын есетін жел.

Бұл күнде сол шөлейтке орнады құт,
Жері гүл, шөлі бұлақ, қайнаған жұрт,
Гулеген гудок, ұрған күрс-күрс балға,
Салынған сансыз сарай, завод, фабрик.

Балқашымда қайнады
Қалайы, темір, алтын, жез,
Балқаш кені таусылмас
Бейне тасқын бұлақ көз,
Талай миллион жыл тұнған
Бұлақ саулар туды кез.
Бұлақты ағыз, жұмыскер,
Кәне, тез-тез-тез, тез!

Балқаштың қорғасын, жез, темірлері,
Ең молы, Одақтың бар жеріндегі,
Тілейтін заводтарым азықтанса,
Күн санап, күші артып кеңір енді.

Кен болса машиналар қаптағаны,
Аяққа ескі өмірді таптағаны,
Одақтың қатарында Қазақстан
Тұрмысқа социалистік аттағаны.

(Әннің қайырмасы)

Қазақстан орташа мен кедей, жалшы,
Байынан күні кеше жесе қамшы,

Өндіріс жұмыскері болып бүгін,
Аттанды тап жауы деп байға қарсы.

Еңбекшісі бауырласып қосып басын,
Айырды кімнің досын, кімнің қасын,
Қолында Ленин туы.
Коммунизм
Жолына қойды түгел ықласын.

(Әннің қайырмасы)

Көсемің алдыңдағы Компартия,
Сен соның жолымен жүр, ер артына.
Сол ізбен екпіндете іс істесең,
Лениннің орындалмақ бар шарты да.

(Әннің қайырмасы)

1932

ҚАРҚЫНДАЙ ҚҰЛАШ СЕРМЕСЕМ

Басқа келген теманың
Қоя тұрып өңгесін,
Бір желпінтіп тастайын
Октябрьдің он бесін.
«Октябрь анаң он беске
Жетті» деген күшті үн
Құлағыма келген соң,
Ақындықтың бұлағы
Тасқындап, кеулеп, кернесін.
Кернесе толқын туласын,
Бұлқынта бойды қуласын,
Бұлшық еттер бүлкілдеп,
Құлашын қалам, толқынның
Ирегіндей сермесін.
Қазанындай паровоз
Қайнасын қан, бусанып
Моншақ, маржан терлесін.
Ми меруерт сөз теріп,
Ой дирижабль алыптай,
Қияға шыға, қалықтай,
Жүйтки, шырқай өрлесін.
«Қара жарыс кезінде,
Қас сорлының аты озбақ»
Бұл той — осал той емес,
Бұнда озу — жүйрікке,
Мұнда жығу — ерте сын.
Талықса кіна өзінде
Қанатты кең жаяйын.
Октябрь анам тойында,
Сенен немді аяйын.
Менің өмірбаяным
Қолыңда сенің. Сен маған
Адамшылық, тіршілік,
Ақындықты бергенсің.
Сүйенген таптан қайнайды

Ақындықтың бұлағы,
Солқылдақ болса қай таптың
Тіршілікте тұрағы,
Сол таптан шыққан бұлақ та,
Ақын да тайыз, ол таптың
Бұлағы сасып, тұнады.
Өрлеген таптың бұлағы,
Буырқана сілтесе
Жолындағы тасты да
Тұрағынан жұлады.
Бұлақтан — өзен, өзеннен —
Көл, дария, мұхит боп,
Жайнайды гүлге алабы,
Желкілдейді құрағы.
Октябрь анам,— сен сондай,
Мұхитымсың гүрлеген,
Ақындықты қоздатам,
Сенімен гүрлей, бірге мен.
Жер шарына атағы
Әйгілі, айқын, жария,
Сендей ұлы дария
Анасы бар ақындар
Сөзге қайдан шөлдесін
Бірер жылдан ақындық,
Қаңтарып атын қойып ем,
Оқуға[1] көңіл бөлгесін.
Пролетариат ұстазы,
Ленин менен партия
«Тәжрибе мен қисынды,
Бар коммунист теңдесін,
Тәжрибені қисыннан
Ажыратып бөлмесін!»
Деген сөзді еске алдым.
Ояуда оқып кітапты,
Ұйқыда басқа жастандым.
Маркс, Энгельс, Ленин
томдарын
Профессор қолыма
Құшақ-құшақ бергесін.
Сол томдарды құшақтап.

---

[1] 1930—35 жылдарда қызыл профессура институтында оқыған шақ.

Жолдастармен сабақта
Жарысқа барып енгесін
Бар ойым ауып оқуға,
Оқығанды тоқуға,
Шегініп қалды өлеңім,
Сондай қажет өңге ісім.
Әйтпесе мен қажыған,
Не қиялым бажыған,
Не байлардың байшылдық
Баттасып жатқан сазынан
Шыққам жоқ таптық күресте,
Кіммен де болса қандасам,
Немен де болса шендесем.
Біздің ұлы құрылыс,
Өсуде, бар қиындық.
Дей алмаймын, түп-түгел
Одақтың бар жерінде
Перегибтен[1] тыйылдық.
Алайда, бар деп
қиындық,
Шегінбеймін күрестен,
Қорқақтықты үйір ғып.
Таппен бірге мен де өсем,
Таппен бірге мен көшем,
Тап қан кешсе,
мен кешем,
Сонымен, жолдас жұмысшы,
Колхозшы, барлық шаруа,
Бір толғауды бастайын,
Өлеңмен жаздым өзгесін,
Мұны жырлап тастайын,
Негізгі міндет —
оқуым,
Қол үзіп одан қашпайын.
Ояуда оқып томдарды,
Ұйқтасам басқа жастайын,
Сөкпе содан болдырып,
Бұл бәйгеңнен
келмесем,
Бәйгенің арты
бұл емес,

[1] 1929—31 жылдардың асыра сілтеуі.

Бұл ең соңғы
қыр емес,
Жарысты жылдар алда көп,
Алда да талай тұр егес.
Бәйгеңнен бұрын көп келгем,
Әлі де талай келермін,
Қарқындай құлаш сермесем.

1932

МАЙҒА СӘЛЕМ

1

Мың сәлем саған,
Мәңгі, жолдас Майым!
Сен жылда жас жігіт боп келген сайын,
Жер жібек, барқыт киіп,
Жасыл желек.
Бүркенеді үйеңкі, терек, қайың.

Басқаға қымбат, саған тегін, арзан,
Түрлі гүл: енжу, жақұт, лағыл, маржан
Үстіңде төгіледі, үкің бұлт,
Қалпағың күн.
Найзағай — қылыш — қазнаң.

Тұлғаң сұлу, денеңде қалың қайрат,
Бетіңде алма-қызыл қаның ойнап,
Кеудеңді кере жұтқан тұнық ауа
Таза, тұнық, жанға жәй балдай-қаймақ.

Суалтсаң бал сүтіңді бойың ие,
Сусындап бүкіл әлем талай жүйе,
Алмалар атқан таңдай ажарланып,
Жайнайды қызыл шоқтай піскен шие.

Кескінің, тұлғаң, тұрпат, сұлу сәнің
Ұнап бұлбұл шырқайды тәтті әнін.
Балық, бұқа, сәурік, қошқар, теке,
Құрбақа...
Әнші еттің соның бәрін.

Солардан әлдеқайда әнім артық,
«Шығарсам ащы күйді түптен тартып.
Аққумен аспандағы ән қосамын»,
Желдей есіп, күлім көз күндей шалқып.

Бұлбұлдан өзгешелеу менің әнім,
Адам кешкен өткелдің шолып бәрін.
Желдей сырғып бүгінгі бөгеттерден,
Жырлайды ол мыңдаған жыл болашағын.

Мен өңгедей емеспін жалаң әнші,
Мен әншімін егінші, ұста, малшы.
Өндіргіш қол, тапқыш ми менде ғана,
Сондықтан бар табиғат маған жалшы.

Жолдас Май,
Ән ғана емес тартар сыйым,
Қаракөл жаға, жасыл барқыт киім,
Тіктім түзде,
Көрейін келісе ме,
Қане досым, сыйымды жамыл, киін!

Қырды қырқып, жолыңда тасты жарып,
Сен шөлдер деп далада қаздым арық.
Сұлу су, сылдыр қағып, Бетпақдала
Шөлін кезді,
Сусында, досым, барып!

Сусындап, шөлі қанған күлер дала,
Сұр кескіні құлпырып гүл-гүл жана,
Май досым, саған осы сыйларымды
Кемітер қаны қара дұшпан ғана.

Кел досым,
Кеуде кере шырқайық ән.
Шырқайық ән, шөлдерге шашайық дән.
Мейірі қансын, тойынсын, жадырасын,
Әнге, дәнге, бізді шын сүйетін маң.

Хош келдің!
Жансыздарға жан бер, тербет!
Өсімдік өзен, тоғай саған шөлдеп.
Сағынды,
Завод колхоз ішін кезіп,
Бұдан да өс, өркенде, көркей, ержет!

---

[1] Тырнақшадағы сөздер Біржандікі.

2

Қанаттары қырқылып, басып кесел,
Өзге таптың ақыны шабан, мешел.
Біздің таптың ақыны тасыған су,
Жәйілса су, шөлдерге гүлдер өсер.

Сөзім оқ, үнім найза —
Түйреп қасты,
Даусымды арпалысқан күрес ашты.
«Маркс», «Ленин» маркелі мәшинені
Көлік қып сан жорыққа болдым басшы.

Басымыздан кешіріп талай тар күн,
Алтыдан бірі біздің болдың шардың.
Бас командир Партия,—
Әскері — біз,
Жолы нұр, айқын көріп отыр алдын.

Се-Се-Се-Р-де барлық ұлт —
Бір-ақ полк.
Ақын, эскер, ұстаға ортақ жорық.
Жердің ұлы — біз,
Балға, орақ, мылтық
Өлеңмен де сақтаймыз жаудан қорып.

3

Жолдас Май!
Мен бір кезде болдым бала,
Аз емізді табиғат сараң ана.
Бек, бай, молда, отаршыл
талай талап,
Денеме ауыр таңба —
Салды жара.

Мойынға қылғындыра түсті арқан...
Сол кезде Маркс пенен Ленин дарқан
Арқанды қиды. Дем ап,
Ауыр жүктен
Жаралы, жауыр болған босады арқам.
Күндей боп Октябрьдің шамы жанды,
Жолын көрді, жұмысшы мылтық алды.

Сол мылтықтың күшімен қанды кешіп,
Жайнаған бақша құрды социалды.

Бөгеген қолды барлық жеңді жауды,
Сонан соң табиғатты жебей сауды.
Астын тесіп, кеудесін кесіп, асау
Үйреттік: Орал, Алтай, Алатауды.

Балтық пен Ақ теңізді алдық қосып,
Бетпақдала, Қарақұм шөлін жосып,
Колхозбен Днепрдей асаулардың
Бөгедік бұғалық сап, алдын тосып,

Үкім күшті,—
Советтің — болат жүзін,
Сілтегенде тіледі таудың құзын!
Электрдің жарығы түнді түрді,
Одағымда жарық жаз —
Социализм!

4

Жолдас Май! Күте тұра сені сыйлап,
Қуана тұра, сенен қымбат сый ап,
Одақтың ойы-қыры сынға салып
Көреді барлық бойда күшін жинап.

Себебі, қоршап тұрған айнала жау,
Жау қолында жазылған темір тор, ау,
Се-Се-Се-Р-ді шырмамақ әлі келсе,
Үстеріне төндіре құлатпақ тау.

Жапонның ерік берсең Хаясина[1],—
Орал менен Алтайдың аясына
Ие боп,
Отарланып салмақ пышақ
Сибирьдің семіз, тәтті жаясына.
Араки қолын созбақ одан да әрі,
Сімірген Қытайдағы қанның дәмі

[1] Хаяси — осы өлең жазылған кездегі Японияның соғыс министрі.

Көрініп тәтті,
Солай сору үшін
«Бағынсын,— дейді,—
Шығыс түгел бәрі».

Қарасаң Гитлердің планына,
Планының арамдық «ұранына»,
Одақты Орал жақтан бөліп алып,
Айналдырмақ капитал тұрағына.

Шекарада ой, қырды олар қазған,
Қаруға лық-лық етіп толған азбар.
Тіршілікке керекті мыңдар тонна
Өлім үшін сақтаулы улы газдар.

Нелер мың самолеттер қанат қағып,
Су астында кемелер бейне балық...
Осылардың барлығын капитал сұм
Еңбекшіні қыруға жұмсауы анық.

Се-Се-Се-Р-ді етуіне бөлшек-бөлшек,
Ойласа жау,
Олармен күшті өлшеп
Көреміз бүгін,
Бізде де күзет мықты —
«Жауға жерден бермейміз
Жалғыз вершок!»

1933

КОНВЕЕР

1

Қайран қалып көрдім мен
Бір тамаша заводты.
Заводтың аты — Мереке,
Лайықты есім тауыпты.
Көргенде осы заводты
Биледі шаттық бойымды.
Жеткенше күшім бұл жырда
Айтпақшымын ойымды.
Темір көрдім бұрқылдап
Бейне құрттай қайнаған,
Қайнаған темір қызыл су
Бетінде көбік ойнаған.
Сарқыраған су-темір,
Шашырамай тамып та
Құйылады шүмектен
Кірпіштей болып қалыпқа.
Одан әрі барып ем:
Тамаша цех құрылған.
Қаңғырлаған қоңырау —
Балғаның даусы ұрылған.
Мыңдаған сан цехта
Құрыш дене жұмыскер.
Қойылған қатар бәрінің
Жолы шебер, бәрі іскер.
Жүрегіне от беріп
Халықты ерткен артына,
Ұқсамай ма нақ осы
Заводқа Компартия?
Қара темір цехта
Айналғандай құрышқа,
Жасайды құрыш адамды
Компартия жұмыста.
Цехта түрлі бөлшектен

Бір машина құрылса,
Барлық ұлтты партия
Күтеді туған ұлынша.
Осы күшпен партия
Қамалды талай бұзады.
Партия басшы, көп қосшы
Іс майданы қызады.
Ұсталардың цехында
Көрдім мен керім көрікті.
Толтыра ұртын үрлесе
Шашады отты көбікті.
Көмірдің темір демінен
Қып-қызыл боп балкиды.

2

Төстегі қызыл темірді
Балға аттай тарпиды.
Тарпыса темір иленіп,
Қалады қамыр нандай боп,
Естіледі деңізші
Балғаның даусы қандай боп?
Ырғағына өлеңнің
Үндес балға ұрғаны.
Шыңдалмай ма темірдей
Ақындар да жырдағы?
Қалам балға емес пе,
Ақындардың қолында?
Соқпай ма сөзді ақындар
Темірдей әр формаға?
Жақсы ұста соққан іс
Жып-жылмағай кезінде,
Мін бола ма нақ сондай,
Жақсы ақынның сөзінде?
Жаман ұста соққан іс
Жарқыншақ, жаман, тұрпайы,
Жазбай ма сондай өлеңді
Ақынның кейбір сұмпайы?
Шыныққан болат шапса да
Қара тасқа қайтпайды.
Шын ақын да болаттан
Осал сөзді айтпайды.

1933

ОН АЛТЫДА ҚАРЫНДАС

«Большевик күз»
Деген ат тағынғансың,
Он алты мүшеліңді, қарындасым,
Шаттанып құттықтаймын,
Тойыңда өлең
Бұлақтай тастан атқан ағындасын!

Атыңды аспандата, ақын серпісін,
Серіпкенде жай серіппесін,
Ту ғып желпісін.
Лебізден ауаны өрлей ұшқан күйлер,
Достардың жер жүзінде бойын ертсін.

Ұмытпас бірақ, ақын ескі күзді,
Жатырқап өгей ұлы көрген бізді.
Қымс етсе улы таяқ астына алып,
Есіркеп бермеген ол, жылы жүзді.
Құшағы, ол сұмрайдың зәрден суық,
Лебінен үскірікті боран туып,
Секіріп жындай боран,
Мені мазақ
Қылатын
қаңбақ айдар желдей қуып.
Үкімін жүргізгенде
Бай, бек, төре,
Сүліктей сорған кезде қанымды өбе,
Кезеріп ернім,
Көзім өліктеніп,
Солғанда,
Семген гүлдей әлсіз дене,
Сұм тажал арандай ғып тісін ашып,
Аузынан тұншығарлық аңқып сасық,
Езуі құлағында,
Қарқ-қарқ күлген
Қысылып мен тұрғанда жанталасып.

Ол өлді, он алты жыл бұрын бұдан,
Қуанышта Октябрь самалынан
Бұрынғы сасық тұман жойылды да,
Сен шықтың бостандыққа қоса ұран.

Екеуміз тудық егіз құлындай боп,
Бірге өстік,
Жатсақ-тұрсақ,
Бірыңғай боп.
Біріккен идеямыз,
Шын шебердің
Қолынан қиюласқан жымындай боп.

Көркейді келбеттене біз туған жер,
Сен менің киім, тамақ, үйімді көр.
Советтік қалаларда
Аспанменен
Таласқан биік, зеңгір үйлері — ол

Тәрбие бақшасында балаларым,
Олардың көрсең күткіш аналарын,
Алмадай екі беттен нұры тамып,
Өлеңмен қарсы алады ағаларын.

Бұларды бұлай еткен кім десең?—
Ол,
Күшімен Октябрьді жасаған қол.
Құлдықтың шынжыр торын талқан
қылып
Игілік іс етуге босаған қол.

Мыңдаған заводтарды жүргізген қол,
Колхозға диқандарды кіргізген қол,
Полюсті, көктің жүзін түгел шарлап,
Әлемге батырлығын білгізген қол.

Сол қолдың арқасында денең толды,
Қайда бар сенен сұлу, сенен өңді,
Он алты жасқа жеттің,
Ұзақ жаса,

Нарттай жан, қарындасым, әкел қолды!
Тойында ата-анаңа әкелдің сый,
Сыйларың арзан емес, қымбат ылғи,

Оларға баға қойып есептеуге,
Болғанмен қанша есепші жете ме ми!

Бір сыйың оттай жанған бидай алтын,
Бір сыйың күміс мақта
Нұрдай жарқын,
Бір сыйың сұр қорғасын —
Сұлы, және
Сыйладың жемістердің брильянтын.

Асылдан әкелмеген сыйың бар ма?
Сыйларың шағын емес,
Мың-мың арба,
Еш жердің «Торгсині»[1] мұндай қымбат
Бұйымды өмірінде жыя алар ма?!

Тігулі саған көзін жердің шары,
Қарайды өскеніңе таң боп бәрі,
Олардың байы дұспан,
Сеніп қалма
Жауың көп,
Қарындасым, сақ бол әлі!
Тұлғаңа күзетші көп:
Оңнан, солдан,

Алдыңнан және артыңнан берік қорған,
Ол қорғаның — ер інің қызыләскер
Қарап тұр винтовкасы түспей қолдан.

Жолыңа ленинизм шамы жанды,
Тәрбиенің міндетін партия алды,
Партия азаттықтың тобын бастап,
Қарқынды құрылысқа ұран салды.
Кеңестің ұлы Одағы үйің сенің,
Аэроплан — алғыр —
Мың үйір сенің.
Көлігің тракторлар,
Сөзің эфир
Бойымен зымырайтын құйын сенің.

---

[1] Шет мемлекеттермен қымбат мүліктер саудасын жүргізетін мекеме.

Фабрик, завод, шахта бір өзектен,
Үздіксіз даярлайды саған мол жем.
Ұлт демей, ру демей,
Одақтың бар
Ұлы-қызы аянбайды сақ күзеттен.
Одаққа болат топшы, бітті қанат,
Қанатты жай оғынан жылдам сабап,
Ұшты ол.
Сен де ілестің коммунизм —
Маякқа тесілдіре көзді қадап.

Мың сәлем,
саған алғыр большевигім!
Қымбатты сенсің жанға өлшегенім,
Туысқан махаббатпен алма беттен
Сүйейін құшырланып,
Келші, күнім!

1933

ҚАРАҒАНДЫ

Бірінші өлең

«Қарағанды алыбы,
Өмірдің күре тамыры,
Тіршілік сонда, жан сонда,
Сол алыпты жырлауға,
Жеткенше тілің сырлауға,
Әдейі, ақын, бар сонда!»—
Деп үкімет жіберді,
Мен де аттандым жігерді
Жұмсауға әл жеткенше.
Мінгенім поезд — жүйрігім,
Ысқыртып желге құйрығын,
Таситын тауды бөктерсе.
Поездан да ұшқыр ой,
Ұшты оқтай бермей бой,
Тез жетуге асықтым.
Еңбектің қызу базарын,
Шахтаның ұлы қазанын
Көруге көптен ғашықпын.
Шыққан соң ұзақ сапарға,
Бөгеліп жолда отарба,
Сағатқа біраз кешікті.
Маған уайым жауғызып,
Түн ортасын ауғызып
Жетуді құлақ есітті.
Келемін кейіп, түн жарық,
Ай аспанды айналып
Барады өрлеп жоғары,
Қасымда менің бір жолдас,
Терезеден сұғып бас,
Далаға ұзақ қарады.
Бір кезде: «ақын, бері кел!..
Тамаша бар, әне, көр!»—
Деді кенет жолдасым.

Қарасам, рас тамаша!..
Бітпестей адам санаса
Жұлдыздар жапқан дөң басын!..
Ой да жұлдыз, қыр жұлдыз...
Күлімдеп түгел тұр жұлдыз,
Мың емес, талай миллион!..
Жер аспанға айналған,
Алтындай жалт-жұлт жайнаған,
Жерге аспан емес тең!..
Жерді аспаннан асырған,
Жұлдызбен жерді жасырған
Кім?— жұмысшы ерлерім!
Жасау жұлдыз әмірі
Жеткен, жерде «тәңірі»
Солар, жұмсап еңбегін.
Өлік дала үстінен,
Күшті боп жалған «күштіден»
Орнатқан солар алыпты.
Қараңғы көр далада,
Айқасып берік балға, орақ
Даланы нұрға малыпты.

Екінші өлең

Ұйқының сүңгіп терең бұлағына
Жатқанда, гүрс еткен үн құлағыма
Сап етті, шырт ұйқыдан атып тұрдым,
«Бұл не?!— деп, әлде үйім құлады
ма?!»
Ашылды сол гүрсілден ұйқым
шайдай,
Денені жөкелді ой сыртқа айдай.
Далаға тез шықтым да, қараңдаған
Біреуге «тоқташы!» деп салдым айқай.
— Немене?— деді анау,— Жаным,
кімсің?
— Жұмысшымын.
— Мезгілсіз неғып жүрсің?
— Келемін сменадан.
— Жолдас, жаңа
Атылған батыр-бұтыр неткен гүрсіл?
Ол менің қорыққанымды айтпай білді,
Білді де, санын соға қарқ-қарқ күлді.

Күліп қана қойған жоқ, жақындап кеп,
Мәнісін мен қорыққанның түсіндірді.
Деді:
— Бұл динамиттер көмір атқан.
Арт жақта қалды күндер қайла шапқан
Күшейіп техника, өскен өнер
Көмірді тез алудың жолын тапқан.
Қазірде бұрынғыдай емес шахта.
Құл болып жұмыскерге табиғатта,
Жер астын жеті қабат нұрландырып,
Жұлдыздай электрдің шамын жақты!
Ол кетті.
«Бұл динамит неткен күшті!
Селк етті асты түгіл жердің үсті!..»
Сыртынан таңданбай-ақ, шахталардың
Көруге ойым кетті сырын ішкі.
Тезірек үйге кіріп жуындым да,
Киініп белді бекем буындым да,
Шахтаның комитетін тауып алдым,
Қаланы сұрастырып қыдырдым да.
Комитет жөн көрсетер берді басшы,
Шахтаның ішін енді қарамақшы
Боп тұрғанда, көңлім көз жанарын
Тағы да төңірекке ала қашты.
Алтын күн келеді екен шығып жаңа,
Жер, көкті нарттай қызыл нұрға мала.
Сол кезде барлық көркем бейнесімен,
Алдымда гүлдей жайнап тұрды қала!..
Па, шіркін, дедім, қала қандай сәнді!..
Гудокпен мен де бірге шырқап әнді
Жібергім кеп тұрды да, сабыр етті,
Көзімді тойғыза алмай, көрген маңды.
Сүйсініп: «Осы екен-ау,— дедім іштен,—
Атағы жерді жарған Қарағанды!»

Үшінші өлең

Басшымен лифтке біз келіп міндік.
Тереңдей жер астына кеттік сүңгіп,
Шахтаға да жеттік біз... сарай екен,
Кең, биік, жер астынан қазған үңгіп.
Шамдары электрдің шаңқан жарық,
Шахтаның өнебойын нұрға малып,

Қай жаққа көзді тіксең, бар тәуелді
Бейнесін көрсетеді, әр нәрсе анық.
Мұнда да жатыр екен өмір қайнап:
Шағылған электрге жалт-жұлт жайнап,
Көмірді тиеп-артқан вагондарды
Барады әлдекімдер жан-жаққа айдап.
Көмірдің білем, шыққан, барар
жерін.
Неғұрлым жұмысшылар арттырса өнім,
Соғұрлым мол азық ап завод, фабрик,
Болады ол, доскa өмір, жауға өлім!..
Түсініп соны инженер,
жұмысшы да,
Көмірді қолы тиген ығыстыра,
Барады түре айдап, кең шахтаға
Күні-түні бермей тыным, тынысты да.
О, жер асты, көне бер, сен жеңілдің!
Бұлайша алынуы бұл көмірдің —
Шашыранды жіңішке бір бұтаға,
Сырттағы қарқыны зор ұлы өмірдің!..
Біздің Совет әрдайым іске басым.
Істі мол өндіретін күшке басым.
Күш пен іске тез күнде асырады
Менделеевтің барлық системасын.
Советтің жеңіс! қана ұранында,
Ол ұранға жаратар құралын да
Түгелдеп ап, үйретер кешікпей ол
Кендердің ең асауы — уранын да!..

1933

ДАУЫЛДАН ТУҒАН

(Николай Островскийге)

Ол дауылда туды да,
Дауылда қақты қанатты.
Сескене ме дауылдан
Дауылдай күшті талапты.
Бетке сабап балауса
Қанатымен дауылды.
Сынса да қанат сыр бермей
Демеді ол ауырды.
Шырқап шығып биікке
Төкті сөздің нөсерін,
Сеніп осы нөсерден
Гүл-бәйшешек өсерін.
Төңкерілген аспанға
Сырлы алтын ошақтай.
Дауылды нөсер артынан,
Шағылған күнге қосақтай.
Поэзия көгінде
Жайнады сұлу сөздері.
Мәңгі меруерт сөзіндей,
Өзі бірақ төзбеді.
Сынған қанат, суыққа
Шалынған жүрек ақынды
Жеңді. Оны жер-ана
«Кел, ұлым!» деп шақырды.
Ет жүрек ере алмады,
Жер-ана оны бөледі,
Жас қабірін жайнатты
Жайнаған сөздің веногі.

1934

МАЛШЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Мал!— Сен менің серігім едің жастан,
Сенің даусың — азаным құлақ ашқан,
Мен бесікте жатқанда, лақ пенен
Қозының арасында маңырасқан.

Әкем малшы, сорлы анам сауыншы да,
Зар болып, қолға әлдилеп алушыға,
Жанында маңыраған қозы-лақтың
Шырылдап дауыс қосқан даусына.

Басқанда апыл-тапыл ішім пысып,
«Ойнайын қозы-лақпен, деп сүзісіп».
Көгенінен ағытқанда, аяғымды
Жаралап, кететұғын шекем ісіп.

Жетіде қозышы боп жүгіремін,
Тыңдамай табанымның тілінгенін;
Кіршілдеп аяғыма шөгір еніп,
Болғанмен қанша «жансыз» мүдіргемін.

Көзде жас, бірақ қозы қимылдарын;
Сүзіскен, ойнақтаған, шұбырғаны —
Таң көріп, жұбанышты содан тауып,
Оларды туысқан деп ұғынғанмын.

Он жаста серік болды қой мен ешкі,
Солармен бірге өткізіп ерте-кешті,
Жатсам, тұрсам, қуансам, я қайғырсам,
Адам емес, серігім мал боп өсті.

Томпайтып добыраға иығымды,
Он бесте бақтым жаяу сиырыңды,
Жаз жаңбыр, жалынды ыстық, күз
борасын,
Суықта бір білмедім бұйығуды.

Аязда, сақылдаған суықтарда,
Беті-қолды кіршіктей жуып қарға,
Ел жоқ, күн жоқ жапанда жылқы бақтым,
Үскірік, ұзақ, жылға жуық таңда.

Секіріп ойнағанда жынды боран,
Мұзданып көз, мұрнымнан ағып сорам,
Ұялы қасқыр келсе, жалғыз тайдың
Таңынан тарттырдым мен, қашан оған?

Ысқырып, жал құйрығы көлбеп желге,
Қар тепкен жылқыны айдап тебін жерге
Жүргенде, ой түсетін: «мал иесі,
Бейнетсіз бай ма, баққан әлде мен бе?»

Болғанмен иең байлар, етпей қастық,
«Иіліп төсек болып, жатып жастық»,
Біріңе пышақ алып ұмтылдым ба,
Бай берген арық ет пен көжені ас қып?

Октябрь, арамтамақ байды қуды,
Заводты, фабрикті, жер, мал, суды,
Кім күтсе, соған берді: бай қысқартты
Біреу жаққан отқа кеп жылынуды.

Бірақ бай қарамады саған мендей,
Өзінен кетіргісі келмеді, өлмей,
«Бұл малда хақың жоқ» деп, біз күш
қып ек,
О-дағы қарсыласты, «мә» деп бермей.

Қолына қылпылдатып алды кездік,
Ұраны болды «барлық малды тез құрт!»
Тілегі болды байдың, күлді мырс-мырс,
Бағына перегибщик сұмды кез қып.

Жануар кездестіріп жауыздарды,
Талайы жөн-жосықсыз бауыздалды,
Бай-құлақ, оған серік перегибщик,
Құнықты шикі қанға ауызданды.

Шалғанша партияның қыран көзі,
Партия алғанынша қолына өзі —

Бұл істі, қан жыладым ішім ашып,
«Жануар жойылды-ау, деп малдың көзі!»

Бұл іске партияның көзі жетті,
Сондықтан перегибщик ұшып кетті,
«Сен малдың жайын білген адам едің,
Бақташы бол, күтіс!» деп мені жекті.

Партия «менмін,— дейді,— бас бақташың»!
Ондай қыран, алып ер мал баққан соң
Қасқыр түгіл, қаскүнем тап жаулары
Аяғын малға беттеп неге аттасын!

Партия Ұлы көсем сүйер досым,
Москвада тұрғанменен, малдың қосын
Көріп, маған береді жігер, қайрат,
Егер де тізгінімнің сезсе босын.

«Қалғыма, сақ бол,— дейді,— досым
малшы!
Желінен жауға өрт бер күйіп-жансын!
Семіріп жас өртеңнен оттап малың
Өлкеңде өсіп, мыңдап табындансын!»

Арқырап бейне айғырдай кісінеп бұлт,
Құйылсын құла дүзге жаңбыр жылп-жылп
Көпіртіп шайна майдың майлы шөбін,
Семір, түле, құлпырсын жүнің жылт-жылт.

Төлдерің еркелесін, салсын ойнақ,
Жау қанша аңдыса да қастық ойлап,
Бір түгін сындыртпаспын, иең мықты,
Күзет күшті, өріс кең, сүңгі бойлы.

Күн куэ болсын көкте күлімдеген,
Жел куэ болсын көпке күбірлеген,
Екі-үш жылда жеткіздім малды халге
Перегиб көргендігі білінбеген.

1934

КҮННЕН КҮШТІ БОЛЬШЕВИК

Күштісі күштілердің күшті алтын күн,
Жыл бойы: нелер миллиард, миллион, мың,
Ұршықтай айналдырып бар әлемді
Келеді бар дүниеде оған тең кім?

Сонымен жарысуға большевик біз,
Дәл биылдан ілгері он жеті күз,
Бел байлап, социалды шарт жасадық,
Біздің ұшқыр күніміз — партиямыз.

Тексеріп, қорытқанда, биыл шартты,
Қайраты большевиктің күннен де артты.
Немене артқаны емей, күн қай кезде
Жоспардан артық күшпен жүгін тартты?

Жер қашан, 360 күннен бұрын,
Асыра орындады жоспар жылын?
Әлемде большевик-ақ, бесті төртте
Бітірген, қиындықты көрмей жұғын.

Адам түгіл, әлемнен түгел озып,
Озған сайын жалындай қайрат қозып,
Бәйгені күшті күннен біз әкеттік
Қолымызды жер түгіл күнге созып!

1934

ТАУ БҮРКІТТЕРІ

Түн.
Қыс.
Боран.
Ышқынған долы дауыл,
Қопарып ұшырғандай Кавказ тауын!
Тынысын тарылтқан түн тауды таптап,
Қозғалтпайды, салмағы зілден ауыр.

Еңсесін Эльбрустың[1] көтертпей бұлт,
Ақ басын айдаһардай айналып шырқ,
Каспий мен Қара теңіз қамай толқып,
Тербетсе де камал тау етпейді тырп.

Сол түнде Эльбрустан биік ұшып,
Топшысын бірде жазып, бірде қысып,
Мұз балақ, темір тұяқ, болат қияқ
Жүйткіді желге қарсы қыран жосып.

Түн тонын талмай тіліп алмас қанат,
Долданған дүр дауылды бетке сабап,
Булықпай боранға ол, тартады жол
Таммерфорс жағына көзін қадап.

Қапалақ қарынан мол қырау-қыстың
Қадаған көздерінен ұшты ұшқын,
Таммерфорс ішінде тау бүркіті —
Білген барын Лениндей қыран құстың.

Халыққа елестейді қыран Ленин:
«Тең болсын оған басқа қыран ненің.
Денесі дүниедей, көзі күндей,
Түктері тоғайдай бір болар керім.

---

[1] Кавказ тауының ең биік шыңы.

Бар болар басы бейне жер шарындай,
Миы жердің уызы — от жалындай,
Қара теңіз, Каспийдей толқынды ой,
Сөзі тасты төңкерген долы ағындай.

Ыстыққа, суыққа да піскен құрыш,
Боп туған еңбекшіге бақыт, ырыс.
Тарихтың тар кезеңін тауып ұшқан
Тау бүркітін ізденіп табу дұрыс...»

Қақалтпақ боп қырауын қатырды бұлт,
Жолдан жазсын деп қарын сапырды бұлт,
Халық жолдан жазбады, жайқағанда
Қауырсын қанаттарын жапырды бұлт.

Халыққа жел мен бұлттың жетпеді әлі,
Жүйткіп ол бұлттан да кетті әрі,
Ар жағы ашық аспан, сансыз жұлдыз,
Жымыңдап жаутаңдады, шат боп бәрі:

«Адамның айға шапқан арыстаны,
Жауынды жанышпақ боп алысқалы,
Боранды бөгет көрмей, түнді түйреп,
Барасын бас қыранға табысқалы»

«Мұзбалақ, отты көзді, қырау қабақ,
Темір топшы, жез тұяқ, алмас қанат,
Қылыш қияқ, кең кеуде, ілгір тұмсық
Шабытың келген екен баппен жарап!

Ұш қыран, жоғары ұш, ұш күнді құш!
Адамға артық біткен күннен де күш.
Күнді билеп көрсетсең көзін жерге,
Түріліп түн, құриды қыраулы қыс!»

Жұлдыздың жымыңдарын ұғып, біліп,
Жарқылдап жайдай жүйткіп келеді ұшып,
Түн таптаған таудағы, жазықтағы
Жандарды ойға алса, қаны ысып,

Теңіздей теуіп жүрек, жанып кегі;
«Әй, бәлем жайратамын жауым сені!»

Деп тісін қайрағанда, вулкан жарған
Тарсылдайды таудай боп тістің мөрі.

Қараңғы түнек түнде қырағы көз,
Болған-ды түгел көріп жолында кез,
Ленинге баяндауға барлық сырын
Қанатын қажымастан қағады тез.

Боран ба, Қасқыр ма, я адамзат па?
Ұлыған, зарланған үн етек жақта.
Жабырқап жаны ашиды халық түгіл,
Тас жүрек Қазбек[1] пен кәрі Шат[2] та.

Айтысып бір заманда Қазбек, Шат:
Батысты батыр деген, Шығыс қорқақ,
Біз бөлекпіз ол ойдан, Ленин жаққан
Жұлдызға жер жүзінде еңбекші ортақ.

Лениннің жұлдыз жаққан жолы құрыш,
Бетіңді құрыш жолға бұр да дұрыс,
Құрыш жолмен жөнеңдер жарық жазға,
Жалпы құл, қол ұстасып: батыс, шығыс».

Шаңқылдап шығарғанда өткір үнді,
Түседі найзағайдай тіліп түнді,
Сескеніп сырғып, қасқыр борсық, жылан
Жартасқа жүгіреді іздеп інді.

Осылай ұшып қыран түнді жарып,
Ішіне Таммерфорс қонды барып,
Сенбеді өз көзіне өзі біраз
Ленинді көргенінде алғаш танып.

Танысты. Тілге келді. Түсіністі.
Жайдары мінез, мақсаты, ісі күшті,
Сыпайы сөз, логика мылтықтан тез,
Батырланып бастайды қорықпай істі.

Мұлтіксіз тіл мен қолы бірдей мерген,
Жерінде мақтанбайды жауын жеңген,
Табанын басқан жолдан аудармайды,
Көпшілікке, өзіне берік сенген.

[1—2] Кавказдағы таудың аттары.

Мың жылды минутында түгел шолып,
Төңкеріс жұмбақтарын тура жорып,
Тым тез-ақ таниды екен тау бүркітін
Табының тұғырына тұрған қонып.

Қыраным, Кавказ тауын келген орап,
Болмаған бөгет дүлей боран бораң,
Ісің түсің, қайыспас сталь екен
Қайратына атың сай — болсын Болат.

1935

АЛАТАУДАЙ АУЫЛЫМ

Он сегіз жыл бұрын бай, патша, бектен
Езілген, шерлі болған көкіректен
Жанған ыза жалыны Алатаудың
Астындағы қызудай, сыртқа тепкен.

Октябрь сол қызудың қабын жарған,
Құмыққан жалын үдей жайнап жанған,
Өртеңдей жаңа өмір өскен өрлеп,
Күйгенсін түсі сұр, сұм ескі жалған.

Өлкемде он сегіз жыл өсті өртең,
Құлпырды кілемнен де өртең көркем,
Алатаудың алқызыл алмасындай
Елмен бірге қызара мен де бөртем.

Өскен өлкем таудың шың, құздарындай,
Ызбары жауға — таудың мұздарындай,
Қайраты — Алатаудың астындағы
Вулканы жерді кере қызғанындай.

Ақпайтын тауды жармай, тасқа ұрынбай,
Білімі — долы өзен тасқынындай,
Жемісі өнерінің шығымды жыл
Колхоздың оратын мол астығындай.

Өлкемнің мен бұлбұлы жазын жырлар,
Жырымда нелер мың түс гүлдей нұр бар,
Кеудем кеннің шахтасы, әр сөзімнің
Әрпінде алтыннан артық құн бар.

Сөзімді социалдық табын малдай
Өргізіп, өрісіңді түгел шарлай,
Өлкем! Көркем, өлеңмен ән шырқаймын,
Үнімді құлағыңа құйып балдай.

1935

БІЗДІҢ МАРШАЛ БУДЕННЫЙ

Шыққан күн шалған толқын секілденіп
Ту толқып. Қызыл алаң шат боп кеңіп,
Беттеді Мавзолейге миллион топ,
Әні бал, күлкілері күміс көрік.

Даусында оркестрдің қайрат, ерлік,
«Мынау күй ер елдік!» дегізерлік;
Шекара шым болаттан құйған қорған,
Сондықтан бізде шаттық, бізде ерлік!

Мен-дағы еріп топқа қалың бұйра,
Ақыл, ой қызыл тудай жайнап мида.
Келе жатсам, конница командирі
Түседі көзім маршал Буденныйға.

Жүгіртіп тұлғасына көзімді мен,
Жұмсап бар басымдағы сөзімді мен,
Кайткенде ұқтыруға біле алмаймын,
Кернеген жүрегімді сезімді мен.

Ардақты маршал Семен Михайлович!
Бойында найзағайдай бар қуат, күш.
Көзіме көрінесін ұябасар[1]
Бүркіттей қасқыр менен аю алғыш.

Шаттығы көптің — күлкің жылы нұрдан,
Ол нұр аттап өтеді ғасыр алдырмайды жылдан;
Сенің батыр тұлғаңды скульптор,
Еңбекпен зорға жасар мрамордан.

Кеудеде Ленин таққан жеті орден,
Батырлық қимылыңа сыйға берген;
Конница сен команда берсең егер,
Бір вершок жауға жерден.

---

[1] Ұябасар — бүркіттің ең қарулысы.

Бір батыр сендей-ақ боп туар ұлдан,
(Жолыңды келешекте қуар ұлдар!)
Белiңе берік таққан наган, қылыш
Большевик дүкенінде суарылған.

Келсең де орта жасқа күшің жалын,
Жалынмен қыздырасын ақын жанын;
Күзетте берік тұтқан қолда қалам
Ақыннан сәлем, жолдас Командарм[1]!

Кәрі тарих бетінде кейбір батыр,
Зорлыққа басшы болған нелер батыл,
Олардың қабіріне қарғыс жауған,
Халыққа мінезі мен ісі жат ұл.

Есіме алсам мен егер Ескендерді[2],
(Майданда тізеден қан кешкен ұлды)
Жазықсыз миллиондардың қанын төгіп,
Халықты атағымен сескендірді.

Есіме алсам, Әзірет-Әлі[3] мен,
Діншілдіктің қоңырсық жалынымен,
Өрттей жайпап халықты, жүрген жердің
Күйдірді өсімдігін тамырымен.

Есіме алсам, егер Шыңғысты мен,
Жер қыртысын өртеген зор күшпенен.
Халықты баудай турап, отай берген
Көзіме елестетем қылмысты мен.

Ескерсем Напалеон Бонапартты,
Өз басын ұтқызатын ойнап қартты,
Аз күндік әмірші боп тұрғанында,
Обалын сан момынның мойнына артты.

Сондайлар... «батыр» деген тағып атты,
Іздері авантюрист болып бақты,
Батырдың барымтасы, бауыздауы
Зәресін ап, қорыққан ел зар қақты.

---

[1] Армия командирі.
[2] Александр Македонский.
[3] Мұхамметтің әскер бастығы.

Ел талай көл-дария ғып жасын құйды,
Сол көз жасын халықтың Ленин тыйды.
Кемеңгер коммунистік партиясы
Өсірді баулып батыр Буденныйды.

Майданның маңдай алдын алып ылғи,
Буденный болды бейне жауға қырғи,
Жырлады жұрт жорығын Буденныйдың;
«И, ех; конная Буденного
Раскинулась в степи!»[1]

«Конная Буденного» күзетте сақ,
Ұшқан құсты шалатын астында ат;
СССР шекарасы болат қорған,
Аттап баса алмайды аяғын жат.

Бірақ жау аттаудың жүр амалында;
Басар бүр болмаса да табанында,
Болмаған бір зор соғыс болғалы тұр
Екі дүние сүзіскен заманында.

Ол дүне: фашизм мен коммунизм,
Соғыста фашизмнің лас ізін
Жойып жерден, адамның жазы туып;
Әділеттік жаңартпақ дүние жүзін.

Сол соғыста «Конная Буденного»
Майданда жауып нөсер жауға оғы,
Батырдың айбынынан жер тітіреп,
Жосылып жатпақ ашық болып жолы.

Күнінде жер жүзінің жауын жеңген,
Қымбат сый алғанында тағы елден,
Ардақты маршал Семен Михайлович,
Кеудеңе өлеңнен мен тағам орден!

1935

---

[1] «Солайша, Буденныйдың атты әскері жайылды ен далаға дүбірлетіп» С. М.

ОЛ ТУРАЛЫ ӘН МЕН КҮЙ

Мәскеу
Москорг.
Мың-жың жан.
Ішінде мен
Мыңға мыңқ етпейтұрын үй биік, кең.
Күліп көптің кескінін сүйеді күн,
Сұғып алтын сәулесін терезеден.

Құныға форточкалар тартып шаңды,
Жаңа ауа жұтып жұрт демін алды.
Москорг мырза,—
Мыңдардың мұңын тауып
Ауадан өзгеге де сусын қанды.

Бір топ тұр терлеп тығыз очередьте,
«Кездеме ме керегің?
Ұн ба, ет пе?»—
Деп сұраса біреулер,
Терлеген топ
Жауап бермей қарайды күліп бетке.

«Жоқ!—
Дейді топтан біреу,—
Тамақ, киім
Бар,
Бұл кезде қарын тоқ, бүтін иін.
Топ тұрған керек бұйым пластинка
Тыңдамақ сұлу әнін, тәтті күйін!»

Кимелеп очередьке кірдім мен де,
Очередь өзенді өрлей көшкен сеңге
Ұқсап, алды азайса,
Арты қаптап
Барады жылжып
Алды кеткен жөнге.

Лениннің ордені бар қазақ малшы,
Пластинка тұсына тұрып қарсы:
«Шырағым!—
Деді маған,—
Әне біреу
Күй табағын көп қылып
Сатып алшы!»
«Табақ па сізге таңсық?»
«Сандығы да
Керек,
Ақшам жетеді барлығына.
Бір мың сомды осыған жұмсап,
тағы
Киім-кешек аламын қалдығына».

Әуелі ақылдасып дедім:
«Ағай!
Патефон алуыңның мәні қалай?»
«Шырағым!—
Деді малшы,—
Драп пальто,
Барқыт, жібек, бастонды алдым талай.

Киім мен кеңес қылма тамақ жайын!
Тұрған жоқ мендей болып бұрын байың.
Салтанат, сәнді тұрмыс, сауық керек
Көңілім көкке өрлеп өскен сайын.

Шырағым, мәнім солай»,
Деп ол күлді,
Алдымызға қызметші
Әйел келді.
Сыпайы сөз, әдепті көзқараспен,
Сұраған патефонды алып берді.

«Қай ұлттық керек,— деді,— пластинка?»
«Жетерлік қазақшаны берді өлке,
Мейлі кімдік болсын сұлу әнді
Ұғуға деме, жолдас, маған ерте!»

Құлағын патефонның қойып бұрап,
Бірнеше пластинка алдық сұрап.

Ойлы кескін,
Ұғымды көз қараспен,
Малшы ән мен күйлерге түрді құлақ.

Көп әннің тұрса-дағы ұқпай сөзін,
Ырғақтың толқынына көміп өзін,
Әнменен бірге толқып,
Қосты энге
Ырғалаған бар денесін,
Қасын, көзін.

Кездессе ұнамсыз кей «Ширпотреб»[1]
«Әншейін ермек екен мынауың» деп,
Қызметші әйелге күле қарап,
Таңдаған табағынан алды ол көп.

— Осылар,—
Дейді әйел,—
Бізде бары!
— Керегім табылған жоқ түгел әлі.
— Тағы да не тілейсіз?
— Ленинге
Шығарған әншілердің қайда әні?

— Бар еді,— деді әйел,— бірақ, бәрі
Сатылып бітті бүгін.
Ертең тағы
Бұл кісі келсе, мұнда,
Түгелімен
Табылар құмар болып тұрған әні.
— Ауылға ертең емес, бүгін қайтам.
Ауылым сұрай қалса, немді айтам?—

Деп малшы қабақ шытты.
Сонда әйел
Аз тұрып күлімсіреп, басын шайқап:
— Барайын,— деді,— қазір складқа.
Малшым да жымиды, деп:
— Келме таппай!

---

[1] Көпшілікке қолайлы бұйым. Бұл арада «Сапасыз бұйым» мағынасында қолданылады.

Құшақтап кіргенде әйел,
«Табылды!» деп,
Жіберді малшы қолын шапалақтап.
Ойналып жөнелгенде ән қосқан күй,
Лық толып ән мен күйге кең зәулім үй.
Балқыған күйге малшы,
Жымың қағып,
Дей берді: «Ән, күй сүйсең, осыны сүй!»
Ән мен күй аяқтала,
Деді шалым:
— Қарашы, мынау әнге үйдің тарын!
Кең дүние кемеріне сияды әрең,
Бұл ән, күй қандырар-ақ
Ел құлағын!

1936

ЕКІ КЕЗДЕСУ

1

Турксиб тұлпар теңселіп,
Тайпалған жорға секілді,
Тырсылдап болат тұяғы
Желпілед желге кекілді.

Келді Талдықорғанға,
Машинист тартты тізгінін.
Тоқтады тұлпар арқырап,
«Күтіп тұр,— деп,— бізді кім?»

Терезеге телмірді
Гүл тұтқан жұрт іңкәрдай!
Күткен адам көрінді...
Күйі келген сұңқардай

Адам екен,
Көзінде
Күштің күндей фонары.
Жолбарыстай жоталы,
Қайратты қалың қабағы.

Сергей Киров екені
Тұлғасынан танылды.
Күткен қонақ, сый қонақ!
«Ура!» қолдар қағылды.

Тербетіп тәтті музыка,
Ойнады шаттық күйлерін.
Күлімдеп Киров жолдас та
Көріп көптің сүйгенін.

Жібек шәлі, шәй көйлек,
Барқыт камзол, қолда гүл

Тұр еді... әдеп сақтаған
Бейнеменен бір әйел.

— Досқожанова Нұрипа,
Еккені қант қызылша,
Орындайды жоспарын
Большевиктің қызынша,—

Деді жолдас райком.
Нұрипа гүлін Сергейге
Ұсынды,
Сергей қолдасты
Достық жүзбен жеңгейге.

— Гектардан қанша аласың?
— Әзірге бес жүз центнер.
— Жаса, жолдас, көп жаса,
Қолыңды, кәне, қайта бер!

— Қызылшаны бұдан да
Артық егіп беремін!
— Ісіңе түсің лайық,
Сертіңе, құрбым, сенемін.

2

Турксиб тұлпар теңселіп,
Тайпалған жорға секілді,
Тырс-тырс басып тұяғы
Желпітед желге кекілді.

Алты аттап айлықты
Волганы өтіп, елді өтіп,
Тымық күнді екпінді,
Дауылдатып, желдетіп.

Арқырап:
«Келдім» дегендей,
Адымын алшақ аттады
Мінгізгені үстіне
Съезд делегаттары.

Делегаттың біреуі
Большевиктің қызынша,

Бір мың бір жүз он тоғыз
Центнер алған қызылша.

Нұрипа еді,
Тұлпардан
Түсті о да халықпен.
Қарсы алды Қазан вокзалы,
Неше түрлі жарықпен.

Неше түрлі гүлдермен
Безеген екен денесін,
Бес тармақты жұлдыз тұр,
Нұрға бөлеп төбесін.

Жердің шарын жалғыз-ақ
Аттағандай адыммен
Ленин тұр,
Суреті
Бөленген ту-жалынмен.

Алдында жазу,
Бақыттың
Адамзатқа ұясы,—
Сөзінде қимыл, қуат, күш,—
Советтік Конституциясы.

Артына ерген армия
Политбюро ішінде,
Жолдас Сергей Киров тұр
Баяғы көрген пішінде.

Күндей күлген көзінде
Күштің жанар фонары.
Жолбарыстай жоталы,
Қайратты қалың қабағы.

«Жау оғы,— деді Нұрипа,—
Екен ғой әлсіз ерлерге,
Өлді, деген бекер боп
Съезге Киров келген бе?!

Сергей!.. Сәлем беремін,
Сүйікті ұл, большевик!

Өзіңе берген уәдемен,
Қызылшаны өлшеп ек,

Жүз он тоғыз асырдым,
Уәде қылған мыңнан да...
Съезден кейін қонақ бол
Келіп біздің қырманға!»

Қиял қонып тұғырға
«Өлгені Сергей,— деді,— рас!»
Домалап кетті кеудеге
Көзден түйдек тамған жас.

Жігерленіп Нұрипа,
Аққан жасын тыйды тез.
Орындауға ақылын
Кировқа тағы берді сөз.

Ардақтайды біздің ел,
Большевиктік бұйрықты.
Ардақтайды біздің ел
Большевик Сергей Кировты.

ЖЕМІСТІ АҒАШ

(Конституция күніне)

Суық түсі сұрғылт дала,
Өліктей боп қаны кепкен,
Тұрған кезде,
Октябрьдей
Жасыл желек туды көктем.

Ұлы Ленин бас бақшашы,
Сол далаға қазды арық,
Ленинизм бұлағынан
Кепкен дала сусынданып.

Гүлдер жайнап, сағым ойнап,
Жер құлпырды бейне бүліс.
Өсті егін:мақта, кендір,
Қауын, бидай, сұлы, күріш.

Бал бұлақтан сусындатып
Шығымы бай егісті,
Екті совет бір ағашты,
Бұтағы бай жемісті.

Бұл ағаштың етегінде,
Эверестер[1]— төбешік,
Ұшар басын ұялаған,
Күнменен тұр кеңесіп.

Жасыл желек бұтақтары,
Бір жүз жетпіс миллион,
Саясында сайрандайды
Алтыдан бір дүние.

---

[1] Эверес — дүниедегі ең биік шоқы.

Сайрандаған сұлу, көркем,
Бақтың балғын гүлінен,
Бұтақ басы сайрап бұлбұл,
Бал тамады үнінен.

Тамырлары терең сүңгіп
Тарап жатыр айнала,
Тесіп шығып өспек боп тез,
Тегіс: тау, қыр, сайға да.

Күтуден бір жалықпайды
Бұл ағашын бақшашы.
Күткен сайын жемістейді
Бақшашының бақшасы.

Биігінде бақыттың,
Бұзылмайтын ұясы,
Айтқанда атап бұл ағаш —
Советтің Конституциясы.

1936

«Н — ТЫСЯЧА»[1]

Ал, кәне, үш шарықтап, қиял құсым!
Қақсаң, қанат — қуатын «Н — Тысячам!»
Бұлтты желпіп, дауылды соңына ертіп,
Жетпей қонба Солтүстік жер полюсін!

Көк шатырын мойныңа тесіп кие,
Көктен асып, қанатың күнге тие,—
Ұшсаң қонар алдыңда аэродром
Гүл бағындай Солтүстік «Сияние».

«Сияние»— менің бір сүйер бағым,
«Ақ аюда» жырлағам сүйе жаным,
«Шұғыла» деп ат қойып, шалқып былай
Берген едім сыйпатын Шұғыланың:

Шұғыла атқан жаздың таңындай боп,
Сәулесі дөңгелене тамырлай кеп,
Бұлытқа шағылысты, боялды бұлт
Шебер шеккен кестелі шәйідей боп.

Толқынды нұр тулаған ағындай боп,
Жайнады нұр электр шамындай боп;
Құлпырды нұр тотының қанатындай,
Күлді нұр жас гүлдердің бағындай боп.

Батсайы шымылдықтай керіп ілген,
Етегі жайылымды басын бүрген;
Шұғыла көк жиегін жауып тұрып,
Бір кезде етегімен сара тілген —

Секілді жиырылды екі жаққа,
Төбесі гүл ораған бейне қақпа,
Қақпаның дөңгеленген жақтауынан
Мың түсті нұр тарады әр тарапқа.

---

[1] Самолеттің жорамалды маркасы.

Нұрын төгіп гауһар мұз құзды шыңға,
Аспаннан салбыраған алтын сырға,
Челюскиншіл ерлерді таңырқаған,
Шақырғандай болып тұр: — «Кел,—
деп,— мұнда!»

«Барам!»— деп Шмидт сонда берді сертті
Қуат жоқ большевиктің жеңген еркін,
Шмидтің сертін еркі бастап ұшып,
Бетпе-бет Шұғыланың көрді көркін.

Қызған қайрат қоймады таппасына,
Мекендеп Шұғыланың нақ қасына
Қағылды, бес тармақты біздің жұлдыз
Құлпырған мың бояулы қақпасына.

Шұғыла күндіз сөніп, түнде жанбақ,
Біздің жұлдыз күндіз де түнде маздап
Бір сөнбейді, сәулесін күндіз күнге,
Түн болса Шұғылаға бірдей жалғап.

Шұғыла осал қару — жыртылады,
Көкке керген бауы тез қырқылады,
Біз тіккен ту берік жіп, берік арқау,
Желбіреген сайын ол құлпырады.

Ендеше қауіптенбе, қиял құсым,
Қиял құсым, алыбым «Н — Тысячам»,
Жұлдыз жағып, ту тіккен біздің ерлер,
Мекендеп мұз теңізде жер полюсін.

Солтүстік Шұғыласы жанбаса да,
Мың түрге көк жиегін малмаса да,
Біздің жұлдыз, біздің ту Шұғыладан
Сәулелі де, сұлу да парласа да.

Сен, қиял — күн демей ұш, түн демей ұш!
Көкті киіп мойныңа, күн нұрын құш!
Көзіңе біздің жұлдыз ту көрінсе,
Полюс сол: қоналқаға сол жерге түс.

Мұхиттың мұзы — бейне бронетанк,
Бомбамен бұзу қиын оны жарып,

Біздің ту мен жұлдыздың жағалауы
Асфальтті аэродром қонсаң барып.

Водопьянов, Папанин, Шмидт ерлер,
Қонсаң, қайдан жүрсің?— деп сені тергер,
Сен оларға айт: «Мұнан бұрын да де,
Челюскин жорығына бірге ергем!»

Сен оларға айт: «Ақын бар, деді де,
Мен үшін қысып қолын ал, деді де,
Ұл туса, тусын совет ұлындай боп
Деп, әлемге саламын жар, деді де».

Сен оларға айт: «Ақын тасыды де,
Тасытқан коммунизм ғасыры де,
Ақындықтың бұлағы алып шықты
Жүректің түбіндегі асылын де».

Сен оларға айт: «Ақын асылың де,
Сыйым деп жеке қарабасының де,
Жіберді де,— сендерге ерлерім деп,
Таңдандырған ерлікпен ғасырын де».

Сен оларға айт: «Ақын ұранын де,
Баса шырқап, қаламы-құралын де,
Жұмсап жатыр мұз теңіз суын шөлге
Каналмен әкелудің планын де».

Сен оларға айт: «Ақын шөлдерді де,
Шөлдеген мыңдар ғасыр жерлерді де,
Мұз теңізден суарып, таңдандырам
Жайнаған өсімдікпен көргенді де».

1937

ЖЕР АЙНАЛҒАН ЖАЛАУЫМ

Жауын жауып, жиектен бұлт түрілсе,
Құлпырып мың, бақтың балғын гүліншe,—
«Кемпірқосақ» аспан, жерді қосақтап,
Жер аспанның лентасына ілінсе.

Желігетін еді ақын қиялы да
«Көкті көрмей,— деп,— жерге мен
сиям ба?
Көк лентасын көлбей ұшып, жер шарын
Орап түсем
Не бар екен жиһанда».

«Ақын қиял серігім ғой, шіркін» деп,
Айтпайтын ем «ұшпайсын, сен іркіл» деп,
Қиял — Антей, жері — адам,
Адамы
Ұшпай қиял ұмтылса да, іркілмек.

Қиял ұшып, мен жерде қап ере алмай,
Менсіз қиял өз күшіне сене алмай,
Жүруші еді арманда боп, жер шарын
Лента бойлап, ұшып көзбен көре алмай.

Коммунизм дәуірінде арманға
Жетпейтұғын біздіктерден жан бар ма?
Жоқ.
Қиял да жетті, міне, арманға
Чкаловпен Америкаға барғанда.

«Жер анасы, адам оның баласы»
«Мен де балаң» деуі — байдың жаласы.
Шын баласы жердің біздің большевик,
Ұл ма, жоқ па, міне, өзің қарашы:

Кім бар білген жерді біздей тарихта?
Бізден басқа жан полюске барып па?

Жоқ, барған жоқ, сүйген жердің полюсін
Барып көрген біздің ғана алыптар.

Қиындықты ер большевик жеңген соң,
Көру тұрсын, баса-көктеп кеудесін,
Адамзатқа жұмбақ болған полюстің
Түрді міне шұғылалы пердесін.

«Жаса, ұлым!— деді ана,— көп жаса!
Асырайын сені мен де анаша.
Таба білсең, ала білсең бойымда,
Менде байлық ұлан-асыр, тамаша!

Мен қартайдым, бетімде бар әжімім,
Демеймін мен бірақ әлі қажыдым.
Қажығам жоқ, жасартатын ұл болса,
Жасарғандай бойымда бар азығым.

«Өгей ұлдар жасартуға еріншек,
Жатып ішер, арамтамақ, еріншек.
Большевигім, жасарт мені, гүлденіп,
Болайын мен нұрлы жүзді келіншек!»

Өгей ұлға ананың бұл кінасы
Жалған емес, жанның сыры — расы,
Фашистердің бомбасынан қирады
Жер-ананың нелер асыл мұрасы —

Қиратылды. Талай адам қырылды.
«Өлтірді,— деп,— талай сүйген ұлымды»
Фашистерге нәлет айтты жер-ана,
«Төлеттірем,— дейді,— ертең құнымды!»

Құн әперер бар большевик батыры,
Фашистердің жақын заман ақыры.
Туған ұлдың еншісіне тиеді,
Жер-ана да, көктің көркем шатыры!

Қызылқұмын, мұз полюсін ананың
Аралауы батыр туған баланың,
Сүйген ана бетіндегі әжімін
Іздегені жадырату амалын.

Сөзсіз ертең құмға бақша егуі,
Сөзсіз ертең мұз теңіздің еруі,
Сөзсіз ертең қоймаларын жер ана
Мол сүтіне баласының бөгуі.

Жауын жауып жиектен бұлт түрілсе,
Құлпырып мың бақыттың балғын гүліне,
«Кемпірқосақ» аспан, жерді қосақтап,
Жер аспанның лентасына ілінсе.

Маршруты Чкаловтың елестеп,
«Бұл біздің ту, «кемпірқосақ» емес.
Ақын қиял таласады менімен,
Менде ой жоқ, қиялменен егеспек.

Даусыз сөзге несіне мен таласам,
Жердің шарын қай жағынан орасам,
Көрінді «кемпірқосақ» сықылды
Біздің жалау, мен аспанға қарасам.

1937

КОЛХОЗДЫ АУЫЛ ОСЫНДАЙ

Бар тәнін жұлдыз жапқан барқыт түнде,
Комбайнға күзетші шалмен бірге
Далада отырдым мен,
Құлағымды
Бірдей сап шал сөзіне, басқа үнге.

Шалымның аты Кенбай — сөз ұясы,
Басы, бір жалғанның кең дүниясы;
Ертегі, өлең, жырдың, шежіренің
Миы бай, көркем, сұлу антологиясы.

Сарқылмас сөзі таудың бұлағындай,
Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай;
Жортады желмаядай шал кеңеске
«Осылай болған екен, шырағымдай!»

Сусыным қанбай шалдың бұлағына,
Сөздері балдай жағып құлағыма,
Отырсам бізді тыңда дегендей боп,
Шулайды құс та, мал да, қыр аңы да.

Текелер пысқырынып бақылдайды,
Қаз қаңқылдап, сауысқан тақылдайды;
Аш қасқыр ұлып, үрген иттің даусы
Темірдей тиіп көкке шақылдайды.

Жайылған жылқыларын беттеп айды,
Түгендеп жылқышылар құраулайды;
Егінге жолай алмай күзетшіден
Ыза боп тырна қатты тыраулайды.

Ойнаған жастар заулап әндетеді,
Жаңғырып жер өмірге ән кетеді;
Ішінде сол қызықтың отырғанда,
Лезде көтерілді таң етегі.

Шығыс жақ ұқсап бейне біздің туға,
Малынды қып-қызыл боп алтын буға;
Торғын көк көлін көктің көлбей жүзген
Ұқсады күміс түкті күн аққуға.

Сүйем мен таңды тудай, туды таңдай;
Таң нұры жүрегімнің қаны-жандай,
Мен жырлап көрген емен жүрегімді,
Туым мен таң нұрына бірдей малмай.

Жүректі шалған сәуле күй қылындай
Сыңғырласа, саулап жыр тілімнен бай.
Мен ағызам, тамаша таңның нұры
Секілді маған совет символындай.

Советтің символындай сұлу таңға,
Бөленіп жанды-жансыз нұрланғанда...
Солардың таңды қарсы алған үні,
Толықсып, толқып сыймай тұрды маңға.

Толқыған күй қимылы тәнін тербей
Шыққандай саяхатқа серуендей.
Мал өріске, құс көлге, адам іске
Тізіліп қарап жатты керуендей.

Ниетпен ертеңіне егін ормақ,
Өткен кеш комбайнын колхоз оңдап,
Кенбайға тапсырғанда таң атқанша
Отыр деп ұры менен малдан қорғап.

Сақтығы нақ погран отрядтай,
Не қалғымай, шынтақтап яки жатпай,
Таң атқанда тапсырды Кенбай ағай
Комбайнды маңына жан жолатпай.

Жаурыны жап-жалпақ, шалқақ кеуде,
Сұңғақ бойлы, бітімді ұқсас дәуге.
Комбайншы рульде отырғанда,
Денесіне себілді күннен сәуле.

Ол өзі жігіт еді нұрға таңдың
Келбеті, көз бітімі ер боларлық,
Жүз процент сау шығып, военкомнан
Күз әскерге баруға алған жарлық.

Күресте жігіт емес беті қайтқан,
Еш қауіп жоқ жүрегін оның шайған.
Отанды жаудан қорғау, я табиғат
Байлығын алу оған бірдей майдан.

Желкілдек құлан жалын желпіп желге,
Тұяғын құрыш болат қашап жерге,
Трактор шыға келді паркінен теэ,
Жорыққа баратынын жарлап елге.

Жорығы оның барар егін жорық,
Піскен егін ой-қырға тегіс толып,
Толқып жатты, жиегі жер мен көкті
Астастырған кең, жалпақ, теңіз болып.

Кең теңіз ерсіл-қарсыл шалқып жатты,
Күлген күннің сәулесін тартып жатты;
Қызыл бидай қып-қызыл алтын қаймақ
Бетінде қап-қалың боп қалқып жатты.

Тракторшы жігіттің бұйрығына
Бойұсынып, комбайнды құйрығына
Тіркеп ап, трактор да таң қалдырды
Халықты жүрісіне, қимылына.

Күшіне жануардың қайран қалып,
Соңынан егін беттеп ерді халық;
Егінге кірді алып «Красиндей»
Малтыған мылқау, меңіреу мұзды жарып.

Денесі әрі алып, әрі епті,
Бір елі бөтен жаққа бұрмай бетті.
Жүргенде жанын сала, алған демнің
Дыбысы ендаланы дірілдетті.

Алқынбай, өкпе,танау қусырылмай,
Тетігі фабриктің ұршығындай,
Айналған комбайнның орағынан
Қырқылды егін жүннің қылшығындай.

Бір тісі қанша қырықса майырылмай,
Бір сабақтың басынан айырылмай,
Комбайн жұтты егін сабақтарын
Теңіздің балық жұтқан жайынындай.

Жұтқан сабақ сүйегі кемірілмей,
Қалмады, кемірілсе жемірілмей,
Саулады бір өңештен қызыл бидай,
Домнаның судай аққан теміріндей.

Жол болды ізі көштің сорабындай,
Сорап жолы алаша жолағындай,
Бидайдан тазаланып ұшқан қауыз,
Ұйтқыды желге қыстың боранындай.

Аққан бидай тынымсыз бір арылмай,
Тасыды бейне таудың бұлағындай,
Үйіліп сабан қалды, тасқын айдап
Сал болған өзеннің қу құрағындай.

Сия ма арнасына бұлақ тасса,
Жазыққа төгілмей ме жардан асса;
Бидай алтын қазына, оны төкпей
Құйып алып сақтайтын берік касса.—

Бар, ол касса — кең кебеже пятитонка!
Кебежесі болған емес оның орта;
Комбайн толған кезде пятитонка
Желмаядай келеді желе-жорта.

Мінгізген мыңды, көлік болған көпке
Берік бел, бауыры құт, алып — лөкке
Тиеді ауыр жүкті колхозшылар
«Жеткіз!— деп,— төкпей түгел үкіметке».

«Арт!— дейді,— ауыр қылып,— күліп
Кенбай,—
Егін көп, былтырғыдан биыл ел бай,
Жеке байды «бай» деп тек айтыпты ғой,
Боп көрген жоқ колхозға ешбір тең бай.

Колхозда жырту да той, егу де той,
Егінді шабу, соғу, бөлу де той,
Еңбекті тойлаттырған мемлекетке
Сыбаға ұлы тойдан беру де той.

Шофержан, машинаңа мол қылып арт,
Артарыңда қоямын жалғыз-ақ шарт,

Бұл жүгіңді бақытты тұрмыс берген
Партияға апарып тартуға тарт.

Сен оған айт: бір емес тобымыз де,
Әкеп тұрған бұл астық қорымыз де.
Бейбіт күнде нанымыз, соғыс болса,
Бір бидай жауларға бір оғымыз де.

Сен оған айт: төгілді нұр елге де;
Осы нұрды сөндірем дегенге де,
Колхозшының қаны да қас, ондай сұмды,
Жоямыз тізіп таптық көгенге де!»

Бас тартпай колхозшылар айтқан шарттан,
Путевка ап жолына Кенбай қарттан;
Тақтайдай грейдермен пятитонка
Жортып ала жөнелді бидай артқан.

Тымықты дауылдатып, желді үйіріп,
Жортақтап шабысына басты жүйрік;
Созылған бір көш жерге қою шаңнан
Шұбалта бұп-бұйра ғып тақты құйрық.

Бірдей ғып алысыңды, жуығыңды,
Апшысы басқан жердің құрылды,
Теңеді бұл шабысқа колхозшылар
Қобыланды батыр да Тайбурылды.

Шапқан сайын қайратқа бойы қызды,
Екпінді гуілдеді желдей ызғып,
Артына таң боп қарап тұрғандардан
Ілезде қарасын ол бір-ақ үзді.

Қарамай тымық күннің шыжуына
Қажымай оның өткір қызуына,
Тоймады колхозшылар комбайнның
Егінді орған, соққан қызығына.

Ергенде комбайнға жұрттың сөзі:
«Осыны ақылдының ойлап өзі
Шығарған болар,— дейді,— ол кісіге
Керек істің өнімі және тезі».

«Бір ғажап өзі соғып, өзі қырған!
Е, бәсе осы керек жұртқа!
Мынадай қолымызда көлік барда
Шапса да өте қоймас балта мұртқа!»

Теңіздей тұрған егін толқып, шалқып,
Толқынды айдаған жел демін тартып,
Алғандай тынып кешке, бар қаймағын
Комбайн шашыратпай алды қалқып.

Ымыртта бригадир енді тоқта
Деген соң колхозшылар келіп токқа,
Әр участок өзінің күндік ісін
Білуге есеп қылып қақты шотқа.

Есептеп әркім ісін шотқа қағып,
Күндік істің асыра орындалып
Қалғанын көрген кезде, күлді олар
Десіп «түгел біз бүгін Стаханов».

Көңілді орын еді токтың маңы,
Бақшадай жасыл орман батыс жағы;
Қасында айнадай көл, ақ шашағын
Жүзетін тамашалап аққулары.

Кемде-кем ондай көлдің тетелесі,
Көл — аққу, қаз, үйректің ет-енесі;
Енесін еміп өскен семіз құстың
Бұлтиған тостағандай бөтегесі.

Қамысы жас баланың білегіндей,
Ұлпасы екі құстың түлегіндей,
Көл айнала шыққан шөп омартаның
Ширатылған таза, шым жібегіндей.

Қайыңдар күмістің сом бақанындай,
Жиі терек әскердің қатарындай.
Бұтақтар жапырағы сылдыраған
Өзбектің батсайы шапанындай.

Сұрғылт талы құйылған қорғасындай,
Ырғалуы жылқының жорғасындай,
Жақұт, шие, ақықтай жидегінің
Тәттілігі Алматы алмасындай.

Тобылғы қырдың қызыл қынасындай,
Гүлі көздің жанады шырасындай;
Сайрауы гүлге қонған бұлбұлының
Қазақтың бұлбұл құсы Күләшындай.

Тұрар ма ондай жерде бой қызынбай;
Па шіркін, не бар оның қызығындай;
Ауасын жұтсаң, бейне жас биенің
Майдағы балдай уыз қымызындай.

Сол жерде тіккен шатыр, таза күйме,
Берілген егіншіге жатыр үйге;
Күймеде патефондар кешкі салқын
Ауаны толқындырып басты күйге.

Ән, күйге құлағын жұрт салып тұрды,
Сұлу күйге сусыны қанып тұрды.
Бұлтсыз, сүттей жарық айлы түнде
Қызыл ту жалындай боп жанып тұрды.

Ай туға төне қарап төкті нұрды,
Төккен нұрдан толқынды ту құлпырды,
Құлпырған ту қасында бас колхозшы —
Бақыт күні батпайтын Ленин тұрды.

Теңіздей кім шалқымас ондай кеште,
Далада алқа-қотан жұрт кеңеске.
Кіргенде сусындайтын қымыз келді,
Құйылған ысты саба, ысты меске.

Мол саба қандырады мұның бәрін,
Қытықтап қымыз исі мұрындарын,
Жұрт жұтып құмарлана денесінің
Қымыздан көрді лезде қызынғанын.

Қымызға қызық келіп араласты,
Көтеріңкі көңілдер судай тасты,
Қарқылдап күлді қарттар, ойын гүлі —
Ойнаған көріп өңшең өрім жасты.

«Не бар?— деп жекірмей шал қыз,
қатынға.
Елемей ескі тұрмыс, ұятын да,

Аралас әйел, еркек ойнағанда
Айналды дала бейне театрға.

Не,— десең,— бұл театр?— Сол театр —
Дағдылы театрдан зор театр,
Залы — аспан, сахнасы сұлу дала,
Артисі миллионнан мол театр.

Кім,— десең,— сонша артист — ол ма?—
Халық.
Ұлы Отаннан бақытты тұрмыс алып,
Шат сезімін кернеген көрсететін
Сауықта биге, күйге, әнге салып.

«Қара жорға» секілді би де сонда,
«Серпердей» сұлу, тәтті күй де сонда;
«Еділбайдай» ән сонда, соның бәрін
Көріп көкке иығым тиді сонда.

Бақыт құсы далаға қонып тұрды,
Дала шаттық күйіне толып тұрды;
Кең дала арнасына ән-күй сыймай,
Кемерден төгілгендей болып тұрды.

Не кемітіп, немесе асырмайын,
Бұл ән, күйге мен қалай қосылмайын;
Шын сүйетін колхозды ауылымның
Көрдім мен, рақатта осындайын.

1937

ГҮЛ БАҒЫНДАЙ ОТАНЫМ

Биыл... көктем кезінде... бір күн кешке,
Қиял шалқып, әрбір ой түсіп еске,
Түн бойы отырдым мен, шекпек болып
Қағазға сөзден сұлу көркем кесте.

Жібегім кесте тігер өте жалпақ,
Алпыс ұлтқа меншікті бірдей ортақ,
СССР өлкесі — ол, жер шарының
Алтыдан бірін алған ұлан-байтақ.

Дегенмен ақын сөздің фабригі,
Отанға кесте тігу лайық гүлі,
Қиын боп мен отырдым ұзақ уақыт
Кестемнің ойдағыдай келмей түрі.

Сөз деген жай әншейін ақ жібек жіп,
Ақ жібек жіпті әдемі бояй біліп,
Бояған жіпті бұзбай, үзбей және
Сұлулап ретімен орай біліп,

Өрнекті кесте тігу болды ауыр,
Миымда ой тербеліп соқты дауыл,
Сондай ауыр міндетті жүктемекші
Өзінің ақынына біздің дәуір.

Ой, қиялға дедім мен «құлашың жай!»
Желді күн көл айналған лашындай,
Жер шарын кетті кезіп, жылдамдығы
Жұлдыздай аққан, яки жай тасындай.

Қиялды ұшырып мен, шықтым тысқа,
Тереземнің алдында тау жақ тұста
Бар еді гүл бақшасы, сол бақшада
Сайраған құлақ тіктім бұлбұл құсқа.

Ол уақыт мезгіл екен таңның алды,
Тұр екен белуарлап тау аспанды,
Сол таудан тоты таңның боз пұшпағы
Мен тысқа шыққан кезде қылаңдады.

Кезгенде таудың қырқа, жотасын-ай,
Жағаның жіңішкелеу оқасындай,
Жылтыраған тау басы, таң біліне
Көрінді түйенің ақ ботасындай.

Екі көзім ақ бота — тауға төніп,
Таудан аса қараған таңға төніп,
Таңның нұры, сайраған бұлбұл үні
Көтерілген көңілді бірдей бөліп.

Жүрдім мен гүл бағында ерсіл-қарсыл,
Ұққанда таңда сұлу ғажап бар сыр.
Таң сәулесін қолтықтап көкке өрлеп,
Кетті шырқап биіктеп көңіл таңшыл.

Гүл бағы сол уақытта қасымдағы,
Бүріліп гүлдің қабы басындағы.
Кезі екен шашақтанып гүл жапырақ
Жарқырап дайын тұрған ашылғалы.

Құлпырған секілденіп тоты түгі
Тамаша таң емес пе гүлдің гүлі,
Тайдырмай тұсай көздің қарашығын
Еріксіз бағындырды таңның нұры.

Алтын таң ұқсап бейне біздің туға
Малынды қып-қызыл боп нарттай буға,
Торғын көк, көлін көктің көлбей жүзген
Ұқсады күміс түкті күн аққуға.

Сол кезде түсіп еді гүлге көзім,
Таңдандым көркем гүлге серпіп сезім.
Нелер түс сұлу гүлдер елестетті
Маған таңның күн енді шығар көзін.

Гүл-шешек құшаққа алып атар таңды,
Таң гүлдене гүл-дағы шешек жарды.
Шыққан күн күміс сәуле сеуіп, бүліс
Жайнап гүл мың құлпырып ажарланды.

Сол кезде оралып кеп маған қиял:
— Кестеге бояу таптым,— деді,— құяр.
— Ол не?— деп ем,
— Таң гүл, күн,— деді маған
— Сөз екен,— дедім,— мұның ойға сияр.

Таң, гүл, күнді көргенде түсті еске,
Міне, бұл, біздің елге лайық кесте.
Тотыдай таң — Октябрь,
Күн — СССР,
Партияның лебізі — нұр емес пе!

Бақытқа алтын қақпа ашқан заңы,
Қақпадан кірсең іші алма бағы,
Тілге тәтті, денеге әл-қуатты
Береді атқан таңдай алмалары.

1937

ЖҮРЕГІМДІ МАНДАТ ҚЫП

Табиғат тарихында бірінші рет,
Түннің қара қылшықты түгі түлеп,
Түн күндізге айналып, қалғытпады
Түн болса тынығымпаз миды жүрек.

Көлемі жұмыртқадай болса-дағы,
Маған жүрек бейне бір жердің шары.
Жер уызы — миллион градус от
Секілді жүректің де ыстық қаны.

Тебіренсе жер уызы, ол асауды
Тоқтатуға болмайды: асқар тауды
Сілкеді сыртылдатып қатпар тасын,
Желпеді үрлегендей жел жалауды.

Жүректің қайнағанда уыз қаны
Дірілдеп сілкінеді оның қабы.
Сол кезде, сатыр-күтір тау тасындай
Қимылға айналады дене-дағы.

Он бірінші декабрь күні кешке,
Он екінші декабрь түсіп еске,
Қалғытпай миды жүрек, жүрт ұйқтамай,
Бұл түнді болмады бір күн демеске.

Жүз жетпіс миллионнан астам жүрек,
Бірдей қайнап, бәрінде бір-ақ тілек,
Тебіреніп, қалғымпаз ми тынықпай,
Түн күндізге айналды түгі түлеп.

«Бекерге қара мақпал жамыласың!»
Еркіме көніп менің бағынасың!»
Деп түнге отты жүрек бұйрық беріп,
Түн көніп өзгертті «түн» мағынасын.

Сол түні жүректің мен жетегіне
Еріп, сыймай денем кең пәтеріме,
Іңірде шықтым тысқа; кеудем көкке
Асқақтап Алатаудай көтеріле.

Ой толқыса ақынға тауың төмпе,
Шарықтап лашындай түгі бөрте,
Асып ем Алатаудан, жерде төсек
Боп қалды түн жамылған мақпал көрпе.

Түн көрпесін аяққа таптай бастым,
Бастым да, шырқап әрі қарай астым.
«Күндіз», «түнді» білмейтін, күннен сәуле
Алатын жұлдыздармен араластым.

Сонда маған келген ой не десеңіз,
Ленин күн, маңында біздер жұлдыз.
Үздіксіз күн нұрынан сәулеленген
Көктегі көк жұлдыздай біз де бірміз!

«Түн тұрмақ, жердің күнсіз пұшпағында,
Жұлдыз күнге, біз Ленин штабына
Көз тігіп, жұлдыз — көктің, біздер жердің
Тұрамыз мәңгі-бақи ұшпағында.[1]

«Сондықтан он екінші декабрьде,
СССР — азаматы жұп боп бірге
Сұлу ән мен сұлу күй сусындатты
Көп жұлдыз көз тіккендей көкте күнге!»

Көктегі көп жұлдыздан алып үлгі,
Есіме түсірдім де сайлау күнді,—
Мекеніне кеп қондым: мезгіл екен
Москваша сағат алты болған түнгі.

Күміс қардың үстімен ұндай үкпе,
Жалтылдап бриллианттай тізген жіпке,
Тізіліп барады жұрт бар көшеде
Даусын беретұғын участокке.

---

[1] Ұшпақ — жұмақ деген сөз. Бірақ, халықтың ұғымында «ұшпақ» діп мағнасын өзгертіп: «рақат, бақыт» деген мағнаға айналған.

Көшелер электрден сүттей жарық,
Ілген ту көше бойлап оттай жанып,
Барқыттай жұмсақ, балдай тәтті ән, күй,
Теңіздей тұр ауада толқынданып.

Ән тыңдап Алатаудың құз, тасы да,
Ән тыңдап Алматының қаласы да,
Ән тыңдап арық бойлай аққан бұлақ,
Ән тыңдап алмалардың ағашы да.

Ән тыңдап Алатаудың алабы да,
Ән тыңдап алабында адамы да,
Сұлу ән мен сұлу күй сусындатты
Тауды да, теңізді де, даланы да.

Құлағым сусындады ән тыңдағыш,
Бұл ән, күйдің бәрі де маған таныс.
Әйткенмен тыңдай қоймай, өзім-дағы
Көтере сұлу әнге қостым дауыс.

Бақыт құсы далаға қонып тұрды,
Дала шаттық күйіне толып тұрды,
Кең дала арнасына ән, күй сыймай
Кемерден төгілгендей болып тұрды.

Қалқытқандай теңізде су кемені,
Осы күйдің толқыны көпті, мені
Жүргізді, жылдам, көрдім лезде мен
Қырық төртінші сайлаулық учаскені.

1937

ЕЛКА

Балалар, бізге елкаға
Келді міне дед Мороз;[1]
Кел, дед Мороз, дед Мороз,
Жоғары шық, төрге оз!

Сақалың сұлу күмістей,
Кіршіксіз киім қардай боз;
Елкаға кел, баланың —
Сәлемін ал, қолың соз!

Тоңсаң жылын, дед Мороз,
Елканың оты жағылған,
Шығым жылы болсын деп,
Елка тонын жамылған.

Қызықты тоным болсын деп,
Қымбатты заттар тағынған;
Елкаға кел, ардақты
Дед Мороз, қырау жамылған.

Дед Мороз, бойың баладан
Анағұрлым аласа,
Болсаң да тапал, қылығың,
Мінезің сенің тамаша.

Безенген сұлу заттармен
Елкаға егер қарасаң —
Күлімдейді кескінің
Шат көңілді балаша.

Кел, дед Мороз, елканы
Балалармен тойлайық.
Көтере шырқап дауысты,
Ән салайық, ойнайық!

---

[1] Аяз-ата

Заманның біз бұлбұлы,
Жазы, қысы сайрайық,
Өмір қызық елкадай,
Елкадай біз де жайнайық.

Біздің Отан жазбен тең,
Сыйлайды суық қыстарын;
Күмістей қымбат көреміз,
Ақ қардың біз мысқалын.

1938

ТАУҒА ШЫҚҚАНДА

Алатауға қарасаң
Шөккен ақбас бурадай;
Найза шыңды өркештей,
Қарағайы шудадай.

Шудасынан сипауға,
Өркешіне мінуге;
Күнді киіп, аспанды
Иығына ілуге —

Мен де, жұрт та құмармыз,
Сол құмардан тарқауға,
Бірнеше жолдас бір күні
Шықтық өрлеп бір тауға.

Тау дегенім тас емес,
Мақпал қара топырақ —
Бөгеді бізді тоты гүл,
Назданып жолда жатып ап.

Гүл сабағы кеудеден
Келетін жібек шырмауық;
Шырмауық басы мың бояу
Құлпырып тұрған бір мауыт.

Әрбір гүлдің жұпарын
Жұлмай иіскеп орнында,
Кездестік біз бір кезде
Бұлақты қалың шалғынға.

Бүлкілдеп аққан бұлақтың
Бұйра бетін сүйіп күн.
Ырғиды меруерт су тастан
Лағындай киіктің.

Бұлақтың екі қанатын
Бойлай өскен алма ағаш;
Алмалары піскенде
Ұқсас атқан таңға ағаш.

Құлпырған тоты таң бейне
Ағаш жоқ сұлу нақ мұндай.
Ішінде көркем ағаштың
Көрдім бір зат аққудай.

Жақындап ем аққуым —
Қаз-қатар тіккен ақ шатыр.
Бір әйел көрдік, сұрадық
Деп «бұларда кім жатыр?»

— Пионерлер сабағын
Бітіріп шыққан лагерьге.
Сонау тауға әкетті
Вожатыйы бәрін де.

«Сонау тауын» тауып ек,
Шаншыла шыққан шың екен;
Шыңның биік басынан
Су сарқырап тұр екен.

Тау елінен кешірім,
Сұраймын оған таппай ат;
Орысша аты ол судың
Әдемі ат — «Водопад».

Сарқылмайтын себебі
Көшкін иген водопад.
Тамашалап Лермонтов,
Пушкин сүйген водопад...

Сүйем сені, водопад,
Лермонтов пен Пушкиндей,
Сұлусың-ақ сен, өзің
Сүйгізетін ескірмей.

Саған әлі, водопад,
Жырыммен талай оралам,
Әзірге ұзап кетпейін
Пионерден, баладан.

Водопадтың қасында
Бар екен бір кең алап,
Кең алапқа келдік біз
Водопадты жағалап.

Алапта футбол ойнаған
Бір топ бала көрдік біз;
Қимылына, түріне
Көзді қадай төндік біз.

Қимылдаса бұлшығы
Зырлайды бейне ұршықтай;
Жылдамдығы жүгірсе,
Оқша ұшатын шыпшықтай.

Ептілігі топ қақса,
Үйрек ілгіш лашын;
Сермемейді қатеден
Аяғы мен құлашын.

Жүгіреді топ теуіп,
Бұлшықтары бүлкілдей,
Күн жалаған денесі
Жылтырайды никельдей.

Кеуделері бүркіттей,
Бар денесі палуан;
Бұндай дене аз көрдім,
Ұрпақты көріп алуан.

«Ұл, қыз туса осындай
Тусын» дедім ішімнен.
«Бала өссе осындай
Өссін!»— дедім,— пішінмен!

Футбол бітті, балалар
Водопадқа шомылды,
Күлкісі күміс көбіктей
Шашылды... неткен көңілді!

Отличник, пионер
Сұрастырсақ бәрі де;
Жөнелтіп еді лагерьге
Келтірді тауды сәніне.

Олар айтқан сұлу ән
Жаңғырды таудың шыңына,
Шың өзенге лақтырып,
Қосылды су жырына.

Су құраққа сілтеп ед,
Сыбдырады құрақ та,
Тау, су, құрақ, гүл, ағаш
Хор естіртті құлаққа.

Бұл не үн деп қайран ғап
Секіріп шығып биікке,
Түрді қалқан құлағын
Осы хорға киік те.

Ыстықта ауыр денесін
Шыңға сүйреп баруға,
Ерінбей келіп тыңдады
Осы әнді аю да.

Ербиіп мүйіз, тұяғы
Сүріне тасқа, жығыла
Бұл әнді келіп тыңдады
Таутеке, арқар, бұғы да.

Үйренбеген аяғы
Не желіс, не аяңға,
Зымырап жүріп бұл әнді
Тыңдады қорқақ қоян да.

Алған аңның майлы еті
Жүрегін бей-жай кілкіткен.
Тыңдады әнді ағашта
Отырған қалғып бүркіт те.

«Мынау ғажап ән екен,
Қайдан келді бұл мұнда?»
Деп таңданып, ән тыңдап,
Доғарды әнін бұлбұл да.

...Сондай қызық көрдім мен
Өткен жазда, шілдеде,
Тұрарлық биыл ойым бар,
Солармен тауда бірге де.

Биыл жазсам сендерді
Бұлай жазбан, балалар;
Не ісімен үлгілі,
Не мінезді бала бар?—

Мен жазармын соларды
Шамамша толық суреттеп,
Бұл өлеңім сол жырға
Бастауыш қана бір бет тек.

1938

СӨЗ — СОВЕТТІК АРМИЯ

1

Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені,
Жүректің шахтасынан халық оны —
Мыңдаған жылдар қазып, кен тасына
Тереңнен әрең барып жетті қолы.

Жеткен соң қолы сөздің кен тасына,
Кен күйінде қазына бомбасына
Түсініп, қорытуға әкеп төкті
Мидың мың градустық домнасына.

Мың градус ыстықтың қызуымен
Шымырлап қайнап, майдай шыжыды кен,
Шыжықтан шым болаттай мөп-мөлдір боп,
Шүпілдеп төгілуге жүзіді кен.

Қалың қаймақ көбікті, беті күлген,
Ажары артық жанған қызыл гүлден.
Сөз тасқыны көмейдің түтігі
Фонтандай атқылады саулап тілден.

Тіл тасқыны құлашын қаусырмады,
Болмады бөгет жолда тау шыңдары,
Теңіздей шалқыған сөз кең жайылып,
Мейірі қанып, халық сусындады.

Халықтың мойнында масыл залым,
Халықтан бүркеп сөздің асылдарын.
Сыртқа шықпай, ішінде кептеліп сөз,
Өткізді құлдар нелер ғасырларын.

Тұрмады бірақ тыныш тұсауда сөз:
Ұқсап бейне албырт күш асауға сөз,
Тулап, тістеп, теуіп ол құлданғанды,
Тынымсыз арпалысты босауға сөз.

2

Бұрын да сөз орын ап ел төрінен,
Сый тартып халыққа ең көркемінен,
Саулады мөлдір меруерт бұлақтай ол,
Тәтті қиял, бал дәмді ертегіден.

Тарихтың қиырдағы шөлінде ол,
«Бала қоғам» гректің елінде ол,
«Илиада»», «Одиссея» теңіздерін
Жасап, саулап құйылды Гомерден ол.

Болмаған күні қонып, қанат жайған,
Майданда сөзден қару-жарақ жиған,
Тасқын болып саулаған сарқылмай сөз,
Римша плебейшіл Горацийдан.

Иранның бар тарихын кең қаусырған,
Бөлмеген ақын үнін ел даусынан,
Тасқын болып саулаған сарқылмай сөз,
Атақты Абулқасым Фердоусидан.

Шеттен жау талағанда халқын келіп,
Князь Игорь, соңынан ерген полк
Тұтылғанда, Святославтан сөз
Саулаған ұшан-теңіз алтын болып.

Тағдыры ортақ елі, жеріменен,
Ханға қарсы, елінен жерімеген.
«Еменге иір біткен бұтақ»— батыр
Дос болған Махамбет сөз өріменен.

«Шын адам махаббатпен еркін сүйген,
Көңілге алған ойға жетіп үйрен!»
Деп ерікті көксеген, жалын жанды,
Саулаған сөз тасқын боп Шекспирден.

Махаббат һауасымен тыныстаған,
Қолына күйрек, нәзік гүл ұстаған,
Тасқын болып саулаған сарқылмай сөз
Жасты көз, жұқа жанды Руссодан.

Сан міндетін мойнынан өтеген сөз,
Тауды бұзып, тас жарып төтеден сөз,

Жол ашып, көркем сөздің кең арнасы —
Саулаған тасқын болып Гетеден сөз.

Сан ғасыр жасаса да ескірмей сөз,
Шын дос болса бас тартпай ешкімнен сөз.
Сарқылмайтын толқынды тасқынымен
Саулады Александр Пушкиннен сөз.

Шын ақынның ұлтына қарай ма сөз?
Жан қимас жолдас болды талайға сөз,
Суарып қазақтың кең шөл даласын
Саулады сел, тасқын боп Абайдан сөз.

Қымбатты қазынам деп ел сүйген сөз,
Елдің қамын жоқтаған ер сүйген сөз,
Саулады сел-тасқын боп сарқылмайтын
Революция дауылпазы Горькийден сөз.

Әлденіп әлсіз, басын күшті иген кез,
Босанып бойға еркін күш тиген сөз.
Жаңбырдай құйылдық оқ боп,
революция
Ұраншылы Маяковскийден сөз.

Әлемге Ленин үнін әкелген сөз,
Сан жүлде еңбекшіге әперген сөз,
Қазақтан алғаш ұшқан — Қызыл Сұңқар,
Аспанда шарықтады Сәкеннен сөз.

Жазушы, драматург, ақынды сөз,
Ісіне Ұлы майдан шақырды сөз,
Олардың қамалынан досты алғап
Дұшпанды қарғап, оқ боп атылды сөз.

Халықтың көңіліне ұнағанды,
«Көркем ғып жаз!» деп халық сұрағанды.
Жасап олар, халыққа берді талай
Поэма, пьеса мен романды.

Көркем сөздің тозған бөз жейдесін сөз,
Сыпырып, оның зарлы кеудесін сөз
Аршып қайғы-зарынан, көркем сөздің,
Келтірді айқын, ашық бейнесін сөз.

3

Фашизм пиғылы пасық құтырған аң,
Көзі күңгірт, көбікті аузында қан.
Тарпа бассап талайды әлі келсе,
Табанына тапталып адамдық заң.

Билетіп сұм фашизм бойын жынға,
Құлап қирап өлетін шығып шыңға,
Ұлиды қарап тұрып қаны қашып,
Бақытты біздің Отан СССР-ға.

Құтырған аң егер де шаппақ болса,
Улы тісін батыра қаппақ болса,
Сау денеге ауру жұқтырмақ боп,
Сасық қанды көбігін жақпақ болса;

«Отаннан таспадай жер берме жатқа!»—
Деп бұйрық беріп барлық азаматқа,
СССР елінің бас командирі —
Партия туды ұстап, мінсе атқа.

Екпіні желді тұсап, бұлтты үйіріп,
«Жауларды шөптей жапыр!» деп бұйырып,
Аттанса қызыләскер маршалдары:
Буденный, Тимошенко, Ворошилов.

Жаулардың сырын ашқан талай кезең,
Отанды сақ күзеткен оғын безең.
Аттанса Эн-Кә-Вә-Дә әскерлері,
Жаудырып жаңбырдай оқ, қылыш безең.

Даусы гудоктердің жерді жарып,
Ұрандап шахта, фабрик, поезд, завод.
Аттанса қалың қолы жұмыскердің
Алдында командирі Стаханов.

Комбайн, тракторы кең өлкені
Күңрентіп колхоздың әйел, ері
Аттанса әйел демей командир ғып,
Алдына Нұрипа мен Демченконы.

Ел жұмылған майданнан қалмай шетте,
Аралас қоян-қолтық еріп көпке,

Аттанса, өнер-білім командирі:
Инженер, профессор, педагог те.

Алпыс ұлт, бір жүз жетпіс миллион жан,
Бірі қалмай бір жандай қосып ұран,
Дүниенің тағдыры шешілетін,
Құрылса осындай бір ұлы майдан.

Ұранға даусын қосып осы кезде,
Ең алдыңғы қатарда түсіп көзге,
Майданға аттанбақшы ақындардың
Жүрегін жарып шыққан жалын сөз дел

Фашизмнен Отанды тынбай қорып,
Жаудың бетін қайтара жасап жорық.
Құрылмақ ақындардың сөздерінен
Армиялар, корпустар, сансыз полк.

Боп сонда сыя теңіз, қалам кеме,
Сөз теңізге балықтай қаптап ере,
Сүңгуір қайық болып сүңгімен сөз,
Дұшпанның кемесінің түбін сөге.

Кітаптың қағаздары самолет боп,
Қаздай қалқып аспанға, жауға беттеп,
Зениттік орудия атқыласа.
Шалдырмай өтпек үстін баса-көктеп.

«СССР» атты қызыл тағып цифр,
Ұшқырлығы дерліктей «мынау сыйқыр!»
Өлең жазған қағаздар қан майданда
Атқармақ қызметін истребитель.

Жаңбырдай нөсерлетіп бұлт төккен,
Күн көзін көлеңкелеп жауға көктен,
Өлеңнен ағытылып түспек жолдар
Секіріп самолеттен парашютпен.

Жау әскерін үркітіп бөріктіре,
Еңбекшіні соңынан еріттіре,—
Сөз қолына мылтығын берік ұстап,
Жалынды таратпақшы үгітті де.

Әскерін тас-талқан ғып жаудың тозғын,
Ұшқынын найзағайдай шашып қоздың.
Поэмалар майданда армай-талмай
Атқармақ қызметін бомбовоздың.

Бомбовоз бомбаны мол жеткізеді,
Бұршақтай бұрқырата төккізеді,
Полкін, паркін жаулардың күл-талқан
ғып,
Жеміріп жермен-жексен еткізеді.

Күркіреген күн даусы — дауыл екпін,
Құлағын керең қылып жер мен көктің,
Проза атқарады қызметін —
Ауыр артиллерияда зеңбіректің.

Күндіз демей, түн демей жанталасып,
Қанды майдан ішіне араласып,
Очерктер разведка қызметін
Атқарады тынбастан хабар тасып.

Мәдени майданды алып үлесіне,
Майданда сауық қойып, тыл ішіне,
Әскерге рухани азық беріп,
Алмайды дамыл, тыныштық пьесе де.

Майданда не қимыл теріс,
не қимыл оң,
Зор бәйгеде кім неге қалады соң?—
Солардың себептерін ашып айтып,
Өзара сын жасайды фельетон.

Тағдыры шешер күні жер шарының,
Жасымның кезі болып дер шағының,
Ең зоры тілегімнің: бірі болсам,
Майданда поэзия маршалының!

1938

Сүйген кезде алтын күн
Таңның күміс маңдайын.
Тракторға тіркелді —
Күйіне келген комбайн.

Комбайнды күтуші,
Жүргізуші Далабай —
Жас жігіт, бірақ, колхозға —
Ақылшы, басшы ағадай.

Бір мінезі — Далабай
Жас та болса балажан;
Сегізде оның ұлы бар,
Өз жанына балаған.

Аты Марат: дені сау,
Денесі зор, елгезек.
Ақылды, ойлы, «айыбы»—
Азырақ тентек... ер, өжет;

Көрімпаз және сұрампаз,
Ұғымпаз, зирек, талапты,
Жұрт сүйеді сондықтан,
Болса да тентек Маратты.

Биыл колхоз егінін
Орған күннен бастап ол,
Әкесінен қалмады.
Ойынды қиып тастап ол.

Әкесі айтты Маратқа:
— Бар ма, деді есіңде?—
— Немене, папа?
— Не деп ем,
Кешегі күннің кешінде?

— Не деп ең, папа, ұмыттым?
— Сентябрьдің нешесі?
— Бірі
— Енді ұқтың ба?
Айтқаным менің кеше осы!

Мектепке барсаң, қалқам, сен,
Мол егінді егесің!
Отыз екі әріптен
Егінге тұқым себесің!

Бастаушың мектеп, Маратжан,
Бейне бір сенің көктемің,
Жап-жасыл боп тебендеп
Шығады сенің еккенің.

Орта мектеп, Маратжан,
Бейне бір сенің шілдеңдей;
Тұра ма егін шілдеде
Дәнденбей және гүлденбей.

Жоғарғы мектеп, Маратжан,
Бейне бір сенің күзіңдей.
Тұрады толып дән сонда,
Сабақтан зорға үзілмей.

Сол егінге, Маратжан,
Комбайнер боласың!
Мектепте — егін, Маратжан,
Оқудан астық орасың!

Бұл айтқан сөз кеше де
Қонған еді Маратқа,
Бүгін де қонып, қарады ол
Егіндік кең алапқа.

Егін менен ауылдың
Жақын еді арасы.
Теңіздей толқып тұр екен
Шығымды егін даласы.

Ауырлығы дәнінің
Қорғасын басқан салмақтай,

Тарылары бидайдай,
Бидайлары бармақтай.

Мол егіннің теңізі
Толқығанда ырғалып,
Қызыл шырай өң берді,
Бояуға алтын күн малып!

Әкесі айтқан егінді
Осындай ғып екпекке,
Бармақ боп Марат оқуға
Бекітті ойын мектепке.

— Мектепке, папа, барамын!—
Айтқан кезде деп ұлы,
— Бар, сәулем,— деді әкесі,—
Мектеп — білім егіні.

1938

ВАЛЕРИЙ ЧКАЛОВ

Кеше кешке
Көшеде келе жаттым,
«Вечерняя Алма-Ата!»[1]
— деп құлақтың
Мазасын ап газетші.
Бірін мен де
Алып оқып,
Таңданып тұра қаппын:
«Чкалов қаза тапты!»—
Деген хабар
«Апыр-ау, рас па?»
Деп көкке бақтым.
Себебі дегем былтыр —
«Жаса ерім!
Жер шарын шолып, қызыл жалау тақтың!»

Кеше күндіз қар жауып белуардан,
Тауға қайтып кешке бұлт, келген таудан,
Ашық аспан бетінде жиі жұлдыз
Тұр екен қап-қалың боп қардай жауған.

Биікте, сол уақытта шолып көкті,
Москваға, Кремльге түзеп бетті,
Жұлдыздай жарқыраған фонары бар
Көрдім мен ұшқан биік самолетті.

Самолеттің жұлдыздай фонарына,
Қадала екі көзім қарады да,
Жөнелтіп салып оны
Кең аспанның
Қыдырды ұлан-байтақ алабына.
Аспанның төбесінде, шетіндегі
Әр жұлдыз бір самолет секілденді,

[1] Газеттің аты.

Ең жарық «Темірқазық» көрінгенде,
Еске алдым «Темірқазық» секілді ерді.

Чкалов!
Деген ерім!— «Темірқазық!»
Ауа емес, Эфирден алып азық,
Отанымның қырағы сұңқарындай
Кім ұшты сол биікке қанат жазып?

Мыңдар ғасыр жымиған жұлдыздарды,
Жерге жақын келтірмей көк қызғанды,
Чкаловтан кім бұрын барып сүйген
Көк сұлуы сыланған сол қыздарды?

Кім бұрын барып одан көкті сүйді?
Кім көктен одан бұрын киіт киді?
Күн оны емес, ол күнді іздеп барып,
Кімге күн
Одан бұрын басын иді.

Жұмыр жер кімге ондай шаршыланды?
Кімнің ондай келуін таң сұранды?
Түн де күндіз, күндіз де күндіз болып
Кім күнді қайда барса қарсы алды?

Айтшы өзің, осындай ерге кім пар?!
«Көруге барлық адам болған іңкәр
Бұл кім — десең —
Чкалов! Жер қыраны
Советте туған алмас қанат сұңқар!
Сол сұңқар қаза тапты әлдеқалай,
«Тумақ, өлмек» табиғат заңы солай.
Ердің ісі еңбекші елге үлгі,
Ол үлгіні ұстайды ерлер талай.

«Өлдіге» қимай ерді бой мұздады,
Мұздай сала, лезде қан қызғаны,—
Бұл өлімге білдірді өкінгенін
Біз түгіл көктегі көп жұлдыз-дағы.

Шарықтап шырқап көкке қанат жазып,
Алатұғын эфирден барып азық.
Советтік сұңқар шырқап жолға шықса,
Чкалов алдарында «Темірқазық!»

ЖАСТЫҚ ТУРАЛЫ ЖЫР

«Оян» —
Деген есітіп таңнан ұран,
Мен көбіне таңертең ерте тұрам.
Далаға шықсам,
Күңгірт батыс жаққа,
Барады жиырылып түнгі тұман.

Таң түннің ыдыратып шетін сөге,
Болады ол уақытта алакөбе,
Оянып ұйқысынан көзі жайнап
Қарайды әлденеге аспан төне.

Аспан төнген шығысқа мен де төнем,
Аспаннан ойым биік,
денем төмен.
Аспан да, мен де күткен ардақтының
Бетінен мен
Аспанның бұрын өбем.

Ардақтым — таң: көркем бет, сұлу тұлға,
Тұлға көркі тозбайтын мыңдар жылға.
Қыс, көктемді, жаз, күзді елемей ол
Бәрін бірдей бөлейді гүлді нұрға.

Таранып тоты құстай таң баптанып,
Әуел қызыл-күрең жай нарттанып,
Бір кезде мың құбылып,
Биік аспан
Бойына кетеді кең тармақталып.

Сонда мен өзімді-өзім ұмытам да,
Ғашықтай күлген жүзі жылы таңға,
«Құшағыңа ал!»— десем,
Шымқай жібек
Батсайыға бөлейді мені таң да.

Жатпаймын бөленіп жай еріншектей,
Ондайда тұра ма жан шегіншектей?
Сүйемін құмарлана таңды беттен
Ажары гүл жайнаған келіншектей.

Сүйем де,
Қызынамын, жалындаймын,
Жалын шалған майдай боп дауылдаймын.
Құмардан шықпай, (шығу мүмкін емес).
Келеді жетіп таңның жарындай күн.

Кербез таң күнді құшқан ойды мас қып,
Балқытып күннің нұры бойды мас қып,
Жерде тұрып, «не көрдім?» десем:
Ойға
Түседі таңдай сұлу, мәңгі жастық!

Жастық та мәңгі сұлу, сұлу таңдай,
Жастық, таң қатар тұрса бірін таңдай —
Алмаймын,
Екеуі де бірдей қымбат,
Өмірімде ең қымбат шыбын жандай.

Жастық та, таң да маған бірдей қымбат,
Екеуін шалқиды жан бірдей жырлап,
Үшінші бір қымбат бар —
Оным көктем,
Көктемде — тоты таңдай көрем гүл-бақ.

Атса да қыстығүні тотыдай таң,
Таң нұрын тамашалар қарда жоқ жан.
Ал, көктемнің гүл бағы тоты таңды
Қарсы алады, сәніне еселеп сән.

Көктемде таң біліне тасқанда нұр:
Жер де гүл, мың құлпырған аспан да гүл.
Аспаннан нұр, жерден гүл бірдей бөлеп,
Жырлайды сол көрікті шалқып бұлбұл.

Таң, көктем, жастық!—
Бұлар ағайынды,
Бұлар бас қосқан көрік тағайынды.
Мен — СССР ақыны,
Осындай бір
Тамаша бақыт шолған маңдайымды.

Бұрынғы таң, бұрынғы жастық
Қысқа
Ұрынып,
Қыстан үркіп ұшқан құстай,
Тайсалса,
Октябрьдің таңы ата,
Оралып келді ұшып біздің тұсқа.
«СССР» дейтін бізде туып көктем,
Жерде гүлдер құлпырып, таң да көктен.
Таң, көктем, жастық —
Жұбын жаңа қосып,
Үшеуі мол бақытқа бірдей бөккен.
Таң мәңгі!
Жастық мәңгі!
Көктем мәңгі!
Үшеуінен ақындық алып дәнді,
Таң бейнелі тамаша жастыққа мен
Шырқаймын жас жанымнан арнап әнді!

1938

ТАРИХҚА ТҰЛҒА АРМИЯ

Даусы октябрьдің саңқ еткенде,
Құлдық түн жиырылып жалп еткенде,
Құлпырып бостандықтың тоты таңы,
Алтын күн — коммунизм жарқ еткенде.
Жыртқыштар түн жорығын аңсағанда,
Бостандық көгін бұлт қоршағанда,
Даусы жердің жүзін тітірете
Лениннен болды бұйрық барша жанға.
Ол айтты: «Уа, еңбекті сүйген халық!
Қайратыңды намысқа өткір жанып,
Кек мылтығын ызамен тығыз оқтап,
Шық майданға, жігерден дабыл қағып!»
Ол айтты: «Халық демі — дауылды жел.
Халықтан төгілген тер — дария сел.
Деміңмен жауыздықтың шаңын сілкіп,
Лебіңмен дүние кірін тазалап бер!»
Ұрандай шықты сонда жорыққа жұрт,
Сырылып екпінінен көктегі бұлт,
Тапталды табанында жыртқыш аңдар,
Жаншылды: жылан, шаян, бар қарақұрт.
Жарқ етті бұлт бүркенген таң құлашы,
Болмады бөгет алда тау қиясы,
Жорықта жеңіп шыққан халықтың бұл
Ардақты ұлы — Қызыл Армиясы!
Күш-қоры елдің орақ, балғасында,
Жасаған жұлдыздай боп күн қасында!
Шынықты жылдан жылға құрышталып,
Ленинизм дәуірі домнасында!

1940

ПОЭЗИЯ МАРШАЛЫ

Тоқтат,
Дүние,
Дабырды!
Не керек,
Көңіл
Ескі оймен
Тыңдайық жаңа дабылды
Жолдас
Маяковскийден.
Поэзия маршалын
Көрдің бе,
Қызыл Алаңда?
Поэзия полкына
Бергелі шықты команда.
Тыңда,
Даусын,
Дүние!
Деді,
Әне,
«Бір, екі, үш!»
Бар емес пе,
Даусында
Зеңбіректен
Артық күш?
Ораған сөзі
Жер шарын
Емес пе,
Ұшқыр —
Найзағай?
Әр дыбысы
Дұшпанды
Түйремей ме найзадай?
Сол дауыстай
Бар ма
Екпін

Теңіздерде тасыған?
Ырғағы аттап өтпей ме
Заманнан,
Дәуір
Ғасырдан?
Революцияның
Айқайшы —
Үгітшісін
Тында,
Жұрт!
Маршалға
Біз де
Берейік
Жорықтан
Бір
Рапорт:
Орындадық
Сен берген
Бұйрықты —
«Нық,
Алға бар!»
Жаншылды жолда жыландай
Жылмаңдаған
Бандалар.
Сен
Бастаған полктың
Кім шықпақшы
Алдына!
Құдық поэзиядан
Пайдашыл
Спекулянттарды да.
Оқтай
Тығыз тізіліп
Бұзбады полкың
Қатарын.
Судан таза,
Күннен зор
Ұстады
«Ақын»
Атағын.
Сен
«Маршында»
Айтқан сөз

Ақындардың аузында.
Бейбітте — қалам,
Соғыста —
Сөз берілді
Маузерға.
Поэзия полкының
Үйінде де
Түзінде
Бірақ ой,—
Ол —
Үгіттеу
Халықты —
Коммунизмге.
Компартия маңына,
Ақындар,
Сен жинаған.
Алды нұсқау
өзіңнен,
ЦК-дан,
Политбюродан.
Партия мен үкімет
Тапсырмасын
Орындап.
Жанына
«Адам инженер»—
Деген,
Ақын
Алды ат.
Дүшпанға — дауыл,
Досқа — жаз,
Дауысыңды
Халқың аңсады.
Ал,
Мен болдым,
Сөйлесін
Поэзия маршалы!

1940

МАРШАЛДЫҢ ПРИКАЗЫ

(Клим Ворошиловтың 60 жасқа толуына)

Москва!
Кең,
Көрікті
Қызыл Алаң!
Қалың эскер,
Есептер әрең қалам!..
Бірінші май!
Жұпарлы шуақ ауа,
Аспан айна,
Күн де тұр күле қарап.
Мен тұрмын
Мавзолейдің
оң жағында.
Тұрмын
Тоты қанатты —
Гүл бағында!
Айналам жалын түсті —
Қызыл тулар,
Тұрмын толқып
Ту мен күй
ырғағында.
Әскерлер,
Жиі-жиі
Топтаса тұр.
Бойына,
Жауға ажал
Оқты аса тұр.
Қалың жұлдыз ішінде
Үркердей боп,
Шөкімдей-ақ
Соғыстық Атташе[1] тұр.

---

[1] Шет мемлекеттердің соғыстық өкілдері.

Көкте күнге баққандай
Сансыз жұлдыз,
Кремльге көз тіге
Біз де тұрмыз...
Бір кезде,
Сатыр-сұтыр шапалақтан
Теңселгендей боп кетті
Таудан: шың, құз!
Қасында
Ленин құрған —
Болат штаб
Келеді Мавзолейді
Бәрі нұсқап.
Күлімсіреп қояды,
Төңерекке,
Калинин —
Жетпіс ұлтқа староста!
Шықты олар
Мавзолейдің иығына.
Көз тікті
Кең Союздың киырына.
Москвада ғана емес,
Бар Союздың
Тұрды олар араласып
Жиынына.
Бір кезде...
Кремль
Кең ашып қақпа
Ақ қасқа,
Шымқай жирен —
Тұлпар атқа
Шабытты сұңқардай боп
Қонған біреу,
Шықты да
Тура тартты әскер жаққа.
Дулады шапалақтар
Сарт-сұрт еткен,
Үздіксіз оқ атқандай
Пулеметтен.
Честь беріп салтанатты
Ту алдында,
Ол өтті амандасып
Қалың көппен.

Ордендар қатарланған
Өңірінде,
Белде қылыш,
Наганы кабурында;
Ұршықтай үйіріліп
Жирен қасқа,
Билей басып...
Жел шабыс көңілінде...
Бұл,
Клим Ворошилов!—
Біздің Маршал!
Әскер жым бола қалды,
Тұрған қоршап.
Жұрт сөзі:
«Жарты жүзден жасы асты,
Сонда да әлі жап-жас,
Емес шаршар!»
Дегенде әскерге ол —
«Амансыздар!»
«Аманбыз!» деп естілген
Тұтас «з-з-здар!..
Найзағайдай
Жер шарын орағанда,
Дос жылынып,
Жауларға болды ызғар.
«Аттаныс маршы» ойнады
Екпінді саз!
Ол сазды тыңдады ел!..
Тыңдады жаз!..
... Түсті аттан.
Мавзолей иығынан
Армияға жалынды берді

ПРИКАЗ

Айта кеп приказда
Барлық халді,
Қыздыра сөйлеп,
Отан сүйген жанды,
Сөз аяғын тойтарды
Былай Маршал:
«Армия!
Тыңда!
Менен,— деп,— команда!..

Қалың жау,
Айналаны тұрған қоршап,
Қасқырдай ұлиды олар
Қанды аңсап,
Бірақ бізге соқтықса
Қирамақшы,
Ескі өмір —
Тозығы жеткен қаусап.
Капитал дүниесі сырқат —
Сүзек!
Сүзектен есіріп ол,
Жарды сүзед,
Ауруын
Жаймасын,
Жұқтырмасын,
Команда:
«Шекараны берік күзет!»
Сол кезде,
Секілденіп бейне тасқын,
Жердің бетін,
Төбеде аспан астын
Самолет, танк жауып,
Союз жерін
Екпінді, алып тұрды,
Бір тұтас үн.
Ол үн:
«Егер жау бізбен күшін өлшеп,
Алуға ниет етсе,
Бізден бөлшек,
Жермен-жексен етеміз,
Кең Отаннан,
Жаулар жер ала алмайды,
Жалғыз вершок!»
Капитал жері бүгін
Қанның жазы,
Советтер Союзында —
Бақыт сазы,
Осы жазда жасаған
Біздің елдің
Есінде,
Маршал берген — приказы.

1941

БІЗДІҢ КҮШ

(Ұлы Отан соғысы басталғанда)

... Тыңдадым партияның үндеу сөзін,
Шымырлап бойды билеп толқын сезім.
Қайрат, намыс, кек, ыза араласып
Отырдым зорға ұстап бойымды өзім.

Ғажап сөз! Күндей жарық, зілдей ауыр!
Айтқан сөз әрі көсем, әрі бауыр.
Достарға бақша-бауы гүлденген сөз,
Қастарға қар боратқан ызғар, дауыл.

Достарға бұл жалын сөз жігер, ұран,
Достан кім қаны қызбай тұрар бұған.
Кімде-кім шын советтің ұлы болса,
Намысы тұтанғанын айтпай ұғам.

Тұтанып жалынданып, қызды намыс,
«Не өлім, не өлтіру — бұл арпалыс!»
Деді ол Шын қимылдап азаматтар,
Бойда бар күшті жинап жаумен алыс!

Соңына ерген топты адал баста!
Тар жерде оны тастап, өзің қашпа!
Үлгі алған маршалдардан батырсың сен,
Тау құлап келе жатса, ықпа, саспа!

Дұшпаннан күшпен қатар, асыр амал!
Жау жусап жолда жатса, деме обал.
Көсемің жеңуіңді өзі айтты,
«Большевик алмайтұғын жоқ,— деп қамал»!

Майданға аттанғанда еркек жастар,
Қалмаңдар үйде отырып, қарындастар!
Ержүрек жігіттермен қатар сен де,
Танк пен самолетте руль басқар!

Ұл, қызы алпыс ұлттың ұстасып қол,
Жауына аттанғанда бір күшпен зор.
Қазақтың батыр ұлы, батыр қызы,
Майданда ең алдыңғы қатарда бол!

Отаның берді саған мол ғып қару,
Қарулы батырларға бар ма талу?
Халықтың сенген сенен күтетіні —
Жолыңда жау жеңіліп талқандалу.

Көрмеген қанша жортса, талып белі,
Советтің саған даяр танкілері.
Фашизм-аждаһаны көм тепкілеп,
Тұлпардың тұяғымен қазып көрін!

Сұңқармен талмас қанат ұш биікке!
Десін жау «бу не деген құс биікте!»
Фашистің жалпылдаған жапалағын
Атып жық! Желкесінен жық түйіп те!

Түтесін жау жеріне оқтар борап,
Бұршақтай зеңбіректен топ домалап,
Тиетін болсын әрбір атқан оғың,
Фашистің жүрегі мен көзіне нақ!

Жасынан жауынгер ер тәрбиелі,
Дұшпанның алмас қылыш жанқияры,
Танысын жердің жүзі бұл соғыста,
Лениндік — жеңілмейтін Армияны!

Жазушы қайда? Ақын, жыршы қайда?
Бұндайда тебіренбей тіл шыдай ма?
Сияқты алмас қылыш қылшылдап сөз,
Жаулардың желкелерін қыршымай ма?

Сөз тасып, толқымай ма теңіздей бой?
Ұшпай ма самолетпен жарыса ой?
Әр дыбысы жауға бір оқ боп тиіп,
Әрбір сөзі болмай ма бір-бір герой?

Соғыстан көріп пе еді жыр жасқанып?
Ол талай шықпап па еді қол басқарып?
Жорыққа талай батыр аттанбап па ед,
Сенімді дос деп жырды жолдасқа алып?

Жыр сонда жолдастықтан жалықты ма?
Батырдың ерлік ісін таныттыра,
Жер шарын көлбей талай ұшпады ма?
Ұшудан қанаттары талықты ма?

Тарихтың сонау күңгірт тереңінен,
Талмай ұшып, жар шашып өлеңменен,
Танытқан жыр емес пе, бар халықты
Қамалды бұзған талай ел ерімен?

Бұрын жыр түнде ұшып көзі талып.
Октябрь таңы ата көріп жарық,
Зымырап ұшпады ма болашаққа
Лениннен таусылмайтын қуат алып.

Сол жырға бүгін ие біз емес пе?
Біреу емес, он емес, жүз емес пе?..
Қаламды өткір қайрап майданға шық!
Жауды жой, әскерлермен тізелес те!

Мынадай ұлы майдан қызған шақта,
Ақындар, жыр иесі — атыңды ақта!
Боратып жауға қарсы жырдың оғын,
Дұшпанды жырмен отап, бет қаратпа!

Колхозда, өндірісте қалған, халқым!
Жау үрлеп намыс отың жанған, халқым,
Көсемнің үндеу сөзін сен де ойлан!
Ісіңді атқар келген қолдан, халқым!

Демеңдер мынау бала, мынау кәрі,
Бойында шөп сындырар болса әлі,
Жұмыссыз отырмасын! Жау күйініп,
Достарың риза боп, десін «пәлі!»

Тастама жерге тот қып жалғыз шеге,
Ағашты жина құрық қазық деме!
Сол шеге, құрықтарды құрастырса,
Жасалмақ самолеттер танк, кеме.

Кеннен түйір, мақтадан түбіт шашпа,
Жүн, жібек,.. тоқылатын не бар басқа,
Бәрін де фабрикаға төкпей жеткіз,
Әскерге олар қажет жанталаста.

Мол ғып ек таусағыздар, көксағыздар,
Олардың сағыздарын ағызып ал!
Сағыздың бұл майданға болат пенен
Қорғасын, жез, мұнайдай маңызы бар.

Егінді таза сақта арамшөптен!
Ол шөптің залалы бір диверсантпен.
Зиянкес мақұлықтар — шпионды —
Сұмырайды тұншықтырсын уын сепкен.

Мүлікке боп жүрмесін өрттен қастық.
Күзет қой, арам ойлы жоламастық!
Әр түйір бидай, күріш, тары — бір оқ,
Фашисті талқандайтын бомба астық.

Бағыңдар, семіретін өріске мал,
Тік тұрсын түйеде қом, аттарда жал,
Қойлардың сүбесіне қол батпасын,
Сиырдың сүмесінен сауласын бал!

Соғысқа қажет жүйрік, күйлі көлік,
Әскерге семіз ат пен сүт, май беріп,
Жұмсасақ жауға қарсы, аш фашисті
Тың күшпен ұйпап, отап, шықпақ жеңіп.

Шахтерлер, жер астына терең сүңгі!
Түгел ал, соғысқа не болса құнды!
Заводта кен тастарын мол қырытып,
Жасайық машинадан мың-миллионды.

Идіре жер-ананы сау, мұнайшы!
Мұнайдан төгілмесін босқа тамшы!
Бетінен жер шарының бензинменен
Фашизм айғыздаған қанды аршы!

Фашистер — адамзаттың жыртқыш аңы,
Жерлерге қолы жеткен — өрт құшағы.
Балқытып көмейіне қорғасынды
Құяйық, күйсін обыр жұтқыншағы.

Соғысқа барлық күшті көмек білген,
Жандырма босқа ұшқын электрден!
Әр директор ойласын: «мен жұмысшы»,
Әр жұмысшы ойласын: «директор мен!»

Бұл соғыс соғыс емес дені саумен,
Соғыстық естен танған, жынды жаумен.
Құтырған, миы ірің, қанды ауыз
Соқтықты құлатам деп асқар таумен.

Жындыға тау — төмпешік, теңіз —
шалшық,
Асықтай жұлдыздарды алмақ қақшып.
Мазақтап есуасты дүние күлсін,
Зіл-ауыр салмағыңмен өлтір жаншып!

Соғыстың талай қиын бар қиясы,
Күшпенен алынатын әр қиясы,
Біздің күш — жеңетін күш — Ұлы Ленин
Біздің күш — большевиктер партиясы!

1941

МАЙДАНҒА ХАТ

Сағынып сәлем жазамын,
Нүрке-жан[1] бауырым, жиенім!
Алыстан құлаш созамын,
Аймалаймын, сүйемін.

Жүрегімнің, Нүрке-жан,
Атың ыстық қанындай.
Ендеше қалай аңсамай,
Тұрамын қалай сағынбай?

Туғаныңды көргенмін,
Қолымда ержеткенсің.
Оқуға қолдан бергемін,
Әскерге қолдан кеткенсің.

Белостоктан июньнің
Он бесінде жаздың хат:
— Алартады көзін,— деп,—
Минут сайын бізге жат.

Шошынып бұл сөзіңнен,
Оқып едім хатыңды,
Міндетін айқын сезінген
Хатыңнан көрдім батырды.

«Нағашым, бауырым!— депсің сен,—
Соқтықса егер бізге жау,
Темір үзем тепсінсем,
Мақсатым жауды талқандау!»

Бұлай деуің Нүрке-жан,
Санаңның ержеткені.
Батыр ғып сені баулыған
Қызыләскер мектебі.

---

[1] Нүрке Сүлейменов соғыста қаза тапты. С. М.

Айтқаның келді, кешікпей
Қанды майдан басталды.
Жынды айуан — фашистер.
Қабуға бізді бассалды.

Қолыңнан жауға атылды
Алғашқы оқтың біреуі,
Сілесін жаудың қатырды,
Жарылды арам жүрегі.

Танктерін таптадың,
Сасық қара қоңыздай.
Дәл тиіп дотқа атқаның —
Қамалы ұшты қауыздай.

Сұңқарларың зулады
Билетпей жауға көк күшін,
Қылдай қырқып турады
Құзғындардың топшысын.

Теңіздерге кемелер,
Жасқанып жаудан тайынбай,
Шортансыған немені
Қылғыды бейне жайындай.

Найза боп жауға қадалды,
Советтің шөбі, ағашы,
Ашып жауға аранды
Тулады Совет даласы.

Тулаған еркін даладан
Жаулар күйрей жығылды,
Аузынан ағып қара қан
Жұтқыншағы жұлынды.

Советтің суы жауларды
Тереңіне батырды,
Бұлттан болат саулады
Нөсердей жауға атылды.

Қанға құмар фашист сұм,
Адамның обыр тажалы,
Жерінде ұлы Советтің
Залымның жетті ажалы.

Теңізге — шөл, қырға — сел
Фашистің қаны кілкіді,
Мұрнын басты аспан, жер
Сасық исі мұңкіді.

Осындай ұлы жорықта,
Белуардан кешіп қан,
Тудырған сені халыққа
Қорған болдың, Нүрке-жан.

Елді, жерді қорғаудан
Артық бақыт бола ма?
Майданға кірмей қан жауған
Жігітке жатып бола ма?

«Орай да борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?

Туырлығы жоқ тұл үйге,
Ту байласаң тұрар ма?
Ту түбінен тұлпар жығылса.[1]
Шаппаған нәмарт оңар ма?»

«Орай да борай жауған қар»—
Фашистің оғы Отанға,
Советтей елде жазы бар
Жауған қар мұз боп қатар ма?

Күремес пе қопара
Жауған қарды сендей ер!
Жазда ызғар жата ма?
Ерітпей ме ыстық жер?

«Туырлықсыз, тусыз үй»—
Германия емес пе?
Сендей ер оған: «түндік сап
Ту байлаймын» демес пе?

Тонаушыны, тұл үйді
Тұлдырлай отап қумас па?

[1] Махамбеттен.

Тұл үйге Гитлер қан құйды,
Сендей ер оны жумас па?

Күшіңмен сенің шықпас па,
Батқан ел қан сазына?
Алмас па орын нық басып,
Коммунизм жазынан?

Осындай бақыт алдында,
Күтіп тұр сені, Нұрке-жан!
Намысыңды алдырма,
Жауыңды жайпап, кел аман!

Батыр бол, жүрген қатардан
Үстем абырой, мерейі!
Алғыс ал туған Отаннан,
Атанып оның геройы!

1941

ЕЛЕУСІЗГЕ[1]

Не деп отыр, мынау хат?!
Не көріп отыр, мынау көз?!
«Өлім» деген лағнат,
Келуші ме еді бұлай тез?!
Кеше ғана емес пе,
Жөнелткенім қоштасып?!
Майдандағы егеске,
Қалай тез жетті астасып?!
Тірі ме екен, әлде ол
Госпитальға түсті ме?
Сап болып әлде бәрі де...
Үйді ме топырақ үстіне?
Апыр-ау, тірі келсейші,
Болса да кем-тар қай жері!
Тезірек хабар берсейші,
Тым болмаса дәрігері!

---

[1] Елеусіздің әкесі Шәйкен маған жамағайын. Аулына қадірлі момын шаруа еді. Әйелі Балсыннан ұл бала көп туғанмен өле беріп қартаяр шақта, 1922 жылы туған баласының атын Елеусіз қойған. Шәйкен мен Балсын 1932 жылы өлді де, 35 жылдан бастап, басқа алаңы жоқ Елеусіз менің көмегіммен Алматыға кеп 12 қазақ мектебінің интернатына түсті. 1941 жылдың көктемінде он жылдық мектепті өте жақсы оқып бітіріп, экзаменге даярланып жүргенде, Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, он тоғыз жасында армия қатарына алынды. Майданға оның бөлімшесі июльдің басында аттанды. Июльдің аяғында, бірге оқыған жолдасынан «Біздің бөлімше июльдің 21 күні соғысқа кірді, шабуыл уақытында Елеусізге оқ тиіп ауыр жараланды, мен де жараланып госпитальға түстім, оның не болғанын білмеймін» деп жазды. Елеусізден содан бері хабар жоқ. Бойшаң, өндір боп өскен, мінезі жатық ақылды, оқуға зерек, жазушылыққа ынтасы бар жас еді, немістің фашист басқыншылары қыршынынан қиды. С. М.

АМАНКЕЛДІ

«Қазақ! Халық батыры! Аманкелді!»—
Деген күшті, зор атақ талай елді
Таңдандырды. Бір күні сол батырға
Тастан зіл, мұздан суық хабар келді:

«Секілді обыр патша қара албасты
Тағы да елді оба жалмамақшы!»
Бұл сөзден үрейленіп үріккен халық
Толқындай дауыл қуған араласты.

Далада бір бұл емес соққан дауыл,
Талайын ондайлардың көрген ауыл.
Толқыған елді төкпей арнасында
Сақтаудың ерге бірақ жүгі ауыр,

Қашан да ер туа ма ел ашынбай?
Не елі бір жорыққа алас ұрмай?
Сондайда туған ерлер теңіз елді,
Қорғайды гранитті жар тасындай.

Туғызды бұрын ауыл талай ерді,
Сақтады арнасында олар елді.
«Мынадай сұрапылда, мен ерлердей
Болам ба?» деп ойлады Аманкелді.

Болудың елде тұлға қиын шарты:
Бірінші — қуат қоры — болсын халқы,
Екінші — күндей күшті ыстық намыс,
Үшінші — найзағайдай ұшқыр қарқын.

Төртінші — асқар таудай биік жанды,
Бесінші — гауһар тастай мөлдір арлы,
Алтыншы — магниттей тартқыш ақыл,
Жетінші — ескен желдей ойы орамды.

Сегізінші — сәуледей тез жанғыш сезім,
Тоғызыншы — шым болаттай берік төзім.
Оныншы — қара бұлттай қаһарлы ашу,
Он бірінші — оқтан да өткір сөзі.

Солардың Аманкелді жиынтығы,
Болғанмен, тым екпінді құйын түрі,
Белін ол тәуекелге бек бумаса,
Құйынға төтеп болу қиын тегі.

Не болмақ тасқын теңіз, қираса жар?
Теңізі сарқылмай ма жұтып ажал?
Ер туып елге пана болмағанның
Желауыз тарих атын кім деп жазар?

Соны ойлап қиындыққа имей еңсе,
Бел буып, тәуекелге жеңсе, өлсе,
Аттанып Аманкелді, ерген елді
Сынауға күшін, салмақ салып көрсе —

Мыңқ етер емес, белі құйған құрыш,
Етіне өтер емес оқ пен қылыш.
Сол елді ертіп батыр Каспий менен
Алтайдың арасында басталды ұрыс.

Кең даланы жыландай патша орап,
Аузынан улы көбік қардай борап,
Сүлдерін сорып тауыспақ болып елдің,
У жылан айыр ұшты тілін қадап.

Жыланның Аманкелді тілін жұлды,
Сындыра улы тісін тұмсыққа ұрды.
Садақтан ысқырына ұшқан жебе
Денесін тілім-тілім турап-жырды.

Болатын ертегіде бір айдаһар:
Егер де жараланып төгілсе қан,
Туатын нақ өзіндей айдаһарлар,
Жарадан, әрбір тамшы тамған қаннан.

Нақ осы айдаһардай болды патша,
Патшаға Аманкелді садақ атса,
Патшашыл туды бір-бір ақ генерал
Тамшылап жарасынан қаны ақса.

Колчак па? Врангель ме? яки Алаш?
Ордалы жыландай бір өрген палач!..
Жұлқысып олармен де Аманкелді,
Созылды екі-үш жылға бұл зор талас.

Таласта төңірегі түндей күңгірт,
Аспанды қаракөкшіл басып тұр бұлт,
Ол кезде бостандықтың қайда екенін
Не батыр, не болмаса білмеді жұрт.

Бір кезде ауыр түнді тіле, жарып,
Батыстан шыға келді күн нұрланып,
Жарқырап күңгірт дала нұрға орана,
Кең шолып төңерегін көрді халық.

Күн — Ленин, Күннің нұры — ленинизм,
Жайнатқан сәуле сеуіп жердің жүзін.
Халықты жылы жазда жадыратып,
Өмірдің жойды ызғар қысын, күзін.

Кездесіп бар халықты сүйген досқа,
«Мен саған ерем, жұртты өзің баста»
Деп батыр, ленинизм бау-бақшасын
Күзетіп комиссар боп тұрды поста.

«Болмайды,— деген сөз бар,— жылансыз тау»
Жыландай жымып келіп, қапыда жау
Батырды шақты. Батыр қаза тапты,
Қалпында қалды бірақ бақша мен бау.

Кеңітіп бау-бақшада ел өрісін,
Еркін жер мейірлене мол жемісін,
Батырын — Аманкелді мәңгі есте
Сақтайды «тұған ер,— деп,— ол ел үшін?»

Кезінде бастап елді қанды арпалыс.
Тарихта қалды батыр боп мақтаныш,
Бүгінгі ұрпақ! Фашист жауыңменен
Майданда Аманкелді батырша алыс.

Халқының мақтанышы — Аманкелді
Секілді, фашистерден қорғап елді.
Көздеген мақсатына жетіп тынған,
Күтеміз бұл майданнан талай ерді!

1941

ГВАРДЕЕЦ БАУЫРЛАРҒА

Бір үміт халық күткен тағы ақталды:
Қирата қырқып фашист — жалдаптарды
Ерлері Қазақстан қан майданда
Жауынгер гвардия деп аталды.

Е, бәсе, солай болса керек еді!
Тарихта қазақ халқы ер ел еді,
Халқының намысына жанын қияр
Батырдың талайларын берген еді.

Бүгін де талай батыр туғызды ел,
Ішінде Мәлік, Павел, бар Әлішер.
Майданға аттандырды батырларды
«Фашисті жойыңдар,— деп,— сұм қанішер!»

Деп батыр ұлдарына «жаудан ықпа!
Бірақ қайт елге, жаудың туын жық та!»
Ағаның баласы деп қазақ халқы,
Жорығын бастаттырды Панфиловқа.

Інінің ауырламай артқан жүгін,
Панфилов «ал, бастайын,— деді,— інім!»
Білегін біріктірген аға, іні
Әлемге таныттырды күшін бүгін.

Кездесіп қас батырға фашист — банда,
Тұншықты тажал малғұн қара қанға,
Болаттай берік тоғыз гвардия,
Жеміре жауды кейін тойтарғанда,—

Сүйсініп барлық әлем, деді «пәлі!»
Бұл қайрат батырлықтың басы әлі.
Болаттан берік тоғыз гвардия,
Отайды жауды шөптей одан әрі.

Сұм фашист аласұрған, жынды — бәдік,
Өргізсе құмырсқадай мыңдап танк,
Езеді басып құрыш табынымен
Салмағы Алатаудай батыр Мәлік.

«Өлімтік бір қылғитын қайдан түсер?
Кездесіп қайдан қанып бір қан ішер?»—
Деген аш фашистерді қан теңізге,
Батырып өлтіретін ер Әлішер.

Айыр тіл, ұшы улы, жау екібас,
Ұрланып жорғаласа ниетпен нас,
Балқаштың қызыл сымды арқанымен
Буады қылғындыра талай ер жас.

Есек жау, арғымақсып кісінедің,
Кісінеу ниетіңді түсінемін!
Добымен зеңбіректің өңешіңді
Бітейді Дмитрий Снегин.

Алдыңда енді адым аттар жер жоқ,
Аттасаң, басатының жайнаған шоқ.
Жырынан жалын шашып, от себелеп
Тарылтып өрісіңді тұр Кузнецов.

Енді, жау, жылжымассын сен жасырын!
Жылжимын десең, оның жан ашуын,
Шарипов, Аманжолов, Бекбатыров
Қит етсең, қиғалы тұр үш Қасымым.

Тағы бар батырларым жүздеп, мыңдап,
Жорықта олар отап жауды қырмақ.
Ерлігін батырлардың Марабайдай,
Халыққа танытамын өзім жырлап.

Әрине, әлі де бар сүргін, дауыл,
Бекіткен, бірақ, үйін қала, ауыл,
Жауларды жоқ қылуды күтіп тұрмыз,
Сендерден, гвардеец — туған бауыр!

1941

БАЛҚАШТЫҢ ТҮНІ

Түн. Кең дала қалғыған секілденіп
Үнсіз тұр. Аспанда жоқ шөкім бұлт.
Сәулесі жұлдыздардың шабақтардай,
Бір сүңгіп, бір малтиды суда тұнық.

Су ғана емес, жұлдыз құрғақта да
Шашырап төгілгендей, жан-жақ дала
Бөленіп электрдің шамдарына,
Аспанмен жымыңдайды ойнап дала.

Дегендей дала «еркін дем аламын».
Гүрсілін солқылдатып кең алабын,
Заводтың моторлары зымырайды,
Жүрегі соққандай боп ен даланың.

Ыстық қан сол жүректен тарап бойға,
«Маған мол ішетұғын азық қайда?»
Дегендей бар дауыспен әнші гудок
Оята жер мен көкті салады айқай.

Сол кезде бұлдыраған Қоңыраттан
Динамит естіледі гүрс-гүрс атқан,
Құлайды салдыр-гүлдір мыстың кені
Ғасырлар ұйқтап жатқан, тас боп қатқан.

Дәл бұдан он жыл бұрын осы кезде,
Тасбақа, жылан, шаян, желден өзге
Жолменен жан жүрмеген жортып кеткен,
Түседі бір эшелон поезд көзге.

Дем бүркіп қызыл жалын қара қошқыл,
Шашырап тұяқ тиген жерден ұшқын,
Эшелон жылдам барып, тез қайтады,
Арқаға бөктеріп ап кенін мыстың,

Мыс кенін мешкей завод асап майдай,
Жұтқан кен қазандарда құрттай қайнай,
Шүмектен ақтарыла төгіледі,
Қызыл су шешек атқан гүлдей жайнай.

Шашылмай, бірақ, бекер төккен шешек,
Қалыпқа ақтарылып қойған төсеп,
Кеше сұр тас,— бүгін мыс — қызыл алмас,
Кеше құнсыз, бүгін көз қимас кесек.

Уа, менің қызыл алмас — қызыл мысым,
Кең байтақ даламның сен қаймағысың,
Туғанда ел басына қанды күндер,
Отанға қаймақтан да пайдалысың.

Майданға тоқып сенен тор,ау құрып,
Шырмалта құрған торға жауды жығып,
Сымыңмен үзілмейтін қызыләскер
Өлтірмек фашистерді буындырып.

Балқашта, Қоңыратта — мысты тауда
Мол қазна, жететұғын ел қорғауға,
Сол мыстан қызыләскер миллиондаған
Құрады ажал торын фашист жауға.

1941

ЛЕНИН ҚАЛАСЫНА

«Аға ұлт, бауыр ұлт» деп орысты біз,
«Берді — деп — жазы мәңгі қонысты» біз
Шын сүйсек, орыс және оған бауыр
Халықтар Ленинге біз борыштымыз.

Алған дем, көрген жарық, тіккен үйің,
Тәтті ас, ұшқыр көлік, сәнді киім
Бәрін де берген Ленин.
Сол Ленинді
Өсірген байқаңдаршы қала күйін?

У жылан көп қаланы сорып шаққан,
Венадан, Будапештен, Белградтан,
Париждан, Брюссельден, Софиядан,
Афинадан тайынбай жалаң қаққан.

Ленинің қаласына қас қылғалы,
Фашистер лай судай тасқындады,
Мызғымас граниттей берік қала,
Лайға ер кеудесін бастырмады.

Қайыспай белі, түскен ауыр жүктен,
Ленинге ақтап антын, тарих күткен
Ерлікпен жықтырмады Смольныйдан
Жалындай қызыл туды Ленин тіккен.

Бұрын да талай тасқын екпіндеген,
Дауылдар талқандаймын деп үрлеген,
Ленинің қаласының болат күшін,
Орнына мұқалтудың өткірлеген.

Оқ өтпес, найза теспес қылыш кеспес,
Қаланы қашан жаулап алды өштес?
Осындай беріктіктен, Ленин атын
Сыйлыққа алған қала мәңгі өшпес?

Қорқытпақ болып шыңды құйынменен
«Қиратам, шалқима, тез иіл!» деген
Үркөппе Гитлерді кім айтпайды,—
«Шалық,— деп,— жынды қойдың миын
жеген?»

Жүйкесін құртпай, жынға берсе ерік:
Неваның арнасынан суын төгіп,
Қираған қала құмдай төмпе болып,
Саздай боп жатар еді сасып өлік.

Дос жылап, дұшпан онда кекеп күліп,
Қаланы өзге жолда төтеп біліп
Кідірмей, үркітіп жау айдар еді,
«Мен келем, құбыжық!» деп етек түріп,

Осыны ойлап Ленин қаласының,
Намысы лаулап туған баласының
Кеудесін төсеп оққа, дұшпанының
Ағызды мергенсіген қарашығын.

Аққанға қарашығы «өледі екен»—
Десек сұм ит жанды бір неме екен,
Сүйретіп өлексесін, қашан жаны
Шыққанша арпалыса береді екен.

Сүйегі үгілгенше күйретіліп,
Келеді алысып жау сүйретіліп.
Бұл халде Ленинді шын сүйген жүрек
Соға ма салқын қанмен үйде отырып?

Қарлығаш жанған досқа тамшы бүркіп
Қорғаса, Лениннен кім күшін іркіп
Қалмақшы? Совет халқы қарлығаш па?
Емес пе шыңда өскен алғыр бүркіт?

Фашистер құтырынып үрген жоқ па?
Үргенде қыран оны бүрген жоқ па?
Жерді күл, күнді көмір етем деген
Жындыға бүкіл дүние күлген жоқ па?

Шыныққан Ленинизм қазанында,
Соғыстың нелер ауыр азабында —
Лениннің қаласымен бірге болып
Білдірді асқан ерлік қазағым да!

Ерлерім! Қайратыңа мақтанамыз,
Міндетті тылда біз де атқарамыз.
Сыйлыққа Қазақстан даласынан,
Жүздеген эшелондар ап барамыз!

Аямай отанынан малды, басты!
Жерінен күні ертең жойып қасты,
Тарихқа «мен Ленинге борышымды
Өтедім!» деп мақтану қандай жақсы!

1942

ЖЕҢІМПАЗ ҚЫЗЫЛ АРМИЯ

Киініп тоғыз қабат тон болаттан,
Жерден сел, көктен нөсер оқ боратқан,
Таудай өлік, теңіздей қан жұтса да
Тойынбай, көрінгенге тұра шапқан.

Ұяттан, ардан безген сұм құлқы үшін,
«Менімен теңдестірер,— деп,— кім күшін?»
Адамды, айуанды өсімдікті
Құртып, жұтпақ болған жер қыртысын.

Сөндірмек болған жұлдыз, күнді, айды,
Арманы: қараңғылық, өлім, қайғы...
Илеген Европаны саз-балшықтай,
Фашистің жалын жүзі кімнен тайды?

Европа, мықтымсынған бейне түрдей,
Қайғылы болашағын ұқпай, білмей,
Секірген жоқ па жылан аузына кеп,
Су жүрек құрбақамен болып бірдей?

«Бұл беттен қарсылассаң қырар, сірә,
Қырар да, жерде жалғыз тұрар, сірә»
Деп қорқып ұстасуға шыдады ма,
Өзгені былай қойып, Франция?

Дандайсып қорқақтардан фашист-тажал,
«Кезекті өлкем осы шеңгел созар»
Деп біздің Ұлы Совет Отанына
Ұмтылған жоқ па өкпек болып тажал?

Ызасы біздің елдің дерткен жоқ па?
Қызу күш болат тонды ерткен жоқ па?
Тасқынын темірлердің жиырыла
Екпінмен кейін қарай серіпкен жоқ па?

Серіпкен жау мір оғындай ұшқан жоқ па?
Ұшқанда жалмағанын құсқан жоқ па?
Келгенмен арыстансып, біздің жерден
Көрді ме күн, қап тесер тышқан боп та?

Ін таппай кіретұғын қашқан жоқ па?
Бетінде қашқан қақпан басқан жоқ па?
Аяғын қақпан қапқан сұм тажалға,
Бауыры — ажал қойнын ашқан жоқ па?

Баурының құшағына кірген жоқ па?
Есуас есірем деп бүлген жоқ па?
Кетпеуін бір фашистің бізден тірі
Дүние бес саусақтай білген жоқ па?

Бұзылмай граниттей бар ұясы
Алып күш, жеңімпаздық тәрбиесі,
Емес пе тауды топтай қаққан бұл күш,
Советтің туған Қызыл Армиясы?

Көріне көміп жауды өзі қазған,
Жер шарын аршып батқан қанды саздан,
Біздің Қызыл Армия адамзатқа
Беретін мәңгі қоныс гүлді жаздан.

1942

ГЕОРГИЙ ХАЙДИНГЕ

Бұдан екі жыл бұрын, Бурабайда,
Тау тамылжып, гүл шешек атқан майда,
Кездесіп бірнеше күн ойнап-күлдік,
Сайраннан басқа алаң болмай ойда.

Желекті жасыл орман арасында.
Толқыны тербелген көл жағасында.
Көк күмбез — «Көкше» менен текше шың тас
Оқтаудай Окжетпестің саласында,

Жүретін жөнді жұпар желден сұрап,
Бұлбұлдың бал үніне түрдік құлақ.
Тырмысып тауға, тыныс шөліркесе,
Қандырды мөлдір, мұздай аққан бұлақ.

Өрмелеп барып таудың желкесіне,
Биік жар «Шабақтының» өр төсіне
Отырып көз жүгірттік, сағымданған
Қазақтың ұлан-байтақ өлкесіне.

Көз тіге кең даланы байқауыңды
Аңғарып, әлденені айтарыңды
Күттім мен, сонда еске түсірдің сен,
Байлығы бықып жатқан Алтайыңды.

Секілді, мақтап оны — жан ғашығың,
Қалдырмай тізіп түгел бойда асылын,
Тамсана тамашалап сыйпаттадың,
Тынымсыз толқып аққан қорғасынын.

«Кім оны ағызатын?» дегенімде,
Мақтанбай сыпайы сыр тұрды өңінде.
Айтқаның, шұқшиғанда: «Ұлы Отанға
Жеткізем қорғасынды керегінде!»

Түскенде ел басына қанды ауыр сын,
Үдетіп қорғасынның өндірісін,
Үстіне Отан сүйген жүрегіңнің
Қададың сыйға Ленин орденін сен.

Жауларға Алтайыңның аты айбын.
Қорқады «жаншады,— деп, одан,— қай күн?!»
Тұншығып толқынында көмілсін жау,
Тасқындат қорғасынды, жолдас Хайдин!

1942

КЕУДЕҢЕ ОРДЕН ТАҒАМЫЗ

Құтты қонақ — Жаңа жыл,
Хош келдің қарсы аламыз!
Өркенде, өс, жайна гүл!
Кеудеңе орден тағамыз.

Бір беті түн, бірі күн,
Бір беті қыс, бірі жаз,—
Аралап бұрын жер жүзін,
Жайланар сая таптың аз.

Бақытты жер — ұйығын
Татпай, Асан қайғыдай,
Талып аяқ, иығың,
Толды кеудең қайғыға.

Сол кезде сені Лениндік
Компартия қолтықтап,
Қыссыз, түнсіз, гүлденген
Әкелді жерге — кең-байтақ.

Гүлді жазда жайлана
Шаттықпен құрдың сен сауық
Байғазыға бір ғана
Жыл сайын алдың бір завод.

Сайранға міндің арғымақ,
Автомобиль, самолет,
Сүт, қымыз ішсең — бал бұлақ,
Жесең: жеміс, нан, май, ет.

Бақытты бай Советтің
Халқына болдың еншілес,
Қайтатын болдың жүдеп тым
Елдерге барсаң көршілес.

Биыл бізге, Жаңа жыл,
Жорықты келдің мезгілде,
Тыңдашы, анау не гүрсіл,
Ұшқанда қай құс, сездің бе?

Құмырсқадай құжынап,
Өргенде не алдында?
Тұмандана бұрқырап,
Бұршақ па жауған, жаңбыр ма?

Қалалар неге қирады,
Боп кетті ме зелзәлә?
Халықтар жанын қинаған
Қан аққан жара не жара?

Айғыздаған ақ қарды,
Қызыл жолақ мәнер ме?
Түршіге неге сақтанды
Не пәле келді әлемге?

Уа, Жаңа жыл, ол пәле,
Обыр тажал-фашизм,
Қылығын оның көр, әне,
Өртенер табан, басса ізін.

Тажал-фашист талқандап
Қалаларды қиратқан,
Адамды қойдай арқандап,
Тірідей етін туратқан.

Жас баланы тезектей,
Түйреді ол істікке,
Шыңғырған даусы безектей,
Баланың жетті түстікке.

Жарқыратты қауындай
Жүкті әйелдің қарнын,
Көмді өлмей, ауырмай
Кемпір, шалдың қабірін.

Мәдениет мұрасын,
Нәжістен жаман таптады.
Тажалдың қанды құлашын,
Әлсіздер қорқып қақпады.

Айғыздады жер бетін
Фашизмнің қанды ізі,
Өлерде жәрдем беретін
Іздеді қамқор жер жүзі.

Бойда күші сарқыла,
Тажалдан мейірім күтпеді.
Адамзат Совет халқына
Соңғы үмітін жүктеді.

Аранын ашқан фашизм
Қақалды өз қанына,
Қашты баса қан ізін
Өкпесі шірік қабына.

Ілікті болат шеңгелге,
Қашқанмен қайда ұмтылмақ?
Ала алмай еркін сұм дем де
Сүйегі сынды бытырлап.

Жағы жаудың қарысқан,
Қансыраған сияғы,
Жанталасып алысқан
Өлерде серіпкен тұяғы.

Уа, Жаңа жыл, Советтің
Сен де туған ұлысың,
Майданға аттан! Фашист сұм
Тас-талқан боп құрысын.

Сен де ортақ, Жаңа жыл,
Бізге төнген қауыпта,
Бізбен қатар бірге жүр,
Майданда, колхоз, заводта!!

Егін егіс, оқ атыс,
Машина меңгер, кенді қаз.
Жорыққа түгел сен қатыс,
Жорыққа ұлы, жеңімпаз.

Майданда, тылда танылса,
Халқыңа совет ерлігің.

Жарқыратып жалынша
Қадайсың Ленин орденін.

Құтты қонақ — Жаңа жыл,
Хош келдің қарсы аламыз!
Бізбен бірге жауды қыр,
Кеудеңе орден тағамыз!

1942

ҚАБЫЛ АЛ, АҚЫН СӘЛЕМІН!

Лениннен алған ардақты ат,
Алған үлгі Кировтан,
Бойыңда сенің боп қуат,
Үкімет берген бұйрықпен.

Лениннің батыр қаласы
Тар күнге төздің болаттай!
Жалын күшің аластап,
Жандырды жауды жолатпай.

Түнеріп түндей қаптауды
Алды фашист ойыңа,
Жетпеді қолы, Қап тауы
Секілді сенің бойыңа.

Жайнаған гүлі жеріңе
Дегенде «у жаямын»
Денесі қанға көміле
Қиратты фашист аяған.

Құшағын жаудың серіпкенде,
Жігерді бойға жиыра,
«Жау күші оған жеткен бе?»—
Деп таңданды дүние.

Ерлігіңе дүниеде
Дұшпан жылап, досың шат.
Тарихта алтын сиямен
Жазылды «жойқын батыр» ат.

Ерлігіңді етіп жар
Шалқыса ақын жан сала,
Тарихта талай ұрпақтар
Тыңдайтын болды тамсана.

Жүз жастағы Жамбылдың
Ұрпақтары біз-дағы,
Зор тарихқа қосып үн,
Жұмылдық жолдар сызғалы.

Ардақты Ленин қаласы,
Жырдан сыйды қабыл ал!
Ұзақ жырдың бұл басы
Жалғасы мұның талай бар.

Союзда талай кендердің
Бай қоймасы атанған,
Қазақстан өндіріп
Қарулар берсе металдан.

Тарықтырмай тойғыза,
Берсе саған тәтті ас,
Қыраулы қыс, көк мұзда
Жылытса, қоймай жалаңаш.

Ақындары қазақтың
Сыйлаймыз қару жырдан да.
Жайратар ажал азапты
Жырымыз оқ сұмдарға.

Қазақтың батыр ұлдары,
Жауыңды сенің жойысса,
Жыр да жауды қырғалы
Аттанады сайысқа.

Поэзия маршалы
Жамбылдан алып команда,
Ақын да жауды шаншады,
Мұқалмайды қалам да.

Лениннің батыр қаласы,
Жырдан сыйды қабыл ал,
Ұзақ жырдың бұл басы,
Жалғасы мұның талай бар.

1942

МЕН КІММІН ДЕП МАҚТАНАМ

1

Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,
Маған жүрек, жан беріп, қан тебіренткен
Бір күні дамылдаса, жөнелем мен
Сапарға әкем, атам, бабам кеткен.

Бірақ мен, адам емен ізім тақыр,
Мейлі жұрт «алтын» десін, мейлі «бақыр»,
Жолында өзім ерген ұлы көштің
Бірталай мен қалдырған мүлік жатыр.

Ол мүлкім арзан, яки болсын құнды:
Мен жазған прозаны, өлең, жырды
Жинаса, кездескенді бөгейтұғын
Болар деп шамалаймын, бір тас құрлы...

Бір жылы миллион ба, мың ба, жүз бе?..
Біреулер менен қалған түсіп ізге,
Жолықса сол мүлікке және ақтарса,—
«Қалдырған бар екен,— деп,— несі бізге?»

Мүлкімнен ғасырлардың шаңын қақса,
Сарғайған қағаздарға төніп бақса,
Ішінде көп жазудың «Батырақ» пен
«Сұлушаш», «Ақ аюлар» қатар жатса;

Тағы да отырғанда сілкіп қарап,
Тастаған бір папкаға байлап, орап,
Бір жерден шыға келсе«Ақ Бөпенің
Сыры мен «Жұмбақ жалау»— Балуан-
Шолақ».

«Арналған тарихқа я сынға» деген,
«Барлығы мақаланың мұнда!» деген.
Дауысқа жалт қарасып көрсе бәрі,
Папканы «Жиырма бес жылда» деген...

Оқыса осыларды бәрі анталап,
Дауласса пікірлері боп әр тарап:
Біреуі «пышақ, сүргі қолданған» деп,
Біреуі, «жасаған,— деп — жай балталап».

Тебірентіп «аруағымды бұл дауыстар,
Асуы секілденген қиын асқар.
Алдыма сын көпірін құрып қойып,
Топталып келешектік тұрса жастар.

Олардан біздің заман алыс болса,
Олар бізбен архивтан таныс болса,
Оларда тап жоқ, ұлт жоқ табиғаттың
Байлығын меңгеру-ақ жарыс болса.

Тебіренген ақын жаным таласына,
Солардың барып кірсе арасына.
Көздері маған төнген ұқсай қалса,
Түйеге жас баланың қарасына:

Сол таудың арасынан маған төнген,
Мәселен, келген біреу Юпитерден
Тіл қатса маған: «Кімсіз? Қайдан жүрсіз?
Келдіңіз қай заманнан мына түрмен?»

Заманым артта қалып, ескірсе де,
Мен сонда Абайша да, Пушкинше де,
Бермес ем оған жауап, Байронша да,
Маяковскийше де... Ешкімше де.

Қыдырған планеттің бәрін жастың
Алдында ағызбай-ақ сөзден тасқын.
Берер ем қысқа жауап сұрауына:
Мен ұлы Ленинменен замандаспын.

БЕРЛИН АЛЫНДЫ

Көз жасын көлдей қылған талай елдің,
Сан жетпес жүректерге қайғы-шердің
Уын төккен,
Ордасы — жылан, шаян,—
Фашизмнен тазарды бүгін Берлин.

Қан ішкіш, қыртысымен жер жалмағыш
Тажалды жойған шақта жұртты арбағыш,
Советтік теңдесі жоқ Армияға
Шаттықпен барлық халық айтты алғыс.

Бүгін дүние аузында бір ғана сөз:
Жер жүзін қанды саздан аршуға тез,
Уа, жеңісте теңі жоқ Совет ері,
Қалдығын фашистердің өлтіре ез!

Жер шары фашизмнен тазаруда,
Соғыстың қуанышын, азабын да
Бір көріп туысқан ел қатарында
Мақтанам, жүргеніне қазағым да!

1945

АЛТЫН АДЫМ

Октябрь
Жиырманың тоғызына
Аяқ сап,
Теңізді теріс ағызуға
Күші кеп,
«Теңдесі жоқ ер» атанып,
Адымы алтынменен жазылуда.

1945

КОММУНИСТІК ТАТУЛЫҚ

Ең күшті дейтін «атомдық
Бомбаға» миллион татырлық
Бізде бір күш бар, есімі —
Коммунистік татулық.

Кезеңде талай тар қыспақ,
Осы күш бізге жол нұсқап,
Асудан талай өткізді,
Лениннің туын бетке ұстап.

Жалмаймын деген жер үстін,
«Жолбарысы» немістің
Осы күштен езіліп,
Мәңгілікке үні өшті.

Жайпап жауды майданда,
Коммунистік жайлауға
Келген бұл күш, тағы бір
Көрсетті қимыл сайлауда.

Секілді тұтас жұдырық,
Миллион қол жұмылып
Жаңа үкімет сайлады,
Жаңа жоспар құрылып.

Партия жазған жоспар ол,
Бұл істе бізді бастар ол.
Жау қолы жетпес бір биік
Жасап тағы тастар ол.

Сол міндетті алдағы,
Жазуға қалам алғалы
Жиналған достар, тыңдаңдар!
Ақынның мынау арманы:

Басталғанда жаңа іс,
Жұмылғанда тұтас күш,
Мен жазған жырдың әр әрпі
Болса, деймін, бір кірпіш.

Коммунизм үйіне
Барлық кірпіш үйіле
Жасалғанда кең сарай —
Кеңдігі бейне дүние.

Сарайға дос сүйіне,
Сарайға дұшпан күйіне
Қарағанда, күйігін
Дауылдай үрлеп үйіре.

Ұшырсақ жердің шарынан,
Арылып күлдің шаңынан,
Партияның мәңгілік
Жеймiз жеміс бағынан.

1946

ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЖЫР

(Н. А. Некрасовтан қысқартылып, еркін аударылды.)

Болғысы келсе ақмақ
Менің берер кеңесім:
Жалқауланып жатып ап,
Еңбектен тартсын денесін.

Ондайлар алып туса да,
Болса да алғыр ақылы,
Кетпейді кірі жуса да,
Жалтақтық қана жақыны.

Еңбекті дұспан санаған
Адамда өмірі мейірім жоқ,
Арамтамақ арадан[1]
Басқа ұқсас қайуан жоқ,

Тарыншылық келгенде
Ел мойнына масыл ол,
Жұрттан бұрын шерменде
Боп өлер де, сасыр ол.

Қартаймай қаусап денесі,
Жасына жетпей құрыр ол,
Ішкені болып кересі,
Адасқан иттей ұлыр ол.

Бақұмар болма, ендеше,
Өліп-өшпе ақшаға,
Еңбекпен өс шендесе
Ойыңды бұрма басқаға!

[1] Еңбексіз бал жалап жататын қанатсыз еркек ара болады.

МЕНІҢ РЕСПУБЛИКАМ

Әркімнің өзіне ыстық туған жері,
Сол жердің топырағын суын, кенін,
Сүюден тынбайды ол бітпей демі,
Менің де сүйетін бар сондай жерім.

Менің жерім бір емес, дыңдай алты
Сиятұғын қаз-қатар Германия,
Алды Алтай, Қарт теңіз —
Каспий арты,
Сол екі ара мен туып, ұшқан ұя.

— Ұямның күнгей беті күннен басқа
Биікті менсінбейтін Алатауым!
Басынан мыңдар тарам бұлақ ақса,
Әр тамшысы алма, алмұрт, жүзім, қауын,

Жарысқан Алатаудан Жеті өзен,
Балқаштай теңіз көлге құйса барып,
Мыңдаған табын малдар түзді кезген,
Ішеді кеусер судан мейірі қанып.

Соншама кең ұяны мекендеген
Ауылдардың ертеде киіз үйін,
Дөңгелене жұлқынып тепеңдеген,
Дауыл түгіл, өткінші шыққан құйын.

Қазір барлық ауылдың іргелері,
Жер қозғалса желпінбес граниттан.
Бұрын шөлді аймағын гүл бөледі,
Жұрт келмеске жоғалды қашып құттан.

Заманнан кейін қалған әлдекімдер,
Шөл даламды ойласа әлі шөл деп,
Құдіретін большевиктің көруге кел,
Ол шөлдер кеткен қазір бақша, көл боп.

Келіншектей құлпырды кербез-керім,
Сырдария қарт анам қайта жасап,
Әр гектардан мың пұттан береді өнім,
Қай өнім басқа елде тайталаспақ?

Арқада екі өзенім Нұра, Есіл,
Өлкесі жасыл шалғын белуардан.
Мыңдап емес, миллиондап батыл өсір,
Біреуі жұтамайды баққан малдан.

Батыста Ойыл, Қиыл, Жем, Сағызым,
Астында толықсыған теңіз мұнай.
Жер қыртысын шығады шапши бұзып,
Бұрғыны тереңіне салсам бұрай.

Тел емген Азербайжан, Қарақалпақ
Ежелден көрші қонған ағайыным.
Қаспийім мен Аралда жатқан жалпақ
Семіз бекіре, бұлқынып жүр жайыным.

Алтайдан Қарқаралы Қарағанды,
Мұғажарға тартатын жоным жатыр.
Таң қылатын аралап Қарағанды,
Кеншілерім шетінен жонып жатыр.

Не кен керек жаныңа бәрі әзір
Жерден іздеп таппайсың оңда жоқты.
Кешегі зор соғыста жауға атуға
Кендерім берді оннан тоғыз оқты.

Қанша қамтып алсам да шатырымнан,
Ешуақытта болмайды құру кенде.
Егер де тиылмаса шатығудан,
Сақтаған «сыбағам» көп Трумэнге.

Мыңқ ететін түрім жоқ, тау сілкінсе,
Себебі — таудан биік менің еңсем!
Олай өспей қоям ба, мен еркімше
Ұлы Совет — анамның сүтін емсем.

Бір мен емес, Советтің бар адамы,
Биік жанды боп өсті, денесі алып,
Барар беті белгілі, пық қадамы,
Көш басшысы партия — жолы жарық.

1947

ЖАСТЫҚ ВАЛЬСІ[1]

Май туса, гүлдер шешек атса жазда,
Тоғайда бұлбұл, көлде аққу, қаз да
Сайраса, біз жастар да нақ солардай
Бақытқа бөленеміз, сауық назға.

Бақыт нұрға хах-ха-ха,
Ораса жер, аспан,
Біздің жыр да, хах-ха-ха,
Бар жырға ұласқан
Махаббатты жырлаймыз біз
Жастар, жастар, жастар.

Сарқырап асау бұлақ ақса құздан,
Алтын күн күлімдесе көкте қызған,
Біз жастар партиядан сәуле алған
Жайнаймыз жарығырақ жұлдыздардан.

---

[1] Латиф Хамидидің бұл текстке жазған музыкасы Совет Одағына, одан жер жүзіне әйгілі боп кеткендіктен композитордың өтінішімен, текст қайта жазылды. Нотасы басылып шықты.

КІТАПХАНА

Міне, түнгі сағат төрт. Үйдің іші
Шырт ұйқыда. Көшеде жүрген кісі
Естілмейді. Тымық түн. Жаз. Сайрайды
Тереземнің алдында бұлбұл құсы.
«Құлаққа ұрған танадай» осы шақта,
Көбін оқып, біразын алған жатқа
Кітаптарым столда, шкафтарда
Тізіліп тұр әскердей қойған сапқа.
Әр қарулы әскерлер, әр киімді.
Арғы Гомер, Щипачев тұр биылғы.
Философ, экономист, артист, ақын
Бар ғасырдан тіресіп тұр иығы,
Сансыз заман өкілі... сансыз қоныс:
Сансыз тілдер бөлмемде тауып тоғыс,
Бәрінің тілін біліп, сөйлестіріп
Тұр қасымда өнегем — ұлы орыс.
Уа, орыс көрсеткен сен маған жарық.
Арқаңда сенің ғана, мен хат танып,
Сен аударған сансыз тіл кітаптарын
Оқимын үйіме де жинап алып.
Білімнің кезген шақта ылди, өрін,
Асылын алған шақта теріп тегін,
Оларды пайдалану жолын маған,
Әрдайым үйретеді ұлы Ленин.
Уа, Ленин, бар білімнің сен көзісің.
Кіршігі жоқ асылдың нақ өзісің.
Сан мыңдаған ғалымдар жасап кеткен,
Білімдердің қорытқан синтезісің.
Кітаптардың теңізін терең, ұшан
Аралай, қай уақытта кезсем, қашан,—
Кетпей батып, шығуды аман малтып,
Әрдайым Ленинменен ақылдасам.

1948

ЭЛЕКТР ШАМЫ

Қараңғыда жаңқаның жарығымен
Жазыпты-мыс Фирдоуси Әбулқасым,
Абайдың да,
Иісті жалынымен
Керосин ауыртыпты дейді басын.

Ал, мендік кабинетте, керек шақта
Люстра электрлі жанса жайнап,
Қасыма, әлдеқашан күнді батқан,
Ақ шаңқан сәулесімен келеді айдап.

Тілеген сағатымда күлімдеп күн,
Тәжім етіп тұрады қасыма кеп.
Маған сонда бітеді ерекше үн,
Жырлаймын, түннен даусымды асыра кеп.

Шабытыма келе ғап, ондай кезде
Алас ұрып кетеді қызып денем.
Электр қуатындай саулап сөз де,
Жарығындай жарқырап туады өлең.

1948

ҚАЛАМ

Досыңнан, әйеліңнен, балаңнан да,
Әкеңнен, туысыңнан, анаңнан да
Артық сыр шешіп, түгел ақтарылар
Жалғыз-ақ жан серігің — қалам ғана.

Ол сенің жан жүйеңнің бәрін кезіп,
Сырыңды түгел теріп, сияға езіп
Қағазға төксе, жұта қабылдайды,
Ұшы істік темірден тозбай, төзіп.

Бірақ, қалам сөйлегіш, білген сырды
Жұртқа жайып кетеді. Ойды-қырды
Кезгеніне қанағат қылмай, жортып
Болашақта шарлайды нелер жылды.

Қаламым, білем мен де ол жайыңды.
Сен арқылы менен де сыр жайылды.
Бірақ, сен айта алмассын: «Сыр
шешуден,—
Деп,— іркілді, қорықты ақын. Я
тайынды!„»

Тайынам, қорқам кімнен? Дұшпаннан ба?
Салмағы жеңіл оның мысқалдан да.
Достан-дағы кей кезде бұғу мүмкін,
Әлі бітіп, өрісі қысқарғанда.

Маған заман жайлатты кең өрісті.
Мойныма жүктеді көп зор істі.
Жүктерімді жеріне жеткізетін
Ойға сенім, бойыма берді күшті.

Несіне, ендеше мен, іркілемін?
Сепкендей тың жерлерді жыртып егін,

Ойымды айттым ашық, дән өнсін деп,
Жаңбырдай жауып, күндей күркіредім.

Мұнымның бәрі аян дос, дұшпанға.
Сырыңды тура айт деп ар қысқанда,
Қан-жаным араласқан қаламыммен
Бола ма, белді шешіп сырласпауға?

Жоқ, болмайды!.. Қаламға сырды ашам мен.
Кім болам, халықтан сыр ұрласам мен?
Ұрламаймын. Кел, қалам, қасымда бол,
Жан сырымды ақтара жырласам мен.

1948

ҚАРЫНДАШТЫҢ ТҰҚЫЛЫ

Қырық тиындық бұл қызыл
қарындаштың
Ұшы кезді сансыз мың жолдың астын.
Кей жерлерін мақұлдап, кейбір жерді,
Деп сызады «бұл тұста жаза бастың».

Кітаптан, қолжазбадан мыңдар жолды
Бойлай жортып, кең шарлап оңды-солды,
Шау болған қарт қырандай, тобан аяқ
Таусылып, міне бұл да тұқыл болды.

Тоздырмақ заман ұшы, жүзі барды.
Талай суып, талайлар қызуланды.
Бұл да солай өзгеріп, тек, жасаған
Белгісін көрсететін ізі қалды.

1948

АЛМАТЫНЫҢ КӨШЕСІ

Кей қалада, мысалы, Көкшетауда,
Тыныстауға, егер де, шықсаң тысқа:
Барар ең алаңдағы еккен бауға,
Ағашы әрі сирек, әрі қысқа.

Ал, біздің Алматыда шықсаң үйден,
Қораңның іші, көшең жыныс орман.
Ағашы биік, басы көкке тиген,
Найзадай әрі тіп-тік шанышқан қолдан.

Жаз айында, күн кейде кетсе шыжып,
Көлеңке боп тұрады көше бойы.
Салқындау онда жүріп қандай қызық!
Шарықтап-ақ бағады адам ойы!..

Мұнда жаз, тау басында аппақ күртік.
Қыс пен жаз дос боп қапты құшақтасып.
Бұлт шөге қойыпты, бойын іркіп,
Қысқа барып тығылып, жаздан қашып.

Күн шыжытып, ерісе таудағы қар,
Сай-саладан саулайды су дүркіреп.
Сол бір шақта бұлтқа бітіп ызбар,
Қарауыта жылжиды ол күркіреп.

Тарамданған қалың бұлт келе қалса,
Жиырыла, екпіндей төбеге ауып,
Нажағайы жарқылдап найзаларша,
Қалың нөсер кетеді төге жауып.

Малшындыра жер бетін, тарам-тарам
Қалың бұлт сырғиды тауға қайта.
Мұнда жаңбыр болыпты, тауда боран,
Жотаны қар бүркепті, әне, байқа!..

Шіркін, біздің Алматы керемет-ау.
Әрі қызық тұруға, әрі тыныс!
Күте білсең өзіңді, боласың сау,
Жаның шат боп өсесің, денең құрыш!

Жалыққан кезде істен, шықсам үйден,
Жүрсем жасыл орманды көшеменен,
Жапырақтардай сыбдырлап тәтті күймен,
Шабыттана шарықтап өседі өлең!..

1948

МОСКВА

1

Құстарға қызығушы ем бала кезде,
Көтеріле ұшқанда ол ілезде,
Деп ойлаушы ем, «шіркін-ай, дәл осындай,
Қос қанат көкті шарлар бітсе бізге!»

Міне, кәзір, келемін шарлап көкті.
Самолет Москваға қойған бетті,
Бауырына жиыра дөңгелетіп,
Кейін серпіп тастайды төңеректі.

Желді жайпап ілгері ол ытқанда,
Дауысынан дүрліге құс жытқанда,
Жер бауырлай ұшқанды місе тұтпай,
Әрі шырқап кетеді бұлттан да.

Бір емес, талай шықтым бұл сапарға,
Ауыл, қала немесе малды отарға
Түссе көзім, түп-түгел тани кетем,
Тұрғандай бәрі түгел алақанда.

Алматыдан ұштық біз түнді тіле.
Түн мен бұлтты қабаттай кейін түре
Самғағанда, шыққан күн сәулесіне
Шағылыса шұбалып көрінді Іле.

Жолбарыстай жолақ жон,— сары тау құм,
Құтты мекен малдарға нелер жүз мың,
Белестене біраз жер жарысып ап,
Артымызда қап қойды, әне, біздің!

Сәлем, Балқаш!.. Білем мен байлығыңды.
Сен барда мыс жетпес деп қайғыруды
Ұмытқам!.. Досқа күліп, дұшпаныңа
Айқайлап көрсетіп қой айбыныңды!..

Даласы селеу, қыры жақпар тасты,
Сілтедік Арқаға да біз құлашты.
Көз алдымда тұр міне, түсті түгіл
Қабат тастан тон киген оның асты.

Тереңнен көмір, мысын, алтын, жезін
Аралап талай рет көрген көзім.
Сондықтан, еске түскен минуттарда
Жүргендей шахталарда алам сезім.

Керіліп одан әрі кетті Сибирь.
Егін, шөптің, орманның құты боп бір.
Кей тұстарда мал да жоқ, адам да жоқ,
Үңілгенмен көрмейсін ешбір қыбыр.

«Шіркін-ай,— дейсін сонда,— осынау
тыңнан.
Ішінде құнарлы жер шулап тұрған
Малдарды шығарса айдап!.. «оған да қол
Жетеді деп сенесін біраз жылдан!»

Оралдың кірдік, міне, жынысына.
Орыстың біткен бай тау ырысына.
Жетпейді ешбір күш те оны алуға,
Құрсанса Оралдың мол құрышына.

Орыстық, арғы бетте, қалың орман.
Селолар қатарласа жиі қонған.
Көсіліп жатыр Волга, орыс жерін
Белдеулей ағып, ойын-қырын шолған.

Соншама кең өлкені өрлей өтіп,
Бұйра бұлттың үстінен көлбей өтіп,
Сол күні келіп қаппыз Москваға,
Жамылған шақта ымырт, түнделетіп.

2

Москва, есіміңді әл-қуат қып,
Көрсем күш алам, сансыз киловаттық.
Бақытына адамзаттың жаралғансың,
Тарайды сенен ырыс, сенен шаттық.

Орыстың ата мекен астанасы.
Жау алмайтын берік Ақтас[1] қаласы.
Сан ғасыр сақталып кеп, Октябрьден
Тарихтың болдың жаңа бастамасы.

Нарт қызыл Кремльге ту ілінген
Ойлансам ертеңің зор бүгінгіден.
Ғасырлар ғана емес, дәуірлердің
Арқаңа арттың тиеп жүгін бірден.

Қиынға бар қаладан бұрын кірдің.
Доскa жылы, дұшпанға қырын кірдің.
Болса да қандай алып, ұстасқанды
Не өлтіре жықтың, не сүріндірдің.

Жаулап алып, ішіңе беки келген,
Жынды адамдай еліре, көки келген
Фашисті жойып, достық туын тіктің
Берлиннің арасына Пекиңменен.

Бірдей танып жуығың және қияң,
Үлгі алар алдымда, сен деп, ұям,
Жауға тізе бүкпеуге белін буды,
Әртінде Ханой[2], бертінде Пхеньян[3].

Әлі де талай қала алмақ үлгі.
Алса үлгі, өлтіре жауын бүрді.
Бар жүректі идірдің бостандықшыл,
Бостандықшыл сүйдірдің барлық тілді.

3

Москва мейірімді, жылы жүз деп,
Ең алғаш мен де сені бардым іздеп[4].
Сол жолы не көргенім көз алдымда
Қаз-қатар бола ғап тұр, кәзір тізбек:

Айнала шарылдаған трамвайдан,
Адамдай есі ауып, мыйы айналған

---

[1] «Белокаменная Москва» А. С. Пушкин.
[2] Демократтық Вьетнамның астанасы.
[3] Демократтық Кореяның астанасы.
[4] 1924 жылдың аяғында.

Қазандық вокзалдың іргесінде
Аз тұрдым, шыққанымды білмей қайдан.

Шуларын трамвайдың тұрдым тыңдап,
Жөнелді жұртты артып, ырғап-жырғап.
«Автомобиль» атаулы жоқ ол кезде,
Өретін Москвада қазір мыңдап.

Бүркеді боран бір кез күңгірт кешті...
Әреңге ызың-шудан жинап есті,
Жөнелдім қала жаққа бетті қойып,
Жалдап ап фаэтонды арбакешті.

Жеккен ат болып шықты қырсау, кесір.
Өзі арық, ішінде бардай бөсір.
Сол жүріске үйренген. Божысын да
Қақпайды қаба сақал қартаң көшір.

Тар көше, биік үйлер мен көрмеген!..
Кейі жанай, кейбірі тұр көлденең.
Әлсіз жанған сәуледен көрінбейді
Кейбір үйдің төбесі, көкке өрлеген...

Кешікпей жақсы жайға орналастым.
Көншіген кезде көңіл, қарным ашты.
Сілтеді тұрғын біреу,— «сонау тұста,
Үйлері болады — деп — арзан астың».

Ақшам аз, қалтам жұқа студентпін.
«Үйлерді аса арзан» іздеп кеттім.
Таптым,— «Аңшы қатары» дейтін жерде,
Асханасы: құс, балық, малдық еттің.

Таңсық көрдім құс, балық етін жорта.
«Арзан астан» қылмауға қарынды орта,
Бұлдырықтан қуырған «екінші» жеп,
«Біріншіге» балықтан іштім сорпа.

4

Аралап кеттім сол күн қала ішін.
Нелер көркем сарайлар, нелер мүсін
Тұнып тұр!.. Бәрін-дағы халық салса,
Бүгін қызмет істейді халық үшін.

Болғанмен танысқаным азырағы,
Не көрдім,— бәрі миға жазылады.
Деп сүйсінем ішімнен,— «Шіркін, орыс
Жасайсын-ау, нелер бай қазынаны!..»

Қыдырып кең қаланы жүремін де,
Отанның күрегі деп білемін де,—
Қызыл тас қамалының сыртын өрген,
Әр тұстан қарай берем Кремльге.

Бір күні оның да ішін араладым.
Ертегі сияқтанып қарағаным,
«Орыстың сан ғасырлық шеберлігі,
Осында түйіскен!» деп шамаладым.

Мавзолей сол бір тұста болды жабық.
Қасында тұрдым талай, әдей барып.
Мен ғана емес, бәрі де жиналғанның,
Қояды тартқан демін ауыр алып.

Қайғының ізі тұра, бетте айғыз,
Бірақ, біз күрсінеміз, жыламаймыз.
Тауына ленинизм тең келмейді,
Қандай шың болса-дағы және қай құз.

Ұстазы бар ғасырдың, өнегесі.
Бақыттың тоғбайтұғын кенересі,
Өзге биік қасында оның төмпе,
Ол шыңдардың ішінде Эвересі.

Бір күні, Мавзолейде ашылды есік.
Алдымнан кетті бақыт желі есіп.
Тыныстап жатқан көсем жүзін көріп
Сан рет бұрынғыдан шықтым өсіп.

Көзімменен бақыттың кенін көрдім,
Ақылдың асқар биік өрін көрдім.
Тыныстаған түрінде: партияға.
Халыққа бұлжымайтын сенім көрдім.

5

Сан жылдар өтті самғап одан бері.
Биікке кетті өрлеп Совет елі.
Өрлеген елге басшы Ұлы астанам,—
Москва, талай рет көрдім сені.

Шарықтап елмен бірге өстің сен де,
Айналды тар көшелер кәзір кеңге.
Тілдескен аспанменен көркем үйлер,
Бойында талай орам бітті демде!..

Орнына баяғы асхананың,
Көркінің бірі болып астананың,
Орнады гостиница «Москва» атты,
Әріптес теңгермейтін басқаларын.

Жасарда мәдениет сарайларын,
Кремль келбетіне қарайладың.
Ұқсаттың бәрін соның суретіне,
Бетіне түсе қалған шар айнаның.

Сол сәулең астына да түсті жердің.
Метроңды нелер ғажап тастан өрдің.
Кең, көркем, жарық, таза мұндай сарай
Бірінде жоқ Советтен басқа елдің.

Ешкім де айта алмайды саған өкпе.
Қарамай үлкен-кіші қызметке,
Жасадың бірдей жағдай: профессор,
Жұмысшы, маман, әскер, студентке.

Тұрып мен Остоженко[1] елу үште,
Сиғанша біліміңді құйдым ішке.
Ант бердім, сол білімді қолдануға,
Шамамнан келетұғын көптік іске.

Ер жете келіп саған, оқып балам,
Боп қайтты туған жерге дыңдай маман.
Соншалық тәрбиеңе, мен ғана емес,
Айтады алғыс бізде мың сан адам.

Жаралып адамзаттың бағына сен,
Сәулеңді септің жердің шарына сен.
Бұдан да күшейесің, жарқырайсың,
Көркейіп болашақта тағы да сен.

Үнемі тілейтінің бейбітшілік.
Кешікпей таусылады жауың шіріп.

[1] Көшенің аты.

Достасқан дүниелік қалалардың
Тұрасың ортасында күндей шығып.

Бақыттың алшаңдасаң өрінде сен,
Отырсаң, жер шарының төрінде сен,
Алғыс айт, коммунистік партияға,
Алғыс айт, Ұлы зодчий[1] Ленинге сен.

1925

[1] Сәулетті үй салуда ең асқан шебер.

ЕЛУ

«Елу» деген осы ма?
Мұның несін
«Қартайдым» деп қайғырған Абай ағай?!
Өмір маған жайнатып бар бейнесін,
Жан-жағымда жанып тұр самаладай.

Жас қалпында сияқты, байқап көрсем,
Дене күшім, немесе ақылым да,
Бірақ, деймін оларға,—
«Шаманды өлше,
Албыртсынып кей кезде қапы ұрынба!»

Мосқалдану белгісі болар мүмкін,
Бой мен ойды тежеген осы сақтық.
Іс, күреске әлі де талай дүркін
Түсем, бірақ, емес бұл сөзім ақтық.

Отан, халық, партия мені баптап,
Күрестерге түсірген талай алуан.
Алып соғып, басынан кеткен аттап,
Ұстасқаным болса да қандай балуан.

Сол күшім, сол тәсілім әлі бойда,
Тұрсам да елу жылдың белесінде.
Қанды майдан соғыста, яки тойда
Дайынмын белді буып күресуге.

Абай ағай қартайса жасы жетпей,
Қиянатшыл заманнан көріп соққы.
Мен заман мен бақытқа бірге беттей,
Бой мен ойға жалынды жақтым отты.

Күрес, істің кезінде туған ұлмын,
Уақытым жоқ, қартаю, алжуға да,

Жайын ойлай жатармын арғы күннің
Бір тоқсанды байлап ап қанжығаға.

Өмірімнің жайнаған жазындамын,
Қысы түгіл жеткем жоқ күзіне мен,
Сөндірерлік ойым жоқ өмір шамын,
Бұл ғасырдың жеткенше жүзіне мен.

1950

ЛИТВА

Келеді жортып поезым,
Екпіндетіп бұлқына,
Алдымда Балтық теңізі,
Жағасында Литва.

Бұл жағаның халқын
Көруге көптен ынтыққам,
Білемін аздап тарихын
Гедимино[1], Витовтан[2]

Балтықтың жайлап жағасын,
Шалғынды және суатты,
Орныққан село, қаласы,
Ел болыпты қуатты.

Төсін төсеп батыр ел,
Атылған жаудан оқтарға,
Берілмепті туған жер
Басқыншы, батыл тевтонға[3].

Баяғыда болыпты,
Бірақ, мұның бәрі де,
Бертінде ол зорықты
Таусылып қуат, әлі де.

Капиталшыл елдердің
Болып байғұс шылауы,
Қорлық-зорлық көрген күн,
Үдеді еңіреу-жылауы...

Сол көз жасын құрғатты,
Тек советтік құрылыс.

---

[1] Литваның алғашқы королдары.
[2] Оның баласы.
[3] Неміс феодалдарының ескі кездегі ордені.

Шаттық үнмен жырлатты
Жаңа дәуір, жаңа іс.

«Бейтаныс» болса кеше ол,
Отандас бүгін бауырым.
Жері маған туған жер,
Селосы туған ауылым.

Қалаларым қаласы,
Ортақпын ауа, суына.
Түр, түсіне қарашы,
Бейнелес туым туына.

Сондықтан іздеп келемін,
Көруге оны ынтыға...
Құшағын жайып қарсы алды,
Өз елім,— туған Литва!..

1950

ВИЛЬНЮС

Сан ғасыр бұрын кеп түскен,
Балтықтың бойын сағалап
Қаланы, жолдас Шимкұспен[1]
Келер күн кеттік аралап.

Тамашалар көрерлік
Көп екен қала бойында:
Халқының асқан шеберлік,
Андатар тапқыр ойын да.

Көз тартқан көркем сарайдың
Келе қалсам қасына,
Басынан кешкен талай күн
Таңбасы түскен тасына.

Көргеніне халықтың
Әрбір ойы кепілдей,
Талай томды тарихтың
Бұл үйлер бір-бір бетіндей.

Беттердің бәрін асықпай
Оқып түгел қарасақ,
Литва халқын жасытпай,
Бастаған өрге болашақ.

Бостандықтың өрінде
Тізесін талай бүгіпті.
Ақырда, туған жерінде,
Қызыл туды тігіпті.

Тігіліпті қызыл ту
Төрінде де Вильнюстің.

---

[1] Литваның белгілі ақыны.

Жоқ енді оған жығылу,
Жетпейді әлі еш күштің.

Сүйкімді Вильнюс, бұрын сен
Күн кешсең жаудан жасқана.
Тасытып ақын сырын сен,
Көркей енді, астана!..

1950

БІР ЕСКЕРТКІШ ЖАЙЫНДА

Радвилайте Варвара
Дейтін бір сұлу болыпты.
Зигманд Август[1] таң қала
Ғашық боп оны торыпты.

Торыған қызды күшпен бе,
Не болмаса алдап па,
Ізіне аңды түскенде,
Іліктіріпті қармаққа.

Жас сұлуға үйленіп,
Толғанмен Август есесі,
Бұл іске қатты күйзеліп,
Қайғырыпты шешесі.

Себебі, бұдан бұрын да
Бар екен екі әйелі.
Тоты құстай құбылған,
Сымбатты, сұлу, әдемі.

«Үшіншіні тағы алу
Астамшылық емес пе?!»
Деп, көзі тез жоғалу
Жайында кірді кеңеске.

Қайын ене мен келіндер
Ойланды нелер пәлені;
Тұншықтыр, тура, я у бер,
Артында даяр әлегі.

Өлтірудің әлексіз
Таппағанда амалын,
Тәсілі көп қара жүз
Табыла кетті бір залым.

---

[1] Литваның XVIII ғасырдағы королі.

Деді залым «Егер де
Адамнан болса ажалы,—
Шетінен король көгендеп,
Береді ауыр жазаны.

Тартпауды жаза, қармана
Таптым ойлай қарап мен:
Жас келін — сұлу Варвара
Әр кезде жеккен пар атпен

Сайрандауға шығады,
Сүйеді серуен жасауды.
Вильнялеге[1] жығады
Жегіп берсең асауды...»

Әр жоба, әр мөлшердің
Аяғын солай қорытты...
Аттанды Август көрші елдің
Біріне жасап жорықты.

Варвара қалды сарайда,
Гидиминос шыңында...[2]
Айнала қорған, жоқ айла,
Сарайға шыңнан шығуға.

Тек, жалғыз жол қақпадан
Түседі төмен оралып.
Ол жолды тура таппаған
Өзенге қалмақ қамалып.

Келісіп қойған залымдар,
Өлімге айла жасауды,
Бас білмес, үркек, арындар
Жегіп екі асауды,

Жөнелтіп еді сұлуды,
Асаулар жарға тік келді,
Омақата жығылды,
Бәрі де суға күп берді...

Үлгерместен қалқып та,
Вильняле құшып кенелді,

---

[1] Вильнюстің ортасын жарып ағатын өзен.
[2] Қаланың ортасында патшаның сарайы салынған жер.

Тартуға сыйға Балтыққа
Екпіндей аға жөнелді...

Жорықтан қайтқан Августың
Жүрегін қайғы жандырды,
Ұмытпасын ешкім деп
Арнап шіркеу салдырды.

Бұл шіркеуді шеберлер,
Жасады сондай көрнекті,
Түйісіп нәзік бар өнер
Орнатты нелер өрнекті.

Марияны[1] қақпаға
Варвара түсті боятты,
Жақтауда мрамор тақтаға.
Алтымен жазды аятты.

«Құлдық ұр!» деп халыққа,
Алдында тізе бүктірді.
«Бойына тозаң дарытпа»
Деп ерекше күттірді.

Төңерегі бақша-бау,
Күтімді шіркеу жанды нарт...
Келе қалды болып жау,
Наполеон Бонапарт.

Көрді де соза алды дем:
«Тоймайсың, көзім қимайсың,
Парижға апарып қояр ем,
Алақанға сыймайсың!..»

Қызыққанмен әр шақта
Уысқа ол сыйған жоқ.
Өйткені, Литва, деп жатқа
Ешбір мүлкін жиған жоқ.

Атаулының — ескерткіш
Іргесі қазір бекіді.
Жетпеуіне ешбір күш,
Советтік дәуір — кепілді.

1950

[1] Христиан дініндегілер құдайға санайтын Айсаның шешесі.

ЫСТЫҚКӨЛ

Аалы Тоқамбаевтан

Айналасы асқар тау,
Жатады көлім мөлдіреп.
Бұйраланса толқындар
Жалында жүрек елбіреп,
Қанаттанып жырым да
Кетеді жайнап желбіреп.

Балдыр болып түбінде
Жатар ма едім, Ыстықкөл!..
Кеме болып белшеден
Батар ма едім, Ыстықкөл!..
Бал суынды балықтай
Жұтар ма едім, Ыстықкөл!..

Тереңдеген сырыңды
Шешкім келеді, Ыстықкөл.
Қаздай қалқып суыңа
Түскім келеді, Ыстықкөл.
Тамшы суыңды таласып
Ішкім келеді, Ыстықкөл.

Жұпар шөптің бойында
Жүргім келеді, Ыстықкөл.
Сағат сайын сыңқылдап
Күлгім келеді, Ыстықкөл.
Толқын қылып өзімді
Үргім келеді, Ыстықкөл.

Қоймадағы кеніңді
Қазғым келеді, Ыстықкөл.
Қойныңда мәңгі бойымды
Жазғым келеді, Ыстықкөл.
Сыбырласқан сырыңнан
Наз үн келеді, Ыстықкөл.

Талай жасқа белгісіз
Барғасын-ау, Ыстықкөл.
Талай елді ұзатып
Салғансын-ау, Ыстықкөл.
Көрмей ғашық кісіге
Армансыз-ау, Ыстықкөл.

Маяк болып жарыңда
Тұрғым келеді, Ыстықкөл.
Жас баладай құшақтап
Сүйгім келеді, Ыстықкөл.
Міндетіңді бойыма
Үйгім келеді, Ыстықкөл.

Алыс кетсем жалтақтап
Көргім келеді, Ыстықкөл.
Жүрегімді қаласаң,
Бергім келеді, Ыстықкөл!
Сені қорғап, сен үшін
Өлгім келеді, Ыстықкөл.

1950

ҚЫРҒЫЗДА

Дүниеге «қазақ» боп басқалы адым,
Араласа бірге өстім саған қаным.
Бірге көштім, үйімді қатар тіктім,
Бірге жайлап оттады баққан малым.

Бірге іштім «Шуың» менен «Таласынды».
«Ару» беріп алдым мен «Аяшыңды».
Сен жырласаң «Қамбар» мен
«Тарғынымды»,
Мен жырладым «Семетей», «Манасыңды»

Қайғыға, қуанышқа болдық ортақ.
Жауды қарғап бірге өстік, досты алқап.
Бай мен манап ірітпек болғанменен
Жұбымызды нығайттық, кетпей тарқап.

Көтеріп ауырлықты нелер бірге,
Советтік, жеттік, міне, бақыт күнге,
Алпыс ұлт, коммунизм бақшасында
Жайнадық түрлі түсті ұқсап гүлге.

Гүлденді тауымыз да, даламыз да.
Гүлденді ауылымыз, қаламыз да.
Жеткізген бұл бақытқа, мың сан алғыс,
Коммунистік партия — анамызға!

1951

ВОЛГА-ДОН

Орыс қызы Гретаға.

Екі өзен — Волга-Донға
Мәңгі берік салып қоныс
Арасында құба жонға
Ойлай қарап тұрды орыс.

Алыс жерді жақындатар
Секілденіп дүрбі-шыны,
Шартарапты шолды қатар
Көгілдір түс қарашығы.

Көрген шақта шолып түгел
Атамекен бай қонысты,
Армандай бір тағы жігер
Билеп алып кетті орысты:

«Кең отанның түн бетінде
Жасыл шалғын, қалың орман!..
Сондай байлық күн бетінде
Неге өспейді, Волга-Доннан?.

Ғасырларға жарыс сала
Екі өзен жатыр ағып,
Шөліркеген мынау дала
Неге ішпейді одан қанып?

Неге, мынау аңызғақ жел
Тынбай есіп басынады?
Бұны бөгер туып ерлер
Қашан бұл жел бас ұрады?!.»

Волга-Донның суындай боп
Ғасырларға ақты осы арман.
Қуаты өсе, шымырлай кеп
Тиянағын тапты осы арман.

Арнасы кең, түбі терең,
Бірі Азов, бірі Ақ теңіз
Секілденіп екі өрен
Ұлы Отанда туды егіз.

Ленин туды, бар тарихтың
Тоғысқан кеп түйініндей,
Туды көсем бар халықтың
Бейне Эверес биігіндей.

Жегілерді, елдің сұрын
Кетіретін қанын сорып,
Жойды-дағы, ашып сырын
Табиғатқа тартты жорық.

Зор жорыққа көрді кіре,
Тұр бөгет талап асқар.
Бұзуға оны, ГОЭЛРО,—
Ленин сызды ұлы жоспар...

Коммунизм құрылысын
Қолға алғанда еркін халық,
Табиғаттың құбылысын,
Кетті игеріп, билеп-ағып.

Талай теңіз ақтарылды,
Төңкерілді талап таулар,
Талай асау ноқта ілді,
Талай шөлге өсті баулар.

Нелер ғасыр болған «мирас»
Мешеуліктің түнін түре,
Сәулесі кең сермеп құлаш
Тармақтанды ГОЭЛРО.

Сол тармақтың бір жүйесі
Жетті, міне Волга-Донға,
Совет халқы,— жер иесі
Қаулай қаптап шықты жонға.

Компартия елді бастап,
Игеруге барды жонға,
Іске керек түгел аспап
Құрылысшы алды қолға.

Бұрынғыдай емес, бұл қол,
Бұрынғы күш емес, бұл күш.
Зор каналға ашатын жол
Экскаватор адымдағыш.

Оның алып адымдары,
Алшаңдаса алдын ұтып,
Жерсорғыштың снаряды
Сазды қылғи жатты жұтып.

Күн-түн демей жүйткіп ылғи
Жалпақ табан бульдозерлар,
Бойын теңеп өр мен ылди,
Тегістеліп қалды олар.

Жентектеле араласып,
Бір дене боп темір мен тас,
Волга Донға қойның ашып
Кең арна боп кетті тұтас.

Кең арнамен келген ағып,
Қымбат суға сілтеп бір із,
Алдын бөгей тұрды бағып,
Тармақтанған талай шлюз.

Кең даланы жатқан жалпақ,
Қандыра мол емізуге,
Қалды орнап, ұлан-байтақ
Цимлян теңізі де.

Шөлі қанған кең өлкеге
Өсімдіктер өнсе андыздап,
Кешке, күндіз, яки ерте
Есе алмайды енді аңызақ.

Енді шөлдеп көрші, дала!..
Енді өспей көрші, орман!..
Теңіз-егін толқындана
Көрші өспей, ылди, жоннан!..

Мал оттайтын мейірі қана,
Кәне, өспей көрші, шалғын!..
Неткен сұлу болдың, дала!..
Неткен жарқын еді, алдың!..

Жарқын бейнең секілденіп,
Нұрлы жүзі таңдай ата,
Кең каналға бетін беріп,
Жас инженер тұр Грета.

Сымбат, көркі, мінезі де
Бір-біріне жарасады,
Жиналыпты бір өзіне
Елдің бүкіл болашағы.

Көркем канал тұлғасынан
Отты көзін қия бұрмай,
Асты ойы сан ғасырдан,
Орыстың бай қиялындай.

Алыс жерді жақындатар
Секілденіп дүрбі-шыны,
Шартарапты шолды қатар
Көгілдір түс қарашығы.

Көрген шақта шолып түгел
Ата мекен бай қонысты,
Кетті тасып бойда жігер,
Бақытты ел,— деп,— орысты!..

Бақытыңа туды Ленин!..
Соған серік бастап елін!..
Адамзатқа жол нұсқады.
Коммунизм бойлай өрін,

Осы канал секілденіп,
Бес теңіздің басын қосқан,
Құшақ жайған, төсін керіп,
Төңірегің көп туысқан!..

Ленин туын сая тұтып,
Партияға еріп бәрі,
Ен байлығын талай ұтып
Табиғаттың алады әлі...

Ұтқан сайын дүниеде
Нығаяды бейбітшілік.
«Соғыс» атты қара күйе
Таусылады іріп-шіріп.

Барлық өзен, барлық теңіз
Сонда түгел қосылады,
ГОЭЛРО-ны тұтып негіз
Бар жұрт іске асырады.

Жер шарында түгел жанып,
Тұрмақ сонда Ленин шамы.
Адамзатқа болып жарық,
Бүгінгі мен болашағы!..»

Ақын даусын қостым мен де,
Шекланова Гретаға,
Туып-өстім осы елде,
Жат емеспін бұратана.

Мен де ортақпын суға, жерге,
Мен де тудым бір атадан.
Сондықтан да жүрек менде
Кем соқпайды Гретадан.

Соққан жүрек мені-дағы
Шақырады Волга-Донға,
Құрылысқа сөз бұлағы,
Азық болар талай томға!..

Уа, Грета, канал қазып
Волга менен қоссаң Донды,
Сол ерлікті біз де жазып,
Жариялаймыз талай томды!..

1952

ЖАЙНАҒАН ЖАПЫРАҚТАР

Біз тіккен былтыр қолдан бір топ шыбық,
Биыл да көріктеніп жапырақ шығып,
Мінекей ағаш болды көлеңкелі,
Сүңгідей әрі тіп-тік, әрі шынық.

Жыл сайын осылайша тіккен қолдан
Қаз-қатар сәулеттене оңнан, солдан,
Алматы көшелерін безендіріп,
Боп кеткен аллеялы қалың орман.

Қиықтап қораларға тіккен сирек,
Жемістің ағаштары салып түйнек,
Боялып түрлі түске шілде туса,
Үйіріп әкетеді көзді билеп.

Алматы сұлу едің мұнша неткен!..
Құлпырта газондарға гүлдер еккен,
Көз тіксең, күлімсірей саған қарап,
Секілді боп кетеді беттен өпкен.

Гүл жайнап бақшаларда құлпыра алма,
Аралар дәнін сорып бөксе балға,
Гүл түсті асыр салған топ балаға,
Жүгіре қосылады біздің Жанна.

Па, шіркін, қыздар қандай, жігіт қандай!..
Қарайсың тамашаға қызыққандай!..
Сымбатты сұлу жасқа көз тіккенде,
Боласың орта жасты ұмытқандай!..

Бұрылып қарай қойсаң сонда артқа,
Күмістей ақ сақалды, түсі нарттай
Бола ғап күн нұрынан, күлімсіреп,
Көңілді кескінменен отыр қарт та.

Мүмкін ол профессор, мүмкін қойшы...
Кім болса да секілді түсі ойшы...
Ол бол, сен бол, советтік бар адам бол,
Мынадай тамашаға, кәне, тойшы!..

Жоқ, тоймайсың, қарайсың тесіле сен.
(Шын көркемнің тоясың несіне сен!..)
Алматы теңіздің бір тамшысындай,
Аласың кең теңізді есіңе сен.

Қарасаң СССР-дың картасына,
Қарасаң төңірегі, ортасына,
Жеңістің коммунистік жазуы тұр,
Әр жапырақ, әр топырақ, әр тасында.

Алғанда большевиктер бір күн қолға,
Қосылып кете барды Волга-Донға.
Ілезде қалды өсіп жыныс орман
Ғасырлар құлазыған ылди-жонға,

Туысқан қол ұстасып Волга-Жайық,
Шөлдерге нелер құтсыз суын жайып,
Ағаш та, егін де өсіп, шөп те өсіп,
Түгінен майы шығып кетті байып.

Шөлдерге тегіс орман өседі деп,
Әйтпесе аңызақ жел еседі деп,
Советтің бар баласы мектептерден
Теп-тегіс шығып жатыр.Мичурин боп.

«Кендерді жерде жатқан меңгерейік,
Тіршілік тетігіне жем берейік»—
Деп советтік ұл, қыздар түгелімен
Шығып жатыр боп бір-бір Менделеев.

Жарыстан бойын іркіп, қалыс қала
Отырған бір адам жоқ, алысқа да
Көз тігіп, Жуковский сызған жолмен
Барғалы жатыр қазір Марсқа да.

Бұл шындық!.. Былай!.. Қиял секілді де.
Қиял емес, шынына кепілді де
Қолға әкеп ұстатып, күн нұрымен
Отырмыз еркін билеп эфирді де...

Осының бәрін жырлап ақын отыр,
Қиялы жырақ, өзі жарқын отыр,
Советтік азаматтың бірі болып,
Ол-дағы бар жемістен татып отыр.

Гүлді өміріміз жайнайды мәңгі ескірмей
Бақыт күн нұр себеді бір кешкірмей,—
Өйткені, бар қимылды өз қолынан
Партия өргізді бас диспетчердей.

Бұл бетте бөгелмейді ешбір өрлер,
Жеңіске коммунистік шықса ерлер,
Жаншылып жыландардай қала бермек
Трумэн сияқтанған арамтерлер.

Советтік құнарлы бай топырақ бар,
Сондықтан коммунизм татымақ бал,
Сонда жайнап өседі бақытты ел,
Сонда өседі жайнаған жапырақтар!..

1952

ДОСТЫҚ ТУЫ

Қазақ ССР-нің Мемлекеттік жалауы туралы
Указдың жариялануына.

Сан ғасыр тұтасқан бір ел бола алмай,
Меншікті жарқыраған туын тікпей,
Көршілес күшті елдерге тең бола алмай
(Теңдікті тұра алмады алдан күтпей),—

Жүргенде қазақ елі, түнді түріп,
Жарқырап шықты күні ленинизм!
Советтік Ұлы Отанда жаз құлпырып,
Өмірдің жойды жерден ызғар-сызын.

Жасаған еркіндікте халықтарға
Зор туын коммунизм айқын нұсқап,
Партия басшы болып алыптарға
Жөн тартты ленинизм туын ұстап.

Бұл тудың әрбір жібі тірі адамнан
Құралып, кіріскенде қимылына
Тауларды, теңіздерді тың жаралған
Тартты әкеп коммунизм сыйлығына.

Жайнады Қазақстан жалауы да!
Лениндік күн нұрының тармағы боп,
Жіберді гүлге бөлеп даланы да,
Байлықтың нелер түрі қаулады кеп!

Ел болып Октябрьде басты қостық,
Жалынды желбіреген ту ұстадық.
Жасасын коммунистік ұлы достық!
Жасасын коммунистік туысқандық!

ЖАСА, УКРАИНА

Жерім, суым, тарихым, тағдырым бір,
Тату-тәтті тетелес өскен құрбым,—
Украина, құлдыққа көнбей сан жыл,
Азаттық биігіне құлаш ұрдың.

Қадала бүйіріңнен қысқан жаумен
Қандаса кескілесіп салдың соғыс,
Тең болып паналығы асқар таумен
Жәрдемге келді сонда саған орыс.

Ол — сенің қонысы бір, қаны бірге,
Бір әке, бір шешеден туған ағаң.
Екеуің күш қосқанда бекіп ірге,
Жауларың бата алмады дардаңдаған.

Сен ғана емес, барлық бауырласын
Алды да орыс халқы панасына,
Деп: «бәрің теңдес және қатарласым!»
Етті ортақ аталық бай мұрасына.

Туысқан Россия халықтары
Орыстың адымы зор басты ізін.
Барарын қайда олардың анықтады
Сәулесі күннен күшті ленинизм.

Көтерді бұл сәулені қолда ту ғып
Бастаушы жеңістерге Компартия.
Жіберді талай шөлді орман-ну ғып,
Советтің алып күшті ер халқы да.

Қолынан совет халқы жасағанда
Болмаған еш тарихта кереметті,
Үлгі боп бұл іс барлық дос адамға,
Жұмыла осы жолға бұрды бетті.

Ұран бір — көкте емес, жерде орнату
Жайнаған адамзаттың бақыт жазын,
Достықпен бар адамды тәтті-тату
Жасату жарастырып әзіл-назын.

Советтік Ұлы Отанда өсірдік біз
Гүлдері шешек атқан ғажап бақша.
Құлдықтан өзі түгіл қалған жоқ із,
Қайнаған қарқынды еңбек бал бұлақша

Суарды гүл бақшаның өлкелерін
Достықтың өзендері шалқи тасып,
Жемісін бұл бақшаның ел тереді,
Шын сүйіп бір-бірімен араласып.

Сан ғасыр қиял етіп тапсақ әрең
Осындай мәңгілік жаз қонысты біз,
Бұл іске тарих куә, куә әлем,—
Өзгеміз ұлы орысқа борыштымыз.

Сол бізді бастап келген мұндай жазға,
Сол бізді тар қыспақтан шыққан алып,
Сондықтан саны көп пе, яки аз ба,
Айтады шын алғысын барлық халық.

Украина, айтасың сен де алғыс,
Алғысымды айтамын мен де үн қоса.
Гүлде, Украина, бұдан да гүлдене түс,
Қуаттан, көркей, жайнап мәңгі жаса!

1953

САУЫНШЫ ҚЫЗДАР

Сары алтының себелеп сүйкімді күз,
Кең дала тұрған кезде тыныс ала,
Әнге шырқап келеді бір топ жас қыз,
Ортасында Мария Гурская.[1]

Бәрінің де кескіні гүл жайнаған,
Бәрінің де денесі тығыршықтай,
Сырнайшының саусағы күй ойнаған
Жүгіреді пернеде бейне ұршықтай.

Кестеменен әдемі өрнектелген,
Бәрінің де кофтасы, белдемшесі.
Сайрандауға бара ма жігіттермен,
Мұнша сәндеп бойларын жүрген несі?

Сұрастырсам, барады сиыр сауа,
Саусақпен емес, бірақ, электрмен.
Сиыр тұрған сарайда таза ауа,
Түк сезбейсің ішінде иіс, кірден.

Қыздар кіре, сүмесі сиырлардың
Электр қуатынан сорғыш киді.
Тамыры балқып қайдағы қиырлардың
Сүмелерден сорғалап сүт боп иді.

Толып қалды ілезде ақ шелектер,
Көпіршіген кіршіксіз қою сүтке.
Заводқа тез жөнелді, деген «ап кел!»
Бидондарды машина тиеп жүкке.

Барған сүтті кідіртпей сепаратор
Центнерлеп, тонналап ағызса май,

---

[1] Украинаның Одесса облысындағы Березов ауданындағы колхозда соңғы екі жылдың ішінде қарамағындағы сиырлардан орта есеппен жылына 5000 литрден сүт алып жүрген сауыншы қыз.

Жылдан-жылға бұдан да болып батыр,
Бұдан-дағы Ұлы Отан болады бай.

Жылдамдатып қимылын, асығады,
Сауыншы біздің қыздар соны біліп.
Бірі ән айтса, бәрі де қосылады,
Әзілдесіп алады, кейде күліп.

Шат қыздар, электрдің қуатын тез
Қос сүмеге, сиырлар жылдам исін!..
Содан аққан майларға болып тез кез,
Жігіттердің сүйетін аузы тисін.

1953

ЭЛЬБРУСКЕ[1]

Сен санасаң бір кезде бар шығысты
Қозғалмайтын алыпқа қалғып жатқан,[2]
Міне, қазір көресің, қандай күшті,—
Оянды шығыс
Күнінен Ленин жаққан.

Ленинизм сәулесі мені-дағы,
Шырт ұйқыдан оятып қосты іске.
Халқымның аспанға өрлей ұшты-бағы,
Рақат тауып, өң түгіл, кірмес түске.

Еркін ұлы советтің серуендеп,
Міне, Эльбрус, кеп қалдым қасына мен.
«Победа» мен шығамын төсіңе өрлеп,
Самолетпен қонамын басыңа мен.

Сен ғана емес, қарт Кавказ, аралаймын
Ылди-өрің, таусылмас кең ішіңді.
Асау өзен, көремін көліңді айдын,
Кюфтан[3] менен татамын жемісіңді.

Батыр елмен сүйісіп амандасам,
Көптен бері келер деп мені күткен,
Өйткені, біз тұрғалы бірге қашан,
Саясында қызыл ту Ленин тіккен!

---

[1] Кавказдың ең биік шыңы.
[2] Ю. М. Лермонтовтың «Айтыс» деген өлеңін қараңыз.
[3] Кавказ еліиің ұлттық тамағы.

АРАКСТЫҢ[1] БОЙЫНДА

Аракты жағалап біз келеміз,
Бергі беті біздікі, ар жағы Иран.
Екі жаға гранит, бейне көк мұз,
Кей тұс қорған сияқты, қолдан құйған.

Кейбір тұсы еңістеп, етек жағы
Көлбей біткен кетеді дала болып.
Ол тұстарда ауылдар, өскен бағы[2],
Кейбір ауыл үлкейген қала болып...

Темір жолмен біздің жақ шеңберленсе,
Онымен жарыса құйылса асфальт;
Иран жағы есекпен, сорлы елдерше
Тауға өрлейді соқпақпен «Қыхк»[3] деп қақсап.

Біздің қала өрілсе граниттен,
Ирандардың үйлері құйған лай.
Күні құрысын, деймін-ау, елдің бүйткен,—
Жалба күрке, тұрғандай қайыр сұрай.

Біздің жақта трактор жерді жыртса,
Иран жақтан таң болып қатын-қалаш
Мойнын соза қарайды.
Жүнді құртша,
Ол жақта сүйретілген ағаш-омаш[4].

Ой-қиялың, ән-күйің бір заманда
Суындай тасқан халық Аракстың,
Сорлы болар, киліктің не аранға,
Қайыршы халге мұндай қайдан түстің?

---

[1] Кавказдағы өзеннің аты.
[2] Жеміс бағы.
[3] Есекті айдайтын ун.
[4] Пышағының жүзіне ғана темір қағылған ағаш соқа.

Айтпаса да білемін жәй-күйіңді,
Торына шырмалдың сен жиһангерлік.
Үстіңе таудан ауыр пәле үйілді,
Әлің бітті, кеудеңнен басылды өрлік.

Бірақ сен өлген жоқсын.
Жылдан-жылға
Келеді өнбойыңды кернеп ашу.
Жегі құрттай жайлаған обыр-сұмға
Күнің жақын, өзендей қайта тасу.

Компартия бастаса тасқыныңды,
Бостандықтың құйылар арнасына.
Өзің билеп мұнай мен астығыңды,
Ерік тиер мәңгілік мал басыңа.

Кәрі тарих өлкесін түптен жайлап,
Келесің ескі елдердің қатарында.
Бір кезде бостандықтың туы жайнап,
Сенің де бақыт орнар отаныңда.

1954

АЛЫСТАҒЫ АУЫЛДА

Алыста аулым бар еді,
Облысы Қостанай.
Жері құт,
суы бал еді,
Мәпелеп мені өсірген,
Туған жерді есімнен
Жүретін едім тастамай.

Туған жерім кең еді,
Көз тіксем ұшы-қиырсыз.
Тұрғанға қалғып тең еді,
Ауылымды айнала,
Керіле біткен айдала,—
Ізсіз, жолсыз, шиырсыз.

Қалғыған кең даламды,
Оятты анам —
Партия.
Алуға бұл «қамалды»
Колхоздар мен өндіріс
Жұмсады күш, басталды іс,
Жылдан-жыл өнімі артыла.

Бірақ байтақ кең дала,
Сыймады бірден құшаққа.
Аз табысқа алдана,
Кейбір шағын бастықтар
Тұрғандай толып астықтар,
Қанағат қылды ұсаққа.

Болжағыш, іскер, жеңімпаз
Партия мұны көрді де,
«Бай даладан алдық аз,
Алайық түгел байлығын,
Оған қуат сай бүгін
Әзір совет халқы да»—

Деп шақырды ұранды,
Түрді Отан құлағын.
Асынып қажет құралды,
Тыңдарға дабыл салып жол,
Ұлдар, қыздар — комсомол,
Аттанды алғыр қыраным.

Москвадан, Киевтен,
Советтік барлық қаладан,
Жабдықты түгел үйіп тең
Нелер алып машина,
Нысанаға асыға,
Тізіле тартты даладан.

Машинаны меңгерген
Туысқан барлық халықтан,
Советтік барлық елдерден
Кескіндері — жалынды от,
Ойлары ұшқыр, іске өжет,
Таймайды алған бағыттан.

Жатса да жерде қалың қар,
Болса да аяз, үскірік,
Бөгелмеді алыптар.
Сибирьдің қысы қасарған,
Дәндеген екен осалдан,
Шыдатпады күштілік.

Тілгілеп өтті алыптар
Төңкиген бұйра күртікті.
Қайрат, ісі шарықтар —
Отаншыл өрім азамат,
Тоңдарды кардан тазалап,
Тыңдарға қызыл ту тікті.

Аршылған тоңға болат тіс,
Кеміре терең қадалып,
Басталып жаппай құрылыс,
Іргесі берік үй, сарай,
Тігілген туды жағалай
Бітіп те қалды қаланып.

Естілді жырлар үйлерден,
Тілдері басқа әні бір.

Кірпігі түнге түйрелген
Электрдің көзінен.
Лениндік шамның өзінен
Даланы кетті бөлеп нұр.

Істе, күште, жырда да
Болды сондай келістік.
Мақсаттары бір ғана,—
Алтынға халқы балаған,
Көтеру тыңды даладан,
Өндіру бай егістік.

Туған жерді жаңғыртқан
Бұл үнге мен де қосылам.
Өйткені, ақын — албырт жан
Ес білген бала шағымнан
Осындай күнді сағынған,
Құмар болған осыған.

Кешікпей күн жылынып,
Ерісе жерді жапқан қар.
Техника, адам жұмылып,
Көтерсе жаппай тыңдарды,
Тудырмай тың жырларды,
Жатуға қалай шыдар ар.

Жоқ, шыдаман!
Қаламды
Өткірлеп мен де қайрармын.
Аралап туған даламды,
Ерік беріп жырыма,
Поэзия тыңына
Мен де соқа айдармын.

Өсірермін өлеңнен,
Мен де дәнді жемісті.
Ауыр дәнге бөленген
Көтере жырлап даламды,
Серпе сілтеп қаламды.
Сипаттармын егісті.

Бидайдай асыл сөз дәнін,
Шашыратпай жинармын.

Жеткенше, қиял, ой, әлім,—
Жеңістің шыққан өріне,
Жырымды туған еліме,
Басымды ие сыйлармын!

1954

ДИЕН-БИЕН-ФУ

Не нағашы, немесе емес жиен,
Сөйте тұра «басып ап болам иең»,—
Деп барған отаршылды, жұдырықпен
Тұмсықтан соқты өлтіре Диен-Биен!..
Күн елі[1] қорғап Диен-Биен-Фуды,
Билетпей жауға мекен, жерді, суды,
Атасы қолдан соққан берік қорған
Үстіне желбірете тікті туды.
Намысын сатқан елдің Бао-Дайды,
Төбеден қара түндей басты қайғы.
Жақтасы бостандық пен бейбітшілік
Құттықтап Күн еліне құшақ жайды.
Болғандай соры қайнап «еңбегі» еш,
Диен-Биен-Фу жаудан босанған кеш,
Қашып барып үйіне тығылғанмен,
Масқара жұрт алдында болды Даллес.
«Сілкінсе халық, дүшпан жеңе ала ма?
Жеңбесе ол ел менен жер ала ма?»—
Деген зілдей сұрақты, зор дауыспен
Вам-Фан-Донг қойды барып Женевада.
Адамдай жалын шарпып беті күйген,
Шошынды бұл сұрақтан Жорж Бидо.
Таптамақ болған сұмдар ел намысын
Түскенін ұқты сонда нендей күйге.
Мейлі отаршыл күрсіне алсын демін,
Зорлықшылды күтеді әр жерде өлім.
Ешбір жау ешуақытта ала алмайды,
Қолдайтын бейбіт елдер Күннің елін!..

---

[1] «Вьетнам»—«Күннің елі» дегеп сөз.

КОММУНИСТІК ПАРТИЯ

Эпилог орнына

Өтер айлар, өтер жылдар,
Өтер жүздеп, мыңдап ғасыр.
Көтерілер нелер тыңдар,
Ақтарылар нелер асыл.

Ұлы халық тасқын күші
Жылдан-жылға гүлдер, қайнар,
Гүл бағындай бейне түсі,
Коммунизм жазы жайнар.

Өркенді өмір басып алға,
Талап жаңа болар ескі,
Ұқсап айқын атқан таңға,
Жарқырар ой сан көмескі.

Ұшқыр ғылым біз білмейтін
Табиғаттан тауып екпін,
Жолы — миллион жылдар — дейтін.
Бәрін билер планеттің.

Артта қалған ескіліктің
Жаңа қоғам көбін ұмтар,
Асылындай естіліктің
Тек бір сөзді ойда тұтар.

Ғасырлардың, замандардың
Жұға алмайды оған таты.
Ар-намысы адамдардың
Компартия — оның аты.

Компартия — ленинизм
Көрігінде піскен құрыш.
Майырмайтын тас та жүзін
Бар майданда алмас қылыш.

Жорықтарға жұртты бастап,
Мейірімсіз жайпап жауды,
Алға тартты кең құлаштап.
Жолда өсіріп бақша-бауды.

Қаймықпай еш қиындықтан,
Белді буып батыл кірді,
Достарына жолын ұққан
Әр ісінде болды үлгі.

Жылдан-жылға қанатын кең
Жая түсіп төңірекке.
Саясында алатын дем
Жасыл орман болды көпке.

Сондықтан да Компартия —
Бар халықтың дем алысы.
Сондықтан да Компартия —
Бар халықтың ар-намысы.

Сондықтан да Компартия —
Бар халықтың сүйіктісі.
Сондықтан да Компартия —
Бар халықтың ұйытқысы.

Ғасыр жылжып, заман өтер,
Тозбақ емес, бірақ, халық.
Компартия аты жетер
Ғасырлардан асып барып.

Партия атын халық сақтап,
Алып кетер алысқа ол.
Махаббатпен жүрер жаттап,
Барса-дағы Марсқа ол.

Мүмкін күн де, ай да сөнер,
Ешуақытта сөнбес халық.
Жанындай ол жақсы көрер,
Сөзін ақыр құмарланып.

Оқығанда қуанар ол,
Компартия келгендей-ақ.
Әрбір сөзін құп алар ол,
Нақ Ленинді көргендей-ақ!

1953

ӨЛЕҢІМ

Мың тоғыз жүз бірінші жылы туып,
Мінекей отыз бесті жеттім қуып.
Отыз бес түгіл, сексен, тоқсан бесте
Жоламаймын деп «маған ажал жуық»

«Енді бір ай жиырма жеті жасқа келем,
Отыз... қырық... қартаям... сөнем... өлем!»
Десе байшыл ақындар, көр аузында
Күңіреніп өлетін табыменен.

Менің сөзім: тіршілік, тұрмыс мендік.
Ешбір күштер дей алмас мені — «жеңдік!»
Табым да жас, өзім де жаспын, жігер
Маған ғана арнаулы, қайрат, ерлік.

«Өмір теңіз» болса, мен төсін құшып,
Толқыны түгіл, таудай сеңі қысып
Қоршаса да саспаймын, қанат қақсам,
Шыныдай мұзы быт-шыт кетеді ұшып.

«Өмір дауыл» болса, мен — аэроплан.
Беттетпей соғып бетке, шашын жұлам.
Қанатыммен маңдайға ұрып, өзім
Қай жаққа ұшсам, қанатты соған бұрам.

«Өмір жалын болса, мен — домна пеш.
Көмір, күл ете алмайды қызулық еш.
Талай қатты тастарды сарқылдата
Қайнатып кен алуға жан тәнім өш.

Күрес, еңбек, игеру — менің еншім.
Мылқау күштер жұмсайтын менің елшім.
Тіршіліктің тетігі менде болса,
«Өлім» деген маңайлап қайдан келсін!

Күлкім — күн, лебім — дауыл, сөзім — жауын,
Дыбысымның екпіні бейне — дауыл.
Өлеңім өр басына тіккен туым,
Соған қарай көшеді мендік ауыл.

Өмірім боп тұрғансын «шыбынсыз жаз»,
Отанымда еңбексіз тұратын аз.
Бас тартпайды бірі де, деген сөзден —
«Сен егін сал, сен мал бақ, сен кенді қаз!»

Сыбаға бұл бөлісте маған тиер:
«Ән шырқау, жаны иіп халқым сүйер.
Егінші, малшы, кенші, өнершілер
Азық қып көңіліне оны түйер.

Қазған кен, орған астық, өсірген мал,
Сан, салмағы,—
Жанға азық
Өнім де бар.
Бүгінгі табым түгіл, келешекте
Әнімнен азат адам татады бал.

Әніме сәйкес сөзім,— шарлы айна:
Елесін не көрініс болса қайда,
Бойына тартып түгел, жерің түгіл,
Көрінбек жұлдыздар да, күн де, ай да.

Тұрмыстың көлеңкесі, жарығы да,
Осалы, орташасы, алыбы да
Түседі түгел оған...
Ең аяғы
Теңіздің тереңдегі балығы да.

Кім кімді сүйді, кімдер неден күйді?
Кімге кім қай уақытта басын иді?
Кім менен кім дос болып, кімге кімнің
Судай қанын ағызып, тісі тиді?

Кімдердің кім ілікті қармағына?
Кім жетті, кім жетпеді арманына?
Кім күнделік өмірдің құлы болып,
Кімдер құлаш сермеді алдағыға?

Осының бәріне де айнам өлең.
Өзімді де бетінен айқын көрем.
Қара қылды қақ жарған әділім сол,
Сол ғана өмірімде шыншыл төрем.

1934

БИЫЛҒЫ МАЙ

Бұл Отанның Майы да
Коммунистік
Партияның әлпешті ұлы болды.
Әрбір жылдың айы да
«Ол» деместік
Былтырғыдан көркем де, ірі болды.
Былтырғы Май туристей
Жердің шарын
Саяхаттап, мекенге келді оралып.
Жан баспаған өрістей,
Жаңаларын
Отан сыйға алдынан шықты алып.
Бұлар бұрын білмеген,
Көрмеген сый,
Саны, сәні, сапасы үздік артық.
Ғажап көркем түрменен
Тартқан ылғи
Құшақтай алды сыйды, Май құмартып.
Жаңа түрмен безенген
Біздің Майға,
Дос сүйсініп, құрметтеп соқты қолын.
Дұшпан ерні кезерген,
Ауыр ойда,
Тұнжырады бүкшите тосып жонын.
Сүйін, дос, сен де біздей
Өз Майыңды
Безендір былтырғыдан биыл артық!
Дұшпан, сен, тауды сүзбей,
Біл жайыңды!
Әйтпесе, жоқ қылармыз бір-ақ тарпып!

1956

ТУА БЕР, «ТУ-104-ім»

Қозы мөңен құлынның бірі туса
Қуанатын басым-ай, бала шақта!..
Енді, міне, жетпейтін жел де, құс та,
«Ту-104» таңбалы міндім «атқа!»

Жер жарықтық бүркеніп ақ бұйра бұлт,
Қалып қойды жырақта буалдыр боп!..
Күн терезе көзінен күлімдеп жылт
Қарайды, «мені де кеп қуандыр!» деп.

Көгілдір ашық аспан теңізінде
Айдың неге бозарып қаны қашқан?
Қап қойған ба, қорқыныш сезімінде
Қаңбақ-шалдың сөзінен,—«сақ бол,
жасқан!..»

Жасқанба ай, көзіңді шығарман мен,
Дәм жазып, тез арада бара қалсам.
Қуанарсын, жерімде шығарған мен
Егін мен орманымды ала барсам!

Бұл жолы мен бет алдым, Отанымның
Батысы бір туысқан шет еліне,
Амандасып, «біраз күн жата келдім»
Демек боп Слован мен Чех еліне.

Олар кім ед, мен кім ем қырқ жыл бұрын,
Оған куә өздерің— айым, күнім!
Қайсысы айтар, даламның ойын-қырын,
Өз ойы мен қырынан кем деп бүгін.

Айта алмас, күмілжір көрсе егер,
Жолымды кетіп қалған, алдын орап.
Менен де олар үйренер білім, өнер,
Туысқанға, досына, теңге санап!

Тезірек ұш, «Ту-104», ойға алған
Мекеніме тезірек жетейін мен.
Мақсаты бір, жолы бір Чех — Слован
Еліне сені мақтан етейін мен.

Туа бер, «Ту-104-ім», көбейе бер,
Құлындарың сенен де болсын ұшқыр!..
Көліксін, дүниеде ең мерейі зор,
Кедергі мен бөгет жоқ, саған ешбір!

1957

ЧЕХҚА!

Қоңырқай көкшіл көзің күлім қағып,
Қарайсың неге маған қиығымен?
Дейсін бе,—«түр-тұлғасы маған танық,
Мынау кім, денесі зор, иығы кең?!»
Қысықтау қара көзді, беті жалпақ
Монғол ма, шығыстың я басқасы ма?»

Мен қазақпын, советтік азаматпын,
Бойым, ойым қысылмай еркін өскен.
Бүкіл совет халқымен, саған жаттың,
Бас көтермес тағдырын бірге шешкен!..

Жеріңді фашизмнен тазалауда,
Менің де інілерім төкті қанын.
Келдім мен соларды да азалауға,
Келдім мен көрмек болып қабырларын.

Келдім мен ауызыңнан тыңдамақ боп,
Ерлігін, ешбір адам есітпеген.
Келдім мен оларды да жырламақ боп,
Тарихқа аңыз, ұлың Фушикпенен.

Келдім мен тұрмысыңды көрмек болып,
Азаттық, бейбітшілік күніңдегі.
Дос көріп, сыйлығын мол бермек болып,
Жерің, күнің, көзің де күлімдеді.

Мен түсе самолеттен бұлт ашылып,
Жеріңді жуып, жырақ кетті жауын,
Көк майса ылди-өрді тұр жасырып,
Кәдімгі, Қызылжар мен Көкшетауым!..

Ауаң да дәл сол екен жәйма-шуақ
Ыстық та, суық та емес, жанға жәйлі,

Тамаша тынысыңнан қосып қуат,
Чех досым, сенде өткізем июнь — майды!

Ішемін Карловы Варында мен,
Суыңды тереңінен қайнап шыққан.
Халқыңды, жер-суыңды жадымда мен
Нық сақтап жүрегімде мәңгі ұмытпан!

1957

ЕГДЕЛІК ТУРАЛЫ

Көңілім де, денем де жас деп жүріп,
Егде тартып қалыппын абайсызда:
Мысалы,— жас шағымда ызғар, мұзға
Ұйқтай қалсам оянғам бойым жылып.

Ал, кәзір, белім тисе бәлкім сызға,
Беліме байланады шойырылма.
Егделікке айналып бой ұруға
Саябырлау тартыпты ойым,— қызба!..

1957

ТУҒАН ЕЛІМЕ

Әкемнің құты,
Шешемнің сүті,
Сіңірген тұла бойыма.
Бар асылын халықтың,
Лениндік ұлы тарихтың
Құйған сана-ойыма,—
Туған, тілім, өркенде!
Бола бер, күшті, көркем де!

1958

СЫБЫЗҒЫНЫҢ СЫРЫ

(Шоқан Уәлихановтың арманы)

Сыбызғының сарыны,
Қайғылы елдің зар-үні,
Кетер ол үн алысқа!..
Болашақ бір уақытта,
Ел де жетер бақытқа,—
Қол артып, ұлы орысқа!
Серіктес өзге құралмен,
Жаңа күй, жаңа жыр-әнмен
Ол да түсер жарысқа!

1958

МОСКВАҒА СӘЛЕМ

Москва!.. тек, өзіңнен қанаттанып,
Шыңдарға нелер биік ұшқан халық —
Қазақтан, саған тарту — таралғыға
Ән-күйді бір эшелон келдім алып!

Әрине, бұл ғана емес қолда барым,
Бойына мен қазақтың біткен дарын.
Ашылып гүл-шешектей Октябрьден,—
Даламды бау-бақшасы жапты қалың.

Жылдан жыл көркемдене жатқан кеңіп,
Бақшамнан түрлі түсті гүлдер теріп,
Бірнеше букетімді алып келдім,
Болсын деп астанама бұл да көрік.

Орын ап салтанатты кең төріңнен,
Дауыспен жан-жүйеңді ерте білген,
Көрсетем сауық-сайран алдыңа кеп,
Советтік шындығымнан, ертегімнен!..

Қырық бір жыл бұдан бұрын едім өгей,
Сондықтан, жерім құтсыз, ауылым кедей,
Халқымның сол бір шақта мұң мен зарын,
Бүлкілдеп жырлап еді талай көмей.

Кезіңде, қараңғыда ел адасқан,
Халыққа жол табуға жанталасқан,—
Ыбырай, Шоқан, Абай күн сәулесін
Тек қана күткен еді ұлы орыстан.

Тамаша сәулесіне бөлеп елін,
Құлдықта жүргендердің намыс-кегін
Сиғызып өз бойына, бақыт күні,—
Орыстың ардақты ұлы — туды Ленин.

Қамалған қараңғыда көріп жарық,
Көксеген азаттықты өліп-талып,
Лениннің күшті үнімен бас көтеріп,
Құлшына қан майданға шықты аттанып.

Көсемі,— Компартия— құрылды штаб.
Майданда белуардан кешіп қанды,
Қазақ та шеру тартып бірге аттанды,
Әліби, Аманкелді, Сәкен бастап.

Майданға шақырғанда ұран тастап,
Жойылып ел талағыш түгел банды.
Атырды Компартия Россияда
Октябрь аталатын алтын таңды.

Қосып боп Октябрьге өз үлесін,
Өткеріп бастан түгел тап күресін,
Қазақ та отандас бар халықпенен
Жасасты коммунизм құрылысын.

Кең дала жатқан бұрын жай құлазып,
Советтік құралдармен көрсем қазып,
Кен болып бықып жатқан, заводтарға
Мәңгілік таусылмайтын табылды азық.

Құрылып теңдесі аз нелер алып,
Лениндік ен даланы бөлеп жарық,
Мақтаншақ Европа елдерінің
Талайы тырбаңдады артта қалып.

Десе де жаулар бізге «қастық етем»,
Отаным жылдан жылға басты бекем!..
Көтеріп көрсем тыңын кең даламның
Астында тұнып жатқан астық екен.

Деп едім егіншіме «жылдам аудар!»
Дос қуанып, күйінер дұшпан-жаулар,
Алтай мен Алатаудай жоталанып,
Даламда өсіп кетті алтын таулар.

Жайылып шүйгін отта түліктерім,
Жүйрікті малшыларым мініп менің
Заманның жарысынан бәйге алса,
Қарайды рахаттана күліп елім.

Күресте бекігемін жасымауға,
Байлықта бекігемін тасымауға.
Шынында келеді әлім, Отанымды
Талай жыл киіндіріп асырауға.

Кең жайып құлашымды жан-жағыма,
Ғылымның, өнердің бар қармағына
Сыбаға қосып, нелер тәтті ән-күй
Оралды көмейім мен бармағыма.

Ауылдан, Алматыдан, Москвадан
Ән салсам, қосылып тау, тас та маған,
Бақытты өмірімде сауық құрсам,
Дос түгіл таңданады қас та маған.

Москва, тек өзіңнен қанаттанып,
Шыңдарға нелер биік ұшқан халық.
Қазақтан, саған тарту-таралғыға
Тағы да талай ән-күй келдім алып.

Тағы да орын алып кең төріңнен,
Достардың жан-жүйесін ерте білген.
Күй тартып балбырата, ән шырқаймын,
Бүгінгі шындығымнан, ертегімнен.

Эфирің ән-күйімді қағып алып,
Естісін жер шарында барлық халық,
Советтік бақытты елдің шаттық үнін,
Тыңдасын бүкіл адам құмарланып.

Мінейін жасанды жер серігіне,
Барайын планеттің керігіне,
Аспанды кезіп жүріп жар салайын,—
«Қазақтың — деп — ерікті елі міне!»..

Адамның іске асырған бар қиялын,
Жеңімпаз коммунистік партияның,
Істерін дүниеге жыр қылайын,
Тарасын бар әлемге шалқи әнім.

Таңырқап көзін тіккен әлем саған,
Жүктеген тәтті үмітін бар ел саған,
Москва, ұлы астанам, бар қазақтың
Атынан мың мәртебе сәлем, саған!..

1958

ЛЕНИН ЖОЛЫ

Адам!
Сен тарихыңның өн бойында,
Атқардың таңқаларлық талай істі.
Тек қана, жалғыз арман жүрді ойыңда,
Сан заман жеңе алмай жалғыз күшті.

Ол зұлымдық: адамды адам талау,
Қиянаты қисапсыз аздың көпке!
Үскіріктей үсітіп ауыр қанау,
Жүрек сыздап, қабына алқынды өкпе.

Талай ізгі ақыл-ой бұл азапты
Жоюдың жолын іздеп болды сарып.
Талайлар бостандыққа факел жақты,
Енді күннің шығуын күтті халық.

Октябрь таңы атты, күн де шықты,
Аты — Ленин, батпайтын еш уақытта,
Халық оны жүрекпен, мимен ұқты,
Ұқты адам жетерін шын бақытқа.

Сонан бері СССР өлкесінен
Лениндік алтын сәуле кең тараған,
Батыстың төне қарап желкесінен,
Жарты әлемді тармағы жапты ораған.

Бақытта үштен бірі адамзаттың
Өзі жеп еңбегінің жемістерін,
Тыныстап саясында гүлді бақтың,
Кеңітті жылдан жылға өрістерін.

Жердегі жетістігін месе тұтпай,
Қол созды еркін адам Ай мен Күнге,
Ұшырған ракеталар босқа жатпай,
Жолдас боп жұлдыздармен жортты бірге.

Билеуі планета атаулыны
Адамға арман емес, болды шындық.
Космосқа терең сүңгіп бата кірді,
Бар әлем басын иіп ұрды құлдық.

Тұруға жер тар болса Марс даяр,
Ол тар болса көшеді Юпитерге,
Жеңістікке, демеңіз «адам тояр»,
Планеттің бәріне тебеді ірге.

Бүгін-ақ істер еді соның бәрін
Буржуйлар жармаспаса алғына,
Шіріген шырмауықтай тауысып дәнін
Тамырынан құруға таяды да.

Бостандықтың жемісті бәйтерегі
Аспанға бойын соза өсті шырқап,
Әнмен, күймен шаттана дән тереді,
Саясында сайрандап барлық ұрпақ.

Ертең ескі дүние батыста да,
Күл-пәрша боп біржола қираганда,
Бақытты жасап қарым-қатнас қана,
Жерді тастап, қорқақ пен қимағанға,—

Марсқа я басқаға атылса адам,
(Өйтуіне кәзір жоқ ешбір күдік),
Онда да коммуналық құрып заман
Бастайды іс, Ленинның туын тігіп.

Десек біз «бар әлемге адам қожа!»
Жетсе де қай дүниеге оның қолы,
Ленинның әр тасына атын жаза,
Барар беті әрдайым Ленин жолы.

Қай жаққа ұшсын, мейлі қайда барсын,
Адамдық басылған із, жүрген қадам
Лениндік!
Бар әлемді даңқы жарсын!
Теңдессіз ұлы Ленин ең зор адам.

1960

МҰҒАЛІМ

Ел ісін басқаратын көсем бол, сен,
Бал тамған таңдайыңнан шешен бол, сен,
Батыр бол қол бастаған,
тағы сондай
Салада қанша биік өсе бер, сен;

Жаса сен, қай жағдайда, қай заманда,
Әрдайым міндеттісің бір адамға;
Былайғы жақын түгіл, оның орнын
Көрген жоқ басып, туған ата-анаң да;

«Мұғалім!» бұл адамның ардақты аты.
Білімдік бар биікке шығар саты.
Ең алғаш басталады осы адамнан,
Сүйеді сондықтан да жақын, жаты.

— Ар жағы иероглиф, бергі әріп
Арқылы қандай тілде, қандай халық
Хат білсе, санасына мұғалімнен
Түседі бірінші рет сәуле-жарық.

Білімнің шарлағанда талай өрін,
Жаңалық ашқан шақта нелер керім,
Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді
Сыйлайды мәңгі-бақи беріп төрін.

1960

ҚЫЗЫЛЖАР

Кей кезде жаңбырыңнан көз аштырмай,
Аяқты кей көшеңде саз бастырмай
Тұратын Қызылжарым, мен келсем-ақ,
Қоймайсын еш уақытта сен бас ұрмай.
Бұның не? Сағыну ма, сыйлауың ба?
Әзірмін не десең де иланууға!
Емес пе, сондықтан да жыл сайын кеп,
Не әке, не шешедей қимауым да?
Көрдім мен, көп қаланы алыс, жақын,
Керемет сұлуын да, таң қалатын,...
Токио, Лондон, Каир... өзгертпеді,
Жүректің саған деген махаббатын.
Мен саған құмар-дамын, ғашық-тамын,
Себебі,— өмірімнің ашық таңын
Ең алғаш сенде көріп, бақыт үшін
Күресте тамды саған қасық қаным.
Есіме алсам тулап, сені — сезім,
Көрмесем жыртылардай болып төзім,
Келуім — қан-жынымен араласып,
Жерінде жатыр талай ая-көзім.[1]
Адамың аяқ басып жүрген тірі,
Болғанмен, кейі ұсақ, кейі ірі,
Бәрі де, сол достардың тамырынан
Дән тартып түрлі түспен өскен гүлі.
Тұрғының, үйің, көшең — бәрі қымбат,
Жеткенше тіл бояуы сені сырлап,
Қызылжар, қымбат қалам,— біткенше өмір,
Ең ыстық махаббатпен жүрем жырлап.

1961

---

[1] Азамат соғысының құрбандары.

МИФ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ

(Гректің батыр ұлы Манолис Глезостың
Совет Одағына келуіне)

Прометей атаулының бәрінен
Глезосты күштірек деп білемін.
Зевс түгіл Гитлердің әлінен
Келмеді жеу, жалын атқан жүрегін.

Фашизмнің бар салмағы басқанмен,
Жарылмады, үдей соқты бұл жүрек.
Басқан сайын бой теңесіп аспанмен,
Дауылдан да асқақ үні кетті үдеп,

Бостандықшыл осынау үнді сұрапыл,
Адамзатта естімеген қалмады.
Шындықтағы болып бейне Геракл
Күшін, ісін туған елге арнады.

Қылғындыра қысып Минотаврды
Жақын қалды жұтқыншағын үзуі.
Бостандықшыл кемеге ту тағылды,
Теңіздерде жақын еркін жүзуі.

Батыр грек, Олимпіне өнердің
Адамзатқа бірінші боп жол ашқан,
Атасысың сансыз ғажап өреннің,
Ерлік ісі бір біріне ұласқан.

Бай тарихың «тәңіріге» толғанмен,
Болғаны жоқ ерлеріне мәңгі дос.
Глезосқа сарқылмайтын берген дем,—
Ұлы Ленин — қиял еткен Гелиос.

Шолып Ленин күнде жердің алабын,
Сәуле септі әлемге алтын арбамен.

Қиындықтың бұзып талай қамалын,
Безендірді ғажап орақ-балғамен.

Грек елін тұншықтырған түн матап,
Тұңғиықтан құтқаратын ер осы.
Лениншілдік, қонған бойға зор атақ,
Гелиостың Глезос шын Эосы.

1963

КҮНДІ СОНАРЛАУ

Күнді қуып біз шықтық Алматыдан,
«Ил-18» бейне бір оқ атылған.
Шалдырмай күн, түлкідей зымырады,
Дала, орман, таулардың қыратынан.
Қыраннан құтылмасын кешке біліп,
«Түседі-ау,— деген шақта,— енді іліп»,
Құйрығы бұлғаландап, қайқаң қаға,
Сүп беріп ініне ол кетті кіріп.
Дамылдап біз бірер күн Москвада,
Бұлыттың үстін, аспанның астын ала,
Сонарға шықтық түнде, сансыз жұлдыз,
Дегендей қалтырады,— «бастыра ма?!.
Аспанның мұхитына кеттік сүңгіп,
Тәжім ғып басын иді ай да мұлгіп,
Кәнігі, сақ саятшы — пилот бастап,
Ініне түлкі-күннің тура жүрдік.
Бір кезде кірдік тымық қараңғыға,
Тұмсығын тұңғиыққа қадалдыра
Келеді «Ил-18», кедергіні
Көретін қыран көзі бар алдында.
Осылай қараңғыны түре тіліп,
Шағында келе жатқан таң білініп,
Есіней бас көтерді қарт Алатау,
Тишталған өткен түнде көзі ілініп.
Бұл таудың ар жақта, бір саласынан,
Боялған таңға, бұлыт арасынан
Қылт ете қалды да күн, шапшып биік,
Жөнелді қимылменен алас ұрған...
Бара бер, күн, қаша бер, биіктей бер,
Қуған сені соңыңнан киіктей, ел,—
Соғып бір күн, киеді сенен де ішік,
Кешікпей орындалар үміттей ол!

1965

ДОМБЫРАҒА

Көп күннен серік болдым қасыңа мен.
Қарамай, сәби-бала жасыма мен,
Күндіздер түгіл, талай түндерде де,
Айырылмай, жастап жүрдім басыма мен.

Баладай, алғаш білген әліп-биді,
Қалтырап шек, пернеңе қолым тиді.
Ақырда сауаттанып сол сабақтан,
Тартатын болдым талай ән мен күйді.

Мол екен ол ән-күйлер таусылмайтын,
Қазақтың өмірінен қаусырмайтын
Жоқ екен оқиғасы, бәрі ғажап,
Денені балқытатын, жан шыңдайтын.

Сыртыңнан бір көрмеге жобалғысын,
Еліңнің сөйлеп кетсең бергі-арғысын,
Арнасы алдыңдағы кеңи берген,
Тасыған долы өзендей бар ағысың.

Түбі жоқ сұңгіп көрсем тереңіңнің,
Гранит қаттылығы — кемеріңнің,
Ақырын үніңменен сан сырларды,
Ойларды толқытатын бере білдің.

Ұмұтылып жатыр талай білгір, көсем,
Ұмұтылып жатыр сөзден талай шешен.
Бал татып тілің әр кез, жылдан-жылға
Көркейіп келатырсын, сен-ақ есен.

Беріксін бұлжымайтын, сен тас ірге,
Жетіксін ел қолданған бар дәстүрге,
Бұрынғы жалғыздығың артта қалып,
Топталған, айналдың сен оркестрге.

Көбейді кәзір сенің туыстарың,
Бірікті мызғымастай тұрмыстарың.
Көп достың мархабатты қоршауында,
Қолыңа сен қазақтық ту ұстадың.

Бір түсті, әр жолақты бізде ту көп,
«Ғажайып — десек бәрін — гүлден букет,—
Қырымның қызғалдағы сияқтанып,
Тұра бер, кен даламды күймен бүркеп.

1965

АЛЖЫҒАН АЙДАҺАР

(Америка империалистеріне)

Ертеде адамзаттық ұшқыр қиял,
Шындықты ертегі қып ойға сияр:
«Бар,— депті,— жерді ораған бір айдаһар,
Денесін түнде созып, күндіз жияр».

Сол сұмырай болып шықты Америка.
Егерде ерік беріп, десең «ұйпа!»
Тіршілік атаулыны түгел жалмап,
Түрі жоқ қоятұғын жерге құйқа.

Демі от, сілекейі ашыған у,
Жетпейтін жеуіне жер, ішуге — су,
Жалмауыз қылықтарын жасырмақ боп,
«Адамсып» жылмаң-жылмаң етеді қу.

Мейрімсіз барып тұрған жыртқыш аңнан,
Советтік жасқанбаса қарулардан,
Ендігі талай елді жұтып қойып,
Талайды қылғыр еді одан әрман.

Сан елге салғанымен қанды құрық,
Советке сүйенді де, бермеді ырық.
Кубадан, Африкадан, Азиядан
Өлердей соққы көрді, дымы құрып.

Сіміре қанды өңешке құятын аң,
Тұмсыққа ұрған шақта Вьетнам,
Сенделіп әрең тірі қалды сұмырай,
Өлер боп, әсіресе, ұятынан.

Аузынан атом, бомба қардай борап,
Жалмаймын дейтін залым жерді орап,
Жұтуға Вьетнамды ұмтылғанда,
Батыр ел тұрып алды қарсы қарап.

Қайрады қылпылдата кеп қанжарын,
Қабам деп ұртын тігіп алды залым.
Қайтпаса бұл қылықтан аз-ақ қалды,
Айырып алар күні бастан жағын.

Тілінбек денесі де одан әрі,
Намысқор батыр елге жетпей әлі,
Алжыған айдаһардай қылжалақтап,
Біле алмай не істеуге отыр кәрі!..

1965

ӨЗ ЖЕМІСІҢ

Партия!.. Қазақтың кең даласынан
Көтердің құнары мол талай тыңын.
Аналық мейіріммен, жаны ашыған,
Ұрықты сеуіп, күттің көрмей тыным.

Мол сепкен ұрықтарың шешек атып,
Жіберді сұр даланы гүлге бөлеп.
Мәуесі шырын балдай көрсең татып,
Отанға таусылмайтын болды қорек.

Мен де сол, саналуан жемістердің
Бірімін,— тақтың маған «ақын» атты.
Бойда бар асылымды саған бердім,
Меңгер де, қуатыңа қос қуатты!

Мен ғана емес мұны айтар ұлың,
Сөзі бұл ұл-қызыңның миллиондаған.
Әрдайым шаттықпенен қосып үнін,
Естірте бар әлемге шырқайды ән.

Отанның бес тармақты жұлдызының
Бірі боп, төріңнен біз алдық орын.
Партия!.. Тыңда, қазақ ұл-қызының
Қосыла, саған арнап айтқан хорын!..

Арымай, талмай, тоқтап тыным алмай,
Үздіксіз өрге тартсаң елің үшін,
Жолында, болып өскен дәмі балдай
Біз-дағы мақтанарлық өз жемісің!

26. X. 1958 ж.

ЛЕНИНИЗМ

Лениннің қыран, ұшқыр қиялымын,
Қызыл ерлер шапқан ат тұяғымын,
Октябрь күндерінде, еңбекшіле
Жасады СССР-дей ұяны кең

Оңай ғып көш жолында қиындарды,
Нығайтып Ұлы Отанда ұйымдарды.
Жер түгіл, космосты да тез меңгеріп,
Шолпан мен Айға жұрттан бұрын барды.

Қалдырып кеңістіктің бәрінде ізін,
Көрсетіп қайда барса жарқын жүзін,
«Дүние» аталатын табиғаттың
Бәріне тарап кетті ленинизм.

Әр уақыт амандаса келіп-кетіп,
Жүргенде сый-құрметің үнемі өтіп,
Өмірің және елдігің өсуіне
Жылдан-жыл күшейеді сенім бекіп.

27. II — 1967 жыл.

ТУҒАН ХАЛҚЫМА

Сен маған қызмет қылсаң аяғыңмен,
Мен қызмет қылайын төбемменен.

Нартай Бегежанов

Әр уақыт амандаса келіп кетіп,
Жүргенде сый-құрметің үнемі өтіп,
Өмірің және елдігің өсуіне
Жылдан-жыл күшейеді сенім бекіп.

Сенісер, сүйісер жан таппаса Абай,
Барсам да қай ауылыңа маңымды орай
Қаптаған қалтқысы жоқ қалың достар,
Тілдерін бәрінің де табу оңай.

Сөйлессем сырларыңа кетем сүңгіп
Аламын жанға азық мың сан күндік,
Өзіңе сыйға тартам білгенімді
Жеткенше әл-қуатым кеңес, жыр ғып.

Қай тұсқа бассам-дағы кезігесің,
Әр дайым жандай жақын сезінесің,
Бүгіннің, болашақтың, өткеніңнің
Шертесің көрген сайын шежіресін.

Өзенсің өмір бойы тынбай аққан,
Таусылмас қазынасың тұнып жатқан.
Осындай елде туып-өскеніме,
Жар салып жер жүзіне етем мақтан.

Қайтемін қаза беріп тарихты арғы,—
Болғанды біреуің бай, бірің жарлы.
Лениндік жаңа өмірге басқалы аяқ,
Халықсың жолың даңғыл, жарқын алды.

Еңбектің ашылғалы кең майданы,
Өнерің өріс тауып қай-қайдағы,
Бар бақыт қоршап алып маңайыңды,
«Мен — сендік, келе ғой!»— деп айғайлады.

Орнаттың баспананы дауыл жықпас,
Бүкіл совет халқымен болдың жұптас.
Бар майданда беріспес батыр болдың,
Қандай қуат болса да қорқып ықпас.

Мейлі үлкендігі болса да тау,
Қалған жоқ алысқанда жеңілмес жау.
Іргесін елдігіңнің бұзбай сақтап,
Қирамай сан апаттан құтылдың сау.

Жан-тәнге аз болған жоқ түскен жара,
Кездесті кей күн басқа салған қара.
Өмірің өркендегіш ілгерілеп,
Жетіліп әке орнын басты бала.

Күшейіп жылдан-жылға халықтығың,
Куә ғып ерлігіңе тарих тілін,
Замана жарысында жүлде алып,
Жер жүзі отыр сені танып бүгін.

Жыл сайын дәулеттен де молаясың,
Молайсаң дастарқанды кең жаясың.
Үйіңе қонақ болып кім келсе де,
Шаттанып тойып шығар даяр асың.

Кірсем де қай үйіңе қысы-жазы,
Түрілген табағында қарыс қазы!
Жайылған әрбір үйде дастарқанның,
Еш жерден кездеспейді кемі-азы.

Адыра қалды күндер жетпейтін нан,
Лық толған барлық үйде түрлі тағам.
Мұншама молшылыққа душар болған,
Не деген дәулетті үйлер, неткен қоғам?!.

Кигені бәрінің де үлде-бүлде,
Молайып жасау-жиһаз кеткен мүлде...

Тек, советтік дәуірде жеттің халқым,
«Теп-тегіс ел байыды» деген күнге!

Кең шалқып тасыған соң ел ырысы,
Жазылды жан мен тәннің бар құрысы.
Боп шықты, адамгершіл қиялдардың,
Түптеп кеп ленинизм ең дұрысы.

Мен сондай бақытының жаршысымын,
Иірген асығының алшысымын.
Сен шалқыған телегей теңіз болсаң,
Сол теңіздің мен де бір тамшысымын.

28 август 1968 жыл.

ШАТАЛОВ МЕНІҢ ЖЕРЛЕСІМ

Космонавтың жанымдай
Жақсы көрем өңгесін...
Тонымның ішкі бауындай,
Менің де ұшты жерлесім!

Владимир Шаталов,—
Қызылжарлық бауырым,
Тиыш кеңісті қопарып
Гулетті Совет дауылын!

Жырақ жақта ұшып жүр,
Жұлдыздай аққан зымырап.
Советтік намыс үшін жүр,
Ерлік ісі тым ірі-ақ!

Самға, самға, жерлесім!
Ұшқыштың оз, бәрінен!
«Бұл не деген ер?!» десін,
Мекен тап ең әріден!

Қуанышпен қарсы алды,
Отаның, ұяң — Қызылжар;
Ақын ағаң жар салды,
деп,— «Сенде күндей қызу бар!»

14. I. 1969

САМАРҚАН

(2500 жылдығына)

Ордасы бүкіл Орта Азияның
Қордасы нелер қымбат қазынаның,
Тоттанбас сап-алтындай Самарқанды,
Жеткізді коммунизм жазына кім?

Ол — жеңімпаз лениндік Компартия
Қалтқысыз бар еңбекші ерді артына,
Қорына коммунизм мол үлесін,
Қосып жүр өзбектің ер халқы да.

Бағынған замандарда тәж бен таққа
Қастасқан бірін-бірі санап жатқа,
Тек, советтік дәуірде басын қосып,
Бар еңбекші жасайды ынтымақты.

Өзбек өз бауырым, туған ағам,
Бар қайғы-қуанышың ортақ маған.
Жыласа, яки күлсе бірге болған,
Бойына сан ғасырлар ата-бабам.

Ортақ боп жеңістерде бар үлеске
Қалсын деп ұрпақтарға мәңгі есте.
Шар-дарды[1] Самарқанда салып кеткен,
Менің бір қазақ атам Жалаңтөсте.

Бірге өсіп, біте қайнап содан бері,
Арамыз айрылған жоқ екі елі.
Майданда қан, еңбекте төгіп келді
Біздің ата-бабалар бірге терді.

---

[1] Шар-дар — аталатын мешітпен медресені 16-ғасырда жасаған Самарқанның әкімі қазақ Жалаңтөс батыр салған.

Самарқан болып талай жермен-жексен,
Боратып топырағын дауыл ескен
О, ғажап, сол мекенді қазір көрсең
Сән түзеп салтанатпен қалай өскен!..

Тігілген қаздай қатар зәулім үйлер,
Ойналып іште, тыста тәтті күйлер.
Жүзімдей сорып жұтар сұлу қыздар
Бұралып жігіттер мен әсем билер.

Бұл қыздар бұрынғы өткен апаларын,
Олардың қайғы-қасірет, хапаларын
Есіне ала қалса, көрер еді
Сол кезде қандай торға маталарын.

Міне, енді фәрәнжіні отқа жағып,
Қоғамнан өзі өркендер орын алып
Сан-алуан тіршіліктің тармағында
Істерді нелер ғажап жүр басқарып.

Көбейіп Ибн Сина, Ұлықбектер
Әр ұлттан талай қыздар, сан жігіттер
Ғажайып жетістікке ие болды
Бәрі-дағы білімді, бәрі өжеттер.

Бәрінде коммунистік бір-ақ ұран,
Алысты болжайтұғын бәрі қыран,
Ғасырдың жиырманшы Навоиі
Боп туды марқұм досым — Ғафур Гулям.

Оны да көп өнерпаз шәкірттері,
Ендеше, Навоидей Ғафур тірі.
Советтік ен тұрмыста әлі талай
Ұл-қыздар алдымызда туады ірі.

О, совет, өркендей бер, ұзақ жаса!
Жасай бер, игілікті, сан тамаша!
Біз қуана берейік бау-бақшаңда
Ойнаған серуендеп жас балаша.

25. X. 1970.

2-бөлім

ШОҒЫР (ЦИКЛ) ӨЛЕҢДЕР

I — МАГНИТ

1. ОРАЛ

Мұз теңізден күнгейге,
Созыла біткен Оралым,
Қанат жайған дөңгейде,
Неткен көркем орамың!..

Жүздеп аққан өзенің,
Мыңдап аққан бұлағың,
Талдырмайды өзекті,
Қанады ішсем құмарым.

Қалыңдай біткен бойыңа,
Өсімдік, орман-жынысың,
Қол созсам әзір алуға
Таусылмайтын ырысым.

Көркейтуге тұрмысты,
Аламын нелер тасыңды.
Тастарыңнан не түсті
Табамын талай асылды.

Қоймаңда берік сақталған
Нелер қымбат кенің ше!..
Тауыса алмайды ақтарған,
Тасыңды қанша кемірсе.

Бойың бақыт бесігі,
Сүйікті сондай, Оралым,
Бұған дейін (кешірім!)
Тек атүсті қарадым.

Енді келдім, ырысым,
Аралауға ішіңді,
Ауаңның алып тынысын,
Көруге келдім ісіңді.

Тұр-319 тұлғаңды көрейін,
Танысайын сырыңмен,
Безендіре бөлейін
Бойыңды мен де жырыммен.

2. МАГНИТ ТАРИХЫНАН

Селода, ерте кезде сиыр баққан,
Малына тастақ жерде жусап жатқан
Бір казак келе жатса, етегінен
Секілді боп кетеді біреу тартқан!

Бұл жайға казак қайран қалады да,
Етігін зорға тартып алады да,
«Не болды?» деген оймен отыра ғап,
Тесіле қарайды кеп табанына.

Қараса өз етігі тозған көне,
Ұлтанын шарлай қаққан темір шеге,
Тай-тұяқ, өкшесінде темір нәлі...
«Тас тартып жабысады бұған неге?!»

Тасты ұстаса, жатыр жай кебірленіп.
Етік басса, қалады желімденіп!..
Казакқа ой туады; «жатыр ма,— деп,
Көрінбей тартып әдей жебір келіп!»

«Сұмдықты» көріп мұндай ойда жоқта...
Селоға қашып келіп, жиын топқа
Қорқыныш сөзін айтса, «кереметті»
Тезінен жеткізеді олар попқа.

Поп залым қорыққан болып шоқынып ап
«Керемет кітаптарын» оқынып ап,
Жиылған жамағатқа сөз сөйлейді,
Шіркеуге кешке қарай шақырып ап.

Дейді поп: «Мен тәңірінің сөзін айтам,
Ол жерде, тас астында жатыр шайтан.
Нанбасаң, күн күркіреп, жасын атса,
Әдейі сол маңайды бар да байқа!..

Найзағай жарқ-жұрқ етіп түссе тасқа,
Ол қылыш, періштелер сілтей шапса,

Шайтандар туралады... дұға оқып,
Кезіксең жата қал сен, тұра қашпа!»

Бұл сөзге құлақ тігіп діншіл қауым,
Басқан бір бұлтты күн Орал тауын,
Күдікті жерге барса, дауыл тұрып,
Төгеді сол маңайға нөсер жауын.

Найзағай жарқылдайды ирелеңдеп,
Ұш жағы найзадай боп сүйреленделеп,
Қамала шаншығандай болып тасқа,
Кетеді оқтын-оқтын түйреген боп...

Поп сонда, деді жұртқа: «Көремісің?
Садақа періштеге көмек үшін
Берсеңдер, қылыштары өткірленіп,
Шайтандар кескіленіп өледі шын!»

Діншілдер бұл «уағазды» алды жаттап.
Шіркеуге ертеңіне пұттап, қаптап
Барды астық, қаз, үйрек, жұмыртқалар,
Бәрін поп «дін қорына» қосты қаттап.

Шіркеуден кеткен кезде көздер тайып,
Алданғыш ақмаққа барын сайып,
Түсімі сатқан мүлік басып қалып,
Аз жылда алдағыш поп кетті байып.

Құлады сол бір тұста патша тақтан...
Халықты қара түнде улап шаққан
Жыландар жаншылды да, бақытты өмір
Жасауға еңбекші ел салды аттан.

Ашылған кезде солай ел санасы,
Советтік инженер боп топ баласы
Келді де кен ақтарды «Шайтан тастан»,
Жұмбақты сырын шешті тау сағасы.

«Шайтан тас» шықты ғажап магнит боп,
Молдығы ұшан-теңіз таңылып боп,
Ақтарып алу үшін асыл кенді,
Кірісті жұмысшылар ағылып кеп.

Тұтаса қалың адам алып қолға,
Заводты кен қорытар құба жонға
Орнатып, асыл болат, құрыштарды
Ағызды мың тонналап мартен, домна...

Үдеген сайын, құрыш тасқындауы,
Сүйініп досы Отанның, қорқып жауы
Қарайтын осы екен, жер жүзіне
Атақты айбыны зор Магнит тауы.

3. ТАСҚЫН

Домнадан тасқын судай аққан сұйық
Құрышты, қалып-вагон[1] алса құйып,
Айналып қып-қызыл су көкшіл мұзға,
Ілезде жып-жылтыр боп қалады ұйып.

Осынау мың тонналап құйған құрыш,
Отанға шек-шеті жоқ, бақыт, ырыс.
Өрбітіп ішкі өмірді, сырттан жауды
Тойтарып құрышпен ел алды тыныс.

Күйретіп қиындықтың камалдарын,
Тағы да қала салу амалдарын
Үйренген Отан,
Құйды шым құрыштан
Ақынның қолға ұстар қаламдарын.

Бар іске сондықтан да ортақ қалам,
Қағазға тынбай жазып жортақтаған
Сөздері досқа сабақ, жауларға оқ
Боп тиді зырлай ұшып винтовкадан.

Бұл бетке мен де аршындай адым бастым,
Ісіне ақындардың араластым.
Отанның ой-қырына шым құрыштай
Жырдан да селдей тарап кетті тасқын.

1935

---

[1] Құрыш сөлін құйып алуға арналған қалып-вагондар.

II — ДОМБЫРАНЫҢ СӘЛЕМІ[1]

1. АЛМАТЫДАН

Алмалы Алматының қаласынан,
Алтын мен асыл кендер даласынан,
Астықты, малды, майлы, мақтасы мол
Алтай менен Каспийдің арасынан.

Астыма Түрксибтей тұлпар мініп,
Алты күн күйшілермен ойнап, күліп,
Алыстан келдім аңсап, аңызыммен,
Алдыңда сәлем берем қол қусырып.

Арызбен емес, әнмен, күймен келдім,
Ауылдың ойынымен, бимен келдім.
Аңсаған бір мен емес, елдегі көп
Айтамын сәлемін сол миллионның.

2. КЕРНЕГЕН КҮЙ

Кең, биік театрдың мынау үйін,
Кернейді нәзік, тәтті менің күйім.
Кім десең сені олай сыңғыратқан?
Көсемім сенсің, күйім сенің күйің!

Көрсең сен ескі ауылда егер мені,
Көмескі шығып дыбыс пернедегі,
Кемсеңдеп жылар еді екі шегім
Көмейді жеп жатыр деп іштен жегі.

Күзгі күн кепкен шөптей күйшім жүдеп,
Күйіктен ішті өртеген жанып жүрек,
Күңіренген жандар солай, көсем сені,
Күн көрсетер күштім деп көрген тірек.

---

[1] 1936 жылы қазақ искусствосының Москвада өткізілген он күндігіне арналды.

3. КҮТКЕН КҮН

Сен сонда Эльбрустан естіп зарды,
Саңқылдап ұшып құдың қасқырларды.
Суық қарды қызулы лебің ерітіп,
Сырып түнді, атырдың алтын таңды.

Сұрсыз солған сорлының жазы жайнап,
Сауығып дене өсіп, қуат қайнап,
Солғын жүрек теңіздей тулап, шалқып,
Сауық қызды күрмелген көмей сайрап.

Сол көптің көңілденген бірі менмін,
Сайрайын естісін деп әдей келдім.
Кремль, сағынып ем сені қатты,
Сәлемдесіп жүзіңді міне көрдім.

4. КЕЛЕШЕК

Кеудем менің күйлерге толған сандық,
Көрікті асылдарды күйде барлық,
Көп заманнан сақтап ол келе жатыр,
Кейінгіге өткеннен сый боларлық.

Көп сүйген күй жасамақ өлмей мәңгі,
Кейінгілер шығарған күй мен әнді.
Кеудеме жинап, кезіп аралаймын
Күткен алда, мыңдаған ғасырларды.

1936

III — ТЫҢ ТОЛҒАУЫ

Хамит Ерғалиевке жауап

1. ТОЛҒАНУ

Хатыңды, ақын інім, ерте оқып,
Пайдалы сөзін ойға алғам тоқып.
Беруге іле жауап, көп қағаздың
Отырдым арасында, жатқан қоқып.

Қағазым өзге емес, тың туралы,
Толғанып тыңнан да тың жыр туғалы,
Қиналып жүрген шақта, қағаздардың
Көп болды шимайланған, жыртылғаны.

«Неліктен — демессің — бұл?»
өйткені, өзің,—
Алғанда шабыт билеп, кернеп сезім,
Талай күн, талай түндер отырмап па ең,
Сарғайып жүз, қанталап екі көзің?

Қиялың поэзия өлкесін тез
Кезгенде,
тасығанда өзендей сөз,
Екпіндей аққан шақта, мөлдіріне
Әр жерде болмап па еді шөп-шалам кез?

Қағып ап, жолда бәрін іліккеннің,
Аршуды ағыныңнан біліп пе едің?
Алдыңнан ой арнасы тұйықталмай,
Кіршіксіз қайраң болып тұнып па едің?

Мені де осындай бір кернеп шабыт,
Бықсымай, лап еттім де, кеттім жанып.
Қағазға сол қызумен төнген шақта,
Жазудан басқа дүние қалды жабық.

Ерікті берген кезде қаламыма,
Ұмыттым қатынды да, баланы да,
Досты да...
міне, еске түсті олар,
Жазудың жауған бұлты тарады да.

Қырнаған, қиыстырған, қынаған көп,
Сөздерім, терді төгіп құраған көп,
«Тыңдағы толқындар» деп ат қойылып,
Қап-қалың шыға кепті роман боп.

Бұл, бірақ, бір корпусы комбинаттың,
Бастауға басқаларын шаршап қаппын.
Азырақ дем алмақ боп, біткен іске
Қарасам, бойынан көп міндер таптым.

Десек біз, әр корпусты бір кең сарай,
Іргесін, қабырғасын берік қалай,
Төбесін тиянақтап жапқанменен,
Әшекей керек екен оған талай.

Сарайдың бітіріппін тек қаласын.
Сол кезде, Мәкең: «Аздап дем аласың!»
Деген соң қолжазбамды жаба қойсам,
Хамит, сен жауап күтіп қадаласың.

Сөкпеймін қадалуың, оның заңды,
Көп күндер хат жазғанға болып қалды.
Жауапты енді ғана қайтармақ боп,
Қолына ақын ағаң қалам алды.

Алды да «так!» дегендей қалды тоқтап.
Қым-қуыт көп ойлардың басын топтап;
Содан кеп, тыңға қалай тұтанудың
Жайында аз сөзбенен болды соқпақ.

2. ТЫҢ ЖАЙЛАУЫ

Сүйеміз туған жерді әрқайсымыз,
Сондай жер болғандықтан дандайсимыз,
Туған жер тұтастырып ұстамаса,
Өрмектей бытырар ек арқаусыз біз.

Туған жер!
Көп сөз жатыр астын қазсақ.
Кітапты әр жанрда томдап жазсақ,
Сипаттап біте алмас ек!..
Мекенім сол,
Болғалы үйім кигіз, атым «қас-сақ».

Ол мекен, тоқсан сегіз Бельгиядай,
Соншама ұлан-байтақ жерге ұялай,
Орманға сіңіп, кейде құмда жүрдім,
Кей кезде кеттім шырқап тау қиялай.

Сол жердің Сібірлік солтүстігінде,
Оранған орман менен үсті гүлге,
Мекенге «Дос» атанған, жылында бір
Барамын, жазды күн де, қысты күн де.

Себебі: сонда туған ата-бабам.
Мен-дағы тудым сонда ата-анадан.
Қан-жыным араласқан осы өлкені
Күнім жоқ, махаббатпен атамаған.

Таусылмас тән азығы, жан азығы,
Осы өлкем әнебір жыл құлазыды...
Іштей мен жүрдім кейіп, біле алмай,
Барлығын қымбат жердің не жазығы.

Түссін деп мойнымыздан ұлдық қарыз,
Халық боп партияға айттық арыз...
Қабыл боп дабылымыз,
Тың өлкеге
Басталып кетті содан жорық нағыз.

Қыздырып мені-дағы мынау екпін,
Туы бір, ұлты бөлек, қалың көптің
Ішіне сүп бердім де, көшін бастап,
Жеріне нысаналы бірге кеттім.

Кең жайлау, талай жылдар жатқан қалғып,
Көліктік машиналар бізде барлық;
Мың-мыңдап шұбырғанда, шошығандай,
Жалма-жан орынынан тұрды қарғып.

Тұрды да «келіңдер!» деп жайды құшақ,
Мақсатты жерге жетіп, көлік тұсап,
Жайланған шақта шықтым «Дос»
дөңіне,
Жеңіске бастап барған маршалға ұсап.

Қиырсыз кең далаға тіктім көзді,
Келгенін иесінің ол да сезді.
Көгілдір сай-саланы сағым бөлеп,
Аспанды кісінеген бұлыт кезді.

Мөлдіреп тына қалды көл де, су да,
Ең биік әнге шырқап кетті аққу да;
Қаңқылдап қаз, шаңқылдап шағалалар,
Ой-қырлар сыймай кетті шаттық дуға.

Биікке тыраулады шырқап тырна,
Сайрасып боз торғайлар шөлейт-қырда,
Еңбектің ұлы тойын құттықтасып,
Бөленіп байтақ дала тұнды жырға.

3. ТЫҢНЫҢ ТҰЛАУЫ

Туған жер кезіп көрсем ғажап екен!
Көпіршіп түгін тартса, майы шықпас,
Топырақ ол өлкеде аз-ақ екен!

Қау, шалғын өскен екен белуардан!
(Бұл жерде мәңгі тұрмай өлу арман!..)
Қызығын сол байлықтың көре алмапты
Ешбір жан, аңнан басқа жануардан.

Құлпырған осы өлкеге, бейне кілем,
Қадала тіс салғанда өткір түрен,
Жауындай жер суарған, кезден жасым
Төгілді...
жаным толқып кетті білем!..

Саусақпен сілкіп, шаңды шайған жасты,
Жан-тәнім қызу іске араласты.
«ЭС-80» күні-түні талықпастан,
Ұмтыла алға қарай қадам басты.

Апшысы басқан жердің қуырылып,
Ішінен май қолқасы суырылып,
Қырынан төңкеріле жатты шымдар,
Семіздің қартасындай туырылып.

Күннен де болды қызық түнгі мезгіл;
Ай жаңа жіп-жіңішке туған кез бұл,
Қараңғы түнді тіле жан-жағымнан
Жарқырап қоя берді мыңдап көз бір!..

Қайшы боп фар жарығы айқыш-ұйқыш,
Тілгілеп күні-түні тыңнан жыртыс,
Тұтасып үдей түскен, өрши түскен,
Даланы алды билеп бір еркін күш.

Жеріме сондай қуат дарығалы,
Халқымның мол дәулетке жарығаны,
Өлікке, тірі түгіл медет беріп,
Тебіренді жеті атамның аруағы.

Мызғып ап трактордың шоқтығында,
Байқамай қарынның аш, тоқтығын да,
Күндіз-түн осылайша жүрдім де алдым!..
Сұраңыз «не болды— деп — ақтығында?».

Алғаны туған жердің ол жыл сыйға,
Шегіне көз жетпейтін қара бұйра
Тон болды,
жететұғын жапсаң-дағы
Айқыра кең даланың, өр-ылдиға.

Тұстарын жерден көріп көзім жеткен,
Жетпеген өлкелерін шолдым көктен,
Әр танап секілденді: дән толтырып,
Қапшықтай ауыздарын буып кеткен.

Қиялдық болмасын деп, ұғым ғана,
Астықты өндіруге шынында да,
Себістім қолдан ұрық топыраққа,
Қап-қара болып жатқан жырымдана.

Дегендей «өссін егін енді өктеп!».
Нөсер де жер құйқасын тебірентпек.
Шуақтан бүрсігүні тұқым бөгіп,
Ілезде тебендеді егін көктем.

Өткізіп бірер айды жаз оралсам,
(Оллаһи, барлық шыным, маған нансаң!)
Теңізге, егін емес, кеттім сүңгіп,
Бақыл бол, тұншыққанда өле қалсам.

Дегенім тыныс екен «тұншығыппын»
Бұл теңіз мекені екен тіршіліктің,
Бетінде жүзіп соның, сансыз дәндей,
Даусымды асқақтата жыр шұбырттым.

Жиюға жұрт кірісті піскен дәнді,
Мен-дағы аямадым бойда барды.
Жүздеген комбайнның өңешінен
Аққан дән долы өзендей толқындады.

Тау-тау боп алтын дәндер қалды үйіліп,
Биіктей берді үстіне дән құйылып,
Сонда мен қуанышпен тілек еттім:
«Жетер — деп — қалай жесем бұл бұйырып!»

Көп астық осылайша бұйырды да,
Көп жерде дәндер дұрыс жиылды да,
Қабырғам сына жаздап қайысқаннан,
Кей тұста кездестіріп қиынды да.

Аралап тың өлкесін көрсем жүріп,
Жатады кейбір тұста астық шіріп,
Кей бастық, көңілі соқыр, қыңқ етпейді.
Бүлініп жатқан шақта көптік мүлік.

Мәз болып өзін бастық қойғанына,
Өзінен басқаны ол ойлады ма!
Ойы жоқ арамсынар, шіміркенер,
Егіннің ит тисе де қаймағына.

Партия естісін деп мынау жайды,
Ашына ақын ағаң салды айғайды...
Шаруаға қыры келмес қыжыр бастық
Қаңбақтай жел ұшырған, жылдам тайды.

Кемдіктер түсіп сынның елегіне,
Қисық іс тез түзелді. Керегі не?
Не қажет болса, бәрі түгелденіп,
Күшейе түсті Отанның көмегі де.

Мың алғыс коммунистік партияға!
Мың алғыс советтің бар халқына да!
Қанатты Қазақстан, жаңа екпінмен
Жөнелді самғай ұшып, тартып алға.

Өмірдің өрлеп асқар биігіне,
Бақ-дәулет бұдан да мол үйіріле,
Сенеміз, Қазақстан, алтын таулар
Астықтан әлі талай үюіне!

5. ТАБЫЛҒАН ТАҚЫРЫП

Ал, Хамит, осыменен хатты біттім,
Алдында тұрған шақта зор үміттің,
Берейін романды мен-ақ жазып,
Бір жақсы поэманы сене күттім.

1960

IV — ТЕҢІЗДЕГІ ТЫНЫС

1. КУРОРТ

Бір жаңалық боп қалды: өмірде, мен,
Курортта тыныстауды көңілге, мен,
Алмай-ақ жүрген шақта, келе ғаппын
«Гагра» аталатын өңірге, мен!..

Бұл — Кавказдың батысы, теңіз — жары.
Қара теңіз қайқайып кетеді әрі.
Бойында неше тамшы суы болса,
Деседі, соның бәрі, дертке дәрі.

Ал, Кавказ ше?.. Уа, Кавказ, кәрі Кавказ!..
Игілік атаулының бәрі, Кавказ,
Тұнып тұр өн бойында, сондықтан да,
Ең кемі — жүз жасайды әрбір абхаз!..

Абхаздан тәнім кем бе, жаным кем бе?
Келемін тепе-тең боп өсіп мен де.
Советтік ұлы отанда барлық ұлтқа
Жер мен су түгел ортақ, алған дем де.

Кавказға, өзгелермен, мен де ортақ.
«Курортсыз жоқ — деседі — бұнда алқап».
Жүз мыңдап жыл тәулігі үзілместен
Жатады еңбекшілер келіп, тарқап.

Бәрі де рахатта дем алады.
Ылғалы бар адамдар оңалады...
Менің де мүмкіндігім бола-тұра,
Бір рет келмеуіме кім нанады?!.

Нанбауға жібере ме қатал факты?
Жұмыспен «ойға шапты... қырға шапты...»

Боп жүріп, алпыс жастан асқанынша,
Курортқа қол «бар болғыр» тимей қапты!..

Енді ше?.. Әлі көп іс, бастан асқан.
Еңбексіз тұрған емен бала жастан.
Әйтсе де, жоқтығына сенім берік,
Советке қозғалар жер, құлар аспан.

Миллиондап, отан ұл мен қыз өсірді.
Бұл іске мен де қостым үлесімді...
Білімі, қайраты мол қалың жасқа,
Неге мен ар көремін ілесуді?

Ризамын жастың аяқ алысына.
Ризамын нелер ғажап табысына...
Дегенмен «егде тарттым», сол жастармен
Әзірмін өлең-жырда жарысуға.

Бәйге алған талай рет тарлан-кәрі,
Ойы бар, талайлардан озуда әлі...
Жас жетіп дене өлгенмен, өлең-жырға
Мәңгілік өлмейтұғын таптым дәрі.

Жырымды өл-өлгенше айтқан шырқап,
Ұстайтын ешбір күш жоқ байлап, қымтап.
Даусымды бостандықшыл қайда барса
Тыңдайды мейірлене барлық ұрпақ.

Қалмаған шақтар кез боп, аз-ақ өліп,
Рахатты орнатысқан, азап көріп,
Төрінде коммунизм жырлаймын мен,
Өзімдік кескінім бар — қазақ болып.

Бастасса бақыт тапқан ел сауығы,
Біріксе адамзаттың барша үні,
Тұрармын бас дауыстың бірі болып,
Шырқалса халықтардың ансамблі.

Бітірді Ленин маған сондай ырыс,
Балқымас еш қызуға болдым құрыш.
«Ендеше, ара-тұра курортта да,
Дем алып тыныққан да,— деймін — дұрыс».

2. ТЕҢІЗ

Теңіз де санасы бар секілді адам,
«Көрсетем кереметтер, қара маған!» —
Дегендей, жалтырайды кейбір сәтте,
Айнадай, бейне, кіршік жоламаған.

Батар күн, атар таңның бар бояуы
Теңізге дәл өзіндей таралады.
Бойына суға сүңгі жан кіргендей,
Бояудың бүлкілдейді бар аумағы.

Алтын күн, көкке биік көтеріле,
Кең теңіз көкпеңбек боп кетеді де,
Жаға жақ қырқалары көмкеріліп,
Құрайды жасыл жібек етегіне.

Күмісті мөлтілдеген, судай сұйық,
Тұргандай әлдекімдер көктен құйып,
Қасқалап күн сәулесі теңіз бетін,
Жалтылдап жарқырайды ақ тұңғиық.

Ал, түнде, толыққан ай биіктей кеп,
Сәулесі ертегілік киіттей боп,
Теңіздің бойын өрлей, жүзеді еркін,
Қорқпайтын бейне «Моби-Диіктей»[1] боп.

Ал, кейде, еш себепсіз тулай қалып,
Сүзгілеп жарқабақты зіркіл қағып,
Толқындар дөңбекшіген кең теңіздің
Өн бойын жал-жал болып кетеді алып.

Тыңдамай қайыруды үрке қашқан,
Ақ қойдай миллиондаған, жан таласқан,
Жарысқан ақ көбіктер шетсіз-шексіз,
Тулаған кең теңіздің бетін басқан.

Мол неме, бір туласа басыла алмай,
Тығылған тау ішінде қасы бардай,
Ұмтылып өршелене, кернейді ыза,
Ақ көбік басын жардан асыра алмай.

---

[1] («Моби-Диік» «Ақ киіт» Америка жазушысы Герман Мелвиллдің романы).

Тулай бер, білем сенің шамаңды, мен.
Өткемін талай тіліп шараңды, мен.
Сен түгіл, сенен үлкен ағаң түгіл,
Мұхиттай көргем әке-бабаңды, мен.

Көргемін жуасын да, асауын да,
Көргемін күштісін де, осалын да.
Дәндеген екен олар ертеректе,
Кезігіп тез берілер босаң ұлға.

Көрмеген қиындықтан бетім қайтып,
Жүздім мен, мұхиттарда талай айқын.
Жеңбеді жеңіл-желпі дауыл түгіл,
Ең қатты сұрапылы, дейтін «тайфун».

Болған соң астымдағы кемем берік,
Тайсалмай ешбір судан, түстім сеніп.
Қаншама туласа да қаһарланып,
Ешбір су ала алған жоқ мені жеңіп.

Судан да күш, айламды, асырдым мен.
Сондықтан да, еркінсіп басындым мен.
Өзен, теңіз, мұхитты кезіп жүріп,
Олардан артығырақ тасындым мен.

Тасынбай не, жер түгіл су да мендік.
Оның да бойын өрлей жүзем кергіп,
Советтен айналайын, қазақты да
Өсірген жер мен суға түгел тең ғып!

Емес пе, теңдігіме осы белгі:
Сумен де көріп қайтам қажет елді,
Теңіз бенен мұхитта кейде жүзіп,
Кей кезде жағасында алам демді.

3. ТАУ

Таудың да мінезі көп құбылмалы...
Мұнда тау,— жайнаған жаз түрінде әлі.
Мысалы: апельсин мен мандариннің
Келеді жаңа толып шырын-балы.

Жоталар түрлі түсті батсайысын
Киініп, шоқылар да ақ шәйісін

Бүркеніп, өзендер де су бұрқана
Ағады у-шу қылып көп сай ішін.

Жарқырғй қалған кейбір тымық күнде,
Кетеді көріктеніп таулар мүлде...
Желпіте бет-пердесін алады дем,
Сұлудай ғашық болған әлдекімге.

Үзгендей кешке қарай жардан күдер,
Шалысын алмастырып басына ілер,
Түтіндеп қара сұр бұлт шоқыларда,
«Ah ұрып» күрсінеді қатты бірер.

Сонансоң қара сұр бұлт жылжып төмен,
Ысқыра жел-дауыл да айтып өлең,
Құйғанда нөсер жауын, өзге түгіл
Бүрсеңдеп теңселеді кедр, емен.

Деместен декабрьды қыстың айы,
Аспанның жарқ-жұрқ етіп найзағайы,
Асфальтті көше бойы өткел бермей,
Толады тасқын суға таудың сайы.

Кеткенде ойға, қырға топан қаптап,
Далаға шықпақ түгіл аяқты аттап,—
Жатқандай аспан қирап, жәй ұрғанда,
Шыдайсың үйде зорға «құдай сақтап».

Дауылы таудың, бірақ, «жын» сияқты,
Ілезде басылып ол, түн-шуақты
Басыңа бүркейді әкеп, сансыз жұлдыз
Жаққандай әр пендеге мың шырақты.

Боз сәуле себілгенмен толған айдан,
Ақ жарқын күн нұрындай болсын қайдан!..
Ауғанмен түн ортасы, кейбір кезде,
Кетеді ұйқы қашып, келген ойдан:

Мен талай самолетке мініп ұштым.
Бір сәтте Қазыбек пен Эльбрустің
Ақ басын аттай жүйткіп, үш сағатта,
Екеуін бірдей көрдім жаз бен қыстың.

Оралдың орап ұштым үстін талай,
Төменде қалды талай Памир, Алай.
Тяньшаннің ақсақалы Хан-Тәңірі,
Сан рет «бұның кім?!..» деп қалды қарай.

Дейтұғын «жер шарының дулығасы»
— Тибетте Эберестің сүйір басы
Шұлғыды маған қарап, беріп сәлем,
Жәндігі, өсімдігі, тауы-тасы.

Мен өмірде көргем жоқ альпинист боп,
Сонда да барлық тауды билеп-төстеп,
Басынан өттім аттап «күн», «түн» демей,
Уақыттан «мынау ерте», «мынау кеш» деп.

Қай жаққа ойласам да барарымды,
Есіме алам Юрий Гагаринді.
Баламмен жасып одан, кім біліпті,
Жорықта бойымды іркіп қаларымды.

Таңдансақ ертегіде самұрыққа,
Советтік ракетадан қорқып бұқпан,
Одан да шырқап биік, Марс жаққа
Көшетін, мен де еремін, еремін жұртта.

4. АДАМ

Адамның денесінде, беті қызық:
Бар жанды сапқа түгел қойсаң тізіп,
Біріне дәл ұқсайтын біреуі жоқ,
Әлдекім жасағандай жеке сызып.

Дегенмен, тұқымдар бар, рулар бар.
Соларға бөлінеді жан қыруар.
Жобасы бір-біріне ағайындас
Өңдер бар, бет-бейне бар, мұрындар бар.

Бәйгіге қосса ұлттар мұрын қорын,—
Кішісін, орташасын және — зорын
Сапырса, кавказдықтар дүниеде,
Менімше, алар еді бірінші орын.

Көлденең кей мұрынға тұрсаң қарап,
Дөңестей кең жазықты кеткен орап,

«Тең келмес, дәл осыған,— деп ойлайсың,—
Ең зор мұрын — Сирано де Бержарак»[1].

Мәселе емес, бірақ, кескін, түсте.
Айласы адамзаттың жатады іште.
Ең жақын адамдарды біліп болу,
Түседі кейбір шақта ауыр күшке.

Дегенмен, іш те, тыс та бейне — металл.
Болғанмен, кейі жұмсақ, кейі қатал,
Қалыпқа қыбын тауып құя білсең,
Ойыңа алған түрде тас боп қатар.

Баласы кей қоғамның, дейтін «тағы»,
Таныса білім алып дүнияны,
Меңгеріп ғылымды да, өнерді де,
Мейлі «кім» десең «сол» бола алады.

Ал, біреу теріс жаққа бұрса бетін,—
Асауын аңнан артық, адам етін,
Көрдік біз фашистерден, миллиондаған
Жан өліп, қалды сонша жесір-жетім.

Маркс пенен Лениннен алған үлгі,
Бақытқа елді бастап тура жүрді.
Кездескен жол бойында от пен суға,
Бел байлап тәуекелге батыл кірді.

Қиратып қажымастан қиындықты,
Күресшіл, ерте біліп, жиын жұртты,
Биіктеп коммунизм асқарына,
Жылдан-жыл жаңа өрге үйін тікті.

Кавказ да осы көштің ортасында.
Советтік туыс елдер бар қасында.
Жауықпай жақынмен де, алыспен де,
Достасты ленинизм арқасында.

Біткен соң ала көңіл, арам-қастық,
Бірлігін бекіткен соң мәңгі тас қып,

---

[1] Француз драматургы — Эдмонд Ростанның осы есімді пьесасының бас геройы.

Үйіне кіре қалсаң, мейман көріп,
Тосады тәтті шарап, майлы шашлық.

Болғанмен, менен өзге: бет пен мұрны,
Екеуміз бола қалып теңдес құрбы,
Азырақ қызған кезде, ол — абхазша,
Мен — қазақша ағыттық өлең-жырды.

Дауысқа жинала қап көрші-көлем,
Әр адам өз тілінде айтады өлең.
Қалтқысы жоқ, «алды» я «артқысы» жоқ,
«Адамдық — осы емес пе,— достық» деген.

Түрі бөлек болғанмен, адам бір тек.
Бар адамнан іштегісі кетсе, кір, тек,
Бәрін тұтас қосқанда, мыңдаған түс,
Буып қойған болмай ма, ғажап букет.

5. ТЫНЫШТЫҚ

Денеге бермек қуат алған тыныс.
Бітірер одан кейін, тұр көп жұмыс.
Соларды тағы еңсеріп тастау үшін,
Тілейсің, «болса екен — деп — дүние тыныш».

Қауымдар коммунизм жасап жатқан,
Бұлақтай ағыл-тегіл таудан аққан,
Тындырып істеп істі, қаулай өсті,
Еңбектің майданында дабыл қаққан.

Көбейіп коммунистік бригада,
Жаңарып ойда-қырда, ауыл-қала,
Қазынасы жер астының ақтарылып,
Жайқалған егістікке тұнды дала.

Көбейіп барлық жерде бақша, мектеп.
Еш бала бұл бақыттан қалмай шеттеп,
Еңбеккөр ата-анасы ұл, қызына
Қарайды қуанышпен «тез, ер жет!» деп.

Барғанда ғылым да кең ашып есік,
Асылын білімдердің алды көсіп,
Еңбектің қай түрінде жүрсе де адам,
Рахатта тұруына жетті несіп.

Отаны өскеннен соң солай шалқып,
Күннен күн қуанышты сезімі артып,
Көркем ой иелері, бай өмірден,
Хажетті бояуларын алды қалқып.

Әр дайым дәл осылай бола берсе,
Еңбекке ие адамда түсе ме еңсе?
Тек қана тілегі оның —«соғыс құрып,
Адамды аңдық емес, ақыл жеңсе!»

Ана жыл соғыс қаупі лапылдай ғап,
Кубаны Құрама Штат тақымдай қап,
Қанжарын бүйіріне тақағанда,
Адамзат үрейленді «апырайлап».

Соғысы болса атом, су тегінің,
Көмір ғып миллиондардың өрт өмірін,
Ысрапыл сор үруге таяу қалды,
Басталып «заман ақыры» ертегінің...

Жаманға айналғанда осылай іс.
Үрейлі адамзаттан қашқанда түс,
Сыдырып жер қыртысын жұтатұғын
Тажалды тоқтатты, тек, советтік күш.

Уа, совет, айналайын қуатыңнан!..
Сенсің де қараңғыда таң атырған.
Сенсің де шығарып күн, жайнатып жаз,
Қандырған шөлдегенді суатыңнан.

Ең алғаш тырнауыш пен айырыңды
Қолға ап, білмей жаудан тайынуды,
Октябрь күндерінде жеңіп шықтың,
«Жүзітіп өрге қарай қайығыңды».

Кірісіп іске батыл еркін еңбек,
Талай шөл ұлан-байтақ кетті көл боп.
Қанағыш дүниені басып озып,
«Ең мықты» дегеніне тұрсың тең боп.

«Тең» емес, күш жағынан асып тұрсын.
Кеудесін талай «өрдің» басып тұрсын.
Алда да молайта бер күш-қуатты,
Қорқақ жау бұдан жаман сасып тұрсын.

Ісіңнің мен болайын мақтаушысы.
Еңбекші бар адамзат — жақтаушысы.
Себебі — оның және жер-ананың,
Апаттан сен ғанасың сақтаушысы.

6. САУЫҚ

Еңбекші адамзатқа ең зор ана —
Москва, мені туған көріп бала,
Дәм жазып келген сайын, жан жайланып,
Көремін рахатын мейрім қана.

Сағынам көргенімше, жырақтасам,
Егерде келіп, аз күн тұрақтасам,—
Кіреді жан-тәніме жаңа қуат,
Лениннің басқан жерін бір аттасам.

Таусылып көргенімше, тағы төзім,
Балалық, өн бойымды билеп сезім,
Келгенде Гаградан МХАТ маған,
Лениннің сахынада көрсетті өзін.

Алдыңа, көркемөнер, иемін бас!
Смирнов бола қалды Ленин — рас!..
Дегенде — «өлді Ленин», шын өмірдей,
Аққанын аңғармаппын көзімнен жас.

Қарамай, мейірімнің қануына,
Москва, мен тоймаймын сауығыңа!
Қызықтан-қызығына шүйгіп жүріп,
Осында кез геп қалдым ауылыма!..

Оқушым, дей көрмеңдер мұны «түсім».
Аралап Москваның кей көшесін
Жүргенде, Кремльдің нақ төрінде,
Қазақтың жаңа ауылын көрдім шын.

Съездің кіріп едім сарайына[1],
Таңданып қарай қалдым маңайыма.
Бар қазақ: арғы-бергі осында жүр,
Біржаны, Құрманғазы, Абайы да!..

---

[1] Москвада, Кремль ішінде, жуықта ғана салынған тамаша көркем және тамаша кең үй.

Ұқсаған түрлі түсті гүл бақшаға,
Сәнденген сахынада кіл жас қана,
Қылтиып европаша киініпті,
Ішінде Нұрмұқан[1] мен Олжас[2] қана.

Қазақтық өнердің бар жүйелері,
Оларды көрсететін иелері.
Сахнаға топталғанда, үй шатыры
Болмаса, төбем көкке тиер еді.

Кең залға көзді тіксем — тұнған бастар,
Бос жер жоқ арасында ине тастар!..
Сыртта да билет сұрап шұбырып жүр,
Әр түсті, әр жынысты кәрі-жастар.

Есебін болар емес адам өлшеп.
«Құмартқан сауықты біз жылдам көрсек»—
Дегендей, тұнған халық қол соққанда,
Қазақтық шымылдығын ашты концерт.

Кеп мұнда «қазақ» атты барлық ұрпақ,
Тартқанда күй, айтқанда әнді шырқап,
Тамаша бұл өнерге қайран қалған
Шапалақ тасқын судай кетті бұрқап.

Тын болды тыңдағандар сүттей ұйып.
Ән-күйден құлағына, тек, бал құйып
Жан шөлі қанған халық, концерт біте,
Кең залдан кетпей қойды көзі қиып.

Қол соққан, көзімді алмай, қалың көптен
Қарасам, келіпті бар континенттен[3].
Емес пе, бұның аты, жер шарына
Қазақтың ән-күйінің даңқы кеткен?..

Уа, қазақ, жылдан-жылға гүлде, қазақ.
Кәзір де кеттің керден мүлде, қазақ.
Жазында коммунизм, шаттық жырын
Шырқа сен, басқа елдермен бірге, қазақ.

---

[1] Жантөрин — қазақ халқына еңбегі сіңген артист.
[2] Сүлейменов — талапты жас ақын.
[3] Жердің құрғақ бөлшектері

7. АҚЫН

По Маяковскому **Америку**
я открывал,
На том стою.
Александр Прокофьев.

Адамзат жаралғалы «байғұс» ақын,
Халықпен қоян-қолтық жүріп жақын,
Ортақтасып қуаныш, қайғысына,
Жыршысы болды, жұртқа жар салатын.

Батырдың еріп «байғұс» жорығына,
Жырымен жаудан елін қорыды да,
Адамды жыныс яки жасқа бөлмей
Жар салды, тек, бақытты болуына.

Ғашықтар қосыла алмай кетсе өліп,
Жоқтады жұрттан бұрын жасын төгіп.
«Мықты» я «осал» демей, қиянатшыл
Адамның мінін бетке айтты сөгіп.

Сондықтан ары көрді оны бар ел.
Ел оған десе: «жаудан қорға, я, өл!»
Бұлжытпай орындауын бұл буйрықты,
Дәлелдеп берді әлемге Мұса Жәлил[1].

Кей ақын батыр емес, нәзік жанды.
Ол «байғұс»: батқан күнді,... атқан таңды...
Бұлбұлды... гүлді... қызды... өзеурей
Сипаттап, тек соларға құмарланды.

Өзенге ондай «байғұс», яки — тауға,
Немесе, елсіз, күнсіз бақша-бауға
Қаңғырып, күңіренді зарлы үнмен,
Ұқсамай бүтін ақыл, дені сауға.

Жынданды кейбіреуі арасында,
Өзенге батсын, шыңнан құласын, я,—
Тыңдамай, өлтірді ол өзін-дағы,
Тапсырып жел мен суға мұрасын да.

---

[1] Ұлы Отан соғысы күндері есепсіз ерлік көрсетіп Совет Одағының Батыры деген ардақты атқа ие болған татар ақыны.

Халықтық ақын жазбай қимылынан,
Өмірдің берік ұстап құйрығынан
Айрылмай сүйресе де тасқа, суға,
Көрді ол бар бейнесін мың құбылған.

Ойлама, ондай ақын азады деп.
Болады жазғанынан жазары көп.
Өмірдің тереңінен сүзіп алған
Қымбатына, өткізер базары көп.

Ақынның мен білетін бәрінен де
Озып боп, жеткізбеген әлі күнге,
Маяковскийді мен мақтан етіп
Атаймын, күшімен де, әнімен де.

«Дүниеде — жоқ деседі — сынбас берік»
Жаршысы — революция, жаршысы — ерік,
Кездесіп, мен білмейтін бір қысымға,
Арманда асқақ ақын кетті өліп!..

Жоқ, өлген жоқ!.. Өлуге ол тым ірі...
Бар әлемге тарауға жетеді үні.
Осынау, мәңгі жасар бәйтеректің,
Мен-дағы бұтағының болдым бірі.

Ісіне аты сәйкес — Владимир[1].
Ол-дағы шетсіз-шексіз дүние — бір.
Аузынан талай рет естілген үн,
Тұрады құлағымда, деп — «бірге жүр!»

Жүремін, жолдас! Сенен қалыспаймын.
Жат үнмен табысқам жоқ, табыспаймын.
Кетсең де қай жыраққа қасыңдамын,
Айнымас бұл антыма, жан ұстаймын.

Барсам да курортына, күресіне,
Шырқаймын осы бетпен жырды өсіре.
Лениннен, партиядан, еңбекші елден
Тигені осы менің үлесіме.

1966

---

[1] «Бүкіл дүниені меңгеруші»

V — ДАЛАНЫ САҒЫНУ

1. КЕҢДІГІ

Балтықтың ригалық қойнауында,
Халықтың тән тыныстар жайлауында
Жүрем де, туған, өскен жер мен елдің
Есіме алам кейде жайларын да.

Бұл жердің оңы орман, солы — теңіз.
Августы емес биыл не жаз, не күз.
Күн көзі сығырайса суға шұбап,
Түйілсе шомылудан түңілеміз.

Барарың ондай шақта орманң іші.
Мен байғұс, орманда өскен қайбір кісі.
Бұтасыз туған жерім жалпақ дала,
Еш жақтан көрінбейтін шегі, ұшы.

Атпенен алты айлық жол ұзын тұрқы,
Шыдайды ол жүріске қандай жылқы?..
Жүруге көлік түгіл жалығып жел,
Қалжырап ыдырайды көшкен бұлты.

Түйемен төрт айлық жол көлденеңі...
Өсірсе бай табиғат жерде нені,
Осынау жалпақ дала өн бойынан,
Кемде-кем ұшырайды өнбегені.

Болса аспанында жұлдыз аққан,
Болмаса ай мен күні шығып, батқан,
Көрмеген көркін бұрын кең даланың,
Жер болып жаралғалы, ел Қазақтан,

Қазекем жайлап жалпақ кең даланы,
Жауласқан елдердің боп аламаны,
Беріспей сан ғасырлар, ақырында
Орысты қамқор көріп сағалады.

Жегенмен таяқ, бай мен патшасынан,
Айрылмай ырысты есік тұтқасынан,
Шықпады уәдесіне берік қазақ,
Еш жерде Россия қақпасынан.

Жеті-ата, сонда өсіп, жеті-мысым,
Өткізіп кең жазықта жазын, қысын,
Табанын басқа жаққа аудармаған,
Көрсе де қандай қаза, қандай қысым.

Жалықпай көше берді, көше берді,
Жолшыбай өле берді, өсе берді...
Ақырда Октябрьдің таңы атып,
Бақытын іздеп жүрген кеше көрді.

Сол таңнан естіліп үн бауырмалдық,
Лениннен «Теңсін» деген алып жарлық,
Қымбатын коммунизм сарайына
Қазекем іркілместен төкті барлық.

2. КЕНІ

Деп жүрсек «бар қымбаты мал-ақ екен»,
Басқа да қымбаттары мол-ақ екен.
Болғанмен беті шөлейт, бұл кең дала
Астында асылы көп арал екен.

Қазекем көшкенімен кетпей бұрыс,
Түзепті ежелден-ақ бетін дұрыс.
Түйенің табанына аз-ақ тимей,
Төселіп жатқан екен жалпақ құрыш.

Өзіне теңдесі жоқ жер үстінде,
Қайраты қамауда екен не күштің де.
Советтің тапқыр қолы сұғынғанша,
Келіпті абайламай оны ешкім де.

Мысың ба, темірің бе, ураның ба?..
Не болса Менделеев құрамында
Табылып соның бәрі, қаптап кетті
Шахталар кең далада ой-адырға.

Құрылып сол тұстарда нелер гигант,
Таусылмас кен асылын шеттен жинап,

Ісіне коммунизм ұлан-байтақ,
Молдығын көл-көсір ғып жатыр сыйлап.

Әйгі істің жасырамыз енді несін?
Ұлы Отан соғысында жау төбесін
Ойғанда, Қазақстан беріп тұрды,
Атылған оқтың жүзден жетпіс бесін.

Жасалып машиналар нелер мың түр,
Сан алуан мылқауларға бітіріп тіл,
Заводта, фабрикада, суда, қырда
Қаптады «Қазақстан» атты вымпел.

Жері жоқ бұл вымпелдің тарамаған,
Игі іске қазығы жоқ қадамаған.
Кубаны, Африканы, Азияны
Көреді саяхаттап аралаған.

Тізгіндеп Америкада Пентагонды,
Қозғалтпай аяқтарын тұсап Боннды,
Советтік отырса күш, Қазақстан
Кенімен әл-қуаты еселенді.

Бұл күшті қазекем де пайдаланып,
Әр үйде ленинизм шамы жанып,
Сумен де, құрғақпен де сапар шегіп,
Жер шарын сан ұл-қызы түсті айналып.

Мұншама табылған соң кеннен қойма,
«Жетпес-ау» деген қауіп болмай ойда,
Жер түгіл аспанды да игермек боп,
Жөн тартты ракеталар космос, Айға.

3. КЕЛБЕТІ

Алтайын, Тарбағатай, Алатауын
Мекендеп қазекемнен ел бір қауым,
Бөленіп белуардан шалғынына,
Рақатта өткізеді жаз жайлауын.

Күз түсе тауға жауар қардан қашып,
Құмақты бұйраттарға кетеді асып.
Адамға, малға олар да керегінше,
Шашылып аяқ асты жатқан несіп.

Шошиды көрмегендер бұйрат құмнан,
Білмейді араларын малға тұнған.
Ел ауған тұстарында үйірімен
Шұбыра өрістейді аң жыртылған.

Керіліп одан әрі жатыр Бетпақ,
Су тисе шөп өнеді үстін қаптап.
«Болмаса көктем менен күз жаңбыры
Өзге бұлт тоқырамай кетеді аттап.

Шіркін-ай қанып ішер сусын тапса,
Бетпаққа нелер егін, нелер бақша
Жайқалып өсер еді-ау!.. О да болмақ,
Атомды адамға емес, шөлге атса!..

Егіннің қолды созсаң оңайына,
Сібірдің тірелесің тоғайына.
Қазекем көшіп жүріп соның-дағы,
Бір кезде барып қалған маңайына.

Қыртысы қара мақпал — құлаш жарым,
Қамшаттың құндызындай түгі қалың,
Сібірдің Арқа менен шұрайына
Сүңгіте кең өрістеп жайған малын.

Бірде Сырға, біресе Арқаға ауып,
Кей жылдар көш жолында мұздақ жауып,
«Бай бір жұттық» дегендей тып-типыл боп,
Қырылып баққан малы болған науыт.

Бір кезде көрші қонған орыс келіп,
Құнарлы топыраққа егіс өніп,
Бастығын бидай ғылып, нелер алуан
Көрсеткен қазекеме жеміс теріп.

Орыспен жер жемісін үлесуге,
Несіпті топырақтан тілесуге,
Мойыны қазекемнің жар бермеген,
Тек сеніп, малдың еті, сүмесіне.

«Мал байдыкі, шыбын жан — құдайдікі»—
Деп кедей, жер де, мал да, болмай мүлкі;
Замана «ішер қаны, жер еті жоқ».
Жарлыға жиырылған болды кірпі.

4. НАНЫ

Қазақта қатар ұғым: «нан» мен «нану»,
«Болмайды нанға шығып құранды алу»,—
Деп діншіл кезінде де атам-қазақ,
Аңғартқан асыл ойын, нанды тану.

Тағы да «алтын, күміс тас екен» деп,
«Тек қана, арпа, бидай ас екен» деп,
«Адамға наннан үлкен нәрсе жоқ» деп,
Ұрпағы өсті «нану осы екен» деп.

Шіркін нан, тудырмады нелер дауды!..
Нансыздар жанын қалай асырауды
Біле алмай сандалғанда, алпауыттар
Сақтады сарайында наннан тауды.

Нан үшін болып талай соғыс, қырғын,
Бастаған еңбекшіні нелер ұлдың
Өзі өліп қан майданда, тек есімі
Боп қалған тақырыбы өлең-жырдың.

Ақырда, Ленин бастап еңбекші елді,
Есесін қанаушыдан алып берді.
Сиырмен соқа айдаған әлсіз шақта,
Астық та жетімсіз боп аз ғана өнді.

Жетпеді ашыққанға мұндай астық,
Нан қорын молайтуға ұрандастық.
Тыңдарды көтеруге аттанды жұрт,
Алдында Компартия болып бастық.

Жігерлі осынау жұрт аласұрған,
Әр елдің мекенінің арасынан
Тапқанмен тың танабын, ең жалпағын,
Қазақтың кездестірді даласынан.

Байы да болып шықты туған өлкем,
Ешқайда болмай шықты оған жер тең.
Дейтұғын,— «түгін тартса майы шыққан»,
Құнарлы топырағы, түгі көркем.

Түп-түгел көтеруге соның бәрін,
Ішінде бірер жылдың жетті әлім,

Ежелден тойындырмай ызасы өткен
Септік біз көл-көсір ғып нанның дәнін.

Қуаныш болып егін ел-жұртыма,
Сабақтың нелер дәндер толды ұртына.
Самалмен теңселгенде сырт тұрпаты
Ұқсады судың Тынық мұхитына.

Молдығын жиған дәннің айтсам серпе.
Таусылмас қанша жесең шеттен керте,
Салмағы екі миллиард бұтқа жақын,
Қазақтың кең даласын жапты бөлке.

5. СУЫ

Дейтіндер суды «арзан», сусын таппай,
Топалаң тиген қойдай қирап жатпай
Қырылса, көзіме жас алмақ түгіл,
Қарар ем бедірейіп кірпік қақпай...

Адам ба, хайуан ба, өсімдік те,
Тіршілік жасайтұғын есімдік те,
Біреуі судан безсе шөлде өліп,
Ілезде ұшырайды хасіретке.

Бойына асыл кенді беріп барлық,
Отырған жердің жүзін қазір таң ғып,
Қазақтың кең даласын, бай табиғат,
Тек қана жаратыпты суға зар ғып.

Ертіс, Сыр, Жайық, Есіл... өзендері
Болғанмен, алшақ бітіп кезеңдері,
Ғасырлар бойы көшкен қазекемнің,
Ернінің жібімепті кезергені...

Мол суға сол кен дала әлі тарын,
Сығымдап ұстағанмен қолда барын,
Шөлейттер жаңбыр менен қар аз жылы
Отанның ортайтады толған қабын.

Мысалға алсақ тыңда өткен жылды,
Егінге сусын жетпей дымы құрды;
Комбайн орақтары нуға кірмей,
Шығымсыз таз егіннің шашын жұлды.

Отанға орындалмай міндеттеме,
Шалқымай жалындаған үн лепте де,
Мұңайған өршіл өлең, халқыменен
Тұрды тек келер жылдан үміттене.

Табиғат сол тілегін қабылдай ғап,
Қары да өткен қыстың қалыңдай ғап,
Көктемде оған қоса жаңбыр төпеп,
Көлкіген су көрпесін жамылды аймақ.

Дегенім «аймақ»— бүкіл Совет жері,
Жоқ биыл ала-құла, артық-кемі.
Дән болып шыға келді, Ғалиша[1] айтсақ,
«Диқанның жерге тамған әр-бір тері».

Қуанып бұған достар, кейіп қастар,
Тау таппай қас, төбеден бізге тастар
Шабынса босқа, берер жауабымыз,—
Біз тоқпыз, лайымда өзің аш қал!..

Осынша егін берген қалың нулы,
Мақтайық аспаннан да келген суды!..
Советтік халықтардың жарысында
Ойым бар, озып алар, қызыл туды.

6. ҚУАНЫШ ПЕН ҚОРҚЫНЫШ

Мен ақын болған емен кабинеттік,
Тыс қалған күндерім жоқ істен көптік.
Алғаш сиыр, соңынан трактормен,
Егінді еңбекші елмен бірге ектік.

Дәндердің бірге жинап азын, көбін,
Өткізіп көзден істің артық, кемін,
Халықтық сарайлардан үлеске алған
Нанымды еңбек етіп адал жедім.

Биыл да сол дағдыма тағы бағып,
Егісін туған жердің көрдім барып,
Келетін белуардан жасыл шалғын,
Бойында бар танаптың тұр ырғалып.

---

[1] Орманов

Кезі еді сабақ басын сүт кернеген,
Мұрттарын тікірейте көкке өрлеген,
Собығын сабақтардың иіскей бердім,
Адамдай, бұл сияқты түк көрмеген.

Иісі мұрныма қамыр сасып,
Сындырмай бір сабақты, еппен басып,
Егінмен бірге өскендей болып кеттім,
Жан-тәнім жан-тәніне араласып.

Ұйыды дәннің сүті мен қайтарда,
«Болады миллиардтар!» деп айтарға.
Дәлелім бола-тұра, жоқ та емес
Жағдайлар егіншіні ойлантар да.

Пайдалы әрбір нәрсе мөлшерімен,
Егерде аса қалса өлшемінен
Болуы у пайдалы ғажап емес,
Су түгіл, қасиетті кеусеріңнен.

Жыл куэ,— мың тоғыз жүз елу сегіз:
Шыққанмен егін онда, бойшаң, семіз;
Астықты жинар шақта төккен нөсер,
Далада болып кетті бейне теңіз.

Ерте ойлап ұқыптылар бұндай жайды,
Су дәнге кебер орын тапты ыңғайлы.
Көтеріп қиын жылдың ауыр сынын,
Боп шықты, қорытқанда, іші майлы.

Салақтар мылқау күштен ыға қашып,
Қырманда шіріп дәндер, жатты сасып.
Жапырып жазғы жаңбыр, қыс жауған қар,
Орғызбай кей танапты қалды басып.

Жоқ емес биыл-дағы сондай қауіп,
Егінді мезгілінде түгел шауып
Алайық,. егіншілер!.. Кең даланы
Биыл да кетсін тұтас бөлке жауып!..

7. АСТЫҚ МАЙДАНЫ

Балтықтың ригалық қойнауында
Халықтың тән тыныстар жайлауында

Жүргенде, туған, өскен ел мен жердің
Есіме алам астық майданын да.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Әмиша өмір өтпек, ол білдірмек»[1],
Дегендей, бітіп август, сентябрьді
Шақырды «орнымды бар, мұнда кел!» деп.

Жеткендей аңсап жүрген ғашығына,
Алтын күз бөленіп бар асылына.
Жарқырап көрінгенде, астық тойы
Жөнелді бұрқан-тарқан тасыды да.

Сыртында қалып қоймай ұлы тойдың,
Латыштар аз егінін ойдым-ойдым
Жинауға кіріскенде, соған қарап
Есіме туған жерді ала қойдым.

Көзіме елестеді көрінісі,
Келбеті — бұрқанған майдан іші.
Мыңдаған моторлардың бұл далада,
Тұтасып алған бойда жойқын күші.

Жорықта басып ылғи ілгеріге.
Шығады бір ырғақпен үндері де...
Жік түспей араларын ажыратар,
Қосылып кеткен күн мен түндері де.

«Соғысқан» табиғаттың дымын құртқан,
Батыр ұл, батыр қыздар талай ұлттан,
Алмайды көз шырының күн тәулігі,
Құныгып іске, егін басын қырыққан.

Тиген соң осылайша оған «жау» боп,
Шошаймай бұрынғыдай егін бау боп,
Комбайн жүрген жердің әр тұсында,
Үйілді жоталана астық тау боп.

Мыңдаған машиналар тасып жатыр,
Қырманға сыймай астық асып жатыр,
Апарса эшелондар алтын дәнді,
Сарайлар қақпасын кең ашып жатыр.

---

[1] Абайдың өлеңінен.

Тәтті нан пісіріліп заводтарда,
Жоқтығын қарын ашар қауіп алда,
Советтің өзі түгел, достары да
Еңбегін атқаруда шабыттана.

Дәндерді тез жинауға жан таласқан,
Еңбекші көпшілікке үні ұласқан,
Оқырман, ойлашы өзің, қандай қызық,
Сыпырып маңдайдан тер, араласқан!..

8. ШЫНЫҒУ

Кім білген жастық шақта курортыңды,
Кім білген «ымшық-шымдық» дер дертіңді.
Кейінгі жылдарда дем алғыш болсам,
Әдетім ғана тапқан бұл бертінгі.

Кейде — бас, кейде — кеуде, кейде — буын,
Тілейтін шақ жетіпті тынығуын.
Курортқа сол себепті бара қалсам,
Емдену емес оным, шыныгуым.

Биыл да сол дағдыма баға қалып,
Балтықтың курортына бара қалып,
Демалып жатқан шақта, елеңдедім
Құлағым дала үнін шала қалып.

Келе ғап, сол бір сәтте ұшып кеткім,
Ішіне кіре қалмақ болып көптің,
Көңілім желіккенмен, бойды тежеп,
Болашақ күндерді ойлап, сабыр еттім.

Алда да тізбектеліп жатыр жылдар,
Алда да көтерілмек талай тыңдар.
Күш-қуат жинауым да теріс болмас,
Сондағы жеңістерді шалқи жырлар.

---

[1] Латвия. Дубулты 1964.

VI — АРНАУЛАР

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИНГЕ

Көргем жоқ табиғаттан шеберді мен
Жаз, гүл, бұлбұл,... ғажайып нелерді мен
Жолықтырған шақтарда, Сәкеннен-ақ
Түгел табам «көркемдік» дегенді мен.

Жаз, гүл, бұлбұл көрікті мезгілімен,
Мезгілі өтсе тозады өздігінен.
Ал, Сәкен бар мезгілде өзгермейді,
Арнаулы ажарынан, көзге ілінген.

Әдейі тамашалап қарау үшін,
Жаралар осындай-ақ сұлу мүсін!..
Тойдырып көзді түр мен тұрпатына,
Аралап кең.бақшадай кетем ішін.

Нелер түс гүл, ғажайып нелер жеміс
Бағына жайнап өскен оның тегіс!..
Ақыл, ой, парасатын түгел кезсем,
Таппаймын бірінен де мүлтік кеміс.

Бәрі шын асылының жалғаны жоқ.
Қатар өскен, кідіріп қалғаны жоқ.
Табиғаттың өзіндей еркін өскен,—
Сырты жұмыр көрінген, жан-жағы жоқ.

Мызғымас әділдіктің берік досы,
Дерліктей досқа —«қуан!», жауға —«шошы!»
«Адам кім?» дейтіндерге табиғаттың,
Дәлелді толық берген жауабы осы!..

Ғажайып хрустальдай мың сан қыры,
Онан да көп жалынды өлең-жыры.

Мәңгі жаса, бұған да құлпыра түс,
Қазақтың тарихының жаңа жылы!

1936

МҰХТАР ӘУЕЗОВКЕ

Ағасын, бойың пілдей, ойың гүлдей
Гүл бояуың кілемге шеккен түрдей.
Сол гүліңді сұрапыл дауылдарда,
Қойған да жоқ, қыраулы салқын үрмей.

Ертерек үсіді кей жапырағың,
Бірақ сені өсірген топырағың
Тамырыңды тоңдырмай соңғы жылдар
Тағы өстің көркі боп сахыраның.

Мақтан боп отаныңа туа білдің,
Кірленсең, асқындырмай жуа білдің.
Енді қайтып кірлемес, сембестей боп,
Лениннің қаналынан суарылдың.

Осы еді тілегенім маған нансаң,
Секілді түтінденбей, білте май шам,
Көгіне туған елдің көрік беріп.
Жұлдыздай күлім қағып қатар жансаң.

Бауырың неге оған қуанбасын?
Бір кезде ақынды өзен су алмасын
Десем, енді айтарым: бұдан да мол,
Сабағың шешек атып жуандасын!

Гүл түрің болсын інжу, лағыл, ақық,
Түспесін өңдеріне дақ һеш уақыт.
Бағында советстан, гүл жайнаған,
Сенімен қатар жасау қандай бақыт!

30 — январь, 1946.

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИНГЕ

Алпысқа келу керек Сапекеңше:
Тік бойлы, тастай дене, биік еңсе;
Сиятын қара көз бен қара шашқа,
Отыз бен отыз бестің бірін берсе!

Мұртының миығына аздап буырыл
Кіргенмен, көрсетпейтін ол да қу бір!..
Қоңырқай ажарында жоқ еш әжім,
Дерліктей,—
«Ұл атаулы сендей туғыр!..»

Денеге лайық біткен қылық, мінез,
Не артық іс, бойда жоқ, не артық сөз.
Қалпынан сыпайылық бір аумайтын,
Өлшемі тұрақталған бір әділ тез.

Жеткенше талант, ойдың шама-шарқы,
Сүйсініп оқитұғын туған халқы,
Бірталай еңбек жазды, алды жарқын,
Ласы, кіршігі жоқ таза арты.

Жүз жасқа аяқ басты әкесі —
Ысқақ.
Көрген жоқ жүрер жолын ешкім нұсқап.
Сенеміз Сапекеңнің сөйтуіне,
Себебі,— туған ұл бұл, әкеге ұқсап!

ТАЙЫР ЖАРОКОВКЕ (БІРІНШІ ӨЛЕҢ)

(50 жасқа толуына)

Сен ойлайсың өзіңді «қумын мен» деп,
Бол, болма,... отаныңа еткен еңбек,
Өз тіліңмен айтқанда,— сан шөлдерді,
Суарды таусылмайтын «Тасқын»— сел боп.

Кейде өлеңің жұлдыз боп аспанда ақты,
Оған да ажар беріп жарқыратты.
Сондықтан да советтік азаматтың
Бәрінен бұрын саған «Күн тіл қатты».

Күннен де әрі ұша бер, үстін баса!
Қалмасын, сен көрмеген ешбір таса.
Ол үшін тілейтінім: денің сау боп,
Сүйікті Мүнираңмен ұзақ жаса.

1958

КҮНМЕН БІРГЕ ЖАСАЙДЫ (ЕКІНШІ ӨЛЕҢ)

(Тайырдың азасына)

Мөлтілдеп қанды жасқа толғанда көз,
Тұрғанда жан жаншылып, болып ез-ез,
Мезгілсіз сөнген шақта жалынды ақын,
Не деуге түспей қалды аузыма сөз.

Түскені —«Тайыр!» деген ардақты ат.
Денеме сол сөз ғана берді қуат.
Қайғының қара бұлты басқан жанға,
Есімі күн боп шықты жәйма-шуақ.

Аздаған сөз оралды сонда тілге,
Жырымен соққан сарай, берік ірге,—
Жароков Тайыр ақын жасай бермек,
«Тіл қатқан» мәңгі сөнбес күнмен бірге.

1965

РОЗА БАҒЛАНОВАҒА

Киіктің үйріліп асығындай,
Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай!
Таулардан, өзендерден, мұхиттардан
Үнінің кідірместен асуын-ай!..

Киіктің үйріліп асығындай,
Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай!
Төгілген көмекейден сыңғыр үнде
Мұлтік жоқ, иненің де жасуындай!

Киіктің үйіліп асығындай,
Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай!
Қазақтың мәдениет сарайында,
Бұл да бір бағасы зор асылындай.

1960

БАТЫР ІНІМ БАУЫРЖАНҒА
(50 жасқа толуына)

«Советтің саналы ер еркегі» деп,
«Жігіттің қыз қызығар көркемі» деп,
Бауыржан Момышұлы жер жүзінде
Тарапты барлық елге ертегі боп.

Барсам да қай континент, қай аралға,
Заманнан аз хабары бар адамда
Білмейтін Бауыржанды жан көргем жоқ,
Мен бұған қуанам да, таңданам да.

Айтайын ең алдымен қуанышты:
Қазақта ұл туғанмен талай күшті,
Жер жүзін тамсандырып, Бауыржандай
Есімі қайсысының хатқа түсті?

Ауылдың қалды көбі аумағында...
Бауыржан «Катюшадай» лаулады да
Өртесті фашистерді, сондықтан да
Таниды досы түгіл жау жағы да.

Батыста, жүрген ғылым тереңінде,
Ақылын, өжеттігін, өнерін де
Жыр етіп, Бауыржанның батырлығын
Таниды, бір-ақ шындық көлемінде.

Ежелден ертегішіл шығыс — кәрі,
Шындықтан шыға шырқап кетеді әрі:
Көреді қаһармандай тау көтерген,
Даусы — жер тітіреткен Әзірет-Әлі!

Білсе, егер, екенімді менің қазақ,
«Сендерде ұл бар ғой — деп — сондай ғажап!»

Шуласып қамағанда қалың адам,
Жарылмай қуаныштан тұрам аз-ақ!

Айтайын таңданудың, енді, жайын:
Ұшқанын атақ-даңқы көрген сайын,
Келтірем көз алдыма Бауыржанды,
Кәдімгі жақсы адамды — қарапайым.

Білемін бұл жігітті ерте күннен:
Қаттыны нелер керім, ерте білген,
Шықты бұл қылыш болып майрылмайтын,
Советтік Армияның мартенінен.

Шықты да, жалаң қағып тұрды сапқа...
Отандық ұлы соғыс қызған шақта,
Ақылы, қимылымен, қайратымен,
Өзіне ие болды берген атқа.

Сол үшін Отаны мен халқы сүйіп,
Атаса кететұғын денесі иіп,—
Тарихқа кірді бұл да, дәл Зоядай,
Немесе, секілденіп — Маресьев.

Фашисті бұл батырлар қырып-жойды,
Азамат болды істері абыройлы,
Құрметпен сондықтан да, Бауыржанға
Жатырмыз елу жаста жасап тойды.

Шашуым осы-ақ болды тойға дайын,
Ел сүйген ерден мен де аймалайын!
Бауыржан!—
Ата-анаңа алғыс айтып,
Советтен сені өсірген айналайын!

1961

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВҚА

Табиғат беріп ойға өткір сезім,
Халқының жинап бойға бар мінезін,
Қазақтың түгел еркек — кіндіктісін,
Күші бар, көрсетерлік жалғыз өзі!

1963

САРА ЕСОВАҒА

(60 жасқа толуына)

Мен көргенде бойжеткен қыз едің сен,
Сырттай емес, іштей бой түзедің сен.
Мұқалмас марксизм қайшысымен
Аяусыз ескілікті күзедің сен.

Лениннің шықтың солай бір қызы боп,
Ол салған даңғыл жолдың бір ізі боп.
Қазақтан алғаш шыққан коммунистка
Үркерінің бір жарқын жұлдызы боп.

Дүние тік, биік шың тасы тайғақ,
Өрлейді біреу шапшаң, біреу жайлап.
Сол шыңға қиындықпен шығуыңа,
Ағы көп қарасынан шашың айғақ.

Шашыңның сыр көп әрбір қылшығында,
Мысалы, Ораз[1] саған аз шығын ба?
Болмаса екі ұлың, бұл қайғыдан,
Әзір ең сол уақытта тұншығуға.

Ержетті олар қазір кісі болып,
Ораздың өзі емес, түсі болып.

---

[1] Ораз Исаев — Сараның жұбайы. 1924—34 жылдары қазақ республикасын басқарушылардың бірі.

— Шалынса ел көзіне, қатал тағдыр,
«Иіу — деп — көз жасыңды» түсінелік.

Уа, Сара, адам Сара, ана Сара!
Бұтақсыз соя ағаш жараса ма?
Өркендеп жылдан-жылға жемістерің,
Түп-түгел аман болсын бала-шағаң!

Солардың бойға жинап бар қызуын,
Жақ түсіп, жас жеткенше көр қызығын!
Осындай пак тілекпен қолын қатты
Қысамын большевичка — ел қызының.

1963

САҒАЛБАЙ ЖАНБАЕВҚА

(60 жасқа толуына)

Қазақша — қаңтар, римше — январьда,
Сібірде, қақап тұрған қыс — ызғарда,
Келіпсің дүниеге, Россия
Ортасы жатқан кезде батып қанға.

Лениндік ту көтерген большевиктер
Алдында, жұмысшылар құрған лектер
Патшаға, қанаушыға қарсы шыққан,
Қылыштан,оқтан таймас, бәрі өжеттер.

Аузынан «бостандық!» деп атқан жалын.
Қатарын қырылса да жазбай қалың,
Оққа ұшқан қан-жоса боп, сол ерлердің
Боп шықты ойлағаны сенің қамың.

Титтейден қанаушының таяғын жеп,
«Қай кезде бұл қылығын қояды?» деп
Зарланып жүргеніңде, большевиктер
Қанына қанаушыны бояды кеп!

Сол қанға малшып Ұлы Октябрьді,
Найзамен жыртып қара түнді түрді.
Басыңнан қою тұман мәңгі ауып,
Бақытты батпайтұғын күн құлпырды.

Көрініп сонда түгел атырабың,
Сыбанып білегіңді, батырағым,
Қолынан еңбекшінің жасалатын
Бақыттың бар ісіне қатынадың.

Ересек бола танып әліп-биді,
Белсеніп кіріскенде іске игі,
Өмірдің сабағынан профессор
Болдың да, талай ғалым басын иді.

Жұқтырмай партбилетке өмір тотын,
Күрестің бәсеңдетпей қызған отын,
Бетіне былш еткізіп қайта соқтың
Дұшпанның саған айтқан анекдотын.

Болдың сен қостаушы да, бастаушы да.
Меңгеріп талай істі тастаушы да.
Кіші бол, қызметте, я үлкен бол,—
Еш уақыт «жетілдім!» деп таспаушы да.

Халықтың жүріп қалың арасында,
Хұрметтеп үлкенін де, баласын да,
Бастаған істеріңде, еңбекші ел,
Жарады әр кезде де қарасынға.

Сол елмен келатырсын әлі бірге,
Халқыңа мәлім болды атың мүлде,
Күшімен көпшіліктің, коммуналық
Мәңгіге мызғымайтын қаланды ірге.

Қаластың сол іргенің сен де тасын,
Қолыңнан көтерістің қабырғасын,
Ішінде қызу істің жүрген шақта,
Алпысқа толып қапты, міне, жасың!

Қартайған жоқсың, әлі бойың сергек,
Ерекше, большевиктік ойың сергек,
Қалдырлы қарт замандас, сенген жолдас,
Басайық алға әлде де құлаш сермеп!

НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВКЕ

«Бата жүрген емес-ті
Ассыз аяқ, құр қолға»[1]
Шарықтап біздің ел өсті,
Өсірісті Нұрмолда.

Бұл әлемге әйгілі —
Нұрмолда Алдабергенов,
Жарыста талай бәйгені
Алып жүрген өңгеріп.

Тақыр жерді ол басса,
Ізіне егін өседі.
Байлыққа байлық ұласса,
Көбейтеді есені.

Семіреді ілезде,
Ол кездескен көтерем,
Кетеді көркем қала боп.
Санына әрең жетер-ең

Машина болып кетеді
Ат, өгіз, есек, түйесі,
Керекке түгел жетеді
Нелер алуан жүйесі.

Жобалғы ауыл ол барса
Кетеді көркем қала боп.
Жыпырлай қалың шам жанса
Шаттанбасқа шара жоқ.

Өзендерді өзінің
Керегіне бұрады.
Шырасы жанып көзінің
Электрге тұнады.

Құлазыған ылди-өр
Кетеді бақша — бау болып.
Шырыны балдай жемістер
Үйіледі тау болып.

---

[1] Мақал.

Ол барған жерден надандық
Ат-тонын ала қашады.
Білімге сусын қанарлық
Мәдениет ошағы.

«Әліп-биді» аңғарды
Нұрмолда өзі кешірек,
Танысқан ғалым таң қалды
«Профессор осы»— деп.

Таудай жүкті көтеріп
Тұғасқан күшті көп иық.
Міндеттер талай өтеліп,
Сүттей халық тұр ұйып.

Бақытқа түгел кенеліп,
Ауылының ұл-қызы,
Орденларға бөленіп,
Жарқырайды жұлдызы:

Нұрмолда төске қадады
Сол жұлдызды қосынан,
Еңбектің барлық адамы
Қуанышты осыған.

Тапжылмайды талай жыл
Еңбектің туы қолынан.
Адаспайды адал ұл
Компартия жолынан.

Алпыс жаста ауылдың
Келеді еңбек өрінде
Коммунистік қауымның
Мәңгілік орны төрінде.

Мраморлы тарихқа
Алтынмен аты ойылды.
Болсын деп мұра халыққа
Тірідей мүсін қойылды.

МАКСИМ ЗВЕРЕВКЕ

(70 жасқа толуына)

Сүлеймен патшадан соң бар махлұқтың
Тілдерін түгел білген Мақсым ағай,
Деп,— «солардан жазылмас әлі жұппын!»—
Жетпістен жөнеп кетті әрі қарай.

Денесінің тіктігі — тау-текедей
Саулығында ылғал жоқ, құлан-таза.
Балаларын бағымпаз бейне әкедей,
Қарауылдап жүреді, бермей маза.

Аты —«аңның баласы» болғанымен,
Адам түгіл махлұққа мейірімді.
Тауды, орамды, даланы шолғанымен,
Білмейді қабақ шытып кейуіңді.

Натуралист адамдар нақ осылай,
Жәндіктерге жағатын қыбын тапсын!
Жетпісте де жігіттей жүр жасымай,
Хұрметті ағай — Зверев, біздің — Мақсым!

24 ноябрь, 1966 жыл. Алматы.

БОЛЬШЕВИК

Шым құрыштан Ленин шыңдап шығарған
Тасты тілген алмас қылыш — большевик
Бірін мыңға,
Мыңын шыңға,
Алып тұлға
Барша ұрпақ асқар тауға өлшемек.

Үшінші бөлім

ТӨРТТАҒАНДАР (РУБАҒИАТ)

I — ӨМІРБАЯНЫМА

1. ӘЖЕМ

Алтыншы әжем қалмақтың қызы екен,
Жаугершілік заманда қолға түскен:
Түр-тұлғамды дәл сондай сызып әкем,
Шешем де айнытпастан өлшеп-пішкен.

2. СЫРЫМБЕТ

Төртінші атам — Сырымбет батыр екен,
Қан майданда қырқысқан жауларымен:
Дұшпаныма белімді буып бекем,
Сол атамның салтынан аумадым мен.

3. БАЙБАРАҚ

Үшінші атам — Байбарақ бақсы екен,
Аспаннан періні аулап, жынды буған:
Мен де еліме нақ сондай сақшы бекем,
Жолатпастан маңына жауды қуған.

4. БЕКТЕМІР

Екінші атам — бектемір белдескенді,
Жықпай тынбас, өтіпті, балуан боп,
Мен де жықтым күресте теңдескенді,
Оған куә,— замандас алуан көп.

5. ШҮКЕЙ

Бірінші атам — Шүкейді «ақын еді:
Деседі,— көмейінен күй саулаған:
Мені де «жастан жырға жақын еді,—
Деседі жұрт,— атасы бұл да аумаған!»

6. МҰҚАН

Әр өсімдік тартады ұрығына,
Көз тіксең менің мінез, қылығыма.
Аумаған әкем,— жалшы болып жүріп,
Кеудесін бастырмаған бай ұлына.

7. БАЛСАРЫ

Шешем марқұм — Балсары әнші еді
Бұлбұлдай қапастағы мұң-зар төккен.
Көзінен сорғалаған тамшы легі
Санама сәби кезден сіңіп кеткен.

8. ӨЗ АТЫМ

Әке-шешем ат қойды «Сәбит» деген,
Оның мәні —«берік жан, мызғымайтын»,
Сондықтан сан апаттан аман келем,
Тау-талқан боп, шың менен құз құлайтын.

II — ЕГДЕЛІК

1. КҮШ

Егделік кәріліктің баспалдағы,
Ол жотаң, орта жастан асқандағы,
Сарқады күшін, ойың арнасына
Жас шақта кең жайылып тасқандағы.

2. СЫР

Бір сыр бар жардан басқа жанға айтпайтын,
Тек, болсын жар, жаныңды ардақтайтын.
Алпыстан аса тоқ бол,
яки жоқ бол,
Желігу жеңілтектік далақтайтын.

3. АҢСАУ

Таудан аққан бұлақтың тасқынындай,
Толқыны тілінбейтін тасқа ұрынбай.
Талай шөлді суарып ну жасаған,
Қайран менің құнарлы жас күнім-ай!

4. ТІС

Тіс азайып келеді екі шеттен,
Қатты асты шайнаймын қазір еппен.
Азулардан адамның тай-құлынның
Жілігін кеміруге күші жеткен.

5. КӨЗ

Түйенің түстік жолын шалушы еді,
Жастық шақта көзімнің қарашығы,
Оның қазір ең жырақ жетер шегі
Көзілдірік — томпиған ғана шыны.

6. АС ТАЛҒАУ

Жасымда мен кәдімгі мешкей едім
Ас талғамай, шетінен соғатұғын.
Тататын тағамым енді менің,—
Таңдаулысы ішіме жағатұғын.

7. ҚҰМАРЛАНУ МЕН БЕЗУ

Гүлім шешек атқанда ара, бұлбұл,
Маңайыңнан кетпейді шақырмай-ақ,
Гүлің солса жырақтап дымы құрғыр
Келмейді маңайна «фақырды» аяп.

8. ДЕЛЕБЕ

«Өмір» деген — өркендеу ерегісі,
Егде боп азғанымен дене күші,
Бастала қалған шақта дүбір-думан,
Қозады оның-дағы делебесі.

9. УАҚЫТ

Іс атқарсам құрысып қымқа уақыт,
Ой-санамның жетпейді орауына.
Қарап жүрсем ай-күнім кеткен батып,
Бұлыттай, құмартам тез тарауына.

10. ЕСЕП

Халқыма әр кезде мен есеп берем,
Тырысам айтуға ойын «десек» деген.
Күйіме қарай шауып жарыстарда,
Кейде келте, кей кезде кесек келем.

11. АСЫҒУ

Әлі көп жазғанымнан жазбағаным,
Халқыма керек кеннен қазбағаным,
Асығам әл жеткенін үлгеруге,
Алдымда қалғандай боп азғана күн.

12. ТАҚЫРЫПТАР

Көңілде тұнып жатқан тақырып көп,
Ой кейде ұмытқанды шақырып кеп,
Геройлар төңіректе топталады,
Кейі үнсіз, кейбірі ақырып кеп.

13. СЕНУ

Ешкім де таба алмайды бар керекті,
Болған мен қандай білгіш, қандай епті,
Сенемін «мен таппасам ол табар» деп
Халықты адал сүйген ер жүректі.

14. ТОПТАСУ

Адамдар ой-санамен топтасады,
Кеткендерін жыласып жоқтасады,
Жаңбыр шайып, жел үрлеп аршымаса,
Тасты — қына, темірді — тот басады.

15. ШӨГІР

Жеріңе жан жиналмақ шөгір кірген,
Тіршілік өн бойыңа тегін кірген.
Сол сәтте қасқыр тиген қойдай үркіп,
Көзіңе елестейді өлім бірден.

16. ЖЕМІС

Мәңгі өлмейтін жәндік жоқ, біз де өлеміз,
Дүниеге келмек әркім деп —«өнеміз».
Тек, көктем мен жазымыз жайнап өтіп,
Бола қалсақ, арман жоқ, жемісті күз.

17. ЖҮРЕККЕ ЖОЛ

Өмірім танымастай түлегі де,
Жол таптым еңбекшілер жүрегіне.
Осы да «орындалды — деген — арман»,
Осы да «жетті — деген тілегіне».

Мол жеткен сусынына өз елінің,
Жараған күзетіне кезегінің,
Қазақтың ұлан-байтақ даласының,
Мен де бір көпке ортақ өзенімін.

III — ӘР ТАҚЫРЫПҚА

1. ОМАР ХАЙЯМ

Төрт жолмен талай ойды еткен баян,
Сондықтан да атағы әлемге аян;
Мәңгіге төрттағандап тұрып қалған,
Не деген берік еді Омар Хайям!

2. ХАЙЯМ МЕН АЙЫРМАМ

Заманына наразы Омар Хайям,
Өмір бойы мас болып шарап ішті,
Өйтуге қол тимеуім халыққа аян,
Коммуналық атқарып ауыр істі.

3. МАЛЬТУС ЖӘНЕ АДАМ

Мен Мальтуске қарсымын,— өссе адам,
Ешбір келер зиян жоқ оған, маған.
Жер тұруға жетпесе, адамдікі
Емес пе, күн қотаны, барлық ғалам?

4. ӨМІР

«Өмір» деген — тіршілік бұтақталған,
Болғанмен кей тармағы жұтап қалған,
Шашса ұрық, кету жоқ оған құрып,
Өрбіп, талай өтеді этаптардан.

5. ТІРШІЛІК ҚУАТЫ

Өсімдіктер өркендер туса көктем,
Қатты, қалың асфальтты тесіп өткен,
Түбіттей жұмсақ, балғын шөпті көрем,
Жамағат, ойнамаңдар тіршілікпен.

6. КҮН КӨРІС

Болған жоқ, күн көрісті жыққан мықты.
Ол мықты атаулының бәрін жықты.
Өсімдік, жәндік, адам,— тіршіліктің,
Нелер айла-әдісін содан ұқты.

7. АЛМАНЫҢ ҰРЫҒЫ

Титімдей-ақ ұрығын сақтау үшін,
Жұдырықтай томпайып өседі алма.
Ұрпағын жел, күн, жәндік шақпау үшін,
Қалың орап тастайды тәтті балға.

8. АДАМ

Тууы, тіршілігі және өлуі
Жағынан, хайуанатпен бір өмірі.
Айырмасы: озық ой — сана жұмсап,
Өзінен өзгелерді меңгеруі.

9. МИ

Миың — барлық сезімнің ген-штабы,
Тамырларың солдаттар соғыстағы.
Жақсы штаб — жеңістің бастаушысы,
Жаман штаб — жүрген сең, ағыстағы.

10. АҚЫЛ

Асыл ақыл — сәуле, күннен тараған.
Жасық ақыл — түлкі, иттер қамаған.
Жауыз ақыл — жылан, «қайтсем шағам» деп,
Көрінгенге көзін тіге қадаған.

11. ЖҮРЕК

«Жүрек» деген жұдырықтай кесек ет.
Сүйген, күйген сезім — қанын еселеп,
Жинай берсе, талай теңіз жасалып,
Талай кеме айдындарын кешер ед.

12. ҒЫЛЫМ

Миллиондап саналғанмен бұйым түрі,
Болғанмен бәрінің де қиын тілі,
Сырларын ұғып, іске қосқан ғылым,—
Ойлардың нелер мың сан жиынтығы.

13. ЖҰЛДЫЗДАР МЕН АДАМДАР

Жұлдызды дейді қазақ —«адам жаны»
Дәл келді, ақырда бұл болжағаны:
Беляев, Леоновтар жұлдыздай боп
Аспанның кеңістігін аралады.

14. ТУҒАН ЖЕР

Туған жер — күн, өзінен шашыраған
Ұрпағын сәулесімен асыраған.
Онсыз саған тіршілік — қараңғы түн,
Ендеше хұрметте де бас ұр, адам!

15. ТУҒАН ТІЛ

Әркімге туған тілі — туған шеше.
Оған бала міндетті сан мың есе.
«Жақсы» деген адамның бәрі досы,
Қас дұшпаны, кімде-кім «жаман» десе.

16. НӘПСІ

Деп қорқатын: «жер бетін жалмамақшы»—
Тажал не? Білгіш болсаң ойлап тапшы!
Менімше ол, еш уақыт тойымы жоқ,
Адамзаттың бойына біткен нәпсі.

17. КӨҢІЛ

«Көңіл» деген ғажайып бір асыл тас,
Сындырғың келсе егер қаттырақ бас.
Бұлдірмей бабын тауып ұстай білсең,
Ажары гүл жайнаған мәңгілік жас.

18. МАХАББАТ

Ол бір жалын, жаға алсаң жарқ етеді,
Жаға алмасаң жоқ болып жалп етеді.
Жанса — өмір, жанбаса — қара көмір,
Жанса — қарық,жанбаса — ғарқ етеді.

19. ДОСТЫҚ

Достық — қымыз:күте алсаң дәмі балдай,
Қанша ішсең жүресін, мейірің қанбай.
Егер күте алмасаң, ол да — іркіт,
Ішпек түгіл кетесін аузыңа алмай.

20. ӘРТҮРЛІ ДОСТЫҚ

Жақсы достар — көңілде жақсы ойың,
Еш уақытта болмайды оған тойым.
Жаман достар «ит» пенен «құсты» көрсе,
Бет-бетімен быт-шыт боп үркер қойың.

21. ДҰШПАН

«Дұшпан» деген — қандала, ұйқыңды аңдып,
Жүгіріп кеп шағады, кетсең қалғып,
Сол қалыппен серпілмей жата берсең,
Қаныңды тауысар еді сорып барлық.

22. ӘРТҮРЛІ ДҰШПАН

Мықты дұшпан пара-пар дауылменен,
Ұшырады, болмаса ауыр денең,
Осал дұшпан — қанден ит пілді-дағы
Қауып тастар немедей шәуілдеген.

23. ЗАЛЫМ АДАМ

Залым адам — тұңғиық ылай құдық,
Жылтырап тұрғанменен беті тұнып,
Шомылам деп ішіне түсе қалсаң,
Тазарудың орнына, кеттің құрып.

24. КЕК

Ол бір жылан, ұртында уы даяр.
Деп ойлама, залымды,— «шақпай қояр».
Соқтықпасаң сұмырай сып-сыпайы,
Сүйкенсе егер, жаны жоқ оның аяр.

25. НАДАНДЫҚ ПЕН БІРЛІК

Надандық — теріскей Мұхит — мұз боп
қатқан,
Білгірлік — күнгей Мұхит — шалқып жатқан,
Жер шары тұтастырған — тіршілігі,
Шырқ көбелек үйіріп зымыратқан.

26. ПЕРІШТЕ

«Періште» дейтініміз — адам, ізгі.
Сүйетұғын еңбекке ие — бізді.
Жақсылыққа ежелден айнымас дос,
Жамандықтан мәңгілік күдер үзді.

27. ЖЫН

«Жын жоқ» дейсін, сол емей, немене арақ?
Уын жайып денеге алса тарап,
Мінезі мен қылығы жыннан бетер,
Көлденеңнен көз тіге тұрсаң қарап.

28. АҚЫНДЫҚ

Ақындық — сезім бұлты қалыңдаған,
Дауылдан басқа күшке бағынбаған.
Қыс — қарын, жаз — жаңбырын төпей төгіп,
Бытырап содан кейін дамылдаған.

29. ҚАЛАМ

Шапқыш, тескіш, жасағыш, не — қиратқыш,
Дүниеде болғанменен сан алуан күш,
Өрбітіп бәрін, жүрер жол сілтеген,
Атқарған біреуі жоқ қаламдай іс.

30. КӨРКЕМДІК

Көркемдікке көзіңнің тояры жоқ,
Жүрегіңнің құмартпай қояры жоқ,
Тек, тілегің: болғай да табиғаты,
Сыртын ғана сылаған бояуы жоқ.

31. ӘДЕМІЛІК

Мейлі сырттай, мейлі іштей ұқсын,
Мейлі — безіп, мейлі — пірі тұтсын,
«Әдемілік» дегенге алаңдамас
Адамның, ылайымда, көзі шықсын!

32. ҚОБЫЗ

Қобыздың аңыраған дыбысынан,
Кейде ашы, кейде тәтті тынысынан
Әжемнің естігендей болам үнін,
Қайғысын, қуанышын ыңырсыған.

33. ДОМБЫРА

Домбыра — тату-тәтті өскен құрбым,
Ән мен күйдің, немесе, өлең-жырдың
Бәрін де айтатыны былай тұрсын,
Табады түйіндерін талай сырдың.

34. ЖАҚСЫ ӘН-КҮЙ

Жақсы ән-күйді жіберсе айтып, шертіп,
Әкетеді қыздыра бойымды ертіп,
Ой-санамды сарыны түгел билеп,
Наша тартқан адамдай қалам елтіп.

35. КӨЗДІҢ ЖАСЫ

Емес пе көз жасы да судың тегі?
Қиратса су есімді бомба нені,—
Мықтысы мықтылардың — адамзат та
Жас кернесе күл-талқан қирар еді.

36. МӘКЕІ

Бөлмесем кейде көңіл, болма алаң.
Сәкеңді «алды — дей бер, онда — қалам».
Тәуірлеу бір шығарма туа қалса,
Күлшелі ол да сенің сүйер балаң.

37. ПЕРЗЕНТ

Сүйікті әр махлұқтың өз перзенті,
Сүйкімді, болса-дағы қай келбеті!..
Адамның жақсы перзент — алма бағы,
Жаман перзент — шыжғырар жанын — өрті.

38. НЕМЕРЕ

Ұрпағыңды санайсың жемісіңе,
Балаңнан да немерең өрісіңе
Қызығырақ болуы: гүл мен жеміс
Өспей ме, бұтақтардың ең үшіне?

39. ТӘТТІНІ НЕГЕ АЗ ТАТАМ?

Шарап па, бал ма, тағы нелер тәтті
Тұрса да таңданба, деп «неге аз татты?!»
Өмірдің балы емес, әзры жастан,
Денеме деммен, қанмен сіңіп қапты.

40. МАЗАСЫЗДЫҚ

Маған достар —«неге көп жазасың?» деп,
«Шаршап кетсең тарттырар азасын» деп,
Айтады ақыл. Жауабым: сезім, санам,
Жас ұлғая —«жаз!» дейді, мазасыз боп.

41. ӨМІР МЕН АДАМ

Өмір — жер, адам — буы көтерілген.
Пайдасыз бу — бұлт, көшіп кете берген.
Пайдалы бу — жауатын қар я жаңбыр,—
Жер көктеуге қызымет ете берген.

42. ЖАНДЫ ГҮЛ

Қатқан болат болғанша,
Қайнаған қола болайын.
Бояу боп жансыз жанғанша,
Жанды гүл болып солайын.

43. КӨКЕК

Өз атын өзі жырлап, байғұс көкек,
Міндетін түсінгендей, түгел өтеп.
Жұрт мақтамай, ақталар еңбек бар ма?
Не деген ақылсыз құс, ол нәуетек?

44. АЛМАТЫ

Алматы күннен күнге көркемденіп;
Қарасаң бүгін кетіп, ертең келіп,
Бос жерге орнап қалған биік үйлер,
Бойына ең сұлуды тұр теңгеріп.

45. АЛАТАУҒА

Табиғат берген көрік төтен, саған!
Нелер көз таңданбады екен, саған?
Ауаң, суың, азығың, жемісіңді
Татқан сайын тағызым етем, саған!..

46. БАЛАЛЫҚ

Балалық шақ — адамзаттың көктемі.
Түгелімен көгереді еккені.
Күте білсең, берерінде хисап жоқ,
Күте алмасаң, еңбек зая кеткені.

47. ЖАСТЫҚ ШАҒЫҢ

Жастық шағың — жарқын жаздың бейнесі.
Құтты жаздың ала алсаң жоқ, бермесі.
Күтсыз жаздар хабаршысы — жұтаудың,
Оның күні —«жәй, эншейін,— өлмеші!»

48. ЕГДЕЛІК

Егделік шақ,— күз: піскен бар ұрығы,
Жинай алсаң, ашықпайсың ғұмыры.
Жинай алмай төгіп-шашқан жемісің,
Дей бер,— «енді өспестей боп құрыды!»

49. ҚАРТТЫҚ

Қарттық шағың — қыс: кейде — жәй, кейде — ызғар,
Жәйлі қыстар тіршіліктi тығыздар.
Ызғарлы қыс тамырларды үсітіп,
Өмір өшіп, қалмақ қатып, тек, мұз, қар.

50. ҚАЙРАУЛЫ ПЫШАҚ

Арқада қойын жәйіп, атын тұсап,
Отырған шың басында мүсінге ұсап,
Қойшы шал, «ұштарсын — деп — қаламыңды»,
Қайраулы қыныменен берді пышақ.

51. КҮЙЛІ ЖӘНЕ КҮЙСІЗ КӨҢІЛ

Көңіл күйі үніндей домбыраның,
Шектерін артық яки кем бұрадың,
Жағымсыз құлағыңа дыбыстардай
Күйі жоқ көңілдің де үні жарым.

52. ДОСТЫҚ БАЗАРЫ

Өмірдің базарында достық бұйым,
Ішінен көп бұйымның табу қиын,
Кезінде бүлінбеген кесек алтын,
Бүлінгенде бағасы жарты тиын.

53. СҮЮ

«Сүю» деген сынғақ тас, тегі асыл,
Салмақ пенен қызуға ол да жасыр.
Уатылған шағын шаңғақ құмдай,
Тұтас тұрса тозбайды сансыз ғасыр.

54. ДҮНИЕ (БІРІНШІ)

Байлыққа, бақ пен таққа мәңгі ие жоқ
Кер келмей кеше берер еш кие жоқ
Басында қанша шалқып тасығанмен,
Түбінде таусылмайтын дүние жоқ.

55. ДҮНИЕ (ЕКІНШІ)

Тетігі көп мәшине — бұл дүние
Жүргізеді оны тек ебін тапқан.
Таба алмаса қимылы авария,
Мертіккен көп, аз емес өліп жатқан.

IV — ТАБИҒАТ ТАҚЫРЫБЫНА

1. ТАУ

Мінез-қылық жағынан тау да тентек,
Кейде шалқақ келеді, кейде еңкек.
Жадыраса жарқын жаз сияқтанып,
Жынданса жіберердей жаппай өртеп.

2. ТАУ ТӨБЕСІ

Бусанса мәңгі шөккен ақ қар, көк мұз,
Әр шоқы сияқтанып бір гигант қыз,
Бұлыттан бастарына үкі тағып,
Сәнденеді: ылғи-өр, жота, шың-құз.

3. ШЫҢДАР

Шыңдар көп қатпарлары қиғаш жатқан,
Әр қиғашы болармық мың сан батпан.
Қандай қуат шығарған түптен түртіп,
Қай мөлшерлі қызудан тас боп қатқан?!.

4. АЛМАТЫ ШОҚЫЛАРЫ

Сүйриіп семіз түйе өркешіндей,
Қайқаңы шудаланып желкесіндей,
Күн қызарып шығарда я батарда,
Өбеді беттерінен еркесіндей.

5. КҮН МЕН ШОҚЫ (БІРІНШІ СЫЙПАТЫ)

Алтын күн шығарда да, батарда да,
Шыңдарға қар жамылған қатарлана,
Сәулесін сеуіп қызғылт, ұшар басы
Ұқсайды күннен жалын от алғанға.

6. КҮН МЕН ШОҚЫ (ЕКІНШІ СЫЙПАТЫ)

Тұрғанда тұманданып құз алаңы,
Шыққан күн шалып, шыңдар қызарады;
Шоқылар бұлт буынған, сол бір сәтте,
Әдеттен элде қайда ұзарады.

7. ШЫРШАЛАР (БІРІНШІ СЫЙПАТЫ)

Тауға өрлей өскен қалың, сүйір шырша,
Саптағы солдат дерлік қатар тұрса,
Жамылған жыл тәулігі жасыл желек
Жас келін,.. сұлу еді, неткен мұншә!..

8. ШЫРШАЛАР (ЕКІНШІ СЫЙПАТЫ)

Қомданып ұшарында топшы қысқан,
Қарқынды сансыз есе ұшқыр құстан,
Атомдық ракета сияқты олар,
Жарыса іркіс-тіркіс аспанға ұшқан.

9. БИІК ПЕН ТӨМЕН

Етекте тұрсаң тауының
Шақыратын төбесі,
Төбеде жүрсең ауылың
Шақырар, туған жер осы!

10. БҰЛТ

Қалың бұлт аспан астын алған орап,
Қырда — дала, қырқада тауды аралап,
Қыс — қардан, жаз — жаңбырдан несіп сеуіп,
Тіршілік өлкелерін түседі орап.

11. ҚАР МАМЫҒЫ

Қар қалыңдап жауғанда, қарағайдың
Бұтақтары бүркеніп майда мамық
Қалыңдыққа ұқсайды, сүйген жары
Тіркелуге ЗАГС-ке келген алып.

12. АҒАШ БҮРШІКТЕРІ

Жер тоңы жібіместен ағаштардың
Бұлтиып бүршіктері ісінеді.
Көктемде шаттанарын сан жастардың,
Ағаш та ешкім айтпай түсінеді.

13. МАЙ

Табиғат перзенттінің бәрімен бай
Олардан ажары да артық жайнай.
Гүлдене өркендеген тіршіліктің,
Бәріне ортақ ана,— мейрімді Май!

14. БҰЛБҰЛ ЖӘНЕ ШЕШЕК

Шулатып таң-сәріден жеміс-бақты
Бар бұлбұл үнін қоса сайрай қапты.
«Неліктен үйітті?!» десем, алма ағашы
Сол таңда түгелімен шешек атты.

15. ӨРІКТІҢ ГҮЛДЕРІ

Қыс бойы қимылы жоқ, бейне өлік,
Тұратын төскейлерде гүлдеп өрік,
Тастарын, тақырларын түрлендіріп,
Кілемге түрлі-түсті қойды көміп.

16. ТҰРЫМТАЙ МЕН ТОРҒАЙ

Көресің түзде талай кереметті:
Жәндіктер жан сақтауға қандай епті!..
Бір торғай тұрымтайдан қашып келіп,
Сұп беріп қойныма кіріп кетті.

17. ЖЫЛАН ЖӘНЕ АДАМ

Жыланның балапаны менен қашқан,
Жеріме «мүмкін келер» деп дән шашқан
Үйір боп, жақындасам жылмаңдайды,
Дегендей,— «сен туралы қаталасқам».

18. ТЫМЫҚ ПЕН ТОЛҚЫН

Өмір теңіз, тымығы, толқуы көп.
Толқи қалса толтырмақ олқыны көп.
Тына қалса, тұндырмақ түпке асылын,
Ойлама оны, «дауылдан қорқуы» деп.

19. ӨЗЕН МЕН ҚАЛАМ

Аққан өзен алдына бөгет салса,
Суы ілезде көгеріп сасыр еді,
Қандай қалам болса да, жазбай қалса,
Түкке тұрмай тоттанып жасыр еді.

20. ГҮЛ МЕН ӘЙЕЛ

Егер өну заңымен дәнденбесе,
Өсімдіктер гүл-шешек жармас еді.
Егер әйел қылмыңдап сәнденбесе,
Ешбір еркек маңына бармас еді.

21. ЖӘНДІКТЕР

Кей жәндіктің аз сағат өмірі бар,
Қимылында көп жасар көңілі бар.
Бар мақлұқтың ойлары — ертең өлсең
Әлсізді бүгін же де семіріп ал.

22. КЕЛУ МЕН КЕТУ

Әр бір дене,— мәшине тетігі көп
Бүтіні жоқ, кемі мен кетігі көп.
Сондықтан да өмірге келуінен
Бір жолата мәңгіге кетуі көп.

23. ЖАҢА МЕН ЕСКІ

Бар табиғат қимылда, адамзат та,
Сондықтан «ананы жой, мұны сақта».
Деген мен бүгін «жаңа» ертең «ескі»
Бүгін «жақын» айналмақ, ертең «жатқа»

V — ІСКЕРЛЕРДІҢ ОЙЫНША

Бұрғышының ойынша: «жердің кенін,
Мен іздемей, бетіңмен тауып көрші!
Тапқан кенім береді шексіз өнім,
Иланбасаң, кәнекей сауып көрші!»

Теміршінің ойынша: «металл болмай,
Мәңгілік қозғалмастай бекіп көрші!
Мақсат қылған жеріңе армай-талмай,
Жүйрік болсаң, кәнекей, жетіп көрші!»

Көміршінің ойынша: «мен тұтатпай,
«Меш» аталған үңгірде қызып көрші!
Талай қатқыл тастардан «май» ағызып,
Алтын, күміс, болаттан шыжық берші!»

Қуатшының ойынша: «электрдің
Шам-шырағын жарқырай жерде жанған,
Аспандағы жұлдыздай қып көптігін,
Сәулесіз қуыс қоймау ең зор арман»

Егіншінің ойынша: «мен Өсірер
Дәнсіз, кәне, ер болсаң күн көріп бақ,
Ендеше, толатын сол несібелер,
Жердің шары торсиған болсын бір қап!»

Сауыншының ойынша: «сүт болмаса,
Атамай-ақ қой, өзге сұйығыңды!
Сондықтан да сүмеден саулап барша,
Тілеймін, сүт тасқындай құйылуды!»

Шопандардың ойынша: «қой болмаса,
Дірдектеп жүрер еді тоңып адам,
Сондықтан, кездескенде кісі қанша,
Сияқты бәрі маған,— жүнге ораған».

Пішушінің ойынша: «Әйел, еркек,
Ұмытпаса, жыныстық табиғатын.
Жігіт-қыз, қыз-жігіт боп, өтпей салтаң,
Әрқайсысы өзіндік сақтаса атын!»

Ғалымдардың ойынша: «Уа, адамзат,
Бұдандағы өркендеп жетіле бері
Ғылымның алдында бар талай мақсат,
Шексіз оның жоқ ешбір шеті көрері»

Партияның ойынша: «ленинизм,
Барлық әлемді өзіне тартқыш қуат.
Сөнбес сәуле дүниеде осы ғана,
Адамзат қиял еткен, бұл — күн — шуақ».

5. IV. 1966 жыл.

VI — ҚҰРБЫЛЫҚ ҚАЛЖЫҢДАР

1. ЖАҚАН СЫЗДЫҚОВҚА

«Құдай соққыр қу» Жақан, ісің көп те,
Сол үшін, сүйер сені кісің көп те.
Оқырманды өлеңмен суарасың,
Өзің қашан қанасың ішімдікке?!

2. ҚҰРМАНБЕК ЖАНДАРБЕКОВКЕ

Бөлене туып-өстің зор талантқа,
Талай терең сырларды соқтың жатқа:
Сондықтан сыйлап халық, ақырында,
Иесін «халық ұлы» деген атқа.

3. СЕРКЕ ҚОЖАМҚҰЛОВҚА

Талай топты бастайтын серке болдың,
Өнеріңмен еліңе ерке болдың.
Тек арманың — батырды ойнамадың,
Ол рольге бойдан сәл келте болдың.

4. ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВАҒА

Билегенде қақпай-ақ жорғалайсың,
Таудан аққан өзендей сорғалайсың!..
Тәуелді атың кей кезде өзгере қап,
Жұрт алдында, тек, содан қорғалайсың.

5. АХМЕТ ЖҰБАНОВҚА

Күй тартсаң бармағыңнан бал тамады,
Бар өнерпаз маңында анталады.
Талдырмаштау, тапалдау тұла-бойың,
Нелер ауыр жүктерді арқалады!..

6. ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВКЕ

Той десе қас-жүйріктей елеңдейсің,
Көп көзінде ойнақтап көлеңдейсің,
«Егде тарта ескірер» деп ойласақ,
Жылдан жылға әніңді шеберлейсің!..

7. ҚҰМАР ЖҮСІПОВҚА

Гурьевте құрдасым Құмар деген
Жігіттікке сан рет құмар менен.
Байғұстың барма ойында, Мәдинасы,
«Тәк!»дегенде болдырып тұрам деген!

VII — КӨРІКТІ КӨРІНІСТЕР

1. МОСКВА

Москва сәкілденіп туған шешем,
Көрген сайын құшақтап есендесем.
Ақ сүтінен тамшылар татқан сайын,
Бойым, ойым өркендеп тағы да өсем,

2. ҚАЗАН

Қазанды қан-жоса ғып қаһарлы Иван,
«Татармын» деуден тұрғын елді тыйған.
Сонда да өлмей Қазан өсуіне
Тоқай мен Жәлил куә тастан құйған!

3. ЮЛАЕВТАР

Патшашылдар башқұртта зор айыпты,
Азаппенен Салауат Юлаевты
Өлтіргенмен, Уфада, қарт Оралда,
Юлаевтар мын-мың боп молайыпты.

4. КУРА

Грузиннің жерімен тартсаң тура,
Сені бастап жөнелді аққан кура,
Жері, суы, тұрғыны деп тұрғандай,
Елді баста, ер жүрек ұл боп ту да!

5. ҚОСТАНАЙ

Гүлденген қаласы да, даласы да,
Байлығының өлшеусіз шамасы да.
Деб-денелі кісі едім, жоқ боп кеттім,
Егінінің кіргенімде арасына.

6. БИДАЙ-БАБАЙ

Не ертемен, немесе кешке қарай,
Алматы көшелерін кезем орай.
Нан дүкені кездессе, күлім қағып,
Миллиард пұт тұрады, бидай-бабай!

МАЗМҰНЫ

Сырласу 7

Бірінші бөлім.

ЖЕКЕ ӨЛЕҢДЕР

Көңілім 17
Неге тудым 18
Жалшының зары 19
Апыр-ай 21
Шығар күнді 22
Мәлипаға 23
Бостандық 25
Жазғы таң 28
Күресшіл ұрпаққа 29
Ұшқыш кемеде 31
Ит үреді, керуен көшеді 34
Еңбекші қазақ 36
Михаил Иванович Калининге 38
Азалы күнде 40
Қызыл арқа 41
Ленин мавзолейінде 43
Қызылорда 44
Әжем 45
Жазғы күні орманда 46
Қоғамның кемшілігі 47
Денсаулық жайы 48
Газеттің досы — тілшілер 49
Лена 50
Қызғалдақ 52
Қызыл бұрыш 54
Шоқпыттың шаруасы 55
Сәбидің өліміне 61
Оң сапарға 62
Жас қайрат 64
Сүт заводы 65
Биылғы егін 67
«Мадама» 68
Қысқы кіреші 70
Мәңгілік ұлы халықтың 71
Қарақалпақ 76

Мұғалім 78
Ауылдық кеңестің сайлауы 80
Құтты болсын мейрамың 82
Кегің кетпес, бауырым 84
Есіңе алып жүрмісің 85
Егістік 88
Мүслима 91
Май ұраны 92
Әнекей, нұрлы күн көтерілді 93
Мәдени майдан 96
Бүгін қатын биледі 97
Пай-пай, шіркін күлуің 98
Қыран құс 100
Қазақстан 103
Алтын қазушыларға 107
Ақынға 108
Мәдени бәсеке 110
Балқаш 112
Қарқындай құлаш сермесем 114
Майға сәлем 118
Конвеер 123
Он алтыда қарындас 125
Қарағанды 129
Дауылдан туған 133
Малшының мақтанышы 134
Күннен күшті большевик 137
Тау бүркіттері 138
Алатаудай ауылым 142
Біздің маршал Буденный 143
Ол туралы ән мен күй 146
Екі кездесуі 150
Жемісті ағаш 154
«Н — тысяча» 156
Жер айналған жалауым 159
Колхозды ауыл осындай 162
Гүл бағындай отаным 170
Жүрегімді мандат қып 173
Елка 176
Тауға шыққанда 178
Сөз — Советтік Армия 183
Мектеп — білім егіні 189
Валерий Чкалов 192
Жастық туралы жыр 194
Тарихқа тұлға Армия 197
Поэзия маршалы 198
Маршалдың приказы 201
Біздің күш 205
Майданға хат 210
Елеусізге 214
Аманкелді 215
Гвардеец бауырларға 218
Балқаштың түні 220
Ленин қаласына 222

Жеңімпаз Қызыл Армия 225
Георгий Хайдинге 227
Кеудеңе орден тағамыз 229
Қабыл ал, ақын сәлемін! 233
Мен кіммін деп мақтанам 235
Берлин алынды 237
Алтын адым 238
Коммунистік татулық 239
Еңбек туралы жыр 241
Менің республикам 242
Жастық вальсі 244
Кітапхана 245
Электр шамы 246
Қалам 247
Қарындаштың тұқылы 249
Алматының көшесі 250
Москва 252
Елу 259
Литва 261
Вильнюс 263
Бір ескерткіш жайында 265
Ыстықкөл 268
Қырғызда 270
Волга-Дон 271
Жайнаған жапырақтар 276
Достық туы 279
Жаса, Украина 280
Сауыншы қыздар 282
Эльбруске 284
Аракстың бойында 285
Алыстағы ауылда 287
Диен-Биен-Фу 291
Коммунистік партия 292
Өлеңім 294
Биылғы май 297
Туа бер, «Ту-104-ім» 298
Чехқа 300
Егделік туралы 302
Туған еліме 303
Сыбызғының сыры 304
Москваға сәлем 305
Ленин жолы 308
Мұғалім 310
Қызылжар 311
Миф және шындық 312
Күнді сонарлау 314
Домбырага 315
Алжыған айдаһар 317
Өз жемісің 319
Ленинизм 320
Туған халқыма 321
Шаталов менің жерлесім 324
Самарқан 325

Екінші бөлім

ШОҒЫР (ЦИКЛ) ӨЛЕҢДЕР

Магнит 329
Домбыраның сәлемі . . . 333
Тың толғауы 335
Теңіздегі тыныс 342
Даланы сағыну 355
Арнаулар 365
Мұхтар Әуезовке 366
Сапарғали Бегалинге . . . 367
Тайыр Жароковке 367
Күнмен бірге жасайды . . 368
Роза Бағлановаға 368
Батыр інім Бауыржанға . . . 369
Қалибек Қуанышбаевқа . . 371
Сара Есоваға 371
Сағалбай Жанбаевқа . . . 372
Нұрмолда Алдабергеновке . 374
Максим Зверевке 376
Большевик 376

Үшінші бөлім

Төрттағандар (Рубағиат)

Өмірбаяныма 379
Егделік 381
Әр тақырып 385
Табиғат тақырыбына . . . 395
Іскерлердің ойынша . . . 399
Құрбылық қалжыңдар . . 401
Көрікті көріністер . . . 403

Сабит Муканов

ИЗБРАННЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ В 16 ТОМАХ

ТОМ ПЕРВЫЙ

На казахском языке

Издательство «Жазушы»—1972

Редактор Саттар Сейтхазин. Художник В. Григорьев. Худож. редактор Б. Табылдиев. Техн. редактор С. Лепесов. Корректоры К. Утегенова, Н. Измаилова. Сдано в набор 16/VIII-1971 г. Изд. № 580. Подп. к печати 21/X-1971 г. Бум. тип. № 1. Формат $84\times108^{1}/_{32}=12{,}75$ п. л.=21,42 усл. п. л. (Уч.-изд. 17,43). Тираж 12 000 экз. Цена 2 руб. 04 коп.

Зак. № 721. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.